

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№4/2025

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

**Редакция алқасы**

|                        |                                                                                                                                               |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b> | филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                                       |
| <b>Ақтаева К.</b>      | филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.                                         |
| <b>Әбсадық А.А.</b>    | филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан                         |
| <b>Аасланд Е.</b>      | философия докторы (PhD), профессор                                                                                                            |
| <b>Бредихин С.Н.</b>   | филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ                                            |
| <b>Гайнуллина Ф.А.</b> | филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан                                                  |
| <b>Ермекова Т.Н.</b>   | филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан                                  |
| <b>Есиркепова К.Қ.</b> | филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан      |
| <b>Жүсіпов Н.Қ.</b>    | филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан                                                       |
| <b>Каранфил Г.</b>     | философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова                                                         |
| <b>Курбанова М.М.</b>  | филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан |
| <b>Қамзабекұлы Д.</b>  | ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан                                     |
| <b>Құрысжан Л.Ә.</b>   | филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея                                              |
| <b>Онер М.</b>         | философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия                                                                          |
| <b>Олдфилд А.</b>      | Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ                                                                       |
| <b>Пименова М.В.</b>   | филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ                                                      |
| <b>Сайфулина Ф.С.</b>  | филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ                                                 |
| <b>Сенмез О.Ф.</b>     | философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия                                                           |

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 30.12.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

**Редакционная коллегия**

|                        |                                                                                                                                                     |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Аймухамбет Ж.А.</b> | доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                                   |
| <b>Актаева К.</b>      | доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.                                                          |
| <b>Абсадық А.А.</b>    | доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан                              |
| <b>Аасланд Е.</b>      | доктор философии (PhD), профессор                                                                                                                   |
| <b>Бредихин С.Н.</b>   | доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ                                                    |
| <b>Гайнуллина Ф.А.</b> | кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан                                                               |
| <b>Ермекова Т.Н.</b>   | доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан                                 |
| <b>Есиркепова К.К.</b> | кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан                           |
| <b>Жусипов Н.К.</b>    | доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан                                                                  |
| <b>Каранфил Г.</b>     | доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова                                                         |
| <b>Курбанова М.М.</b>  | доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан |
| <b>Камзабекулы Д.</b>  | академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан                                                  |
| <b>Курысжан Л.А.</b>   | кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея                                                   |
| <b>Онер М.</b>         | доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция                                                                              |
| <b>Олдфилд А.</b>      | доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США                                                                               |
| <b>Пименова М.В.</b>   | доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ                                                             |
| <b>Сайфулина Ф.С.</b>  | доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ                                                     |
| <b>Сенмез О.Ф.</b>     | доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция                                                                   |

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 30.12.2025 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute  
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute

### Editorial Board

|                         |                                                                                                                                                             |
|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Aimuhambet Zh.A.</b> | Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                                           |
| <b>Aktayeva K.</b>      | Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland                                                               |
| <b>Absadyk A.A.</b>     | Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan                                    |
| <b>Aasland E.</b>       |                                                                                                                                                             |
| <b>Bredikhin S.N.</b>   | Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF                                                                |
| <b>Гайнуллина Ф.А.</b>  | Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan                                                     |
| <b>Yermekova T.N.</b>   | Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan                                                |
| <b>Yesirkepova K.K.</b> | Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan                                 |
| <b>Zhusipov N.K.</b>    | Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan                                                                    |
| <b>Karanfil G.</b>      | Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova                                                                      |
| <b>Kurbanova M.M.</b>   | Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan |
| <b>Kamzabekuly D.</b>   | Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan                                                    |
| <b>Kuryszhana L.A.</b>  | Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea                                                             |
| <b>Oner M.</b>          | Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey                                                                                   |
| <b>Oldfield A.</b>      | Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA                                                                          |
| <b>Pimenova M.V.</b>    | Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF                                                                  |
| <b>Seifullina F.S.</b>  | Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF                                                                  |
| <b>Senmez O.F.</b>      | (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey                                                                                             |

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
**Tel/Fax:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 30.12.2025 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

ЖАҚСЫЛЫҚОВА К.Б.,  
ҮДЕРБАЕВ А.Ж.

---

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

|                                                        |                                                                                                                                |     |
|--------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| АБИЛМАЖИНОВА А.Б.,<br>АХМЕТОВА М.К.,<br>ЕКЕР С.        | Қазақ тілдік санасындағы «қыз ұзату» тойының<br>репрезентациясы                                                                | 7   |
| АЙДАРБЕК Қ.Ж.,<br>ИМАНБЕРДИЕВА А.Б.,<br>ЖУНУСОВА А.С.  | Қазіргі ғылыми коммуникациядағы терминологиялық<br>элементтер                                                                  | 22  |
| AKIZHANOVA D.M.,<br>SATENOVA S.K.,<br>OMAROVA A.S.     | The semantics of onyms: interlingual transfer of toponyms in<br>the Akmola region                                              | 31  |
| ЕСИМБЕКОВА Д.Б.                                        | Иммерсивті сөздік – кәсіби лексиканы меңгертудің<br>заманауи құралы                                                            | 44  |
| КАНАШАЕВА Г.А.,<br>АШИРКУЛОВ К.Б.,<br>ӘШІРХАНОВА Қ.М.  | Ұлттық код: «Құтадғу білік» еңбегіндегі жомарт/ақи<br>концепті                                                                 | 55  |
| КЕНЖЕХАНОВА Н.Қ.,<br>ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ Б.,<br>АГАБЕКОВА Ж.А. | Көптілді академиялық ортадағы терминжасам және<br>аударма стратегиялары: қытай және қазақ тілдері негізінде                    | 66  |
| КУДЕРИНОВА К.Б.,<br>ЕСКЕНДІР Ж.Е.                      | Сөз стилистикасы                                                                                                               | 82  |
| МАКУЛБАЕВА А.А.,<br>БАЙДРАХМАНОВ Д.Х.                  | Подкасттардағы киберсленгтерге лексикалық және<br>семантикалық талдау                                                          | 92  |
| НУРБАЕВА А.М.,<br>БАЙСЫДЫК И.Б.,<br>КУРМАШЕВА Г.Б.     | Англицизмы как лингвистическое явление в рекламных<br>слоганах казахстана: структурно-семантический и<br>прагматический анализ | 102 |
| НУРКИНА Н.А.,<br>БАРАТОВА М.Н.                         | Мәшһүр Жүсіптің «Гүлшат-Шеризат» дастанындағы<br>көнерген сөздердің мағыналық-көркемдік қызметі                                | 114 |
| OMARBEKOVA G.A.                                        | Digital culture in the kazakh context: contemporary issues                                                                     | 124 |
| ӨМІРЗАҚОВА А.К.,<br>ЖАҚСЫЛЫҚОВА К.Б.,<br>ҮДЕРБАЕВ А.Ж. | Қ. Сәтбаев оқу мәтініндегі қазақ өлшем атауларының<br>этнолингвистикалық репрезентациясы                                       | 133 |
| ТАНЕШ Б.,<br>МЕЙРАМОВА С.А.,<br>ЗАГАТОВА С.Б.          | Қазақ, ағылшын тілдеріндегі паремиологиялық<br>бірліктердің мәдени ерекшеліктері                                               | 144 |
| ТОЛЕУКОНЫР Ж.К.                                        | «Әке» концептісінің мағыналық құрылымы және<br>әлеуметтік-мәдени аспектісі (М. Әуезов шығармалары<br>бойынша)                  | 156 |

## ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

|                                        |                                                                                    |     |
|----------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| АБДЫРОВА А.О.,<br>ЖАЕВА Р.Р.           | Ғалым Қ. Жүсіп еңбектеріндегі әдеби көркемдік түр сипатының зерттелу ерекшеліктері | 166 |
| АЛИМБАЕВ А.Е.                          | Көне түркі жазба мұраларындағы «мәңгілік» мотивінің жырлануы                       | 178 |
| БӘШІРОВ Н.Қ.                           | Байбатыр Ержанұлының публицистикалық мақалаларындағы ағартушылық ұстаным           | 189 |
| БУТЕЕВ Б.О.                            | Смех между Востоком и Западом: Абай Кунанбайұлы и Анри Бергсон                     | 200 |
| SULEIMENOVA ZH.A.,<br>GALYMZHANOV B.G. | Religious motifs comparative analysis of Zhusup Kopeyuly and Ahmed Yasawi works    | 208 |
| ҚУАНЫШБАЕВА Н.А.,<br>САҒЛАМ С.         | Алаш кезеңіндегі балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық жүйесі                      | 217 |
| ШАЛҒЫНБЕКОВА А.Б.,<br>АМРЕНОВ А.Д.     | Ақын Мәжит Айтбаевтың поэзиясы                                                     | 227 |

## ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

|                                  |                                                                                                                    |     |
|----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| КАРЫБАЕВА С.Е.,<br>ЖҮНІСОВА К.Қ. | Білім беру үдерісіндегі семантикалық оқытудың рөлі: мәтіндермен жұмыс істеу стратегиялары, кезеңдері және әдістері | 237 |
|----------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|

FTAMP 16.01.11

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-4.01>

\*А.Б. АБИЛМАЖИНОВА<sup>1</sup> 

М.К. АХМЕТОВА<sup>2</sup> 

С. ЕКЕР<sup>3</sup> 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
Башкент университеті, Анкара, Түркия<sup>3</sup>  
(e-mail: [abilmazhinova1983@mail.ru](mailto:abilmazhinova1983@mail.ru)<sup>1</sup>, [akhmetova\\_mk@enu.kz](mailto:akhmetova_mk@enu.kz)<sup>2</sup>, [suereker@yahoo.com](mailto:suereker@yahoo.com)<sup>3</sup>)

### \*ҚАЗАҚ ТІЛДІК САНАСЫНДАҒЫ «ҚЫЗ ҰЗАТУ» ТОЙЫНЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

**Аңдатпа.** Мақала қазақ халқының екі жасқа арналған мейрам-той жүйесіндегі маңызды ғұрыптың бірі – «Қыз ұзату» этномәдени бірлігін психолингвистикалық тұрғыдан кешенді түрде талдайды. Зерттеудің негізгі мақсаты – «Қыз ұзату» стимул-сөзінің адамдардың этномәдени санасындағы тілдік бейнесін анықтау және оның мәдени код ретіндегі қызметін сипаттау. Осы мақсатта еркін ассоциациялық тәжірибе әдісі қолданылып, 17-74 жас аралығындағы 100 респонденттің пікірі жинақталды. Жауаптар семантикалық ерекшеліктеріне қарай жүйеленіп, жиілік көрсеткіштері талданды.

Зерттеу нәтижелері «Қыз ұзату» стимул-сөзі респонденттердің тілдік санасында көпқабатты этномәдени құрылым ретінде сақталғанын көрсетті. Көпшілік қатысушылар этномәдени бірлікті ұлттық мәдени кодтың маңызды бөлігі, қазақ халқының ежелден келе жатқан салты ретінде сипаттады.

Ассоциациялық талдау нәтижесінде стимул-сөздің эмоциялық және мәдени реңктерін көрсететін тілдік бірліктер айқындалды. Мысалы, бақыт, махаббат, қимастық, кету сияқты эмоциялық бірліктер дәстүрдің эмоционалдық табиғатын айқындаса, сәукеле, сыңсу, беташар, ақ бата, той тәрізді лексемалар оның материалдық және рухани қырларын бейнелейді.

Зерттеуде «Қыз ұзату» этномәдени бірлігі тек этнографиялық рәсімді білдіріп қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрді бейнелейтін мәдени кодты тасымалдаушы екені дәлелденді. Бұл қазақ қоғамындағы ұлттық құндылықтардың өміршеңдігін көрсетіп қана қоймай, олардың қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте жаңаша интерпретациялануына мүмкіндік берді. Алынған ассоциациялық деректер этнопсихолингвистикалық зерттеулердің аясын кеңейтіп, ұлттық дүниетанымның тілдік бейнесін айқындай түседі.

**Түйін сөздер:** еркін ассоциациялық тәжірибе, психолингвистика, «Қыз ұзату», мәдени код, тілдік репрезентация, тілдік сана, стимул-сөз, реакция.

**Кіріспе.** XX ғасыр жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Бұл кезеңде әртүрлі ғылым салаларының өзара ықпалдасуы нәтижесіндежаңазерттеубағыттарықалыптасты.Ғылымдардыңбірлесуіпсихолингвистика, этнопсихолингвистика, лингвомәдениеттану, социолингвистика, менталингвистика және

---

\* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырылатын АР23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» тақырыбындағы гранттық жобасы аясында әзірленді.



т.б. тіл білімнің жаңа салаларын тудырды. Аталған бағыттардың ішінде психолінгвистика ХХ ғасырдың ортасында дербес ғылыми сала ретінде қалыптасты. Оның негізі 1950–1960 жылдары қаланып, тіл мен ойлаудың, сөйлеу әрекетінің психологиялық механизмдерін зерттеуге бағытталған жаңа әдіснамалық тәсілдерімен ерекшеленді. Бұл бағыттың теориялық негіздерін АҚШ-та Ч.Остуд, Т.Себеок, Г.Миллер ғылыми тұрғыда айқындады. Кейінірек Н.Хомскийдің тілді туа біткен қабілет ретінде түсіндіретін идеялары психолінгвистиканың әрі қарай дамуына ықпал етті [1].

Ресейде психолінгвистика ғылым ретінде ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап қалыптасты. Оның негізін салушылар ретінде Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, А.А. Леонтьев танылды. Л.С. Выготскийдің «Мышление и речь» (1934) атты монографиясында сөйлеудің даму сатылары, ішкі сөйлеудің қалыптасуы және тілдің ойлауға тигізетін әсері ғылыми түрде дәлелденген. Автор баланың сөйлеуін тек коммуникативтік құрал ретінде емес, ойлаудың дамуына бағыт беретін когнитивтік механизм ретінде қарастырған [2]. А.Р. Лурияның «Язык и сознание» (1979) еңбегінде сөйлеудің ми құрылымдарында қалай жүзеге асатынын, афазия сияқты сөйлеу бұзылыстарының механизмін сипаттады [3]. А.А.Леонтьевтің «Психолінгвистики» (1967) атты оқулығы – осы бағыттағы алғашқы оқу құралдардың бірі. А.А.Леонтьев сөйлеу әрекетінің құрылымын, мотивациялық, мағыналық және операциялық деңгейлерін зерттеді. Сонымен қатар, ол екінші тіл меңгеру мәселелерін де зерттеп, тіл үйрену процесінің психологиялық заңдылықтарын айқындады [4].

А.А. Залевскаяның «Введение в психолінгвистику» (2000) еңбегінде психолінгвистиканың негізгі ұғымдары, сөйлеу әрекеті, тілдік сана және екінші тіл меңгеру мәселелері қарастырылған [5]. В.П. Беляниннің «Психолінгвистика» (2016) оқу құралында сөйлеу актісінің құрылымы, когнитивтік тіл білімі элементтері, жеке адамның тілдік бейнесі мен тілдік тұлға мәселесі қарастырылған [6]. И.А. Бубнова, И.В. Зыкова, В.В. Красных, Н.В. Уфимцеваның «(Нео)психолінгвистика и (психо)лингвокультурология: новые науки о человеке говорящем» (2017) ұжымдық монографияда психолінгвистика мен лингвомәдениеттанудың өзара байланысын зерттеді [7]. Авторлар тілдік сананың мәдени аспектілерін, этнопсихолінгвистиканың рөлін талдайды. Зерттеу нәтижелері тіл мен мәдениеттің өзара байланысын түсінуге мүмкіндік береді. Ал, И.А. Стернин, Н.В. Уфимцева және Е.Ю. Мягкова подготовка «Российская психолінгвистика: итоги и перспективы (1966–2021)» (2021) атты ұжымдық монографиясында Ресей психолінгвистикасының даму тарихына шолу жасап, оның қазіргі жағдайы мен болашақ бағыттарын талдайды. Олар психолінгвистиканың негізгі жетістіктерін, ғылыми мектептерін сипаттап, өзекті мәселелерді талқылайды [8].

Қазақстанда психолінгвистикалық зерттеулер ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасты. Алғашқы зерттеулер тілдік сана, сөйлеу әрекеті, мәдениетаралық коммуникация, билингвизм, когнитивтік құрылымдар және этнолінгвистикалық ерекшеліктерге бағытталды. Осы бағыттың негізін М.М. Копыленко мен Б.С. Мучник салса, егемендік алғаннан кейін бұл саланы Н.В. Дмитриук, Г.Г. Гиздатов, Э.С. Сүлейменова, Ж.Қ. Ибраева, А.К. Шаяхметова, Г.Б. Мадиева және басқа ғалымдар теориялық және қолданбалы деңгейде одан әрі дамытты.

Н.В. Дмитриук – Қазақстанда психолінгвистика саласында жүйелі зерттеу жүргізген алғашқы ғалымдардың бірі. Ол тілдік сананы ассоциациялық ойлау тұрғысынан қарастырып, қазақ және орыс тілдеріндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктерді салыстырмалы талдау арқылы сипаттаған. Ғалымның жетекшілігімен дайындалған алғашқы еңбек – «Қазақ-орыс ассоциативтік нормалар сөздігі» (1978). Бұл сөздік 1975-1977 жылдары жүргізілген ассоциациялық тәжірибе нәтижесінде әзірленіп, оған жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінде оқитын студенттер қатысқан. Кейін ғалым әріптестерімен бірлесіп, «Қазақша ассоциациялық сөздік» / «Казахский ассоциативный словарь» (2014) еңбегін жарыққа шығарды. Аталған сөздік 2012–2013 жылдары өткізілген ауқымды ассоциациялық зерттеу нәтижесінде жасалып, оған Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі жоғары оқу орындарының 1000 студенті қатысқан [9].

Қазіргі қазақ психолінгвистикасының дамуында тілдік сана мен ұлттық дүниетанымды ассоциациялық әдіс арқылы зерттеуге бағытталған еңбектердің маңызы ерекше. Бұл бағыт



филология ғылымдары бойынша орындалған бірқатар диссертациялық жұмыстарда көрініс тапқан. Мәселен, Д.М. Қыстаубаеваның «Формы трансформации речевого этикета в негомогенной культурной среде» (2001) зерттеуінде қазақтар мен орыстардың этномәдени бейнелерін ассоциациялық тәжірибе негізінде талдаған. Р.А. Османованың «Национально-культурная специфика образов сознания русских и казахов (на материале концепта «Дом. Семья»)» (2001) ғылыми жұмысында «Үй» және «Отбасы» концептілерін ұлттық дүниетаным мен гендерлік ерекшелік тұрғысынан сипаттайды. А.К. Қалжанованың «Психолингвистические аспекты соотнесенности эмотивной и колористической лексики (на материале русского и казахского языков)» (2003) зерттеуінде эмоция мен түстерге қатысты лексемалардың өзара байланысын және олардың әлемнің тілдік бейнесіндегі орнын көрсетеді. Ал, Ф.Т. Саметованың «Репрезентация пространства и времени в языковом сознании» (2010) жұмысында тілдік санадағы «кеңістік» пен «уақыт» ұғымдарының репрезентациялану ерекшеліктерін талдаған [10]. Ассоциациялық әдістің тиімділігін дәлелдеп, қазақстандық психолингвистиканың ғылыми бағытын айқындап, оның дамуына үлес қосып жүрген өзге де ғалымдар бар.

Әлемдік және ресейлік ғалымдардың еңбектері психолингвистиканың теориялық негізін қалыптастырып, сөйлеу мен тілдік сананы психологиялық тұрғыда түсіндіруге жол ашты. Қазақстанда бұл ғылым саласы тілдік сана мен ұлттық дүниетанымды ассоциациялық әдіс арқылы зерттеу бағытында дамып, бүгінде өз әдіснамалық және қолданбалы әлеуетін кеңейтіп келе жатқан тіл білімінің маңызды саласына айналды.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Тіл білімінде тәжірибе жүргізудің қажеттілігі туралы мәселені алғаш рет XIX ғасырдың 70-жылдарында И.А. Бодуэн де Куртене көтерді. Кейін бұл идеяны Л.В. Щерба жалғастырып, тілдік құбылыстарды тәжірибе арқылы зерттеудің маңызын негіздеді. Ол тәжірибені адамның сөйлеу әрекетін терең түсінуге мүмкіндік беретін тиімді зерттеу әдісі деп есептеді. Осыдан кейін тәжірибелік бағыт психолингвистикалық зерттеулердің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. И.А. Стернин «Проблемы анализа структуры значения слова» (1979) еңбегінде психолингвистикада қолданылатын негізгі зерттеу әдістерін атап көрсетеді. Ғалымның жіктемесі бойынша, психолингвистикалық әдістерге: ассоциациялық тәжірибе, семантикалық шкалалау әдісі, сөйлемді аяқтау әдістемесі, семантиканы жанама зерттеу әдістері, бағалау (градуальды) шкаласы әдісі, грамматикалық дұрыстықты анықтау әдістемесі, сауалнама, сөзді тікелей түсіндіру әдістемесі және жіктеу әдісі жатады [11].

Осы әдістердің ішінде ассоциациялық тәжірибе – тәжірибелік психология мен психолингвистикада кеңінен қолданылатын ең тиімді тәсілдердің бірі болып саналады. Алғашқыда бұл әдіс клиникалық психиатрияда диагностика және психотерапия құралы ретінде қолданылған. Кейін ол тіл мен ойлаудың, сөйлеудің және тілдік сананың байланысын зерттеудің ғылыми құралына айналды. Ассоциация – сана мазмұнын, есте сақтау мен қабылдау үрдістерін, сонымен қатар әртүрлі тіл иелерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтаудың тиімді тәсілі болып табылады [12].

Ассоциациялық тәжірибенің (әрі қарай – АТ) ғылыми негізін тәжірибелік психология саласында америкалық ғалымдар Х.Г. Кент пен А.Дж. Розанов қалады. Ал, психолингвистикада бұл әдістің алғашқы үлгілерін Дж.Диз бен С.Остуд ұсынған. Кейін А.Р. Лурия мен О.С. Виноградов ассоциациялық әдістемені жетілдіріп, оны сөйлеу әрекеті мен тілдік сана зерттеулерінде кеңінен қолданды. Осылайша, ассоциациялық тәжірибенің тіл мен ойлаудың өзара байланысын эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеудің сенімді құралына айналды.

АТ жүргізудің жалпы әдістемесі мынадай түрде жүзеге асырылады: респонденттерге алдын-ала әзірленген стимул-сөздер тізімі ұсынылады, және олар әрбір сөзге байланысты ойларына бірінші болып келген реакция (R) сөзді жазады. П.М.Фрумкина «Психолингвистика» (2007) еңбегінде: «Егер жауапты таңдау процесі болса, ассоциациялық процесс болмайды», – деп атап өтеді [13]. Ассоциация теориясында талдаудың негізгі бірлігі ретінде ассоциациялық құрылым қарастырылады. Бұл – өзара ассоциациялық байланыс орнаған екі нысанның жиынтығы. Ең қарапайым ассоциациялық құрылым – стимул-реакция ( $S \rightarrow R$ ) жұбы болып табылады, мұнда S – бастапқы сөз (стимул), ал

R – оған жауап ретінде туындаған сөз (реакция). Бағыт көрсеткіші (→) осы екі элемент арасындағы байланыстың бағытын білдіреді.

Кей жағдайларда бір стимул (S) бірнеше реакция (R) сөзді туындатуы мүмкін, нәтижесінде тұтас ассоциациялық тізбек түзіледі. Мұндай тізбектерде бастапқы реакциялар кейінгі жауаптарға жаңа стимул ретінде әсер етіп, ойлау процесін бағыттап отырады. Ассоциациялық байланыс көбінесе тізбектегі көрші сөздер арасында түзіледі, яғни байланыс тізбектің басы мен соңы арасында емес, аралық элементтер арасында орнайды.

Психолингвистикада АТ – этномәдени сананы және адамдардың тілдік бейнесін айқындаудың маңызды әдістің бірі. Осыған орай, зерттеу барысында онлайн форматта Google Forms платформасы арқылы 100 информантқа «Қыз ұзату» этномәдени бірлігі стимул-сөз ретінде ұсынылып, еркін ассоциациялық тәжірибе жүргізілді. Мәліметтер 2025 жылдың 20-27 сәуір аралығында жинақталды. Респонденттерге жауап беру барысында уақыт пен кеңістік жағынан шектеу қойылмағандықтан, олардың тілдік санасындағы бейнелер мен көзқарастарды еркін білдіруіне мүмкіндік жасалды. Жиналған ассоциациялық реакциялар мазмұнына қарай бірнеше семантикалық топтарға біріктіріліп, олардың қайталану жиілігі есепке алынды. Жиілік көрсеткіші стимул-сөздің респонденттердің санасында қаншалықты орныққанын айқындауға негіз болды. Бұл әдіс арқылы «Қыз ұзату» этномәдени бірлігіне қатысты ұлттық дүниетанымдағы когнитивтік және мәдени мазмұндар айқындалды.

Стимул-сөздің семантикалық, когнитивтік және этнопсихолингвистикалық ерекшеліктерін анықтау мақсатында еркін ассоциациялық әдіспен қатар сипаттау, жүйелеу, мағыналық топтастыру және сандық талдау тәсілдері қолданылды. Сондай-ақ тілдік бірліктердің мән-мағынасын тереңірек ашып, олардың этномәдени контекстін түсіндіру үшін түсіндірме және этнолингвистикалық сөздіктер пайдаланылды.

Респонденттердің жас ерекшеліктері Ж.Б. Қоянбаевтың «Семья және балалар мен жеткіншектер тәрбиесі» (1990) еңбегінде көрсетілген жас кезеңдерінің жіктелуіне сай анықталды. Зерттеуге қатысқандардың 56% — 17-21 жас аралығындағы жастар; 19% — 22-35 жас аралығындағы жас ересектер; 22% — 36-60 жас аралығындағы ересек тұлғалар; ал 3% — 61-74 жас аралығындағы егде жастағы азаматтар. Сауалнамаға қатысушылардың жас ерекшеліктері 1-диаграммада көрсетілді.

Диаграмма 1



Ұлты бойынша респонденттердің басым көпшілігін қазақтар құрады – 99%, ал қалған 1% – өзбек ұлтының өкілі.


Зерттеуге қатысушылардың жыныстық құрамына талдау жасау нәтижесінде олардың 83%-ы әйелдер, ал 17%-ы ер адамдар екені анықталды.

Азаматтығы бойынша респонденттердің 99% – Қазақстан Республикасының азаматтары, ал 1% – Моңғолия азаматы.

Еркін ассоциациялық әдіс нәтижесінде алынған мәліметтер респонденттердің «Қыз ұзату» этномәдени бірлігін қабылдауындағы әртүрлі когнитивтік және тілдік бейнелерді айқындады. Зерттеуге қатысқан 100 адамның ішінде 44 информант стимул-сөздің репрезентациясын сипаттамалы-анықтамалық мәтін түрінде, 5 информант сөз тіркесімен, 31 информант дара сөз арқылы білдірген, ал 20 қатысушы жауап бермей, бейтарап позицияны ұстанған.

Бұл көрсеткіштер информанттардың тілдік санасында «Қыз ұзату» стимул-сөзінің түрлі тілдік деңгей бірліктері арқылы бейнеленгенін көрсетті. Сауалнамаға қатысқан 100 респонденттің ассоциациялық жауаптары сараланып, олардың пайыздық үлесі анықталды. Талдау нәтижелері төмендегі 2-диаграммада берілді.

Диаграмма 2 – «Қыз ұзату» стимул-сөзі бойынша ассоциациялық реакциялар



Н.И. Курганованың «Ассоциативный эксперимент как метод исследования значения живого слова» атты мақасында: «Ассоциациялық тәжірибе – білім мен сана құрылымдарын зерделеуде сенімді әрі нәтижелі тәсілдердің бірі. Ол адам санасының ақпараттық қорына қол жеткізіп, табиғи семиозис үдерістерін бақылауға мүмкіндік береді», – деген тұжырымы бұл зерттеу нәтижелерінің мазмұнымен үйлеседі [14]. Алынған ассоциациялық деректер респонденттердің санасында «Қыз ұзату» стимулының мәдени және когнитивтік тұрғыдан берік орныққанын, ұлттық дүниетаным жүйесінде тұрақты ұғым ретінде сақталғанын айқындады.

**Талқылау мен бақылау.** Ә.Қайдардың «Қазақтар: Ана тілі әлемінде» (2013) атты этнолингвистикалық сөздігінде мейрам-той атаулары әлеуметтік қызметіне қарай үш топқа бөлінеді: жас балаларға арналған, екі жасқа арналған және ұлттық мереке-мейрамдар. Осы жіктемеге сүйене отырып, қазақ халқының этномәдени санасындағы екі жасқа арналған мейрам-той атауларының ішінде «Қыз ұзату» этнографизмі айрықша мәнге ие. Ол – қазақ халқының отбасын құруға байланысты ғұрыптық жүйесінің ажырамас бөлігі және этномәдени мазмұнды, әлеуметтік қызметті, сондай-ақ символдық сипатты

анықтайды. Екі жастың жаңа отбасын құруын білдіретін бұл атау – халық жадында ғасырлар бойы сақталып келе жатқан және этнолингвистикалық тұрғыдан мәдени код қызметін атқаратын маңызды тілдік бірлік. Автордың аталмыш сөздігінде: «Қыз ұзату – қазақ рухани болмысындағы той-томалақ, мереке-мейрамдардың ішіндегі ең көне, сан алуан ұлттық жол-жоралғыларды орындауды, әдет-ғұрып, ырым-кәделерді істеуді талап ететін, қалыптасқан салт-дәстүрлердің бірі. «Қыз ұзату» екі жастың бас қосып, отау көтеруіне байланысты ұзын сонар, шұбартпалы қуаныш әрекетінің бір жағы; екінші жағы келін түсіру, үйлену...» [15, 156], – дейді.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі» (2017) атты энциклопедияда «Қыз ұзату» былайша түсіндірілген: «Қалыңмалдың уағдаласқан бөлігі берілген соң, қыздың ата-анасы той жасап, жасау-жабдығымен қызды күйеу жұртына аттандыру. Қыз ұзату тойына күйеу жігіт жора-жолдастарын ертіп тоймалын, сұтақысын, отау жабуға 10-15 ақ кигізін ала барады.

«Қыз ұзату» тойын қыздың әкесі бүкіл туған-туысқандарын, құда-жегжаттарын, достамырларын шақырып өткізеді...» [16, 516].

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (2011): «Қыз ұзату – этн. құда түсіріліп, сырға салынған қызды ұзататын күні ата-анасының үйінде болатын жиын-той, ертеден қалыптасқан салт-дәстүр. Қыз ұзату кәделеріне көпшік қыстырар, пашу, киім ілу, табалдырық аттау, сыбаға асау, малға бата жасау, босағадан өту т.б. жатады...» [17], – делінеді.

**Нәтижелер.** Жоғарыда айтылғандай сауалнамаға қатысқан 100 респонденттің 44-і «Қыз ұзату» этномәдени бірлігін сипаттамалы-анықтамалық мәтін түрінде түсіндірген. Бұл құбылыс аталмыш ұғымның жалаң ассоциация деңгейінде ғана емес, тұтас дәстүрлік-мәдени фрагмент ретінде орныққанын, халықтық дүниетанымда толық мазмұнды бейнеге айналғанын көрсетеді.

Жиналған жауаптар мағыналық ерекшеліктеріне қарай жүйеленіп, екі негізгі семантикалық топқа жіктелді. Мұндай жіктеліс респонденттердің когнитивтік қабылдауын, этномәдени құндылықтарды бейнелеуін және тілдік санадағы ассоциациялық құрылымдарды анықтауға мүмкіндік берді.

«**Этномәдени дәстүрмен**» байланысты тілдік көріністер 34 респонденттің жауабында анықталды. Жауаптардың басым бөлігі «Қыз ұзату» стимул-сөзін рәсім, салт, бата, аманат, мәдени мұра сияқты этномәдени ұғымдармен байланыстырады. Респонденттердің когнитивтік жүйесінде «Қыз ұзату» дәстүрі ұлттық болмысты бейнелейтін мәдени код, яғни ұлттың рухани дүниетанымын сақтаушы феномен ретінде көрініс табады. Мысалы (респондент жауаптары):

«Қыз ұзату – қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлерінің бірі. Бұл – бойжеткен қызды тұрмысқа шығарып, келін етіп өзге елге шығарып салу рәсімі. Ол – тек қыздың жаңа өмірге қадам басуы ғана емес, сонымен бірге екі әулеттің арасындағы туыстық байланыстың бастауы».

Мұндай жауаптар стимул-сөздің этнографиялық сипатқа ие екендігін және респонденттердің когнитивтік санасында «Қыз ұзату» тойының біртұтас жағдаят арқылы бейнеленгенін көрсетеді. «Ежелден келе жатқан ұлттық салт-дәстүр» тіркесі дәстүрдің тарихи және мәдени тамырына сілтейді, яғни ұғым тек қана қазіргі күнде емес, ұзақ уақыт бойы қалыптасқанын көрсетеді. «Қыз баланы ұзатып, басқа әулетке келін етіп түсіру» – дәстүрдің нақты әрекеттік мәнін сипаттайды, яғни ұғым когнитивтік деңгейде іс-әрекетпен байланысқан. Алынған реакциялар респонденттің тілдік санасында дәстүрдің әлеуметтік және отбасылық мәнін бейнелейді.

Тағы бір жауапта: «Қызды ата-анасы ұзатып, жаңа отбасына табыстайтын дәстүрлі салтанат. Бұл – ақ батамен өрілген ерекше рәсім» деп көрсетілген. Мұндағы «ақ бата» және «ерекше рәсім» лексемалары дәстүрдің символдық компоненттерін айқындайды. «Ақ бата» қасиетті жоралғыны білдіріп, респонденттің тілдік санасында бұл дәстүрдің сакралды, рухани мәнін бейнелейді. Сонымен қатар, «Қазақтың салт-дәстүрі бойынша қыз бала келін атанардан бұрын, яғни үйлену тойының алдында міндетті түрде өскен



үйінен ұзатылады» деген жауапта респондент дәстүрді белгілі бір уақыттық және рәсімдік контексте қабылдайды. «Міндетті түрде» сөзі дәстүрдің тұрақтылығын және мәдени код ретінде сақталуын білдіреді. «Өскен үйінен ұзату» тіркесі тұлғаның әлеуметтік-тұрмыстық мәртебесінің өзгеріп, жаңа отбасылық кезеңге өтуін бейнелейді, яғни когнитивтік картада «жеке тұлғаның өсуі + мәдени норма» байланысы бар.

«Тұрмысқа шыққан кездегі қыздың үйден кету рәсімі» деп жауап берген информант «Қыз ұзату» этномәдени бірлігін формалды тұрғыда сипаттайды. «Рәсім» сөзі әрекетті тек әлеуметтік норма ретінде қарастырады. Мұнда жеке тұлғаның әлеуметтік рөлі мен отбасылық мәртебесінің өзгерісі мәдени феномен ретінде көрсетілген. Когнитивтік картада «жеке тұлға + жаңа рөлге өту + салттық рәсім» байланысы көрініс табады. Семантикалық ядрода «қыздың үйден кетуі» – нақты әрекетті, бірақ символдық мәнге ие рәсімді білдіреді. Сөйлем оқырманға рәсімнің мәнін түсіндіреді, бірақ респонденттің эмоциялық реакциясын көрсетпейді.

«Қызды болашақ отбасына аманаттап тапсыру» деген сөйлемде этномәдени бірлік ата-ана мен жаңа отбасы арасындағы сенім мен жауапкершілікті бейнелейді. Бұл рәсім әлеуметтік келісім мен этикалық нормаларды репрезентациялайды. «Қыз» – нақты зат атауы ретінде қоғамдағы гендерлік жіктелісті білдіреді. «Болашақ отбасы» – нысан, әлеуметтік рөлдерді көрсетеді, «қыздың жаңа рөлі мен мәртебесі» деген таныммен байланысады. «Аманаттап тапсыру» тіркесі салттық мәнге ие. Сондай-ақ, сипаттамалы мәтін түрінде реакция білдірген информанттар жауабында «Қызды ұясынан ұшырады» және «Қызды болашақ отбасына аманаттап тапсыру» сияқты сөйлемдер жиі кездеседі. Бұл респонденттер стимул-сөз арқылы қыздың жаңа әулетке бір мүше болып ену үдерісін тек тұрмыстық әрекет ретінде емес, терең мәдени және рухани мәнге ие салт ретінде қабылдайтынын көрсетеді. Мұндай жауаптарда когнитивтік деңгейде қыздың туған үйінен кетуі, ата-ананың борышы мен жауапкершілігі, сондай-ақ аманат пен құрмет сияқты ұлттық мәдени кодтар айқын бейнеленеді.

Енді бір респондент «Қыз ұзату – қазақ халқының дәстүрлі отбасылық салт-жоралғыларының бірі. Бұл – қыз баланы өз үйінен, ата-анасының қара шаңырағынан ұзатып салу рәсімі» деп жауап берген. Мұнда «Қара шаңырақ» фразеологизмі мәдени символ ретінде отбасының тұрақтылығын және әлеуметтік рөлін бейнелейді. «Дәстүрлі отбасылық салт-жоралғы» ұғымы дәстүрдің мәдени, әлеуметтік және тарихи мәнін білдіреді.

Осы топқа біріктірілген жауаптар респонденттердің ұлттық мәдени санадағы тұрақты когнитивтік стереотиптерін көрсетеді. «Қыз ұзату» этномәдени бірлігі тілдік санада этномәдени рәсім, ата-ана аманаты, ұрпақ жалғастығы және рухани құндылықтар жиынтығы ретінде бейнеленген. Бұл топтың ерекшелігі – дәстүрдің символдық және мәдени мәнін тіл арқылы сипаттау. Ассоциациялық жауаптардан көрініп тұрғандай, респонденттер «Қыз ұзату» стимулын қазақ дүниетанымындағы мәдени код ретінде қабылдайды. Яғни, бұл топ қыз ұзатудың этномәдени, рухани және тәрбиелік қызметін тілдік санада қалай сақталғанын нақты көрсетеді.

«Қызұзату» стимул-сөзіне алынған реакциялардан жеке сезімдік күйлердің, эмоцияның, психологиялық қабылдаудың сипаттары анықталды. Жауаптардан «Эмоциялық-экспрессивті мәнді» 10 сөйлем-реакция айқындалды. Бұл жауаптар информанттардың жеке тәжірибесін, ішкі жан тебіреністерін бейнелейді. Аталған топтағы жауаптардан мысал келтіретін болсақ, респонденттер: «Қыз ұзату – қыз баланы өз үйінен, ата-анасының қара шаңырағынан қимастықпен шығарып, ұзатып салу рәсімі»; «Қыз ұзату – қызды өз үйінен қимастықпен ұзату тойы»; «Қыз баланы қимастықпен ата-анасының ақ батасымен өзге елге ұзатуы» деп жауап жазған. Мұндағы «қимастықпен» сөзі қатысушының эмоционалдық қабылдауын білдіреді, яғни бұл әрекет ата-ананың ішкі сезімін бейнелеу арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде» (2007) «Қара шаңырақ» фразеологизміне «үй; тәрбие алған, ұшып шыққан ұя» деген түсіндірме берілген [18]. Бұл анықтама «қара шаңырақ» тұрақты тіркесінің респонденттің тілдік санасында отбасылық


бірлік, тұрақтылық және қауіпсіздік сияқты эмоционалды сезімдермен байланысатынын көрсетеді. Сондықтан респондент бұл фразеологизмді тұтастық пен қорғаныш сезімін бейнелеу мақсатында қолданған. «Қара шаңырақ» фразеологизмі респонденттің тілдік санасындағы мәдени және эмоциялық құндылықтардың көрінісі болып табылады. Бұл жауаптарда этномәдени бірлік респонденттердің санасында әлеуметтік-психологиялық, эмоционалды трансформацияның жүзеге асуы ретінде көрінеді, яғни қыздың қимастықпен отбасынан шығуы эмоциялық-психологиялық өзгерісті білдіреді.

«Қыздың үйден ұзатылған күні, қыз сыңсу айтып ұзатылады»; «Қызды ұзатып, үйіне сыңсу айтып жіберу» деген жауапта эмоциялық компонент нақты уақыт контексімен байланыстырылған. Респондент рәсімнің эмоционалды сәтін суреттеп, жеке тәжірибелік қабылдауды көрсетті. Берілген реакциялардағы «сыңсу айту» – қазақ халқының салт-дәстүрінде қоштасу әрекеті, эмоциялық компонент, рәсімнің экспрессивтілігін білдіреді. Имплиттік эмоцияға ата-ананың сезімдері, жақындардың эмоционалды қатысуы жатады. Эмоциялық-экспрессивті ассоциациялар – қоштасу, қимастық сезімдері репрезентацияланған.

«Үйлену тойға дейін болатын қыз жақтан жасалатын той. Бұл той қызымды ұясынан ұшырдым деген ниетпен өз қуанышымен жақындарымен бөлісу мақсатында жасалады» деген сипаттамалы сөйлемде «өз қуанышымен» сөзі респонденттің позитивті эмоционалды күйін білдіреді, ал «ниетпен бөлісу» сөз тіркесі отбасы мен туыстар арасындағы рухани-мәдени байланысты көрсетеді. Бұл дәстүрдің эмоциялық өзара әрекетке негізделгенін айқын бейнелейді. «Қызымды ұясынан ұшырдым» деген ниет әлеуметтік жауапкершілік пен эмоциялық толғанысты білдіреді. Бұл дәстүрдің психологиялық аспектісі – жеке тұлғаның эмоциялық қатынасы мен әлеуметтік рөлін біріктіруінде. Осы топқа жатқызылған жауаптар респонденттердің «Қыз ұзату» стимул-сөзін жеке эмоциялық тәжірибе ретінде қабылдағанын көрсетеді. Когнитивтік бейнеде этномәдени бірлік тек формалды рәсім емес, сонымен қатар эмоциялық мәнге ие, жеке сезімдер мен психологиялық дайындықты қамтитын мәдени феномен болып саналады. Бұл жауаптар дәстүрдің психолнгвистикалық мағынасының көпқырлылығын дәлелдейді.

«Қыз ұзату» стимул-сөзіне сипаттау мәтіні түрінде жауап қайтарған 44 респонденттің реакциялары 3-диаграммада берілді.

Диаграмма 3 – «Қыз ұзату» этномәдени бірлігі бойынша реакциялар





Сауалнама нәтижесінде 5 респондент «Қыз ұзату» стимул-сөзіне күрделі атау түрінде жауап берген: «қыз ұзату», «қыздың тойы», «болу керек», «қызды жіберу», «салт-дәстүр». «Қыз ұзату» реакциясы респонденттің танымында «Қыз ұзату» этномәдени бірлігінің идентификаторы ретінде орныққанын көрсетеді; «қыздың тойы» анықтауыштық тіркесі дәстүрдің мерекелік сипатын репрезентациялайды, эмоционалды және әлеуметтік мәнін ашады. «Болу керек» міндеттілік модальдық мәнін танытып, респонденттің «Қыз ұзату» этномәдени бірлігін әлеуметтік міндет ретінде қабылдағанын көрсетеді. Мұнда дәстүрдің нормативтік функциясы басым болып, оның мәдени норма ретінде орындалуы тілдік сананың деңгейінде бейнеленеді. «Қызды жіберу» тіркесі дәстүрдің іс-әрекеттік сипатын көрсетеді: қызды әке үйінен жаңа отбасына жіберу өмірлік кезеңді білдіретін мәдени символ ретінде қабылданады. Дәстүрдің физикалық және әлеуметтік қимылдар арқылы көрініс табуы осы реакцияда айқын көрінеді. Ал, «салт-дәстүр» лексемасы арқылы реакция берген респондент дәстүрді кең мәдени контексте қабылдағанын көрсетті. Мұнда «Қыз ұзату» тек жеке іс-әрекет немесе оқиға емес, қоғамдағы әлеуметтік келісім, рухани құндылықтар және ұрпақ жалғастығын бейнелейтін символдық мәнге ие.

Реакцияларды талдау барысында дара сөзбен жауап бергендер саны 31-ді құрады. Ол ассоциациялар, 2-кестеде көрсетілгендей, семантикалық топтарға бөлініп талданды.

Кесте – 2

| №       | Семантикалық топтар                     | Реакциялар (R)                                                                                                          | Жауаптар саны | Үлес (%) |
|---------|-----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|----------|
| 1       | Этномәдени дәстүр және оның элементтері | Той (2), Сәукеле (2), Сыңсу (2), Беташар (1), Сырға (1), Дәстүр (3), Қыз (1), Үйлену (1), Отбасы (1)                    | 14            | 45,2%    |
| 2       | Эмоциялық-экспрессивті реакциялар       | Бақыт (1), Махаббат (1), Жақсы (1), Қимастық (1), Қоштасу (2), Кету (1), Иә (4), Дұрыс (2), Жок (1), Болды (1), Ааа (1) | 16            | 51,6%    |
| 3       | «Атаулы күн» реакциясы                  | 22.06.2024 (1)                                                                                                          | 1             | 3,2%     |
| Барлығы |                                         | 31                                                                                                                      |               | 100%     |

«Этномәдени дәстүр және оның элементтері» тобына жататын сөздерді талдау респонденттердің «Қыз ұзату» этномәдени бірлігін ұлттық тұрмыс пен салт-дәстүрдің рәсімдерімен байланысты қабылдайтынын көрсетті. Психолингвистикалық тұрғыдан қарағанда, когнитивтік санада «Қыз ұзату» стимулы рәсімдік мәнге ие ұғым ретінде орныққан. Респонденттердің жауаптарында «Сәукеле», «Сыңсу», «Беташар», «Сырға» сияқты лексемалар дәстүрдің құрамдас элементтерін білдіріп, олардың этномәдени білімінің және жеке тәжірибесінің даралығын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл лексемалар тілдік санада ұғымдардың нақты бейнеленуін қамтамасыз етіп, мәдени құндылықтарды бейнелейтін когнитивтік код ретінде қабылданатынын дәлелдейді. Осылайша, психолингвистикалық талдау респонденттердің тілдік санасында дәстүрдің элементтері мен олардың мән-мағынасын байланыстыратын жүйенің қалыптасқанын айқындайды.

«Дәстүр», «Қыз», «Үйлену», «Отбасы» сияқты лексемалар ассоциацияның генерализациялық (жалпылаушы) сипатын көрсетеді, яғни респонденттер бұл рәсімді ұлттық мәдениет пен отбасы институты контекстінде қабылдайды. Аталған лексемаларды этномәдени дәстүрдің фрейміндегі басты мағыналық компоненттер — көбею, сыйласу сияқты мәнді слогтарға жатқызуға болады, себебі олар дәстүрдің түйіндерін көрсетеді. Әрбір түйін белгілі бір түсінікке баланатындықтан, фрейм респонденттердің когнитивтік білімін жүйелі түрде ұйымдастырады. Сонымен қатар, фрейм белгілі иерархиялық

құрылымы бар лексикалық қор ретінде көрініп, бір-бірімен өзара байланысты тақырыптық рамаларды құрайды [19].

Психолингвистикалық тұрғыдан бұл реакциялар үш семантикалық қабатты қамтиды: Рәсімдік қабат – сәукеле, сынсу, беташар, сырға. Бұл лексемалар дәстүрдің салттық әрекеттерін сипаттайды. Әрқайсысы мәдени символға айналған, мысалы: Сәукеле – әлеуметтік мәртебе мен әйелдік болмыстың нышаны; Сынсу – эмоциялық-поэтикалық элемент, қимастық сезімін білдіретін вербалды форма; Беташар – келіннің жаңа ортаға бейімделуінің әлеуметтік кодын білдіреді; Сырға – қыз баланың «қалыңдық» мәртебесіне өтуінің белгілерінің бірі. Мерекелік-эмоциялық қабат – той, үйлену лексемалары жатады. Бұл реакциялар дәстүрдің қуаныш, салтанат, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде қабылданатынын көрсетеді. «Тоймен» байланысты ассоциациялар респонденттердің тілдік санасында жиі кездеседі, бұл дәстүрдің эмоционалды жағынан қуанышты оқиға ретінде танылатынын дәлелдейді. Ал, әлеуметтік-мәдени қабатқа: дәстүр, қыз, отбасы реакция сөздері жатады. «Дәстүрмен» байланысты реакциялар респонденттердің мәдени бағдарларының тұрақтылығын, дәстүрге деген құрметін көрсетеді.

**«Эмоциялық-экспрессивті реакциялар»** тобына жататын бақыт (1), махаббат (1), жақсы (1), қимастық (1), қоштасу (2), кету (1), иә (4), дұрыс (2), жоқ (1), болды (1) сияқты лексемалар мен Ааа (1) тәрізді одағай респонденттердің стимул-сөзді тек дәстүр ретінде емес, жеке эмоциялық тәжірибемен және сезімдік қабылдаумен байланыстыра қабылдайтынын көрсетеді. Психолингвистикалық тұрғыдан мұндай реакциялар респонденттердің тілдік санасында сезімдік ассоциациялардың басым екенін дәлелдейді.

Респонденттердің реакцияларын талдау барысында позитивті эмоциялар (қуаныш, шаттық) мәнінде берілген жауаптарға бақыт, махаббат, жақсы, иә, дұрыс, болды лексемалары жатқызылды. Бұл реакциялар этномәдени бірліктің қуанышты, мерекелік сипатын бейнелейді. Респонденттің тілдік санасында «қыз ұзату» этномәдени лексикасы жаңа өмірдің бастауы, сүйіспеншілік пен жақсылықтың нышаны ретінде көрініс тапқан.

Негативті және мұңды эмоциялар (қимастық, айырылысу) бағытындағы реакцияларға қимастық, қоштасу, кету, жоқ сөздері топтастырылды. Бұл лексемалар стимул-сөздің қимастық пен айырылу сезімін тудыратын қырын көрсетеді. Мұнда ата-ана мен қыз арасындағы эмоционалды байланыс, отбасылық жылулық пен үзілу сәті бейнеленеді.

Экспрессивті реакция ретінде «Ааа» түріндегі таңғалу мәніндегі көңіл-күй одағайы қарастырылады. Бұл жауап респонденттің тосын әсер, толқу немесе түсіну сезімінен туындаған сәттік эмоциялық күйін білдіреді. Мұндай реакция респонденттің тілдік санасындағы эмоциялық қабылдау үдерісінің тікелей көрінісі болып табылады.

Жалпы алғанда, «қыз ұзату» стимул-сөзінің психолингвистикалық бейнесі екі деңгейде анықталды: эмоциялық деңгей – қуаныш пен мұңның қатар жүруі, екіұдай сезімнің көрініс табуы (бақыт – қимастық, махаббат – қоштасу); және прагматикалық деңгей – қоғамдық норманы қабылдау, келісім мен мойындау арқылы сипатталуы (иә, дұрыс, болды).

**«Атаулы күн»** реакциясы ретінде «22.06.2024» түріндегі күрделі сан есім анықталды. Бұл жауап дәстүрлік мазмұнмен тікелей байланыссыз болып, номинативтік қызметте уақыттық межені білдіретін квантитативті мәндегі бірлік ретінде көрініс тапқан. Мұндай реакция респондент жадында сақталған жеке тәжірибемен (мысалы, «Қыз ұзату» рәсімінің нақты өткен күнімен) сабақтас болуы мүмкін. Демек, бұл дерек жеке эмоционалды естеліктің тілдік санада сандық ұғым түрінде бейнеленуінің көрінісі болып табылады.

Зерттеу нәтижесінде «Қыз ұзату» этномәдени бірлігін қабылдау сипаты респонденттердің жас кезеңіне, өмірлік тәжірибесіне және этномәдени танымына байланысты өзгередіні анықталды. Әр жас кезеңіндегі ассоциациялық жауаптардан мысал келтіретін болсақ, 17-21 жас аралығындағы жастар (56 %) сауалнамаға белсенді қатысып, олардың жауаптарында бұл этномәдени бірлік көбінесе эмоциялық және символдық мәнде көрініс тапты. Бұл жас кезеңіндегі азаматтар «Қыз ұзату» стимул-сөзін қабылдауы сезімдік тәжірибемен тығыз байланысты болып, олар өз жауаптарында «қызды ұшыру», «қоштасу», «бақыт», «махаббат», «қимастық» және т.б. лексемаларды және «Ааа» тәрізді

таңдану мәніндегі одағайды қолданған. Мұндай реакциялар жастардың дәстүрді жеке эмоциялық тәжірибе ретінде қабылдайтынын дәлелдейді.

22-35 жас аралығындағы жас ересектер (19 %) этномәдени бірлікті әлеуметтік және отбасылық тұрғыдан бағалап, өз реакцияларында «дәстүр», «отбасы», «келін атану», «жаңа өмірге қадам басу», «қыздың тойы» және тағы сол сияқты ассоциацияларды жиі қолданған. Бұл жас кезеңі үшін аталған дәстүр этномәдени норманы мойындау мен әлеуметтік жауапкершілікті түсіну деңгейінде бейнеленген.

Ал 36-60 жас аралығындағы ересек респонденттер (22 %) мен 61-74 жас аралығындағы егде жастағы қатысушылар (3 %) «Қыз ұзатуды» ұрпақтар сабақтастығын білдіретін рухани-мәдени құндылық ретінде қабылдаған. Олардың жауаптарында «ата-ананың ақ батасы», «аманат», «қызға деген құрмет», «екі әулеттің байланысы» және басқа ұқсас ұғымдар жиі кездеседі. Бұл жас кезеңдеріндегі азаматтар үшін дәстүрдің мәні этномәдени жадыны сақтаушы категория ретінде көрініс тапқан.

Сауалнамаға 20 респондент (20%) «Қыз ұзату» стимул-сөзіне ешқандай жауап бермей, «—» таңбасын қойған. Бұл олардың белсенді тілдік санасында «Қыз ұзату» тойының айқын концепт ретінде орнықтағанын көрсетеді немесе респонденттің жауап беру белсенділігінің төмендігін аңғартады. Психолингвистикалық тұрғыдан алғанда, мұндай реакциясыздық этномәдени кодтың пассивтенуін, яғни «Қыз ұзату» этномәдени бірлігінің тілдік санада формалды деңгейде сақталуын білдіреді.

Зерттеу нәтижелері респонденттердің этномәдени тілдік санасында бейнелер мен ұғымдардың дара және күрделі формалармен байланысқанын айқын көрсетті [20]. Сауалнамаға қатысушылар жауаптарын әртүрлі тілдік деңгейде ұсынды: жеке сөздер арқылы (сәукеле, бақыт, той, сынсу, махаббат және т.б.), сөз тіркестері арқылы (қыз ұзату, қыздың тойы, болу керек, салт-дәстүр және т.б.), сондай-ақ толық сөйлемдер арқылы (Тұрмысқа шығатын қыз балаға арнап жасалатын маңызды дәстүр; Қыз ұзату – қазақ халқының ежелден келе жатқан, аса құрметтелетін салт-дәстүрінің бірі. Бұл рәсім бойжеткен қызды ұзатып, басқа әулетке келін етіп аттандыруға бағытталған; Қызды үйінен ұзату және т.б.). Мұндай әртүрлі тілдік форма әрбір жеке тұлғаның санасындағы білім мен тәжірибенің даралығын көрсетеді және тілдік санада ұғымдардың әртүрлі бейнеленуін дәлелдейді.

**Қорытынды.** Жүргізілген психолингвистикалық зерттеу нәтижелері «Қыз ұзату» идиоэтникалық атауының қазақ халқының мәдени-танымдық жүйесінде айрықша маңызға ие екенін көрсетті. Бұл дәстүр респонденттердің тілдік санасында тек тұрмыстық немесе рәсімдік сипаттағы құбылыс ретінде емес, терең мәдени-рухани, әлеуметтік мазмұнға ие күрделі концепт ретінде орныққан.

Ассоциациялық тәжірибе нәтижелері «Қыз ұзату» стимул-сөзіне берілген реакциялардың семантикалық және эмоциялық сипатқа ие екенін дәлелдеді. 100 респонденттің ішінде 44-і бұл этномәдени бірлікке сипаттамалы-анықтамалық мәтін түрінде жауап беріп, олардың 34-інің реакциялары дәстүр мен салт-жоралғыларды бейнелейтін мазмұнды қамтыды. Бұл көрсеткіш дәстүрдің халық жадында өміршең мәдени код ретінде берік сақталғанын айғақтайды. Сонымен қатар, 10 респонденттің эмоциялық-психологиялық сипаттағы жауаптары дәстүрдің адамның жеке тәжірибесімен және ішкі сезімдік қабылдауымен тығыз байланысты екенін көрсетті. Мұндай реакциялар «Қыз ұзату» дәстүрінің тек әлеуметтік-мәдени құбылыс емес, сонымен қатар ұлттық эмоциялық жадтың, рухани құндылықтар мен адамгершілік қағидаттардың көрінісі екенін дәлелдеді. Сауалнама нәтижесінде 5 респонденттің «қыз ұзату», «қыздың тойы», «болу керек», «қызды жіберу», «салт-дәстүр» сияқты күрделі атаумен берген жауаптары бұл этномәдени бірліктің кең мағыналық өрісін және тілдік санада жүйелі концепт ретінде орныққанын көрсетеді. 31 респонденттің бір ғана сөзбен жауап беруі ассоциациялық белсенділіктің деңгейін және ұғымның санада әртүрлі дәрежеде бейнеленуін аңғартты. 20 респонденттің стимул-сөзге ешқандай жауап бермей, тек «—» таңбасын қоюы олардың белсенді тілдік санасында этномәдени кодтың әлсіреуін білдірді.

Сонымен, «Қыз ұзату» этнографизмі – ұлттық мәдени кодтың ажырамас бөлігі бола отырып, тіл арқылы ұлттың дүниетанымдық жүйесін, рухани болмысын және әлеуметтік-психологиялық ерекшелігін танытатын маңызды этномәдени бірлік. Оның семантикасы мен прагматикасы тек рәсімдік атаумен шектелмей, әлеуметтік, эмоциялық және мәдени кодтарды біріктіретін концепт ретінде қалыптасқан.

### Әдебиеттер

1. Susan M. Psycholinguistics: a survey of theory and research problems // Journal of Abnormal Psychology. – 1954. – Т. 49. – № 4, Part 2. – С. 1-474. URL: <https://www.researchgate.net/publication/232424386>.
2. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Полиграфкнига, 1934. – 362 с.
3. Лурия А.Р. Язык и сознание / Под ред. Е.Д. Хомской. – М.: Моск. ун-т, 1979. – 320 с.
4. Леонтьев А.А. Психоллингвистика. – Ленинград: Наука, 1967. – 169 с.
5. Залевская А.А. Введение в психоллингвистику. – М.: РГТУ, 2000. – 566 с.
6. Белянин В.П. Психоллингвистика. – М.: Флинта, 2016. – 415 с.
7. И.А. Бубнова, И.В. Зыкова, В.В. Красных, Н.В. Уфимцева. (Нео)психоллингвистика и (психо)лингвокультурология: новые науки о человеке говорящем: Коллективная монография / Под ред. – М.: Гнозис, 2017. – 392 с.
8. Российская психоллингвистика: итоги и перспективы (1966–2021): Коллективная монография / Под ред. И.А. Стернина, Н.В. Уфимцевой, Е.Ю. Мягковой. – М.: Институт языкознания – ММА, 2021. – 626 с.
9. Дмитриук Н.В. Казахско-русский ассоциативный словарь. – Шымкент-М., 1998. – 246 с. URL: <http://dmitryuk-nv.livejournal.com>.
10. Фазылжанова А.М., Дмитриук Н.В., Орынбетова Э.А., Абаева М.К., Назарова А.Ж. Современная Казахстанская психоллингвистика: ассоциативные аспекты // TILTANYM Хабаршысы. – 2023. – № 4 (92). DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-4-120-132>
11. Серышева Ю.В., Агаб С.Е. Психоллингвистический эксперимент как метод исследования языковых явлений // Молодой ученый. – 2015. – № 11 (91). – С. 1688-1690. URL: <https://moluch.ru/archive/91/19204/> (дата обращения: 15.06.2025).
12. De Deyne S., Storms G. Word associations: Network and semantic properties. – 2008. – 340 p.
13. Фрумкина Р.М. Психоллингвистика: учебное пособие. – М.: Академия, 2007. – 400 с.
14. Курганова Н.И. Ассоциативный эксперимент как метод исследования значения живого слова // Вопросы психоллингвистики. – 2019. – № 3 (41). – С. 24–37.
15. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. 2-том. – Алматы: Сардар, 2013. – 718 б.
16. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі: Энциклопедия. – Алматы: Алем Даму Интеграция, 2014. – 832 б.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. – Алматы: Тілтаным, 2011. – 752 б.
18. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
19. Байтилеуова Ғ.А.Фрейм арқылы сөздік қорды дамыту / Ғ.А.Байтилеуова, М.П.Ешимов, Р.И.Дүйсенбаева // ЕАГИ хабаршысы. – 2023. – №1 (155). – Б. 21-34. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.02>
20. Akhmetova M.K., Zhanzhigitov S.Zh., Alpysbayeva A.Y., Sarekenova K.K., Bibekov K., Abitzhanova Zh. The Representation of Ethnocultural Names in the Linguistic Consciousness of Kazakh Youth // International Journal of Society, Culture and Language. – 2025. – Vol. 13. – P. 75–87. URL: <https://www.scopus.com/pages/publications/105017865748?origin=resultslist>.



**А.Б. АБИЛМАЖИНОВА, М.К. АХМЕТОВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**С. ЕКЕР**

Башкентский университет, Анкара, Турция

## **РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ ПРАЗДНИКА «ҚЫЗ ҰЗАТУ» В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ**

**Аннотация.** В статье проводится комплексный психолингвистический анализ одной из важных традиций в системе казахских свадебных обрядов — этнокультурной единицы «Қыз ұзату» («Проводы невесты»). Основная цель исследования заключается в выявлении языкового образа слова-стимула «Қыз ұзату» в этнокультурном сознании носителей языка, а также в определении его функций как культурного кода. В рамках исследования был применён метод свободного ассоциативного эксперимента, в котором приняли участие 100 респондентов в возрасте от 17 до 74 лет. Полученные ответы систематизировались по семантическим особенностям и проанализированы с учётом частотных показателей.

Результаты исследования показали, что слово-стимул «Қыз ұзату» сохраняется в языковом сознании респондентов как многоуровневая этнокультурная структура. Большинство участников охарактеризовали данную этнокультурную единицу как важный компонент национального культурного кода и как древний обряд казахского народа.

Ассоциативный анализ позволил выявить языковые единицы, отражающие эмоциональные и культурные оттенки слова-стимула. Так, лексемы «счастье», «любовь», «грусть», «расставание» передают эмоциональную природу традиции, а слова «сәукеле», «сынсу», «беташар», «ақ бата», «той» отражают её материальные и духовные аспекты.

Проведённое исследование доказало, что этнокультурная единица «Қыз ұзату» выступает не только обозначением этнографического ритуала, но и носителем культурного кода, передающего семейные ценности из поколения в поколение. Это свидетельствует о жизнеспособности национальных традиций в казахском обществе и их переосмыслении в современном социокультурном пространстве. Полученные ассоциативные данные расширяют рамки этнопсихолингвистических исследований и способствуют более глубокому пониманию языкового выражения этнокультурных ценностей казахского народа.

**Ключевые слова:** свободный ассоциативный эксперимент, Қыз ұзату, психолингвистика, культурный код, репрезентация, языковое сознание, респондент, слово-стимул, реакция.

**A.B. ABILMAZHINOVA, M.K. AKHMETOVA**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**S. EKER**

Bashkent University, Ankara, Turkey

## **REPRESENTATION OF THE «QYZ UZATU» CELEBRATION IN THE KAZAKH LINGUISTIC CONSCIOUSNESS**

**Annotation.** The article presents a comprehensive psycholinguistic analysis of one of the important traditions within the system of Kazakh wedding rituals — the ethnocultural unit «Қыз ұзату» («Seeing off the Bride»). The main objective of the study is to identify the linguistic image of the stimulus word «Қыз ұзату» in the ethnocultural consciousness of language speakers and to determine its functions as a cultural code. The study employed a free associative experiment, involving 100 respondents aged 17 to 74. The collected responses were systematized according to their semantic features and analyzed with regard to frequency indicators.

The results showed that the stimulus word «Қыз ұзату» is retained in the respondents' linguistic consciousness as a multi-level ethnocultural structure. Most participants described this ethnocultural unit as an important component of the national cultural code and as an ancient Kazakh ritual.



Associative analysis allowed for the identification of linguistic units reflecting the emotional and cultural nuances of the stimulus word. Lexemes such as «happiness», «love», «sadness» and «parting» convey the emotional dimension of the tradition, while words like «сәукеде», «сынсу», «беташар», «ақ бата», and «той» represent its material and spiritual aspects.

The study demonstrated that the ethnocultural unit «Қыз ұзату» functions not only as an ethnographic ritual but also as a carrier of a cultural code that transmits family values across generations. This underscores the vitality of national traditions in Kazakh society and their reinterpretation within the contemporary sociocultural context. The obtained associative data expand the scope of ethnopsycholinguistic research and contribute to a deeper understanding of the linguistic expression of Kazakh ethnocultural values.

**Keywords:** free associative experiment, psycholinguistics, bride's farewell, cultural code, representation, linguistic consciousness, respondent, word-stimulus, reaction.

## References

1. Susan M. Psycholinguistics: a survey of theory and research problems // Journal of Abnormal Psychology. – 1954. – T. 49. – № 4, Part 2. – S. 1-474. URL: <https://www.researchgate.net/publication/232424386>.
2. Vygotski L.S. Мышление и речь. – М.: Полиграфкнига, 1934. – 362 с.
3. Luria A.R. Язык и сознание / Pod red. E.D. Homskoi. – М.: Моск. un-t, 1979. – 320 с.
4. Leontev A.A. Психоллингвистика. – Ленинград: Наука, 1967. – 169 с.
5. Zalevskaia A.A. Введение в психоллингвистику. – М.: RGTU, 2000. – 566 с.
6. Belänin V.P. Психоллингвистика. – М.: Flintа, 2016. – 415 с.
7. Ĭ.A. Bubnova, Ĭ.V. Zyкова, V.V. Krasnyh, N.V. Ufimseva. (Neo)психоллингвистика i (psiho) lingvokŭlturologia: novye nauki o cheloveke govorašem: Kolektivnaia monografia / Pod red. – М.: Gnozis, 2017. – 392 с.
8. Rosiskaia психоллингвистика: itogi i perspektivy (1966–2021): Kolektivnaia monografia / Pod red. Ĭ.A. Sternina, N.V. Ufimsevoi, E.Ĭu. Mägkovoi. – М.: Ĭnstitut iazykoznanii – MMA, 2021. – 626 с.
9. Dmitriuk N.V. Kazahsko-ruski asociativnyi slovar. – Šymkent–Moskva, 1998. – 246 с. URL: <http://dmitryuk-nv.livejournal.com>.
10. Fazyljanova A.M., Dmitriuk N.V., Orynbetova E.A., Abaeva M.K., Nazarova A.J. Sovremennaiia Kazahstanskaia психоллингвистика: asociativnye aspekty // TILTANYM Habaršysy. – 2023. – № 4 (92). DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-4-120-132>
11. Seryševa Ĭu.V., Agab S.E. Психоллингвистический эксперимент как метод issledovania iazykovykh iavlenii // Molodoi uchenyi. – 2015. – № 11 (91). – S. 1688-1690. URL: <https://moluch.ru/archive/91/19204/> (data obrašenia: 15.06.2025).
12. De Deyne S., Storms G. Word associations: Network and semantic properties. – 2008. – 340 r.
13. Frumkina R.M. Психоллингвистика: uchebnoe posobie. – М.: Akademia, 2007. – 400 с.
14. Kurganova N.Ĭ. Asociativnyi eksperiment kak metod issledovania znachenii živogo slova // Voprosy психоллингвистики. – 2019. – № 3 (41). – S. 24–37.
15. Qaidar Ä. Qazaqtar ana tılı äleminde. 2-tom. – Almaty: Sardar, 2013. – 718 b.
16. Qazaqtıñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataulardyñ дәstürli jüiesi: Ensiklopedia. – Almaty: Alem Damu İntegrasiia, 2014. – 832 b.
17. Qazaq ädebi tılıñ sözdiğı. On bes tomdyq. 10-tom. – Almaty: Tiltany, 2011. – 752 b.
18. Keñesbaev I. Frazеologialyq sözdiк. – Almaty: Arys, 2007. – 800 b.
19. Baitileuova Č.A. Freim arqyly sözdiк qordy damytu /Č.A. Baitileuova, M.P.Ešimov, R.Ĭ.Düisenbaeva // EAGĬ habaršysy. – 2023. – No1 (155). – B. 21-34. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.02>
20. Akhmetova M.K., Zhanzhigitov S.Zh., Alpysbayeva A.Y., Sarekenova K.K., Bibekov K., Abitzhanova Zh. The Representation of Ethnocultural Names in the Linguistic Consciousness of Kazakh Youth // International Journal of Society, Culture and Language. – 2025. – Vol. 13. – P. 75–87. URL: <https://www.scopus.com/pages/publications/105017865748?origin=resultslist>.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Абилмажинова Арай Бырлыққызы** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Абилмажинова Арай Бырлықовна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Abilmazhinova Arai Byrlykovna** – doctoral student at the L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Ахметова Маржан Какимқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры м.а., Астана, Қазақстан.

**Ахметова Маржан Какимовна** – кандидат филологических наук, и.о. профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Akhmetova Marzhan Kakimovna** – candidate of philological sciences, professor at the L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Суер Екер** – филология ғылымдарының докторы, Башкент университетінің профессоры, Анкара, Түркия.

**Суер Екер** – доктор филологических наук, профессор университета Башкент, Анкара, Турция.

**Suer Eker** – Doctor of Philology, Professor, Baskent University, Ankara, Türkiye.

Қ.Ж. АЙДАРБЕК<sup>1</sup> \*А.Б. ИМАНБЕРДИЕВА<sup>2</sup> А.С. ЖУНУСОВА<sup>3</sup> 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>1,2,3</sup>  
(e-mail: [aidarkar\\_10@mail.ru](mailto:aidarkar_10@mail.ru)<sup>1</sup>, [ainur-iab@mail.ru](mailto:ainur-iab@mail.ru)<sup>2</sup>, [aigera.kz777@mail.ru](mailto:aigera.kz777@mail.ru)<sup>3</sup>)

## ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМИ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР

**Аңдатпа.** Зерттеуде қазіргі қазақ ғылыми коммуникациясындағы терминологиялық элементтердің жұмсалымдық ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар ғылыми-кәсіби дискурста қазақ терминдерінің құрылымы, семантикасы мен прагматикасына басты назар аударылады. Терминологиялық элементтердің ғылыми ақпаратты берудегі дәлдігі, бірегейлігі және тиімділігі жан-жақты талданады. Ұлттық-мәдени және танымдық ерекшеліктерді ескере отырып, терминдерді қалыптастыру, бейімдеу және өзектендіру үдерістері қарастырылады. Ғылыми байланыстың дәлдігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін терминологияны жүйелі бақылау мен стандарттаудың маңыздылығы атап өтіледі. Терминологиялық бірліктерді қалыптастыру және қолдану кезінде танымдық және мәдени-тілдік деректерді ескерудің маңыздылығына баса назар аударылады. Әдістемелік негіз ретінде концептуалды және фреймдік талдау әдістері, салыстырмалы және мәнмәтіндік тәсілдер, сондай-ақ семантикалық үлгілеу элементтері қолданылады. Зерттеу нәтижелері терминологиялық элементтердің қазақ тіліндегі ғылыми ұғымдарды білдірудің негізгі құралы ретіндегі маңыздылығын көрсетеді және оларды терминтаным зерттеулерінде, лингвистикада, сондай-ақ ғылыми, кәсіби аударма және білім беру тәжірибелерінде қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** терминологиялық элементтер, ғылыми коммуникация, ғылыми-кәсіби дискурс, ғылыми ақпарат, терминтаным.

**Кіріспе.** Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы жағдайында терминология мәселелері ерекше өзектілікке ие болады. Терминологиялық элементтер ғылыми білімді беру құралына ғана емес, сонымен бірге ғылыми ойлаудың танымдық және мәдени ерекшеліктерінің көрінісіне айналады. Қазіргі қазақ ғылыми коммуникациясында терминдерді қалыптастыру, жаңарту және стандарттаудың белсенді үдерісі байқалады, бұл кешенді лингвистикалық талдауды қажет етеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, ғылым мен технологияның дамуы, сондай-ақ өмірдің барлық салаларын цифрландыру жағдайында ғылыми лексиканың белсенді жаңаруы мен күрделенуі байқалады. Терминологиялық элементтер мамандандырылған білімнің негізгі тасымалдаушысы бола отырып, ғылыми коммуникацияның ажырамас бөлігіне айналады. Стандарттау, жаһандану және халықаралық ғылыми қоғамдастыққа интеграциялау үдерістерін ескере отырып, қазақ тіліндегі терминологияны зерттеу қажеттілігі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Ғылыми коммуникациядағы негізгі терминологиялық элементтерге салаға тән ұғымдар мен атаулар, халықаралық ғылыми терминдер, қысқартулар мен аббревиатуралар, символдар мен формулалық белгілер жатады. Бұл элементтер ғылыми мәтіннің құрылымын жүйелеп, ақпараттың біртұтас қабылдануына жағдай жасайды. Терминнің мағыналық дәлдігі ғылыми пікірдің бұрмаланбауына және зерттеу нәтижелерінің дұрыс түсіндірілуіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар қазіргі ғылыми коммуникацияда пәнаралық терминологияның маңызы артып келеді. Бір ғылым саласында қалыптасқан терминдердің екінші салада қолданылуы жаңа ұғымдардың пайда болуына, ғылыми

интеграцияның күшеюіне жол ашады. Мұндай жағдайда терминологиялық бірізділік пен түсіндірмелі қолданыс ерекше қажет.

Ғаламдану үдерісіне байланысты ағылшын тіліндегі халықаралық терминдердің ғылыми айналымға кеңінен енуі де қазіргі ғылыми коммуникацияның маңызды белгісі болып табылады. Бұл құбылыс ғылымның жаһандық деңгейде дамуына мүмкіндік берсе, екінші жағынан ұлттық ғылыми тілдің терминологиялық жүйесін жүйелеу мен дамыту мәселесін өзекті етеді. Терминтаным саласындағы заманауи зерттеулер терминдердің формальды-семантикалық сипаттамаларына ғана емес, сонымен қатар олардың прагматикалық және танымдық қызметтеріне де назар аударады. Терминдер кәсіби қарым-қатынастың, тілдесімнің дәлдігін, бірегейлігін және тиімділігін қамтамасыз ете отырып, ғылыми дискурсты құрылымдауда шешуші рөл атқарады.

Аталған зерттеудің өзектілігі ұлттық-мәдени мәнмәтінді ескере отырып, терминологиялық элементтерді зерделеуге, сондай-ақ қазақ терминологиясын талдау мен жүйелеудің тиімді әдістерін әзірлеу қажеттілігіне байланысты. Сондай-ақ, зерттеудің өзектілігі ғылыми дискурстағы терминдердің рөлін кешенді түсіну қажеттілігіне, қазақ тіліндегі терминологиялық аппаратты жетілдіру міндеттеріне де тікелей қатысты. Терминдер ғылыми ойды білдірудің бір түрі ғана емес, сонымен қатар ойлаудың мәдени және ұлттық ерекшеліктерін қамтитын ғаламның концептуалды бейнесінің көрінісі болып табылады. Зерттеудің мақсаты – қазіргі ғылыми коммуникациядағы терминологиялық элементтердің жұмсалым ерекшеліктерін анықтау, олардың семантикалық және құрылымдық ресімделуіне әсер ететін факторларды анықтау, сондай-ақ олардың қазақ ғылыми кеңістігіндегі танымдық және коммуникативтік рөлін бағалау.

Өз кезегінде, қойылған мақсат бірнеше міндеттерді алға тартады: терминологиялық бірліктерге қолданыстағы теориялық тәсілдерді талдау; терминдердің құрылымдық, семантикалық және прагматикалық сипаттамаларын зерттеу; терминдердің қалыптасуы мен қабылдануына әлеуметтік-мәдени мәнмәтіннің әсерін сипаттау; қазіргі жағдайда қазақ терминологиялық жүйесінің мәселелері мен даму үрдістерін анықтау т.б. Жұмыстың ғылыми жаңалығы қазақ мәдениетіндегі ғылыми білімнің ақыл-ой үлгілерін көрсететін фреймдік құрылымның құрамдас бөлігі ретінде терминдерді талдауға танымдық-дискурсивті көзқараста жатыр.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Жұмыста қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін дәстүрлі лингвистикалық және заманауи когнитивтік тәсілдерді біріктіретін әдістер кешені қолданылды, бұл терминологиялық элементтерді жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

– концептуалды талдау: бұл әдіс терминдердің негізінде жатқан концептуалды құрылымдарды анықтауға және сипаттауға, сондай-ақ ғылыми ұғымдардың ана тілінде сөйлейтіндердің санасында қалай қалыптасатынын және қабылданатынын бақылауға мүмкіндік берді. Концептуалды талдау терминология арқылы қалыптасқан менталды көріністерді анықтау үшін өте маңызды;

– фреймдік талдау: фрейм-семантика идеяларына сүйене отырып (Ч.Филлмор т.б.), термин белгілі бір когнитивтік үлгі-фреймнің бөлігі ретінде қарастырылады, мұнда әр термин өзара байланысты ұғымдардың тұтас құрылымын белсендіреді. Бұл терминдерді оқшауланған бірліктер ретінде емес, белгілі бір дискурсқа қатысатын білім жүйесінің элементтері ретінде қарастыруға мүмкіндік берді;

– компонентті талдау әдісі: бұл әдіс терминнің семантикалық компоненттерін (мағынаның өзегі мен шеткері аймағын) анықтау үшін, сондай-ақ әртүрлі ғылыми пәндердегі бірдей типтегі терминдердің мағыналарын салыстыру үшін қолданылды. Бұл әсіресе бір саладан екінші салаға өткен терминдерді немесе салааралық терминдерді зерттеуде тиімді болып саналады;

– дискурстық талдау: ғылыми коммуникация мәтіндер арқылы жүзеге асырылатындықтан, терминдердің ғылыми дискурс мәнмәтінінде, яғни ауызша да, жазбаша да жұмсалуын зерттеуге ерекше назар аударылды. Талдау микротақырыптар, дәлелдер, семантикалық байланыстар деңгейінде жүргізілді;

– контент-талдау: бұл әдіс ғылыми жарияланымдардың, оқулықтардың, диссертациялардың және басқа дереккөздердің нақты мәтіндеріндегі терминдердің қолданылуын талдауға мүмкіндік береді. Мазмұнды талдау арқылы терминологиялық бірліктер қолданысының жиілігі, тұрақтылығы және мәнмәтіні анықталды;

– салыстырмалы-салғастырмалы талдау: қазақ және орыс тілдеріндегі баламалы терминдерді талдау, олардың семантикасындағы, құрылымындағы, қолданысы мен жұмсалымындағы және ғылыми ортада бейімделу дәрежесіндегі айырмашылықтарды анықтау үшін қолданылды.

Зерттеу барысында мынадай материал пайдаланылды: терминологиялық элементтер белсенді қолданылатын қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми және ғылыми-танымал мәтіндер корпусы (мақалалар, монографиялар, оқу құралдары, диссертациялар); ҚР терминологиялық комиссиясы бекіткен ресми құжаттар, терминологиялық сөздіктер мен глоссарийлер т.б.

**Талқылау мен бақылау.** Ғылыми коммуникациядағы терминологиялық элементтердің мәселелері терминтаным, когнитивтік лингвистика, семиотика және тіл философиясы мүдделерінің тоғысында орын алады [1, 223]. Терминологияға жүйелік және когнитивті бірлік ретінде ғылыми қызығушылық XX ғасырдан бастап белсенді дамып келеді және соңғы онжылдықтарда ғылыми білімнің жаһандануына және терминдерді біріздендіру мен стандарттау қажеттілігіне байланысты күшейе түсті [2, 94].

Дәстүрлі терминтаным негіздерін Э.Вюстер [3], Д.С.Лотте [4], В.М.Лейчик [5], қазақ терминологиясында Ә.Т.Қайдар [6], Ө.Айтбайұлы [7], Б.Қалиев [8] сияқты ғалымдардың еңбектері қалаған. Олардың еңбектері терминдерді қалыпқа келтіруге, жіктеуге және логикалық-семантикалық талдауға қатысты. Аталған зерттеушілер терминді ғылыми тілдің ұғымымен және норма ерекшелігімен байланысын зерттей отырып, термин нақты, бір мәнді бірлік ретінде қарастырылуы тиіс деген қорытынды жасайды.

Когнитивті лингвистиканың дамуымен терминологиялық бірліктер фреймдер мен менталды схемаларды белсендіретін ғаламның концептуалды көрінісінің элементтері ретінде қарастырыла бастайды. Бұл тәсілдің бір бөлігі ретінде термин тек белгілеу құралы ғана емес, сонымен қатар білімді концептуалдау және категориялау құралы болып табылады. Қазақстандық ғылымда терминдердің танымдық және мәдени-тілдік аспектілері С.С.Исакова [9], Қ.Ж.Айдарбек, Н.У.Абдуллина [10], С.Қ.Құлманов [11], А.Бисенғали [12] еңбектерінде зерттеледі, онда терминдерді қалыптастыру мен қабылдаудағы ұлттық-мәдени компоненттің рөлі атап көрсетілген. Бұл зерттеулер қос тілділік пен жаһандану жағдайында қазақ терминологиясының дамуы үшін ерекше маңызды.

Когнитивті лингвистиканың дамуы нәтижесінде терминологиялық бірліктерді тек семантикалық немесе сөздік категориялар ретінде емес, ойлау үдерісін көрсететін, фреймдер мен менталды схемаларды белсендіретін, ғаламның концептуалды көрінісінің маңызды элементтері ретінде қарастыру үрдісі қалыптасты. Бұл тәсіл терминдерді ғылыми дүниетаным мен когнитивтік құрылымдар арқылы түсінуге, олардың мәнін тек сыртқы белгілерімен емес, менталды модельдер мен концептуалды жүйелердегі рөлі арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, терминологиялық бірліктер ғылым тіліндегі ақпаратты сақтау, өңдеу және жеткізу құралынан гөрі, ойлау мен түсіну механизмін көрсететін когнитивті құрылымдар ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңдағы өзекті зерттеулер терминнің ғылыми дискурстың негізгі құрамдас бөлігі ретіндегі рөлін көрсетеді. О.С.Иссерстің айтуынша, термин тек аталымдық бірлік ретінде ғана емес, сонымен бірге ғылыми білімді құруға қатысатын дәлелді құрал ретінде де қызмет етеді [13, 163]. Бұл әсіресе пәнаралық жағдайда, бір термин түрлі ғылымдарда әртүрлі семантикалық жүктемеге ие болуы мүмкін.

Қазіргі зерттеушілер [14, 112] терминдерді, соның ішінде электрондық корпустар мен автоматтандырылған жүйелерді қолдану арқылы бақылау және жүйелеу қажеттілігіне назар аударады [15, 27]. Терминологиялық мониторинг ғылыми лексиканы өзектендіру, верификациялау және біріздендіру құралы ретінде қарастырылады.



**Нәтижелер.** Терминологиялық лексиканы жүйелеу мен стандарттауда терминологиялық элементтер маңызды рөл атқарады. «... термин – ұғымның тілдік (вербалды) белгілемесі» [16]. Қазақ тілінде, басқа тілдердегідей, терминогенез үдерісі сөзжасамдық өнімділігі жоғары аффикстерді қолданумен белсенді байланысты. Кейбір аффикстер уақыт өте келе әртүрлі ғылыми және кәсіби салаларда мамандандырылған ұғымдарды қалыптастыру қабілетінің арқасында терминологиялық элементтердің тұрақты мәртебесіне ие болады. Мұндай аффикстерді бөліп көрсету терминологиялық жүйені ретке келтіруге, оның даму заңдылықтарын анықтауға, сондай-ақ қазақ терминологиясын одан әрі толықтыруды талдау мен болжауды тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Төменде қазақ тілінде терминологиялық элементтер ретінде қызмет ететін ең көп қолданылатын аффикстер берілген.

Қазақ тіліндегі терминологиялық элементтерге айналған қосымшалар:

**тұйық етістік –у – үдеріс мағынасын білдіреді:** айыптау, анықтау, тергеу, бұрғылау, сақтандыру т.б.;

**-ым, -ім – ғылыми ұғым атауын білдіреді:** айтылым (акустика), жасалым (артикуляция), қабылданым (восприятие речи), естілім (перцепция), үндесім (сингармонизм), жуысым (щелинность), тоғысым (смычка), аталым (номинация) т.б.;

**-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш – құрал-сайман, құрылғы, аспап атауын білдіреді:** ажыратқыш – выключатель, электроқозғалтқыш – электродвигатель, қыздырғыш – нагреватель, бутаратқыш – парораспределитель, оқшаулатқыш – изолятор, сақтандырғыш – предохранитель т.б.;

**-уыш/-уіш – құрылғы, тетік, қондырғы атауын білдіреді:** талдауыш – анализатор, жүктеуіш – грузчик, жинақтауыш – накопитель, шектеуіш – ограничитель, өңдеуіш – обработчик т.б.;

**-уыл, -еуіл, -уыл, -уіл – заттық мағынаны білдіреді:** қорғауыл, қарауыл, тосқауыл, тежеуіл т.б.;

**-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік – сапа, қалып-күй, көрсеткіш т.б. мағыналарды білдіреді:** ылдғалдылық – влажность, аморфтық – аморфность, беріктік – прочность, жауатершілік – воинственность, жеңілдік – льгота, кезекшілік – дежурство, кенеттілік – внезапность;

**-ғы, -гі, -қы, -кі – құрал-сайман, құрылғы, аспап атауын білдіреді:** сорғы – насос, бұрғы – бур;

**-ды, -ді, -ты, -ті, -лы, -лі – материал, үдеріс, қасиет т.б. мағыналарын білдіреді:** төгіңді – сброс, ағынды – сток, аспалы – навесной, ауыспалы – переменный;

**-шы, -ші, -кер, -гер – адамның кәсібіне, қызметіне, мамандығына, айналысатын шаруасына байланысты мағыналарды білдіреді:** әйнекші – стекольщик, бақылаушы – контроллер, бетоншы – бетонщик, авиаталдаушы – автоанализатор, автоматшы – автоматчик, автомобильші – автомобилист, тыңшы – агент, аудармашы – переводчик, әдіскер – методист, ғарышкер – космонавт;

**-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе – тетік, бөлшек, зат, жиынтық т.б. мағыналарын білдіреді:** бейтараптама – нейтраль, бекітпе – крепеж, белдеме – буртик; царга, бума – бухта; пучок; прядь, балама – эквивалент, бітеме – заглушка, жүктеме – нагрузка, жылжыма – оплывина, бағдарлама – программа;

**-ыс, -іс, -с – үдеріс мағынасын білдіреді:** беріліс – передача, ағыс – течение; ток, бекініс – укрепление, атыс – стрельба, байланыс – связь, жүріс – ход, дағдарыс – кризис;

**-ын, -ін, -н – үдеріс, құрылыс мағыналарын білдіреді:** ағын – поток, бөген – водохранилище, тегеурін – напор, кескін – абрис т.б.

Осымен байланысты, -қыш / -кіш, -ғыш / -гіш қазақ терминжасам формантының фреймдік талдауын келтіретін болсақ, ол етістік түбірлері негізінде құрал-саймандардың, аспаптардың, құрылғылардың атауларын қалыптастыру үшін пайдаланылады: когнитивті фрейм: «іс-әрекет құралы» – аталған қосымша санада арнайы құрал, құрылғы немесе құрал жасалатын әрекет моделін белсендіреді. Ол білімді сұлба бойынша мына түрде құрылымдайды: іс-әрекет → оны орындау құралы → құралдың атауы.

Кесте 1 – қыш / -кіш, -ғыш / -гіш терминологиялық элементінің фреймдік құрылымы

| Фрейм компоненті     | Қызметі                                                 | Мысал               | Түсіндірме                               |
|----------------------|---------------------------------------------------------|---------------------|------------------------------------------|
| Агент, субъект       | Іс-әрекетті орындаушы                                   | Адам                | Құралды қолданатын адам                  |
| Бастапқы етістік     | Негізге алынған іс-әрекет                               | Жуу, сору           | Етістік түбірі                           |
| Аспап, құрылғы       | Іс-әрекетті орындау үшін қолданылатын нәрсе             | Жуғыш, сорғыш       | Құрылғының немесе құралдың атауы         |
| Нәтиже               | Іс-әрекет негізінде функционалды объектіні алу          | Жуғыш – жуушы құрал | Берілген іс-әрекетті орындайтын құрал    |
| Қолданыс саласы      | Тұрмыс, техника, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және т. б. | Кіржуғыш, шаңсорғыш | Мәнмәтіндердегі мысалдар                 |
| Прагматикалық деңгей | Техника, тұрмыс, технология лексикасында қолданылады    | Тұрмыстық техника   | Күнделікті сөйлеуде белсенді қолданылады |

Яғни, аталған форманттың когнитивті үлгісі төмендегідей көрініске ие: іс-әрекет (етістік) → -қыш/-кіш/-ғыш/-гіш терминологиялық элементі → іс-әрекетті орындайтын аспап.

Сонымен, -қыш / -кіш, -ғыш / -гіш қосымшасы құрал-заттық атаулардың құрамында терминологиялық элемент ретінде қызмет етеді. Ол тіл иелерінің санасында «іс-әрекет – құрал» фреймін белсендіреді, яғни біздің түйсігімізде етістік көрсеткен белгілі бір іс-әрекетті орындайтын құралдың немесе аспаптың атауы орын алатынын көрсетеді. Сондықтан да, ол айқын семантикалық уәждемеге ие және қазақ тілінің терминжасам жүйесінде, әсіресе тұрмыстық, өндірістік және техникалық лексикада құрылымдаушы рөл атқарады.

Жалпы алғанда, термин элементтерді зерттеуге арналған фреймдік тәсіл келесі мәселелер шешімін табуға мүмкіндік береді: тілдегі концептуалдау және категориялау тетіктерін тереңірек түсінуге; терминжасамның когнитивті-уәждемелік негізін анықтауға; терминологиялық элементтердің семантикалық жүйелілігі мен жұмсалым заңдылықтарын бақылап қадағалауға; олардың мәртебесін кәсіби және ғылыми терминологияны құруға белсенді қатысатын терминологиялық элементтер ретінде негіздеуге т.б.

Зерттеу қазақ терминологиясының дамуы тұрғысынан ерекше маңызға ие, өйткені ол менталды-тілдік үдерістерге сүйене отырып, терминдерді құру мен бекітудің ішкі тетіктерін сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде қазіргі заманғы когнитивті лингвистиканың дамуына үлес қосады, сондай-ақ қазақ тіліндегі неғұрлым саналы және ғылыми негізделген терминологиялық саясат үшін болашақ бағдарлар ашады.

Қазіргі зерттеу көрсеткендей, терминологиялық элементтердің фреймдік модельдерін қарастыру олардың ғылыми тілдегі рөлін терең түсінуге мүмкіндік береді. Фреймдік талдау арқылы терминдердің семантикалық айқындылығы, концептуалды тереңдігі және жұмсалымдық өнімділігі айқын көрініс табады. Бұл тәсіл тек теориялық лингвистика үшін терминдік жүйелерді жүйелі зерттеуге жағдай жасаумен шектелмей, қолданбалы лингвистикада мәтіндік талдау, аударма, білім беру бағдарламаларын құру сияқты практикалық міндеттерді шешуге де ықпал етеді. Осылайша, терминологиялық

элементтердің фреймдік модельдерін қарастыру олардың жұмсалымдық өнімділігін, концептуалды тереңдігін және семантикалық айқындылығын нақты көрсетеді. Фреймдік талдау терминнің тек жеке мағынасын емес, оны қоршаған ұғымдар мен категориялар жүйесіндегі байланыстарын ашады, бұл оның концептуалды құрылымын айқын етеді. Сонымен қатар, терминнің әртүрлі мәтіндік контексттерде қолданылуын зерттеу арқылы оның әмбебаптылығы мен жұмсалымдық өнімділігін анықтауға болады. Мұндай тәсіл тек теориялық лингвистика үшін терминдік жүйелерді терең талдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, қолданбалы лингвистикада мәтіндік талдау, аударма, білім беру бағдарламаларын құру сияқты практикалық мәселелерді шешуге де тиімді болып табылады.

**Қорытынды.** Ғылыми коммуникациядағы терминологиялық элементтерді зерттеу олардың қалыптасуында, жұмсалым мен қолданысында және когнитивті репрезентациясында бірқатар заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Морфологиялық тұрғыдан жасалған семантикалық бірліктер болып табылатын терминологиялық элементтер ғылыми білімді құрылымдауда шешуші рөл атқарады, ғылыми ұғымдарды категориялауда, аталымда және жүйелеу үдерістерін жеңілдетеді. Олардың өнімділігі, тұрақтылығы және бірнеше рет туынды қолдану қабілеті оларды тілді үнемдеудің және ғылыми лексиканы стандарттаудың маңызды тетігіне айналдырады.

Жұмыста өзіндік деривациялық базаның белсенді дамуын қадағалайтын қазақ терминологиялық жүйесіне ерекше назар аударылды. Бірнеше -қыш/- кіш, -ғыш/- гіш т.б. сияқты аффикстерді талдау бұл форманттардың ғылыми-кәсіби салада жаңа ұғымдардың қалыптасуына ықпал етуін ескере отырып, терминжасамдық қана емес, концептуалдау қызметін де орындайтынын көрсетті. Қарастырылған терминологиялық элементтердің әрқайсысын терминді кеңірек білім жүйесімен байланыстыратын негізгі семантикалық түйіндер рөлін атқаратын фреймдік модель шеңберінде талдауға болады.

Фреймдік тәсіл терминологиялық элементтер туралы ақпаратты құрылымдауға ғана емес, сонымен қатар олардың өз ана тілінде сөйлейтіндердің танымдық кеңістігіне интеграциялануын көрсетуге мүмкіндік береді. Терминологиялық элементтер іс-әрекеттің, үдерістің, құралдың, білім саласының және т.б. жалпыланған категорияларын бейнелейді және осылайша ғылыми терминологияны игеру мен қолдану үдерісін жеңілдететін тұрақты концептуалдау сұлбаларды қалыптастырады. Бұл әсіресе ғылыми қызметті күшейту, ғылыми коммуникация саласын кеңейту және көптілді академиялық кеңістікке көшу жағдайында өте маңызды.

Зерттеу нәтижелерін теориялық және қолданбалы мақсаттарда пайдалануға болады. Теориялық тұрғыдан олар морфология мен когнитивті лингвистиканың өзара әрекеттесуі туралы идеяларды тереңдетуге ықпал етеді, терминтаным ғылымы мен когнитивті талдаудың әдіснамалық базасын байытады. Қолданбалы аспект бойынша олар заманауи глоссарийлерді, терминологиялық өңдеудің автоматтандырылған жүйелерін, сондай-ақ лингвистика, терминография және аударма мамандарын даярлау кезінде білім беру тәжірибесінде пайдалы болуы мүмкін.

Түйіндей келгенде, терминологиялық элементтер сөздің формалды компоненттерін ғана емес, сонымен бірге ғылыми коммуникацияның тиімділігін қамтамасыз ететін танымдық ақпараттың маңызды тасымалдаушыларын да білдіреді. Оларды қазіргі лингвистикалық парадигма мәнәтінінде зерттеу ғылыми тілді кешенді талдау, оның жүйелі ұйымдастырылуы мен дамуы үшін жаңа перспективалар ашады.

## Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
2. Құлманов С.Қ., Шүленбаев Н.Қ., Ыбырайым А.О. Бекітілген терминдердің қолданылуындағы бірізділік проблемалары // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы.

Филология сериясы. – №1(150). – 2025. – Астана. – Б. 94-108. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-94-108>

3. Вюстер Э. Введение в общую терминологию и терминологическую лексикографию. – Нью-Йорк: Springer, 1979. – 215 с.
4. Лотте Д.С. Как работать над терминологией. Основы и метод. – М.: Наука, 1968. – 76 с.
5. Лейчик В.М. Предмет, методы и структура терминоведения: Автореф. дис. докт. филол. наук. – М.: ИЯ АН СССР, 1989. – 46 с.
6. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.
7. Айтбайұлы Ә. Қазақ сөзі: Қазақ терминологиясының негіздері. – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
8. Калиев Б.К. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алма-Ата: Мектеп, 1996. – 168 с.
9. Исақова С.С. Қазақ терминтанымның когнитивтік- прагматикалық аспектісі. Филол. ғыл. доктор. автореф. – Алматы, 2008. – 46 б.
10. Айдарбек Қ.Ж., Иманбердиева А.Б., Абдуллина Н.У. Терминологиялық аталым үдерісіндегі тілмен ойлаудың біртұтастығы мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №1(150). – 2025. – Б. 22-34. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-22-34>
11. Құлманов С.Қ., Рсалиева Н.М., Омарова А.Д., Ескендір Ж.Е. Қазіргі қазақ терминологиясындағы семантикалық үдерістер. TILTANYM. – 2023. – Б. 85-94. DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-85-94>
12. Бисенғали А. Қазақ және түрік тілдеріндегі терминдену үдерістері (лингвомәдени және лингвокогнитивтік салыстырмалы талдау). – Алматы: Қазақ кітабы, 2022. – 164 б.
13. Иссерс О.С. Речевое воздействие: учеб. пособие для студентов, обучающихся по специальности «Связи с общественностью» / О.С. Иссерс. – М.: Наука, 2009. – 224 с.
14. Анафинова М.Л., Есенгельдинова А.Т. Терминологическая системность как лингводидактический аспект исследования языка для специальных целей // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №2(143). – Б. 27-34. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-27-38>
15. Ахмедова Х.О. Терминологическая система — знаковая модель в области знаний / Х.О. Ахмедова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2022. – № 1 (396). – С. 264-266. – URL: <https://moluch.ru/archive/396/87536/> (дата обращения: 15.04.2025).
16. Saiz-Jimenez C. Special Issue on Interdisciplinary Researches for Cultural Heritage Conservation// Appl. Sci. – 2023. – №13(3), 1824. DOI: <https://doi.org/10.3390/app13031824>.

**Қ.Ж. АЙДАРБЕК, А.Б. ИМАНБЕРДИЕВА, А.С. ЖУНУСОВА**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

## **ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКИЕ ЭЛЕМЕНТЫ В СОВРЕМЕННОЙ НАУЧНОЙ КОММУНИКАЦИИ**

**Аннотация.** В исследовании рассматриваются особенности функционирования терминологических элементов в современной казахской научной коммуникации. Вместе с тем в исследовании особое внимание уделяется структуре, семантике и прагматике казахских терминов в научно-профессиональном дискурсе. В работе детальному и всестороннему анализу подвергаются такие характеристики терминологических элементов, как точность, уникальность и эффективность при передаче научной информации. Рассматриваются процессы формирования, адаптации и актуализации терминов с учетом национально-культурных и познавательных особенностей. Подчеркивается важность систематического контроля и стандартизации терминологии для обеспечения точности и эффективности научного общения. Особое внимание уделяется важности учета когнитивных и культурно-языковых данных при формировании и использовании терминологических единиц. В качестве методологической основы используются концептуальные и фреймовые методы анализа,



сравнительный и контекстуальный подходы, а также элементы семантического моделирования. Результаты исследования подчеркивают важность терминологических элементов как основного средства выражения научных понятий в казахском языке и могут быть использованы в терминологических исследованиях, лингвистике, а также в научных, профессиональных переводческих и образовательных практиках.

**Ключевые слова:** терминологические элементы, научная коммуникация, научно-профессиональный дискурс, научная информация, терминология.

K. AIDARBEK, A. IMANBERDIYEVA, A. ZHUNUSOVA

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

## TERMINOLOGICAL ELEMENTS IN MODERN SCIENTIFIC COMMUNICATION

**Annotation.** The study examines the peculiarities of the use of terminological elements in modern Kazakh scientific communication. Scientific and professional discourse also focuses on the structure, semantics and pragmatics of Kazakh terms. The accuracy, uniqueness and effectiveness of terminological elements in the transmission of scientific information can be comprehensively analyzed. The article considers the processes of formation, adaptation and actualization of terms, taking into account national, cultural and cognitive characteristics. The importance of systematic monitoring and standardization of terminology is emphasized to ensure the accuracy and effectiveness of scientific communication. Special attention is paid to the importance of taking into account cognitive and cultural-linguistic data in the formation and use of terminological units. Conceptual and frame analysis methods, comparative and contextual approaches, as well as elements of semantic modeling are used as a methodological basis. The results of the study emphasize the importance of terminological elements as the main means of expressing scientific concepts in the Kazakh language and can be used in terminological research, linguistics, as well as in scientific, professional translation and educational practices.

**Keywords:** terminological elements, scientific communication, scientific and professional discourse, scientific information, terminology.

## References

1. Qürmanbaiұly Ş. Terminqor qalyptastyru közderi men terminjasam täsilderi. – Almaty: Sözdik-Slovär, 2005. – 240 b.
2. Qұлманов S.Q., Шүленбаев N.Q., Ybyрайым A.O. Bekitilgen teriminderdiñ qoldanylyndağy bırızdılık problemalary // L.N. Gumilev atyndağy EÜU Habarşysy. Filologia seriasy. – №1(150). – 2025. – Astana. – B. 94-108. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-94-108>
3. Vüster E. Vvedenie v obşuiu terminologiu i terminologicheskuiu leksikografiu. – Nü-İork: Springer, 1979. – 215 s.
4. Lotte D.S. Kak rabotät nad terminologiei. Osnovy i metod. – M.: Nauka, 1968. – 76 s.
5. Leichik V.M. Predmet, metody i struktura terminovedenia: Avtoref. dis. dokt. filol. nauk. – M.: İA AN SSSR, 1989. – 46 s.
6. Qaidarov Ä. Qazaq terminologiasyna jañaşa közqaras. – Almaty: Rauan, 1993. – 43 b.
7. Aitbaiұly Ö. Qazaq sözi: Qazaq terminologiasynyñ negizderi. – Almaty: Rauan, 1997. – 240 b.
8. Kaliev B.K. Leksiko-semanticheskaiia i morfologicheskaiia struktura nazvanii rasteni v kazahskom iazyke. – Alma-Ata: Mektep, 1996. – 168 s.
9. İsaqova S.S. Qazaq termintanymynyñ kognitivtik- pragmatikalyq aspektisi. Filol. ğyl. doktor. ... avtoref. – Almaty, 2008. – 46 b.
10. Aidarbek Q.J., İmanberdieva A.B., Abdullina N.U. Terminologialyq atalym üderisindegi tilmen oilaudyñ birtütastyğy мәseleleri // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetiniñ Habarşysy. Filologia seriasy. – №1(150). – 2025. – B. 22-34. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-150-1-22-34>



11. Qulmanov S.Q., Rsalieva N.M., Omarova A.D., Eskendir J.E. Qazirgıqazaqterminologiasyndaǵy semantikalıyq üderister. TILTANYM. – 2023. – B. 85-94. DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-85-94>
12. Bisenǵalı A. Qazaq jáne türk tilderindeǵı termindenu üderisteri (lingvomädeni jáne lingvokognitivtik salıstıymaly taldaı). – Almaty: Qazaq kıtaby, 2022. – 164 b.
13. İssers O.S. Rechevoe vozdeistvie: ucheb. posobie dlä studentov, obuchaiuşıhsä po spesiälnosti «Sväzi s obşestvennostü» / O.S. İssers. – M.: Nauka, 2009. – 224 s.
14. Anafinova M.L., Esengeldinova A.T. Terminologicheskaiä sistemnost kak lingvodidakticheski aspekt issledovania iazyka dlä spesiälnyh selei // L.N.Gumilev atyndaǵy EÜU Habarşysy. Filologia seriasy. – 2023. – №2(143). – B. 27-34. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-27-38>
16. Griboedov A.S. Putevye zapiski [Travel notes] [Electronic resource]. In: *Sochineniya*. – Moskva: Goslitizdat, 1959. – P. 417–425. – URL: [https://feb-web.ru/feb/griboed/texts/orlov/putz59\\_4.htm](https://feb-web.ru/feb/griboed/texts/orlov/putz59_4.htm)
17. Gallarín G.C. *Diccionario histórico de nombres de América y España. Estudio preliminar*. – Madrid: Silex Ediciones, 2014.
18. Bektaev K. *Ulken kazaksha-oryssha, oryssha-kazaksha sozdik = Bol'shoj kazahsko-russkij, russko-kazahskij slovar'* [Large Kazakh-Russian, Russian-Kazakh Dictionary]. – Almaty: Altyn Kazyna, 2001. – 702 p.
19. Krasavchenko T. N. 2010.03.002. Evropejskij kontekst russkogo formalizma: (k probleme esteticheskikh peresechenij: Franciya, Germaniya, Italiya, Rossiya): kollektivnaya monografiya po

materialam rusko-francuzskogo kollokviuma 1-2 noyabrya 2005 goda / pod red. Dmitrievoy E. (otv. red.), Zemskova V., Espanya M. // Social'nye i gumanitarnye nauki. Ser. 7, Literaturovedenie: Referativnyj zhurnal. – 2010. – № 3. – S. 17–29. – M.: IMLI RAN, 2009. – 287 s. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/2010-03-002-evropeyskiy-kontekst-russkogo-formalizma-k-probleme-esteticheskikh-peresecheniy-frantsiya-germaniya-italiya-rossiya>

20. Dmitrieva Ye.Ye. Teoriya kul'turnogo transfera i komparativnyj metod v gumanitarnykh issledovaniyakh: oppozitsiya ili preemstvennost' // Voprosy literatury. – № 4. – 2011. – Pp. 302–313.

21. Abduhallilova V.V. Fenomen kul'turnogo transfera v sovremennoj etnopedagogike [The phenomenon of cultural transfer in modern ethnopedagogy] // Aktual'nye voprosy mezhnatsional'nogo vzaimodeystviya i mezhkul'turnoj kommunikatsii v obrazovanii: materialy konferentsii. – M.: MGLU, 2014. – Pp. 130–135.

22. Aksholakova A.Zh. O grammaticheskoy adaptatsii kazahskikh toponimov // Bulletin of KazNU. Filology series. – № 2 (136). – 2012. – P. 165–168. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/696>

23. Fatkullina F.G. Toponyms as a component of language worldview // Modern problems of science and education. – 2015. – № 1-1). URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=18126>

24. Bekzatkyzy I. Voprosy izucheniya transformatsii toponimov Akmolinskoj oblasti [Issues of studying the transformation of toponyms of the Akmol region] // Otan tarihy – Otechestvennaya istoriya. – 2020. – P. 169–180. – URL: <https://otan.history.iie.kz/main/article/view/463>

25. Vlasova K.A. Regional'naya toponimika kak sredstvo povysheniya motivatsii na urokah russkogo yazyka [Regional toponymy as a means of increasing motivation in Russian language lessons] // Permskiy pedagogicheskij zhurnal. – № 11. – 2020. – P. 139–143. URL: [https://old.pspu.ru/upload/pages/35114/PPZH\\_N11\\_2020.pdf](https://old.pspu.ru/upload/pages/35114/PPZH_N11_2020.pdf)

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Акижанова Диана Мұратқызы** – философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің доценті м.а., Астана, Қазақстан.

**Акижанова Диана Муратовна** – доктор философии (PhD), и.о. доцента Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Akizhanova Diana Muratovna** – Doctor of Philosophy (PhD), Acting Associate Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Сәтенова Серіккүл Көпешбайқызы** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Сатенова Серіккүл Купешбаевна** – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Satenova Serikkul Kupeshbaevna** – Doctor of Philology, Professor of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Омарова Әйгерім Серікқызы** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Омарова Айгерім Сериковна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Omarova Aigerim Serikovna** – doctoral student of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



**Д.Б. ЕСИМБЕКОВА** 

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан  
(e-mail: [dinarabyessimbekova@mail.ru](mailto:dinarabyessimbekova@mail.ru))

## **ИММЕРСИВТІ СӨЗДІК – КӘСІБИ ЛЕКСИКАНЫ МЕНГЕРТУДІҢ ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛЫ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада иммерсивті заң сөздігінің ұғымы, оның дәстүрлі құқықтық сөздіктерден айырмашылығы және құқықтық білім берудегі орны қарастырылады. Иммерсивті технологиялардың (VR, AR, мультимедиа) құқықтық терминдерді меңгертудегі тиімділігі когнитивтік лингвистика және цифрлық педагогика тұрғысынан талданады.

Зерттеу халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, иммерсивті сөздіктің когнитивтік, педагогикалық және кәсіби артықшылықтарын айқындап, қазақ тілін кәсіби бағытта меңгерудің әлеуетін негіздейді.

Иммерсивті заң сөздігі құқықтық лексикографиядағы инновациялық бағыт болып табылады. Зерттеу барысында дәстүрлі заң сөздіктерінің статикалық, анықтамалық сипатының терминдерді меңгертудегі жеткіліксіздігі анықталды. ХХІ ғасырдағы цифрлық технологиялар, соның ішінде виртуалды шындық (VR), толықтырылған шындық (AR) құқықтық білім беру үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде жүргізілген экспериментте иммерсивті сөздіктер студенттердің заң терминдерін меңгеруінде, оқу мотивациясын арттыруда және кәсіби дағдыларды дамытуда жоғары тиімділік көрсетті.

Иммерсивті технологиялар ақпаратты бірнеше арна арқылы қабылдауға жол ашып, когнитивтік және педагогикалық артықшылықтар береді. Эксперименттік сабақ құрылымы терминдерді контекстте жан-жақты үйретуге бағытталған: терминдік шолу, иммерсивті тапсырмалар, рефлексия және кейстер. Сонымен қатар, иммерсивті сөздік құқықтық мәтіндердің күрделілігін визуалды және интерактивті форматта жеткізуге, құқықтық ойлауды қалыптастыруға септігін тигізеді. Әлем бойынша иммерсивті құқықтық білім беру тәжірибелері Қазақстан үшін үлгі бола алады және қазақ тілін кәсіби тұрғыдан дамытуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері иммерсивті лексикографияның құқықтық білім беруде жаңа сапалы кезеңге көшуін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** иммерсивті заң сөздігі, құқықтық лексикография, заң терминдері, иммерсивті технология, CLIL, құқықтық білім беру, құқықтық мәдениет.

**Кіріспе.** Құқықтану ғылымы күрделі терминологиялық жүйеге негізделеді. Болашақ заңгерлерді даярлау барысында тек теориялық білімді меңгерту жеткіліксіз, оларды нақты құқықтық практикаға жақындату – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Дәстүрлі заң сөздіктері терминдердің анықтамасын берумен ғана шектелетін статикалық құрал болғандықтан, олардың когнитивтік және тәжірибелік тиімділігі шектеулі.

ХХІ ғасырдағы цифрлық технологиялардың дамуы құқықтық лексикографияға жаңа серпін берді. Электрондық сөздіктер, онлайн платформалар, интерактивті базалар және жасанды интеллект құралдары құқықтық терминдерді тез, тиімді және көп өлшемді түрде өңдеуге мүмкіндік беріп отыр. Бұрын тек қағаз нұсқадағы сөздіктермен шектелген кәсіби лексика енді мультимедиялық форматта, контекстік мысалдармен, аудио және визуалды материалдар арқылы меңгерілуде. Сонымен қатар, цифрлық құралдар құқықтық



терминологияны жаңартуға, әртүрлі құқықтық жүйелер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды салыстыруға, халықаралық деңгейде кәсіби коммуникацияны жеңілдетуге мүмкіндік береді. Мұндай технологиялық мүмкіндіктер иммерсивті оқытудың принциптерімен үйлесіп, оқушының немесе студенттің құқықтық лексиканы жан-жақты, терең меңгеруіне жол ашады. Осы тұрғыдан, ХХІ ғасырдағы цифрлық технологиялар құқықтық лексикографияны тек құрал ретінде ғана емес, кәсіби лексиканы меңгерудің заманауи, тиімді әдісі ретінде де қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Виртуалды шындық (VR), толықтырылған шындық (AR), мультимедиа және интербелсенді платформалар құқықтық білім берудің сапасын арттыруға бағытталған инновациялық шешімдер ұсынады. Осы технологияларға негізделген иммерсивті заң сөздігі ұғымы қазақ лексикографияның жаңа парадигмасын қалыптастырып отыр.

Қазіргі білім беру үдерісінде кәсіби лексиканы тиімді меңгеру оқушының немесе студенттің пәндік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды компоненті болып табылады. Тілдік дағдылардың тек грамматикалық және коммуникативтік аспектілерін дамыту жеткіліксіз болып отыр; қазіргі заман талабына сай білім алушының кәсіби бағыттағы сөздік қорын терең және жан-жақты меңгеруі қажет. Осы орайда иммерсивті сөздік әдісі жаңа перспективалық тәсіл ретінде өзектілік kazanуда.

Иммерсивті әдіс білім алушыны тілдік ортаға «тұтас енуге» шақырады, бұл кәсіби лексиканы тек жаттау арқылы емес, нақты контекстте қолдану арқылы игеруге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл лексикалық бірліктердің мағынасын толық түсінуді, оларды кәсіби және практикалық жағдайларда еркін қолдануды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, иммерсивті сөздік кәсіби коммуникативтік дағдыларды қалыптастырып, оқушының пәндік ойлау қабілеті мен аналитикалық шеберлігін арттырады. Осы тұрғыдан алғанда, иммерсивті сөздік кәсіби лексиканы меңгерудің заманауи құралы ретінде білім беру үдерісінде ерекше рөл атқаратыны анық көрінеді. Бұл зерттеу иммерсивті сөздік әдісінің ерекшеліктерін, тиімділігін және кәсіби бағыттағы лексикалық дағдыларды дамытудағы практикалық мәнін қарастыруға бағытталған.

2020 жылдан бері Еуропалық Одақта және АҚШ-та заңгерлерді даярлау кезінде иммерсивті құқықтық білім беру тәсілі енгізілген. Мысалы, Гарвард университетінің «LegalVR» жобасы студенттерге виртуалды сот процестерін тәжірибе ретінде ұсынады [1, 120]. Бұл тәжірибе заң терминдерін практикалық контексте меңгерудің тиімді екенін көрсетті.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Құқықтық тілдің басты ерекшелігі – дәлдік, ресмилік және контекстке тәуелділік [2, 36]. Заң мәтіндері нормалар мен құқықтық қатынастарды реттейтіндіктен, олардың тілдік құрылымы нақты әрі жүйелі болуы шарт, демек «заң терминдерінің дұрыс аударылмауы халықаралық келісімшарттарда құқықтық салдарға әкелетінін» [3, 19] атап өтеді. 1-кестеде иммерсивті сөздікті пайдаланудың педагогикалық моделін ұсынамыз.

Кесте 1 – Иммерсивті сөздікті пайдаланудың педагогикалық моделі



Термин сөздерді аударғанда олардың мәні мен қызметін ескерумен қатар, қазақ тілінің сөздік қорын барынша пайдалануымыз қажет. «Көне грек, парсы, латын, француз және басқа да шет тілінен еніп, сіңісіп кеткен, халықаралық деңгейде қолданылатын терминдер өз қалпында енгізілуге тиіс.

Термин сөздерді жобамен баламалап, екі ұдай мағынада аударуға болмайды. Себебі, мұндай ағаттық заңның негізгі нормасына кері әсер етіп, кейде құқықтық мағынасын мүлдем өзгертіп жіберуі мүмкін» [4, 112].

Қолданыстағы заңдарымыздың тезаурусы да толық құрастырылмаған. С.И. Ожегов «Орыс тілінің сөздігінде» тезаурусқа: «қандай да бір арнайы саланың терминдері мен ұғымдарын толық қамтитын сөздік немесе деректер жинағы» деп анықтама береді. Ондағы ұғымдар барынша стандартталған әрі нысандық және ұғымдық жағынан өзгеріске ұшырамай, қалыптасқан шаблон сияқты қайталанып келіп отырады. Мұның өзі заңдардың аудармасында жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін қолданғанда бірізділікті сақтауға мүмкіндік береді. Д. Омашұлының «Заңнама ұғымдарының тезаурусы» еңбегі салада мемлекеттік тілде жарық көрген тұңғыш еңбек. Осындай Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен игі істерді әрі қарай дамытып, жалғастыру үшін салалық терминдер, сөз тіркестерін бір ізге түсіру – күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

1999 жылы жарық көрген 31 томдық салалық орысша-қазақша сөздікте терминдердің көпшілігі қамтылғанымен, олардың бірқатары ескіріп кетті немесе уақыт талабына сай өзгеріске ұшырап, жаңа ұғымдар пайда болды, кейбір жаңа терминдер сөздікке енгізілмей қалған.

Бұл мәселені шешуде Еуропалық комиссияның IATE (InterActive Terminology for Europe) дерекқоры заң терминдерінің көптілі баламаларын стандарттау үшін қолданылады. Аталмыш ресурс 1 миллионнан астам терминологиялық бірлікті қамтиды және ЕО елдері арасындағы құқықтық үйлесімділікті қамтамасыз етеді [5].

Сөздікпен жұмыс жоғары мектеп тәжірибесінде дәстүрлі әдістерге негізделетінін белгілі. Қазақстандық жоғары білім беру саласында цифрлық лексикография енді қанат жайып келеді. Осы орайда Кови [6, 8] дәстүрлі лексикографияның статикалық сипатын көрсетті. Ал қазіргі зерттеулер сөздіктердің интербелсенді, бейімделгіш, және қолданушыға бағытталған форматқа көшкенін дәлелдейді.

Қазіргі цифрлық лексикография тек анықтама берумен шектелмей, контекст, мысал, аудио, бейне, графика элементтерін біріктіреді [7, 25].

Мәселен, Оксфорд университетінің Lexical Lab жобасында қолданушылар терминдерді 3D көріністе зерттеп, олардың нақты қолданылу жағдайларын көре алады. Бұл тәжірибе құқық, медицина және инженерия салаларындағы терминдерді оқытуда жоғары нәтиже берді. Ал, заң саласындағы зерттеулер әлі жоқтың қасы.

**Терминдерді меңгертудегі дәстүрлі әдістер цифрлық технология дәуірінде ойдағыдай нәтиже бермеуі заңды. Себебі тапсырмалар сипаты мынандай:**

- **Терминдерді анықтамалармен үйрету:** әр терминнің ресми және заңды анықтамаларын беру;

- **Контекстте қолдану:** терминдерді нақты құқықтық мәтіндер мен жағдайларда пайдалану;

- **Жаттығулар,** терминологиялық диктант және **тесттер:** терминдерді бекіту үшін арнайы тапсырмалар;

- **Салыстырмалы талдау:** Қазақ және басқа тілдердегі құқықтық терминдердің ұқсастығы мен айырмашылығын қарастыру.

Когнитивтік тұрғыдан қарағанда, ақпаратты бірнеше арна (вербалды және визуалды) арқылы қабылдау есте сақтауды күшейтеді. Майер (2005) мультимедиялық оқытудың когнитивтік негіздерін жасап, күрделі ұғымдарды сурет, дыбыс, мәтін арқылы меңгерудің тиімділігін дәлелдеді.

Корея мен Финляндия университеттерінде жүргізілген зерттеулер студенттердің AR және VR форматындағы оқу материалдарын дәстүрлі мәтінге қарағанда 40% жылдам меңгеретінін көрсетті [8]. Бұл мәлімет иммерсивті сөздіктердің тиімділігін дәлелдейді.

Кесте 2 – Дәстүрлі және иммерсивті сөздіктің айырмашылығы

| Дәстүрлі сөздік                                                                                                                                                                                                                                       | Иммерсивті сөздік                                                                                                                                                                                                                                      |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>Терминдердің анықтамаларын меңгереді</li> <li>Контексте қолданады</li> <li>Дәстүрлі ақпарат көзі қызығушылығын төмендетеді</li> <li>Терминологиялық диктант</li> <li>Салыстырмалы талдайды, аударды</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>Когнитивті құзыреттілігі дамиды</li> <li>Кәсіби тілдік тұлға қалыптасады</li> <li>Вербалды, визуалды ақпаратты қабылдау жеңіл</li> <li>Оқу мотивациясы артады</li> <li>Кәсіби қызметінде пайдаланады</li> </ul> |

Зерттеу үдерісінде контент-талдау, салыстырмалы және модельдеу әдістері кешенді түрде пайдаланылды.

CLIL әдісінің айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдыларын толық қамтитын иммерсивті технологияны пәнді оқытуда контент талдау, салыстырмалы және модельдеу әдістері қолданылды.

Контент-талдау әдісінде құқықтық лексикографияға қатысты халықаралық еңбектерді жүйелеу және олардың иммерсивті оқытуға келуі/келмеуі тұрғысынан талдайды, иммерсивті технологиялар мен педагогикалық инновациялар бойынша қазіргі ғылыми дүниетанымды бейнелейді.

Салыстырмалы әдіс дәстүрлі заң сөздігі мен иммерсивті заң сөздігінің оқу нәтижелеріндегі айырмашылықтарды салыстырады, сөздік құрылымдар, кәсіби лексиканы, контекстілік қолданысты, грамматикалық түсіндіру әдістері бойынша критерийлернің үлгілік сипаттамасын әзірлейді.

Модельдеу әдісі арқылы құқықтық терминдерді иммерсивті ортада қолдану скрипттері мен кейстері әзірленді: терминнің анықтамасы, контексті, сұхбаттық жағдаят, тапсырма-үлгісі, жауап форматы, әр скриптке оқу мақсаттары, тілдік мақсаттар және критерийлер нақтыланды.

Сурет 1 – Қолданылған әдістер



Жалпы алғанда, аталған әдістердің бірізді және өзара толықтырушы сипатта қолданылуы иммерсивті заң сөздігінің білім беру үдерісіндегі тиімділігін ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

**Талқылау мен бақылау.** Өзгетілді аудиторияда «Қазақ тілі» пәні А, В деңгейлері бойынша жүргізіледі. Биылғы оқу жылында қолда бар заң терминдерінің сөздіктерін заманауи трендтерге икемдеу идеясы келді. 2025-2026 оқу жылында Жетісу университеті білім алушылары арасында иммерсивті сөздік сабақ үдерісінде пайдаланылды. Зерттеу сапалық сипатта жүргізілді.

1. CLIL әдісінің айтылым, жазылым, тыңдалым және оқылым дағдыларын толық қамтитын иммерсивті технологияны пәнді оқытуда контент талдау, салыстырмалы және модельдеу әдістері қолданылды.

2. Контент талдау әдісі – құқықтық лексикография, иммерсивті технологиялар және педагогикалық инновациялар жөніндегі халықаралық ғылыми еңбектер зерттелді. Тақырыптық талдау бойынша қатысушылардың тәжірибе бойынша кері байланысы, иммерсивті сөздік жасаудағы қиындықтары, оң және теріс факторлар анықталды.

3. Салыстырмалы әдіс – дәстүрлі және иммерсивті заң сөздіктерінің ерекшеліктері салыстырылды.

4. Модельдеу әдісі – құқықтық терминдерді (мысалы, презумпция, юрисдикция, талап арыз т.б.) иммерсивті ортада қолдану скрипттері жасалды.

Контент-талдау, салыстырмалы және модельдеу әдістерінің үйлесімді пайдаланылуы CLIL әдісін иммерсивті технологиялармен ықпалдастырудың тиімділігін дәлелдеді. Бұл тәсіл студенттердің құқықтық терминологияны терең меңгеруіне, тілдік және кәсіби дағдыларды қатар дамытуға жағдай жасайды және көптілді құқықтық білім берудің инновациялық моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Марк Пренский (2010) студенттерді «digital natives» (диджитал нативс) деп атап, олардың оқуға деген мотивациясын арттыру үшін иммерсивті құралдарды пайдалануды ұсынады [9, 22]. Диджитал нативс бала кезінен бастап компьютер, интернет, смартфон

сияқты технологиялармен бірге өскен адамдар. Оларға цифрлық құралдарды пайдалану табиғи нәрсе сияқты.

Digital natives ерекшеліктері:

- жаңа технологияларды тез меңгереді;
- бейне мен интерактивті ақпаратты жақсы қабылдайды;
- әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді жиі қолданады;
- ақпаратқа тез және тікелей қол жеткізуді қалайды;
- көп міндетті бір уақытта орындай алады

AR технологияларының тіл үйретудегі мотивациялық және когнитивтік әсерін зерттеген ғалымдар визуализация мен интерактивтілік білімді ұзақ сақтауға көмектесетінін көрсетті [10, 861].

Британиядағы Кембридж университетінің LawTech Lab орталығы AR платформасын пайдаланып, студенттерге келісімшарт, юрисдикция және дәлелдемелерді визуалды талдауға мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе Қазақстан мен Орталық Азия елдерінде құқықтық білім беруді жаңғыртуда үлгі бола алады.

**Нәтижелер.** Зерттеу барысында құқықтық мәтіндердің күрделілігі мен олардың интерактивті форматта толық жеткізілмеу ықтималдығы анықталды. Осыған байланысты тәжірибелік-эксперименттік жұмыс иммерсивті заң сөздіктің тиімділігін айқындауға бағытталды. Иммерсивті ортада оқыту студенттің құқықтық лексиканы меңгеру процесін тереңдетіп, кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді деген ғылыми болжам алға қойылды.

Эксперименттің мақсаты – иммерсивті ортада құқықтық терминологияны үйретудің тиімділігін сипаттау.

Міндеттері:

- иммерсивті ортада құқықтық терминологияны үйретудің тиімділігін сипаттау;
- дәстүрлі және иммерсивті заң сөздіктерінің айырмашылықтарын терең салыстыру;
- құқықтық терминдерді (мысалы презумпция, юрисдикция, талап арыз және т.б.) иммерсивті ортада қолдану үлгілерін (скрипттерін) моделдеу.

Эксперимент кезеңдері:

Пилоттық кезең: 2–3 аптаға созылатын пилоттық сессиялар, әр сессия 50 минут.

Қатысушылар: 1 курс 1 семестрдегі орыс тобының студенттері; қатысуға келісім бергені – 42 студент.

Контекст: құқықтық тақырыптар бойынша нақты мәтіндік материалдар және электронды құралдар иммерсивті ортада апробациядан өткізілді.

Иммерсивті заң сөздігі – заң терминдерін көпарналы қабылдау арқылы меңгеруге мүмкіндік беретін, виртуалды құқықтық ортаға енгізетін лексикографиялық ресурс.

Ол дәстүрлі сөздіктің анықтама беру қызметінен бөлек, қолданушыны нақты құқықтық жағдайдың симуляциясына енгізеді.

Кесте 3 – Терминнің иммерсивті ортадағы көрінісі

| Термин                           | Иммерсивті ортадағы көрінісі                                                            | Мақсаты                                           |
|----------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------|
| К і н ә с і з д і к презумпциясы | VR сот процесінде айыпталушы мен прокурордың іс-қимылдары арқылы түсіндіріледі          | Терминнің құқықтық және моральдық мәнін сезіндіру |
| Шарт                             | Интерактивті келісім үлгісі көрсетіліп, әр баптың мағынасы визуалды түрде түсіндіріледі | Терминнің құрылымдық мағынасын меңгерту           |
| Юрисдикция                       | Қазақстан, АҚШ, ЕО құқық жүйелеріндегі салыстырмалы мысалдар AR форматында беріледі     | Салыстырмалы құқықты талдау                       |
| Құқық субъектісі                 | Азамат, ұйым, мемлекет бейнелері AR үлгісінде визуалданады                              | Құқықтық қатынастарды нақтылау                    |



Эксперимент нәтижелері иммерсивті форматтың дәстүрлі оқытумен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарын көрсетті:

Когнитивтік тұрғыдан – ақпаратты визуалды және вербалды арналар арқылы қабылдау есте сақтауды күшейтті;

Педагогикалық тұрғыдан – студенттердің оқу белсенділігі мен қызығушылығы артты;

Кәсіби тұрғыдан – құқықтық процестердің (сот, келісімшарт жасау, делдалдық) модельдері студенттердің кәсіби ойлауын дамытты;

Мәдениетаралық тұрғыдан – көптілді құқықтық кеңістікте әрекет ету қабілетін жетілдірді.

Иммерсивті сөздік тиімділігінің эксперименттік-практикалық компоненттері:

Сабақ құрылымы (әр аптада 3 іс-тәжірибелік сабақ)

Бастапқы кезең: терминдер сөздігіне шолу (15 минут).

Негізгі кезең: иммерсивті тапсырма: виртуалды шындыққа негізделген терминдерді қолдану (25-30 минут).

Рефлексия және талқылау: терминді қолдану туралы кері байланыс, қиындықтар талқысы (15-20 минут).

Қорытынды: скрипт бойынша шағын тапсырма немесе кейс-мәгіндік жұмыс (10-15 минут).

Құралдар:

– иммерсивті ортаға арналған шағын скрипттер жиыны (терминдермен бірге контексті, сұраныс-жауап үлгілері).

– көрнекі құралдар: заң мәтіндерінен үзінділер, кейстер.

– рефлексия күнделігі немесе қысқаша сұхбаттық түсірілімдер.

Бағалау критерийлері:

– Лексикалық қолданыстың дәлдігі және терминнің контекстке сәйкестігі;

қысқа жауаптар мен сұхбаттық ситуацияларда терминдерді пайдаланудың икемділігі;

– Тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларының иммерсивті тапсырмаларға әсері;

– Оқушының өзіндік баға-бағдары мен оқу мотивациясының өзгеруі.

#### Кесте 4 – Зерттеу бойынша атқарылған жұмыстар

| Зерттеудің жұмыс жоспарына сай атқарылған жұмыстар |          |                                                                                                                               |
|----------------------------------------------------|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Алғашқы кезең                                      | 1-2 апта | Пилоттық сессияларды өткізу, терминдерді таңдау, иммерсивті тапсырмалар әзірлеу.                                              |
| Екінші кезең                                       | 3-4 апта | Иммерсивті сабақтар, дәстүрлі сабақтармен салыстырылды, бақылау-тобы мен эксперименталды топ арасындағы айырмашылық талданды. |
| Үшінші кезең                                       | 5-6 апта | Деректерді өңдеу, сапалық талдауды жүргізілді (сұхбат, ашық сауалнамалар, күнделік жазбалары)                                 |
| Қорытынды кезең:                                   | 7-апта   | Нәтижелер тұжырымдалды, зерттеу атына сәйкес шебер сынып бағдарламасы дайындалды.                                             |

Жүргізілген эксперимент нәтижелері иммерсивті заң сөздіктің құқықтық білім беруде инновациялық әлеуеті бар екенін дәлелдеді. Иммерсивті орта студенттердің құқықтық лексикасын, кәсіби коммуникациясын және сыни ойлауын дамытуға ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал ретінде танылды.

**Қорытынды.** Иммерсивті заң сөздігі құқықтық лексикографияның жаңа кезеңін білдіреді. Ол дәстүрлі сөздіктерді толықтырып қана қоймай, студенттерді кәсіби ортаға енгізіп, құқықтық ойлау қабілетін дамытады.

Халықаралық тәжірибе иммерсивті лексикографияның білім беру сапасын арттыратынын, көптілді құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ететінін іс жүзінде

айғақталып отыр. Жасанды интеллекті мен цифрлық технологиялар дәуірінде бұл заманауи әдіс өз тиімділігі мен өміршеңдігін дәлелдей түсуде. Әсіресе иммерсивті және CLIL тренд технологияларының интеграциясы қазақ тілі сабақтарын жоғары танымдық, кәсіби бағытталған форматта өткізуге септігін тигізері анық.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, иммерсивті заң сөздікті әрі қарай дамыту және білім беру тәжірибесіне енгізу бойынша төмендегі ұсыныстар беріледі:

#### **1. Білім беру бағдарламалары деңгейінде:**

- Иммерсивті технологияларды (VR, AR, XR) тілдік және құқықтық пәндердің оқу бағдарламасына кезең-кезеңімен енгізу;
- Құқықтық лексиканы үйрету курстарына арналған иммерсивті модульдерді әзірлеу.

#### **2. Әдістемелік тұрғыдан:**

- Иммерсивті заң сөздігімен жұмыс істеудің педагогикалық нұсқаулығын жасау;
- Иммерсивті тапсырмалардың (скрипттердің) типологиясын қалыптастыру және құқықтық тақырыптар бойынша сценарийлер банкі құру;
- Оқытушыларды иммерсивті технологиялармен жұмыс істеуге дайындау курстарын ұйымдастыру.

#### **3. Зерттеу тұрғысынан:**

- Иммерсивті оқыту әсерін ұзақмерзімді перспективада (мысалы, кәсіби тілдің сақталуы мен қолдану тұрақтылығы тұрғысынан) зерттеу;
- Студенттердің когнитивтік және эмоционалдық қабылдау ерекшеліктерін эксперименттік негізде талдау;
- Құқықтық лексикография мен цифрлық лингводидактиканы тоғыстырған жаңа модельдерді әзірлеу.

#### **4. Технологиялық бағытта:**

- Университеттер мен IT-компаниялар арасында иммерсивті орта құру бойынша әріптестік орнату;
- Жергілікті құқықтық контентті визуализациялау үшін ашық платформалар мен деректер базасын жасау.

Иммерсивті заң сөздігі құқықтық лексикографиядағы жаңа бағыт ретінде тек дәстүрлі сөздіктерді толықтырмай, сонымен қатар студенттердің кәсіби ортаға тиімді енуіне, құқықтық ойлау қабілеті мен кәсіби коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл кәсіби лексиканы терең меңгеру процесін жеделдетіп, құқықтық білімді практикамен ұштастырады. Осылайша, иммерсивті сөздік құқықтық білім берудегі заманауи, тиімді құрал ретінде оқыту сапасын арттырып, студенттердің кәсіби дайындығын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның жоғары оқу орындарында осындай жобаларды іске асыру қазақ тілін кәсіби бағытта меңгеруге, құқықтық мәдениетті нығайту мен кәсіби құзыреттілікті арттыруға септігін тигізеді. Иммерсивті заң сөздігі құқықтық лексикографиядағы жаңа бағыт ретінде тек дәстүрлі сөздіктерді толықтырмай, сонымен қатар студенттердің кәсіби ортаға тиімді енуіне, құқықтық ойлау қабілеті мен кәсіби коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл кәсіби лексиканы терең меңгеру процесін жеделдетіп, құқықтық білімді практикамен ұштастырады. Осылайша, иммерсивті сөздік құқықтық білім берудегі заманауи, тиімді құрал ретінде оқыту сапасын арттырып, студенттердің кәсіби дайындығын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді.

## Әдебиеттер

1. Harvard Law Review. Virtual Reality in Legal Education / Harvard Law Review. – 1 vol. – Cambridge: Harvard University Press, 2021. DOI 10.4324/9781003450160-10
2. Tiersma P.M. Legal Language / P.M. Tiersma. – 1 vol. – Chicago: University of Chicago Press, 1999. URL: <https://books.google.kz/books?hl>
3. Sarcevic S. New Approach to Legal Translation / S. Sarcevic. – 1 vol. – Alphen aan den Rijn: Kluwer Law International, 2015.
4. Myrzayeva S., Sholan B. Аударма тілі және салалық заң терминдері мен тұрақты қолданылатын сөз тіркестерін жетілдіру жолдары / С. Myrzayeva, B. Sholan // Scientific and legal journal «Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan». – 2014. – Т. 4. – № 36. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/audarma-tili-zh-ne-salaly-za-terminderiment-ra-ty-oldanylatyn-s-z-tirkesterin-zhetildiru-zholdary>
5. IATE. InterActive Terminology for Europe: European Commission Database / IATE. – 2023. URL: <https://iate.europa.eu> (дата обращения: 17.10.2025).
6. Cowie A. P. The Oxford History of English Lexicography / A.P. Cowie. – 1 vol. – Oxford: Oxford University Press, 2009.
7. Lew R. Dynamic Lexicography in the Digital Era / R. Lew // International Journal of Lexicography. – 2020. DOI: 10.1093/ijl/ecu011
8. Bermejo B. et al. AR/VR teaching-learning experiences in higher education institutions (HEI): A systematic literature review // Informatics. – MDPI, 2023. – Т. 10. – №. 2. 45 б. [https://doi.org/10.3390/informatics10020045?urlappend=%3Futm\\_source%3Dresearchgate.net%26utm\\_medium%3Darticle](https://doi.org/10.3390/informatics10020045?urlappend=%3Futm_source%3Dresearchgate.net%26utm_medium%3Darticle)
9. Prensky M. Teaching Digital Natives: Partnering for Real Learning / – 1 vol. M. Prensky. – Thousand Oaks : Corwin Press, 2010. DOI:10.21913/IJEL.v6i2.707
10. Parmaxi A., Demetriou S. Augmented reality in language learning: A state-of-the-art review / A. Parmaxi, S. Demetriou // Journal of Computer Assisted Learning. – 2020. – Vol. 36. №6. – P. 861-875. DOI:10.1111/jcal.12486

## Д.Б. ЕСИМБЕКОВА

Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

### ИММЕРСИВНЫЙ СЛОВАРЬ – СОВРЕМЕННЫЙ ИНСТРУМЕНТ ОСВОЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ

**Аннотация.** В данной статье рассматривается понятие иммерсивного юридического словаря, его отличие от традиционных правовых словарей и роль в юридическом образовании. Эффективность использования иммерсивных технологий (VR, AR, мультимедиа) в освоении юридической терминологии анализируется с позиций когнитивной лингвистики и цифровой педагогики.

На основе международного опыта исследование выявляет когнитивные, педагогические и профессиональные преимущества иммерсивного словаря и обосновывает его потенциал в профессиональном освоении казахского языка.

Иммерсивный юридический словарь представляет собой инновационное направление в правовой лексикографии. В ходе исследования установлено, что статичный, справочный характер традиционных юридических словарей недостаточен для эффективного усвоения терминов. Цифровые технологии XXI века, включая виртуальную (VR) и дополненную реальность (AR), открывают возможности для совершенствования процесса юридического образования.

Эксперимент, проведённый в Жетысуском университете имени И. Жансугурова, показал высокую эффективность использования иммерсивных словарей в освоении студентами юридических терминов, повышении учебной мотивации и развитии профессиональных навыков.

Иммерсивные технологии позволяют воспринимать информацию через несколько каналов, обеспечивая когнитивные и педагогические преимущества. Структура экспериментального занятия была направлена на всестороннее обучение терминологии в контексте и включала терминологический обзор, иммерсивные задания, рефлексию и кейсы. Кроме того, иммерсивный словарь способствует визуализации и интерактивному представлению сложных правовых текстов, формированию юридического мышления.

Мировой опыт внедрения иммерсивных технологий в юридическое образование может служить примером для Казахстана и способствовать развитию профессионального владения казахским языком. Результаты исследования подтверждают переход юридической лексикографии на новый качественный этап в сфере юридического образования.

**Ключевые слова:** иммерсивный юридический словарь, правовая лексикография, юридические термины, иммерсивные технологии, CLIL, юридическое образование, правовая культура.

D.B. YESIMBEKOVA

I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan

## IMMERSIVE DICTIONARY – A MODERN TOOL FOR MASTERING PROFESSIONAL LEXICON

**Annotation.** This article examines the concept of an immersive legal dictionary, its distinction from traditional legal dictionaries, and its role in legal education. The effectiveness of using immersive technologies (VR, AR, multimedia) in mastering legal terminology is analyzed from the perspectives of cognitive linguistics and digital pedagogy.

Based on international experience, the study identifies the cognitive, pedagogical, and professional advantages of the immersive dictionary and substantiates its potential for developing professional proficiency in the Kazakh language.

The immersive legal dictionary represents an innovative direction in legal lexicography. The research established that the static, referential nature of traditional legal dictionaries is insufficient for effective terminology acquisition. The digital technologies of the 21st century, including virtual reality (VR) and augmented reality (AR), provide opportunities to enhance the process of legal education.

An experiment conducted at I. Zhansugurov Zhetysu University demonstrated the high effectiveness of immersive dictionaries in helping students master legal terminology, increase learning motivation, and develop professional skills.

Immersive technologies enable information to be perceived through multiple channels, providing cognitive and pedagogical benefits. The structure of the experimental class was aimed at comprehensive contextual learning of terminology and included a terminology review, immersive tasks, reflection, and case studies. Moreover, the immersive dictionary contributes to the visualization and interactive presentation of complex legal texts and the formation of legal thinking.

The global experience of integrating immersive technologies into legal education can serve as a model for Kazakhstan and promote the professional development of the Kazakh language. The research results confirm that immersive lexicography marks a transition to a new qualitative stage in legal education.

**Keywords:** immersive legal dictionary, legal lexicography, legal terminology, immersive technologies, CLIL, legal education, legal culture.

## References

1. Harvard Law Review. Virtual Reality in Legal Education / Harvard Law Review. – 1 vol. – Cambridge: Harvard University Press, 2021. DOI 10.4324/9781003450160-10
2. Tiersma P.M. Legal Language / P.M. Tiersma. – 1 vol. – Chicago: University of Chicago Press, 1999. URL: <https://books.google.kz/books?hl>

3. Sarcevic S. New Approach to Legal Translation / S. Sarcevic. – 1 vol. – Alphen aan den Rijn: Kluwer Law International, 2015.
4. Myrzayeva S., Sholan B. Audarma tili zhәне salalyq zan terminderi men turakty qoldanylátyn sóz tirkesterin zhetildiru zholdary / C. Myrzayeva, B. Sholan // Scientific and legal journal «Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan». – 2014. – Т. 4. – № 36. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/audarma-tili-zh-ne-salaly-za-terminderi-ment-ra-ty-oldanylatyn-s-z-tirkesterin-zhetildiru-zholdary>
5. IATE. InterActive Terminology for Europe: European Commission Database / IATE. – 2023. URL: <https://iate.europa.eu> (дата обращения: 17.10.2025).
6. Cowie A. P. The Oxford History of English Lexicography / A. P. Cowie. – 1 vol. – Oxford: Oxford University Press, 2009.
7. Lew R. Dynamic Lexicography in the Digital Era / R. Lew // International Journal of Lexicography. – 2020. DOI:10.1093/ijl/ecu011
8. Bermejo B. et al. AR/VR teaching-learning experiences in higher education institutions (HEI): A systematic literature review // Informatics. – MDPI, 2023. – Т. 10. – №2. 45 p. URL: [https://doi.org/10.3390/informatics10020045?urlappend=%3Futm\\_source%3Dresearchgate.net%26utm\\_medium%3Darticle](https://doi.org/10.3390/informatics10020045?urlappend=%3Futm_source%3Dresearchgate.net%26utm_medium%3Darticle)
9. Prensky M. Teaching Digital Natives: Partnering for Real Learning / M. Prensky. – 1 vol. – Thousand Oaks: Corwin Press, 2010. DOI:10.21913/IJEL.v6i2.707
10. Parmaxi A., Demetriou S. Augmented reality in language learning: A state-of-the-art review / A. Parmaxi, S. Demetriou // Journal of Computer Assisted Learning. – 2020. – Vol. 36. № 6. – P. 861-875. DOI:10.1111/jcal.12486

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Есимбекова Динара Болатқызы** – І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты, Талдықорған, Қазақстан.

**Есимбекова Динара Болатовна** – докторант Жетісуского университета имени І.Жансугурова, Талдықорған, Казахстан.

**Yesimbekova Dinara Bolatkyzy** – doctoral student of Zhetysu university named after I.Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan.



Г.А. КАНАШАЕВА<sup>1</sup> К.Б. АШИРКУЛОВ<sup>2</sup> \*Қ.М. ӘШІРХАНОВА<sup>3</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан<sup>1, 2</sup>Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан<sup>3</sup>(e-mail: [jazikana@mail.ru](mailto:jazikana@mail.ru)<sup>1</sup>, [kanat.ashirkulov@gmail.com](mailto:kanat.ashirkulov@gmail.com)<sup>2</sup>, [ashirkhanovak@gmail.com](mailto:ashirkhanovak@gmail.com)<sup>3</sup>)**ҰЛТТЫҚ КОД: «ҚҰТАДҒУ БІЛІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ЖОМАРТ / АҚІ  
КОНЦЕПТІ**

**Аңдатпа.** Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білігі» атты еңбегі ХІ ғасырдағы түркілердің когнитивтік санасындағы адам болмысын айшықтайтын тілдік фактілер жағынан да өте құнды еңбек. Жазба жәдігер тілінің генетикалық қабаты 85 пайыз түркі сөздерінен тұрады, рухани құндылықтар жүйесіне енетін абстракт ұғымдар таза түркілік атаулармен берілген. Бұл абстракт ұғымдар – түркі дүниетанымындағы адам болмысын айқындауға жол ашатын рухани концептілер болып табылады. Мақалада «Құтадғу білігітегі» кемелденген адамның маңызды қасиеттерінің бірі болып табылатын ақі / жомарт лексемасына жан-жақты лексика-семантикалық талдау жасалды. Қарахан дәуірінде өмір сүрген ғұламалар түркілердің мәдениетіне ислам діні арқылы енген абстракт ұғым атауларды қолдануда түркі тілінің бай сөздік қорын қолданғандығы нақты деректермен дәйектелді. ақі лексемасы көне түркілік түбір болып табылатын ақ етістігінен жасалған туынды есім. Мақалада түрік ғалымы профессор Решит Рахмети Араттың үш нұсқаның басын біріктіріп жасаған транскрипциясы қазақ тіліндегі аудармалармен салыстыра отырып зерделенді.

**Түйін сөздер:** жәдігер, кемел адам, жомарттық, ұлттық код.

**Кіріспе.** Қазақ тіл білімінде «Құтадғу білігі» тілі құрылымдық жағынан бірнеше еңбектерде зерделенді. Бұл көне түркі тілінде жазылған, түркі тектес халықтардың ортақ қазынасы болып саналады. «Құтадғу білігі» шығармасы рухани концепті категориясында талдауға лайық құндылықтар өте көп болғанына қарамастан қазақ тіл білімінде антропоэзектік бағытта жасалған зерттеулер өте аз. Зерттеу нысаны болып отырған «Құтадғу білігі» жазба ескерткіші ғылымда отандық зерттеушілер тарапынан болсын, әлемдік зерттеушілер тарапынан болсын әлі күнге дейін түрлі қырынан зерттеліп келе жатыр. Зерттеуде жазба ескерткіш тіліндегі жомарт концептісін айқындайтын тілдік бірліктер талданады.

Концепт – адам жадында тәжірибе арқылы өңделе отырып сақталған өмір туралы менталды білім. Ол әр халықтың дүниетанымында тұрмыс салты, мәдениеті, діні арқылы өзіндік ұлттық ерекшеліктермен қалыптасады. Бір ұлттың өмір туралы ақпараттық базасына концепті арқылы қол жеткізе аламыз.

Ғалым Айбарша Ислам концептіні талдау әдістерін былай атап көрсетеді: сөздіктегі анықтамасы; концептің мағынасы мен оның түрлі философиялық және діни жүйелердегі орны; концептің адамның күнделікті санасындағы түсінігі; концептің фразеологизмдердің түзілуіне немесе қолданылуына әсері; белгілі бір концептіге байланысты сюжеттің немесе образдардың пайда болуы [1, 58].

Біздің мақсатымыз «Құтадғу біліг» тіліндегі жомарт концептісін зерттеу, оның мазмұнын анықтауда қолданылатын тәсілдер мен тілдік бірліктердің мәнін анықтау. «Құтадғу біліг» еңбегінде түркі халықтарының тарихи мәдени, рухани әлеуметтік әлемін танытатын фразеологиялық тіркестер өте көп қолданылған. Олар ұлттың болмыс бітімін дүниеге көзқарасын, рухани-мәдени құндылықтарын, әлеуметтік мәнін, ой тәжірибесін, даналығын, дүниетанымдық көзқарастарын, салт-дәстүрін ұлттық таным қорында жинақтаған тілдік таңбалар [2, 114].

Ұлттың дүниетанымдық көзқарастары мен ұлттық идеясын дамытуда рухани құндылықтар маңызды орын алады. Бір халықтың рухани бағыты, өмірлік ұстанымы, дүниетанымы осы рухани құндылықтар негізінде қалыптасып дамып отырады. Қазіргі таңда адам өмірі мен адамның өзін-өзі жүзеге асыруы өте жоғары бағаланады. Қоғамдағы дамыған, толық немесе кемел адамның бейнесі қандай болу керектігі философтар, психологтар, әлеуметтанушылармен қатар лингвисттерді де толғандыратын тақырып.

Қазіргі антрапoeзекті тіл білімі саласының жаңа бағыттары болып табылатын когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика және психолінгвистика ғылымында рухани концептілер күрделі категория ретінде зерттеу нысанына айналып отыр. Осындай категориялардың концепт құраушылық сипатын, оның мағыналық ақпараттық өрісін, қазақ дүниетанымындағы күрделі ұғымдардың мәнін ашу тіл білімінде өте маңызды деп ойлаймыз.

Жоғарыда да атап өткендей, қазіргі таңда қоғамда адамның өзін-өзі жүзеге асыруы маңызды үдерістердің бірі болып отыр. Негізі бұл рухани құбылыс адамзат тарихында ежелден бар құбылыс. Қоғамдағы адамның орны мен адамның даму сатылары қазақ ғылымында толық адам концепциясы негізінде көрініс табады.

Б.з.д. 7 ғасыр басында айтылған ақи сөзі, термин мағынасына айналып, ізгілік, қайырымдылық деген «ақи» іліміне айналады. Ақи сөзі көне түрік тілінде «zomart», яғни, бізше, жомарт, мәрт ұғымын береді. Белгілі ғалым, абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы «толық адам» ілімі «б.з.д 620 жылдан бастау алып бүгінге дейін үзіліссіз дамып келе жатқанын және бұл кісілік ой танымдардың негізі Азия құрлығында, оның ішінде түркі топырағында қаланғандығын» алға тартады. Ол «толық адам» ілімінің ізгілік идеясына сүйенетінін және қазақ әдебиеті тарихында бір дәстүрлі желі арқылы көрініс табатынын алға тартады.

М.Мырзахметов «толық адам» концепциясының негізін құрайтын «жәуанмәрттік ілімі» Ж. Баласағұнның «Құтадғу біліг» шығармасының негізгі желісі екендігін және бұл ұғым шығармада «ақи» және «ерсит тоңа» сөздерімен берілгендігін атап көрсетеді.

Қазақ жерінде, арғы жағы Туран өлкесінде б.з.д. 7 ғасыр басында пайда болған «Ақи» / жомарттық ілімінің бастау көзі Фирдаусидің «Шахнама» дастанында Афрасиаб пен Иран патшасы Кейқысыраудың ортасындағы пікір таластан да байқауға болады.

Л.З.Будаговтың сөздігінде (1869 ) «жәуанмәрттік» (Жувонмарт) сөзі парсы тіліндегі «юнний, щедрый» деген мағынаны білдіреді.

«Бұл сөздің терең мән-мағынасы «жәуанмәрттік» ілімінің тұңғыш рухани көрінісі екені де байқалады. «Құтты білік» дастанында шартты түрде алынып жырланған 4 кейіпкер Әділет, Ақыл, Дәулет, Қанағат «жәуанмәрттік» ілімінің 4 негізгі тірегі ретінде баяндалуында терең пәлсапалық деңгейдегі ізгілік ұғымының желісі жатыр» [3, 105] дей отырып ғалым осы бір рухани құбылысты толық танып, біліп, насихаттауды өзекті, ең басты міндет деп атап көрсетеді. Бұл жерде осы «толық адам» концепциясының негізі ақилық яғни, жомарттық ұғымы екендігін түсінуге болады.

Йүсүп Хас Хажип тарапынан 1069 жылында жазылған бұл еңбек мәснәуи (екі жолды өлең) түрінде әдеби тілмен жазылған. Шығарма 6645 бәйіттен (екі жолды шумақтан) тұрады. Түркі тілінде жазылған бірегей шығарма. Автор Құтадғу білігті Баласағұнда жаза бастаған, кейін 1068 жылы Шығыс Қараханлы мемлекетінің астанасы Қашқарға көшіп кетеді. 1069 жылы шығармасын бітіріп, Қараханлы билеушісі Тавғаш Бұғра Ханға сыйға тартады. Бұғра Хан шығармаға ерекше риза болып авторға «Хас Хажип» деген құрметті

атақ береді. «Құтадғу білігі» ислам дінін ресми дін ретінде алғаш қабылдаған Қараханлы мемлекетінде жазылды. Қараханлы мемлекеті IX ғасырда құрылып сыртқы және ішкі таластардың әсерінен, XIII ғасырдың басында 1212 жылы құлады. ҚБ, мемлекеттің кіші хандықтармен билік таласынан әлсіреген кезінде 1069-1070 жылдары жазылды. Осы қоғамда болып жатқан әлеуметтік жағдай дастанның негізгі тақырыбы болған. Сол кездегі әлеуметтік-саяси жағдайға байланысты дастанда мінсіз қоғам, мінсіз мемлекет, мінсіз адам типінің сипаттамасы беріледі. Дастанда сол дәуірдегі қоғамның келбеті емес, осындай болса деген жетік мемлекет жүйесі мен саналы адамдар тұратын мінсіз қоғам бейнесі екендігін түсіну қиынға соқпайды. Өйткені, өзі өмір сүрген дәуірде билік пен билеушілердің бойындағы жаман қасиеттерді тілге тиек етеді. Дастанда бір-бірімен тығыз байланысты қоғам мен мемлекетті көркейту үшін керекті білім, сана мен қасиеттерді қалай дамытуға және мұны өмірде қалай пайдалануға болатыны жөнінде жырланды [4, 25]. Бұл түркілер дүниетанымына жаңадан еніп келе жатқан ислам дінінің қағидалары арқылы беріледі және де адамдардың санасына екі дүние бақытын сыйлайтын білім кеңінен насихатталады. Әлемдік түркітануда XX ғасырдың басында кітаптың атауының аудармасына қатысты ғылыми пікірталас болды. Кітаптың атауы сөздік мағынасы тұрғысынан екі түрлі аударылды. Бірінші мағынасы «бақыт сыйлайтын білім» болса екінші мағынасы «басқару білімі». Түрік ғалымы Али Фехми Караманоглы «Құтадғу білігінің» тілі мен атауына байланысты» деп аталатын мақаласында осы сөз тіркесіне морфологиялық талдау жасайды. «Бұл сөз тіркесі «Құтадғу» және «билигі» деген екі сөзден құралған. Бұл жердегі билигі сөзі білу етістігінің біл түбірі мен етістіктен зат есім жасайтын -г жұрнағы арқылы жасалған сөз, білім мағынасын береді. Ал құтадғу сөзі болса құт есіміне –ад есімнен етістік жасаушы жұрнақ және «қылған» «қылушы» мағынасын беретін, қазіргі түркі тілдерінде түрлі қызметтерде қолданылып жүрген –ғу етістен сипат жасаушы жұрнақ арқылы жасалған. Бұрын бұл атау «бақыт беретін білім» деп аударылып жүрді» дейді [5, 128].

«Құтадғу білігінің» атауы «бақыт туралы білім» деп аударылады, алайда «құт» сөзінің көне түркі тіліндегі мағынасын ескерген кейбір ғалымдар бұл аударманың дұрыс емес екендігін алға тартады. Құтадғу білігі жан-жақты зерттеген және ағылшын тіліне аударған американдық Роберт Данкоф дастан атауын «Wisdom of Royal Glory» «Хандық билік даналығы» деп аударып, саясатнама жанрына жатқызады. Ағылшын әдебиет тарихында саясатнама «Ханзадалар айнасы» жанры деп аталады. Р. Данкоф өз аудармасының кіріспе бөліміндегі ғылыми зерттеуінде «Батыста Жақын және Қиыр шығыста ел басқарушыларға айтылатын үгіттердің ортақ жақтары бар; Сарайдың ішкі құрылымы, басқа сарайлармен қарым-қатынасы, елшілермен қарым-қатынас жасау, әділетті болу, әрі ақылды, әрі сенімді кеңесшіге мұқтаждық, әскерлерді басқару, қоғамдағы түрлі таптың өкілдерімен қатынас, жомарттық, шешендік, ізгілік иесі болу, жар таңдау мен отбасын құру..... бұл жанрдың басқа ортақ жағы билік идеологиясының дәріптелуі. Бұлардың бәрі дінге негізделеді» деп саясатнаманың ерекшелігін атап өтеді [6, 4]. Түрік ғалымы профессор Исмаил Таш өзінің «Құтадғу білікте «ізгілік» мәселесі» атты мақаласында «құт ұғымы саяси немесе моральдық контекстте жеке және қоғамдық бақытпен байланысты. Жеке құт жеке адамға қатысты бақытты білдірсе, қоғамдық құт мемлекетке қатысты кең әлеуметтік деңгейдегі бақытты білдіреді. Саяси және моральдық тұрғыдан алып қарағанда бұл екеуі де ең жоғары деңгейдегі ізгілік болып табылады. Сондықтан да «Құтадғу білігі» бақытқа жету туралы білім деп атауға әбден болады» [7, 255], - дейді. Біз де осы пікірге қосыламыз.

Дастанның негізгі нысаны – адам мен адам өмірі. Өйткені адам мемлекетті құрайтын қоғамның маңызды бөлшегі. Адам өзін жетілдіре отырып, білім алып сол білімін халыққа үйретіп, көзін ашып, елге және мемлекетке қызмет етуі тиіс. Белгілі ғалым А. Егубаев «Жүсіп Баласағұн. Құтты білік» атты еңбегінің кіріспе бөлімінде берілген «Түркі әлемінің ұлы мұрасы» атты ғылыми мақаласында: «Құтты білік» бір сөзбен айтқанда, адамшылық мектебі. Бұл мектепте адам баласының басындағы ақыл-сезімнен ажалға дейінгі жақсылық-жаманды жай-жағдаяттардың сан-қатпар қалтарыстары өлең өрнегіне түскен» [8, 33] деген

тұжырымы да осыған дәлел. Түрік ғалымы профессор Хулия Касапоғлы Ченгел «Құтадғу біліг» еңбегі адами құндылықтарға негізделгенін, түркі дүниетанымында «толық адам» ұғымын қалыптастырғандығын атап өтеді [9, 189]. Шығармада толық адам «едгү кіші» деп аталады да осы дәрежеге жету үшін адам баласына керекті қасиеттердің барлығына жеке-жеке тоқталады. Сондай қасиеттердің бірі де жоғарыда ғалым Мекемтас Мырзахметұлы айтып өткен «ақылық» яғни «жомарттық» ұғымы.

Шығармадағы негізгі идея адам баласының ең жоғарғы деңгейдегі бақытқа қол жеткізуі болса сол оған лайықты адамзат баласы - «едгү кіші», яғни толық адам. Ислам философиясында бақытқа жету үшін Алланың разылығын алу керек, ал Алланың разылығы адамдарды разы ету арқылы алынады, 3249, 3251 бәйіттерде адамға пайдалы болудың маңызды екендігі, өйткені Алла адамдардың қызметіне мұқтаж емес екендігі айтылған. Адам баласына қызмет ету оларға материалдық және моральдық көмекті тегін, ешқандай бір пайда көздемей көрсете білу. Дәулетті болсаң азға қанағат етіп, қолыңдағы дүниемен басқалармен бөлісу, білімді болсаң біліміңді басқаларға үйрету нағыз жақсы адамның жомарттық қасиеті.

Мақаламызда «Құтадғу біліг» шығармасындағы жомарттық концептісінің мән-мағынасын ашып, XI ғасырдағы түркі дүниетанымындағы маңызын анықтау мақсат етілді.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** «Құтадғу білігтің» бүгінгі күнге жеткен үш қолжазба нұсқасы бар. Ең алғаш Герат қаласында ұйғыр графикасымен көшіріліп жазылған нұсқа «Вена нұсқасы» (1439) деп аталады. Екінші нұсқа 1896 жылы Каирдегі бұрынғы Хидив, қазіргі Король кітапханасынан табылды. Каир қолжазбасы араб графикасымен өте ұқыпты, харекелерімен жазылған және ол осы қолжазба «Мысыр нұсқасы» / «Каир нұсқасы» деп аталады. Үшінші қолжазба араб графикасымен көшірілген, 1913 жылы Наманғаннан табылды. Ғылымда алғашқы табылған екі нұсқасына қарағанда ең толық нұсқа болып саналады. Түрік ғалымы профессор Решит Рахмети Арат жылы аталмыш үш нұсқаның басын біріктіріп, ғылыми транскрипциясын жасап, 1947 жылы басып шығарды [4, 25]. Мақаламызда аты аталған ғылыми транскрипция мәтіні қолданылды.

Концепт құрылымын және оның вербалды репрезентациясын зерттегенде лингвистикалық зерттеудің бірнеше әдістері қолданылды. Зерттеу барысында ақы концептісінің сипатын анықтайтын тілдік бірліктер анықталды, олардың мағыналары түсіндірілді. Сонымен қатар ақы сөзіне этимологиялық талдау жасалды.

**Талқылау мен бақылау.** Бұған дейінгі зерттеулерде «Құтадғу біліг» тілі құрылымдық жағынан бірнеше еңбектерде зерделенді. «Құтадғу біліг» шығармасы рухани концепті категориясында талдауға лайық құндылықтар өте көп болғанына қарамастан қазақ тіл білімінде антропоэлектік бағытта жасалған зерттеулер өте аз. Негізі тарихи мәтіндерде кодталған тілдік бірліктерді арнайы тілдік байланыстар арқылы ашу орта ғасырлардағы түркі халықтарының бейнесін, сол дәуірдің ұлы өркениетінің тілдегі көрінісі анықтауға мүмкіндік береді [10, 31]. Алайда «Құтадғу біліг» құрылымдық лингвистика тұрғысынан қарастырылады. Сонымен қатар «Құтадғу біліг» дастанын антропоэлектік бағытта қарастырған бірнеше мақалаларды атап өте аламыз. З.Даулетиярова «Ж.Баласағұнның «Құтадғу біліг» шығармасы тіліндегі троп түрлерінің қолданысы» атты мақаласында шығармада көрініс тапқан автордың көркем ойлау жүйесі тілдік бірліктер арқылы сараланады. Құтадғу біліг» шығармасы тіліндегі метафора, эпитет, метонимия, теңеулердің қолданысы және олардың семантикалық сипаты ашылады. Қазақ тілінің сөздік қоры Ж. Баласағұнның «Құтадғу біліг» шығармасы деректерімен сабақтастырыла қарастырылады. Осы мақалада да А.Егеубаев аудармасы негізгі нысан ретінде қолданылған. Арасында «Древнетюркский словарь» сөздігінен мысалдар келтіріледі М.Атымтаева, С.Мержанов «Құтты біліктегі» тұрақты тіркестердің қолданылуы мен семантикалық ерекшеліктері» атты мақалада ескерткіштің А.Егеубаев жасаған аудармасын негізге ала отырып дастандағы тұрақты тіркестердің семантикалық ерекшеліктерін айқындауға тырысады. «Құтадғу біліг» ескерткішін таным тұрғысынан зерделеген «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасы тіліндегі «Құт» концептісі» атты мақалада А.Тұрдалиева «құт» лексемасының



ескерткіш тілінде қандай мәнде қолданылып, тілдік қолданыста қандай функция атқарып тұрғандығын талдайды.

«Құт» концептісінің ассоциативтік өрісін табыс/сәттілік, дәулет/байлық, сұрып/түр, шынайы бақыт, дәреже/билік, ақыл/білім, бақыт лексемаларымен анықтайды. Құт лексемасы астарындағы діни-мифологиялық қабатты ашуға тырысқан. Мақаладағы тілдік материалдар көне түркі сөздігінен алынған. Г.Убайдуллаева «Ж.Баласағұни «Құтты Білік» ескерткіштеріндегі рухани мәдениет лексикасы» атты мақаласында төру, көк, бөрі лексемаларына этнолингвистикалық талдау жасайды.

Қазақ халқының ғаламдық бейнесінде «жомарттық» құндылықтар жүйесінде маңызды орынға ие және ұлттық мінездің маңызды бір сипаты болып табылады. «Жомарттық» бұл қолдағы материалдық дүниемен бөлісу ғана емес сыйластық, қамқорлық және әлеуметтік жауапкершілік сынды рухани ізгілікпен тығыз байланысты дүние. «Жомарттық» қоғамда адамдар арасындағы қарым қатынасты және бірлікті сақтауға көмектескен. Қазақ мәдениетінде жомарттық тұлғаның рухани байлығын сипаттайтын моральдық-этикалық құндылық ретінде қарастырылады. Бұл қасиет индивидтің қоғамға деген құрметін, әлеуметтік жауапкершілігін және шектеулі ресурстар жағдайында да бөлісуге даярлығын көрсететін маңызды әлеуметтік мінез-құлық үлгісі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, жомарттық – ұжымшылықты, өзара қолдауды және гуманистік құндылықтарды нығайтатын ұлттық бірегейліктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылады. Сонымен қатар, жомарттық ұғымы тек материалдық ресурстармен шектелмейді. Ол моральдық және эмоциялық өлшемдерді де қамтитын көпқырлы феномен ретінде көрініс табады. Жомарт тұлға кең пейілділігімен, әлеуметтік сезімталдығымен және өз мүддесінен бас тарта алу қабілетімен ерекшеленеді. Мұндай сипаттар жоғары деңгейдегі адамгершілік пен ізгілікке ұмтылыстың көрінісі ретінде бағаланады, әрі бұл қасиет әлеуметтік қатынастарда өзара құрмет пен сенімнің негізін құрайды [11, 240].

Лексикографиялық анықтамаларға келер болсақ, «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «жомарт» сөзіне «1. Қолы ашық, береген, мырза; 2. Бай, кең» деген анықтама берілген [12, 480]. «Жомарттық» сөзінің берегендік, мырзалық, мәрттік, шүлендік, сақилық, шығымдылық деген синонимдік қатарлармен де аталатынын көреміз [13, 640].

Жүргізілген лексикографиялық талдау нәтижесінде сөздіктерде «жомарттық» концептісінің келесі мағыналары берілетіні анықталды: 1. Адамдарға қамқорлық жасау және өзгелерге ықыласпен көмектесу; 2. Әділетті болу; 3. Сараңдықтың болмауы; 4. Дәулетті болу және қолында билігі болу.

«Құтадғу білікте» жомарттық ақыл лексемасымен жомарт ақи лексемасымен беріледі. «Диуани лұғат-ит түрк» сөздігінде «ақи: қолы ашық». Ағылшын шығыстанушысы Джерард Клаусон сөздігінде ақи сөзіне generous, openhanded «жомарт, қолы ашық» деп анықтама берілген [14, 78]. Ғалымдар ақи сөзін орта ғасыр жазба ескерткіштерінде кездесетін араб тілінен енген кірме сөз «ахи» (бауыр) сөзімен шатастырып жатады. Бұл жайында түрік ғалымы академик Бесим Аталай сөздің таза түркі сөзі екендігін, бұл сөздің араб тілінен енген «ахи» сөзіне қатысы жоқ екенін, араб тілінен енген деген пікірлердің жаңылыс екендігін айтады [15, 90].

Дж.Клаусон да осы пікірді қолдайды [14, 78]. Профессор Берікбол Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты еңбегінде ақ түбірін жан-жақты талдай келе, семантикалық өрісінің аса кең екендігін тарихи жазба ескерткіштері материалдарына сүйене отырып айғақтайды. Ақ түбірінің етістік ретінде туынды, ауыспалы мағыналары жан-жақты дамыған: 1. Судың өз арнасымен төмен қарай жылжуы; 2. Адамның не басқа бір заттың судың ықпалымен кетуі; 3. Су, жас, тер, қан, сілекей сияқты сұйық заттардың сорғалауы; 4. Сөл, нәр, ет сияқты нәрселердің бірте-бірте таусылуы, құруы; 5. Ауыс. тез жылдам жүру, зулау, жылдамдығына көз ілеспеу; 6. Ауыс. Молшылықтың асып-төгіліп жатуы.

Біз де ақи сөзінің түбірі ақ – етістігі деген пікірге қосыламыз. Ақ – көне түркі тілінде фонетикалық қанасы аса сыйымды, лексикалық мағыналары әр тарапты омоним түбір. Осы етістіктің «молшылықтың асып-төгіліп жатуы» деген ауыспалы мағынасы назар аудартады.



Тарихи жазба ескерткіштер тіліне қарайтын болсақ, ақи сөзі алғаш рет көне ұйғыр мәтіндерінде кездеседі [16, 9]. Ұйғыр мәтіндерінде ағы (байлық, дәулет), ағылық (қазына, қойма) [16, 6] деген сөздер бар.

Дыбыстық қ – ғ сәйкестіктері түркі тілдерінде кең жайылған құбылыс екендігін ескерсек, бұл сөздерді көп мағыналы сөз ретінде қарастыруға болады. Бұл сөздің мағынасы қазақ тіліндегі «жомарт» сөзінің «бай» деген мағынасына сәйкес келеді екен. Қазақ тіліндегі «мол, көп» деген мағынаны беретін ағыл-тегіл деген қос сөздің бірінші компоненті «ағыл» сөзінің түбірі де ағу етістігі болып табылады. Сонымен қатар «жоқшылық, түгі жоқ, жетіспейді» деген мағынадағы қурап отыр деген сөз тіркесінің бірінші компоненті «қурау» етістігінің ағу етістігінің антонимі ақпау етістігімен байланысы бар, яғни судың ақпауынан пайда болатын құбылыс.

Жоғарыдағы жасалған талдау және келтірілген деректер ақи ақ – етістігіне етістіктен есім тудыратын –ы жұрнағы жалғануы арқылы жасалған туынды есім екендігін дәлелдейді. Жүсіп Баласағұн өз шығармасында араб мәдениетінен енген абстракт ұғымдарды саналы түрде түркі сөздерімен атайды. «Құтадғу білігте» түркі тілінде діни ұғымдар түркі тілінің сөздік қорында бұрыннан бар сөздердің мағынасымен өзара қарым-қатынасқа түсіп синонимдік байланыста жұмсалса, кейбір ұғымдар түркілік атаулармен аталып, сөздер жаңа мағынаға ие болып, діни терминдер жасалған. ақи ақылқ та жаңа мағынаға ие боған төл түркі сөзі.

**«Құтадғу біліг» тіліндегі ақи лексемасының қолданылуы.** «Құтадғу біліг» жазба ескерткіші тілінде ақи лексемасы жомарт түрінде 64 рет, ақылқ – жомарттық мағынасында 15 рет кездеседі. Осы тұста айта кететін бір жағдай, ақи лексемасы дастанда Пайғамбар (с.а.а), оның сахабасы Осман, Қарахан билеушісі Бұғра Хан және басқа да ел билейтін бектер мен әскербасылардың мінез-құлқын сипаттаған бөлімдерде жиі қолданыс табады.

«Құтадғу біліг» жазба ескерткішінің «Beglikke seza bolğu teg beg negü teg kerekün ayur (Бектікке лайық бек қандай болуы керектігі айтылады)» атты 28-бабында ел билейтін бектерде болуы керек ең басты қасиеттердің бірі ретінде жомарттықты атап көрсетеді.

«Ел билейтін бек 1. Білімді, 2. ақылды, 3. халықтың таңдаулысы, 4. жомарт, 5. қанағатшыл, 6. ішкі жан дүниесі бай болуы керек» деп нақтылайды.

Сондай-ақ әлемге әйгілі бек болғысы келетін жан мына 4 істі орындауы тиіс:

Кесте 1

|                     |                     |
|---------------------|---------------------|
| til köni bolsa      | шыншыл бол          |
| törü qıl ilke qutun | елге әділ заң орнат |
| bol aqı             | жомарт бол          |
| bol alp             | ержүрек батыр бол   |

Жазба жәдігерде жомарт болуы тиіс адамның бірі – әскербасылар. «Ögdülmiş iligke sü başlar er negü teg kerekün ayur (Өгдүлміш Елігке әскербасының қандай болуы керектігін айтады)» деп аталатын 30-бабында әскер басының төрт ерекше қасиеті болуы керектігі айтылады:

1. sözi çin (шыншыл); 2. aқılқ (жомарттық); 3. yüreklik (ержүрек); 4. alçı hile bilir (тапқыр) [4]. Әскер басының әсіресе жомарт болуына ерекше тоқталып өтеді.

**Нәтижелер.** Жазба ескерткіш тілінің лексикалық қабаттарында ақи сөзінің қатысуымен жасалған сөздерге талдау жасау арқылы дастандағы ақи концептінің ішкі мәнін анықтап көрелік. ақи сөзі қатысуымен жасалған сөз тіркестері есім мәнді және етістік мәнді деп бөліп қарастыруға болады.

**1. ҚБ шығармасында сын есім және зат есімнің қатысуымен жасалған тіркестер:** ақи tuz etmek idisi / тұз–нан иесі: 1191, 2274, 2318, 2319, 2320, 2321, 2532, 4279, 4537, 6096; ақи bağırsak/жомарт мейірімді: 43, 1243, 2073, 2170, 2274, 2589, 3933, 6103; ақи elgi king/қолы ашық: 43, 55, 3660, 4536, 6488, 6103; ақи elgi aқи / қолы жомарт: 1703 1708 2073 5358 5581 3034; ақи közi toқ kişi / көзі тоқ кісі: 1191, 1964, 2170, 5358; ақи kişi öggüsi / мадаққа лайық кісі: 1731, 3040; ақи

elgi yürekli teđük /жомарт қолы жүрегі таза: 58, 2284; кішіге tusulgu/адамға пайдалы: 5099, 3407; ақи кішіде ағи / жомарт кісі ішінде қымбаттысы: 1028; ақи köngli tolu / көңілі бай: 1964; ақи атı tirig / жомарттың аты тірі: 257;

ақи концептінің өрісі аясында есім сөздер арасында қолданылу жиілігі жағынан жоғары тұратын үш сөз назар аудартады: tuz etmek 10 рет Бағисақ 8 рет, elgi king 6 рет, ақи elgi ақи 6 рет, ақи közi toқ кіші 4 рет сөздері. Одан кейін ақи кіші öggüsi / мадаққа лайық кісі рет, ақи elgi yürekli teđük / жомарт қолы жүрегі таза және кішіге tusulgu/адам баласына пайдасын тигізетін 2 рет, ақи кішіде ағи / жомарт кісі ішінде қымбаттысы, ақи köngli tolu / көңілі бай, ақи атı tirig / жомарттың аты тірі тілдік бірліктері 1 ақи лексемасымен бірге қолданылғанын көреміз.

**2. Ақилік және ақи сөзімен тіркесе** үйтүр–іңүр / жегізу ішкізу: **келетін етістік мәнді сөздер:** üle–үлестіру, бөлісу: 2276, 2322, 2765, 3666, 3932, 6106; үйтүр–іңүр / жегізу ішкізу: 2320, 4219, 5359, 2053, 5359; ғаққи өте / ақысын өтеу: 2321, 5578, 6105; yulug қыл/пида ету: 3932 6105 6106, bir/ беру: 2532, 6103, ақит / ағызу 6107; бағисла / 2053.

Дастанда ақи лексемасы üle/үлестіру, бөлісу етістігімен 6 рет, үйтүр–іңүр / жегізу ішкізу 5 рет, ғаққи өте / ақысын өтеу және yulug қыл / пида ету 3 рет, bir/ беру 2, ағызу және бағисла етістігімен 1 рет тіркесе қолданылады.

Жоғарыда келтірілген мысалдарда көріп отырғанымыздай есім мәнді сөз тіркестері ішінен ақи elgi king/қолы кең қолы мол, elgi ақи / қолы жомарт сөз тіркестерінің қолдану жиілігі өте жоғары. Екеуі де қазақ тіліндегі «қолы ашық» тұрақты тіркесімен бірдей мағынаға келеді. 12 рет қолданылады. Етістік мәнді тіркестерде üle/үлестіру, бөлісу етістігімен ең көп тіркеседі екен. Үлестірілетін дүниелер: altun күмүс, ас, ісгү, neng, mal, tavar / алтын күміс, ас–су, мал–мүлік. Автор шығармада жомарттың осы сипатына баса назар аудартады келеді. Оның танымында жомарт адам қолындағы барымен басқалармен бөлісе алатын адам, қолы ашық адам.

Екінші жиілікте қолданылған сөз тіркесі ақи tuz etmek ідісі / тұз–нан (байлық) иесі. Осы жерде tuz etmek тіркесіне тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «нан–тұз, тұз–нан» деген сөз тіркестері кездеспейді, «тұз–дәм» сөз тіркесі бар. «Тұз–дәм» сөз тіркесіне «ас–су, несібе» – деген анықтама беріледі [12, 411]. Түркия ғалымы Шемсесттин Самидің «Камус-и Түрки» сөздігінде «Тұз нан; нығмет, ихсан; тұз нан ақысы; алғыс, ризашылық» [17, 898] деген анықтама беріледі. Жоғарыда сөздіктердегі анықтамалардан «тұз нан» сөз тіркесінің «несібе, нығмет» деген мағынаға келетінін көреміз. Ал іді сөзі «ие» деген мағынаны береді [17, 41] tuz etmek ідісі сөз тіркесін «несібе нығмет иесі, яғни байлық дәулет иесі» деп аударған дұрыс. Сонда жомарт адам ең бірінші бай, дәулетті болуы керек. ақи evi altun күмүс қарғи (жомарттың үйі алтын мен күмістің есігі) деген бәйіттен де мұны аңғарамыз. Автор жомарттың осы сипатына баса назар аударғысы келеді. Сонымен қатар, кейбір бәйіттерде мемлекеттің қазынасына жауапты адамның аса жомарт болмауы керектігін баса айтады. Өйткені, жомарттық – тек өз малыңмен жасалатын әрекет. Шығармада 15 мемлекет қызметкері және 13 кәсіп иелері сипатталады. Солардың ішінде жомарттық қасиет тек ел билейтін бектер мен әскербасылардан талап етіледі. Жомарт ең бірінші дәулетті, бай кісі, қолында билігі бар кісі болу керек.

Шығармада tuz etmek сөз тіркесімен бірге үйтүр–іңүр / жегізу ішкізу етістігі де жиі қолданылады. Бұл да tuz etmek тіркесінің «ас су» деген мағынасының аясында көрініс табады. Жомарт кісінің біріншіден қонақжайлылығын білдірсе, екіншіден жетім, жесір, кедейлерді тойдыру сияқты миссиясын да ортаға қояды.

Үшінші кезектегі жиі қолданылатын тіркес ақи бағисақ/жомарт мейірімді. Тек жүрегінде мейірімі бар адам ғана басқаларды ойлай алады, қолындағы барымен басқалармен бөлісе алады.

Төртінші ақи közi toқ кіші / жомарт көзі тоқ адам тіркесі келеді. Қазақ тіліндегі «көзі тою» «қанағат ету» ету деген мағынаға келеді. Жомарт адам қанағатшыл адам.

Жазба ескерткіште ақи лексемасымен жиі қолданылған етістіктің бірі – ғаққи bil (кісі ақысын білу), ғаққи өте– (кісі ақысын өтеу). Жомарттықтың басқа бір белгісі ешкімнің ақысын жемеу. Дастанда қызмет етуге лайық жан осы жомарт екендігін tarugсi ғаққи

bilir (қызметшінің хақын біледі, ақысын жемейді) деген сөз тіркесі қолданылған. Жомарт жан – басқаның ақысын өтеу үшін жанын да беруге дайын. *yulug kıl / пида ету* етістігі ақи лексемасымен 3 тіркесіп келеді. Жомарт малын да, жанын да халық үшін пида ете алатын адам. Жомарт адам ол елге өзінің пайдасын тигізетін, еліне малымен, жанымен қызмет ететін адам.

**Қорытынды.** Сонымен, зерттеуге байланысты ақи лексемасына қатысты мынадай нәтижелерге қол жеткізілді. VIII ғасырда көне ұйғыр тілінде ақи алғаш рет кездеседі. Орхон жазба ескерткіштері мен көне ұйғыр тілінде ақи сөзіне ұқсас *ағи* сөзі бар. Орхон жазба ескерткіштерінде ағи сөзінің мағынасы – «дүние, сыйлық, қымбат зат», ал көне ұйғыр тілінде – «байлық, дәулет». Ақи лексемасы көне түркілік етістік болып табылатын ақ етістігі мен етістіктен есім жасайтын –ы жұрнағы арқылы жасалған туынды сөз.

Шығарма тілінде жомарт және жомарттық концептісі ерекше орын алады. Жомарттық – белгілі бір мәртебеге ие, кемел тұлғалардан талап етілетін қасиет екендігі анықталды. Шығармада жомарттық Пайғамбар (с.а.а.), оның сахабасы Осман, Қарахан билеушісі Бұғра хан және басқа да ел билейтін бектер мен әскербасылардың мінез-құлқын сипаттаған бөлімде жиі қолданылады. Шығармада 15 мемлекет қызметкері және 13 кәсіп иесі сипатталады. Солардың ішінде жомарттық қасиет тек ел билейтін бектер мен әскербасылардан талап етіледі.

Ақи лексемасының төңірегіне жинақталған ақпараттық тіл бірліктерінің санада қалыптасқан бейнесі сол дәуірдегі түркілердің ұлттық болмысын айқындап көрсетеді. Шығармадағы Ақи концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісінің ауқымы өте кең екенін анықтадық.

Жомарт концептісінің мағынасын ашатын келесі тілдік бірліктер жинақталды: жомарттың қолы ашық, жомарт – дәулетті адам, жомарттың көңілі тоқ, жомарт – адамның асылы, жомарт – жүрегі таза адам, жомарт – көңілі дархан адам, жомарттың аты мәңгі өлмейді, жомарт кісі ақысын жемейді, жомарт – қолындағысын басқалармен бөлісетін адам, жомарт – қанағатшыл, жомарт малын да, жанын да басқалар үшін пида етеді, жомарт – халыққа қызмет ететін адам және т.б.

Осы зерттеуде «жомарт кім?» деген сұраққа толық жауап беріледі: жомарт – ең алдымен рухани, этикалық және ақыл-ой тұрғысынан үйлесімді дамыған, өз потенциалын толық жүзеге асырған, қоғамды және өзін тануға қабілетті, әділетті, саналы тұлға. Екіншіден, қоғам алдында жауапкершілік ала білетін, жүрегі таза, қамқор, елге пайдасы тиетін тұлға.

Қазіргі антрапоэкти тіл білімі саласының жаңа бағыттары болып табылатын когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, әлеуметтік лингвистика және психолингвистика ғылымында рухани концептілер күрделі категория ретінде зерттеу нысанына айналып отыр. Осындай категориялардың концепт құраушылық сипатын, оның мағыналық ақпараттық өрісін, қазақ дүниетанымындағы күрделі ұғымдардың мәнін ашу тіл білімінде өте маңызды деп ойлаймыз.

## Әдебиеттер

1. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 229 б.
2. Манкеева Ж.А., Жанабекова А.А. Қазақ тіліндегі «фразеологиялық әлем бейнесінің» мәдени прагматикалық әлеуеті // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2025. – Т. 198. – №2. – Б. 108-116. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh2025198210>.
3. Мырзахметұлы М. Абай: Толық адам ілімі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 238 б.
4. Arat R.R. Kutadgu Bilig I. Metin. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1999. – 530 б.
5. Karamanoglu A.F. Kutadgu Bilig'in diline ve adına dair // Türk Dili. – 1970. – Т. IX. – № 98. – Б. 127-131.
6. Dankoff R. Wisdom of Royal Glory: A Turko-Islamic Mirror for Princes. – Chicago: London, 1983. – 4 б.

7. Tas I. The Problem of Good in Kutadgu Bilig // Bilig. – 2013. – № 67. – Б. 247-272. URL: <https://bilig.yesevi.edu.tr/yonetim/icerik/makaleler/2387-published.pdf>.
8. Баласағұн Ж. Құтты білік / көне түркі тілінен ауд. және түсіндірмелерін жазған А.Қ.Егеубаев. – Алматы: Таймас, 2007. – 536 б.
9. Kasapoğlu Çengel H. Türk kültüründe akıl ve bilgi üzerinde öğütler: Balasagunlu Yusuf'tan Semeyli Abay'a // Milli Folklor. – 2020. – Sayı 126. – S. 184–197. URL: <https://www.millifolklordergisi.com/PdfViewer.aspx?Sayi=126&Sayfa=186>.
10. Bayaliyeva G.Zh. Cognitive Mining of Words in the Language of Written Monuments of the XI–XIII Centuries // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – Т. 186. – №2. – Б. 25–32. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v186.i2.03>.
11. Ахметова А.С. Лингвокультурные аспекты изучения языковых концептов. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 240 б.
12. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. VI том. – Алматы: Арыс, 2007. – 751 б.
13. Бизақов С. Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.
14. Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford: University Press, 1972. – 78 б.
15. Divanü Lûgat-it-Türk. 1-том / ауд. В. Atalay. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1992. – 906 б.
16. Caferoğlu A. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. – İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi, 1968. – 519 б.
17. Sami Ş. Kamus-i Türki. – İstanbul: Çağrı Yayınları, 1317. – 1317 б.

**Г.А. КАНАШАЕВА, К.Б. АШИРКУЛОВ**

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

**К.М. АШИРХАНОВА**

Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан

### **КОНЦЕПТ «ЖОМАРТ» / АҚІ В ТРАКТАТЕ «КУТАДГУ БИЛИГ»**

**Аннотация.** Трактат Юсуфа Баласағуни «Құтадғу билиг» представляет собой ценнейший источник, отражающий особенности когнитивного сознания тюрков XI века и языковые факты, раскрывающие сущность человеческой природы. Генетический слой языка памятника на 85 % состоит из тюркской лексики, а абстрактные понятия, входящие в систему духовных ценностей, выражены исконно тюркскими терминами. Эти абстрактные понятия представляют собой духовные концепты, способствующие раскрытию представлений о человеческой сущности в тюркской картине мира. В статье проведён всесторонний лексико-семантический анализ лексемы ақи / «жомарт» как одной из ключевых черт совершенного человека, описанного в «Құтадғу билиг». На конкретных примерах показано, как учёные Караханидской эпохи использовали богатый словарный запас тюркского языка при передаче абстрактных понятий, проникших в тюркскую культуру через исламскую религию. Лексема ақи является производным существительным, образованным от древнетюркского глагола ақ (давать, одаривать).

В статье проведено сопоставительное исследование транскрипции, выполненной турецким учёным профессором Решидом Рахмети Аратом на основе трёх рукописей, с казахскими переводами данного произведения.

**Ключевые слова:** Құтадғу билиг, тюркская картина мира, совершенный человек, щедрость (жомарт).



G.A. KANASHAYEVA, K.B. ASHIRKULOV  
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
K.M. ASHIRKHANOVA

Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstanbayev University, Almaty, Kazakhstan

### THE CONCEPT OF AҚI / GENEROSITY IN “KUTADGU BILIG”

**Annotation.** Yusuf Khas Hajib's work Kutadgu Bilig is a valuable source of linguistic data that reveals aspects of human nature in the cognitive consciousness of the Turks of the 11th century. The genetic layer of the written monument's language consists of approximately 85% Turkic words, with abstract concepts reflecting spiritual values expressed through purely Turkic terms. These abstract notions serve as spiritual concepts that provide insights into the essence of human nature from the perspective of the Turkic worldview. This article presents a comprehensive lexical and semantic analysis of the lexeme aқı (generosity), which is identified as one of the key virtues of the ideal individual in Kutadgu Bilig. The study demonstrates with concrete evidence that scholars of the Karakhanid era, when incorporating abstract notions introduced through Islam, made extensive use of the rich Turkic vocabulary. The lexeme aқı is derived from the verb aқ, which is of ancient Turkic origin.

The article also examines the transcription of Kutadgu Bilig by Turkish scholar Professor Reşit Rahmeti Arat, who compiled the text from three versions, and compares it with Kazakh-language translations.

**Keywords:** Kutadgu Bilig, Turkic worldview, perfect man, generosity.

### References

1. İslam A. Ülttyq madeniet kontekstindegi dünienüñ tıldık sureti: filol. gyl. dokt. ... diss. – Almaty, 2004. – 229 b.
2. Mankeeva J.A., Janabekova A.A. Qazaq tılındegı «frazеologialyq әлем beinesinın» madeni pragmatikalyq aleueti // QazĖU habarşysy. Filologia seriasy. – 2025. – T. 198. – №2. – B. 108-116. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh2025198210>.
3. Myrzahmetüly M. Abai: Tolyq adam ılımı. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 238 b.
4. Arat R.R. Kutadgu Bilig I. Metin. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1999. – 530 b.
5. Karamanoglu A.F. Kutadgu Bilig'in diline ve adına dair // Türk Dili. – 1970. – T. IX. – № 98. – B. 127-131.
6. Dankoff R. Wisdom of Royal Glory: A Turko-Islamic Mirror for Princes. – Chicago: London, 1983. – 4 b.
7. Tas I. The Problem of Good in Kutadgu Bilig // Bilig. – 2013. – № 67. – B. 247-272. URL: <https://bilig.yesevi.edu.tr/yonetim/icerik/makaleler/2387-published.pdf>.
8. Balasagun J. Qūtty bılk / kone turkı tılın aud. jane túsındırmelerin jazgan A.Q.Egeubaev. – Almaty: Taimas, 2007. – 536 b.
9. Bayaliyeva G.Zh. Cognitive Mining of Words in the Language of Written Monuments of the XI–XIII Centuries // QazĖU habarşysy. Filologia seriasy. – 2022. – T. 186. – №2. – B. 25-32. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2022.v186.i2.03>.
10. Kasapoğlu Çengel H. Türk kültüründe akıl ve bilgi üzerinde öğütler: Balasagunlu Yusuf'tan Semeyli Abay'a // Milli Folklor. – 2020. – Sayı 126. – S. 184–197. URL: <https://www.millifolklordergisi.com/PdfViewer.aspx?Sayi=126&Sayfa=186>.
11. Ahmetova A.S. Lingvokülturnye aspekty izucheniya iazykovyh konseptov. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 240 b.
12. Qazaq әдеби тілінің сөздігі. VI tom. – Almaty: Arys, 2007. – 751 b.
13. Bizaqov S. Sinonimder sozdıgı. – Almaty: Arys, 2007. – 640 b.
14. Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish. – Oxford: University Press, 1972. – 78 b.



15. Divanü Lûgat-it-Türk. 1-tom / aud. B. Atalay. – Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi, 1992. – 906 b.
16. Caferoğlu A. Eski Uygur Türkçesi Sözlüğü. – İstanbul: Edebiyat Fakültesi Basımevi, 1968. – 519 b.
17. Sami Ş. Kamus-i Türki. – İstanbul: Çağrı Yayınları, 1317. – 1317 b.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Канашаева Гульжазира Аманбайқызы** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

**Канашаева Гульжазира Аманбаевна** – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Kanashaeva Gulzhazira Amanbayevna** – master of arts, Senior Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Аширкулов Канат Бахтиярұлы** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

**Аширкулов Канат Бахтиярулы** – магистр гуманитарных наук, преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Ashirkulov Kanat Bakhtiyaruly** – master of arts, Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Әшірханова Қарлығаш Маштайқызы** – философия докторы (PhD), Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің аға оқытушысы, Атырау, Қазақстан.

**Аширханова Қарлығаш Маштаевна** – доктор философии (PhD), старший преподаватель Атырауского университета имени Х. Досмукхамедова, Атырау, Казахстан.

**Ashirkhanova Karlygash Mashtayevna** – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan.

Н.Қ. КЕНЖЕХАНОВА<sup>1</sup> Б. ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ<sup>2</sup> \*Ж.А. АГАБЕКОВА<sup>3</sup> Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан<sup>1,2</sup>Назарбаев университеті, Астана, Қазақстан<sup>3</sup>(e-mail: [NKenjehanova@shokan.edu.kz](mailto:NKenjehanova@shokan.edu.kz)<sup>1</sup>, [bekhoja\\_astana@mail.ru](mailto:bekhoja_astana@mail.ru)<sup>2</sup>,  
[zhazira.agabekova@nu.edu.kz](mailto:zhazira.agabekova@nu.edu.kz)<sup>3</sup>)

### КӨПТІЛДІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРТАДАҒЫ ТЕРМИНЖАСАМ ЖӘНЕ АУДАРМА СТРАТЕГИЯЛАРЫ: ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ

**Аңдатпа.** Қытай халқы Қазақстанның шекаралас елдерінің бірі ретінде егемендік алғаннан бері халықтың рухани тұрмыс-тіршілігіне, мәдени қарым-қатынас пен экономикалық даму үдерісіне әрі елдің әл-ауқат күшінің күннен-күнге жақсаруына ерекше ықпал етіп келе жатқандығы белгілі. Оның үстіне елде еркін нарығына сатылымға шыққан қытай тауарлары мен қытай кәсіпкерлерімен біріккен өндіріс ошақтарының барған сайын молаюы мен еңбек нарығындағы басымдылығы қытай тіліне деген сұранысты арттыра түсуде. Осы негізде қытай нарығынан еліміз аумағына келіп, жер-жерде құрылып жатқан сауда базарлары мен біріккен кәсіпорындарда өндірілген өнімдер легі қытай тілінен қазақ тіліне аударылатын терминдердің қажеттілігіне мұқтаж болып отыр. Ұсынылып отырған ғылыми мақалада қытай тілінің терминжасам жолдарының ерекшеліктері мен қытай тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аударудың әдіс-тәсілдерін нақты мысалдар арқылы пайымдаумен бірге терминтанушы ғалымдардың дәлел-дәйекті тұжырымдары жөнінде сараптама жүргізіліп, түсініктемелер беріледі. Сондай-ақ қытай тіліндегі сөзжасам тәсілдерінің қазақ тілі сөзжасам ерекшеліктеріне ұқсамайтын түйіндері арнаулы тәжірибелік мысалдар арқылы салыстырыла көрсетіліп, қытай тілінен қазақ тіліне аударылатын терминдердің жасалу жақтағы тиімді жолдары сөз етіледі. Әсіресе салалық терминология жақтағы ізденіс көзқарасы бойынша, қытай тіліндегі бірқатар құрылыс терминдерінің жасалу жолдары мен олардың қазақ тіліне аударылу мәселелері түйінді түрде сараптамалық зерттеуден өтіп ұсынылады. Бұл ғылыми еңбек оқырмандарға қытай тілі контекстінде терминдердің жасалу жолдары мен құрылымы және қалыптасуын практикалық негізде тереңірек түсінуге мүмкіндік берумен бірге, олардың қазақ тіліне аударылу әдіс-тәсілдеріне көңіл бөлуге теориялық және тәжірибелік жақтан бағыт-бағдар бере алатындығымен құнды екендігін атап өтуге болады.

**Түйін сөздер.** терминология, терминтану, қытай тілі, қазақ тілі, сөзжасам, термин жасау принциптері, терминдерді аудару, құрылыс терминдері.

**Кіріспе.** Қазақстан тәуелсіз ел болып ту көтергеннен кейінгі жаңа тарих кезеңде Қытаймен қарым-қатынасымыздың деңгейі жоғары сатыға көтеріліп, оның мазмұны мен түрі сан салалы жақтардың өзара тоғысуымен толығы түсті. Екі ел арасындағы сан қырлы қарым-қатынас уақыт талабына сай бейімделе түсіп, қытай және қазақ тілдерінің салғастырмалы қыры мен сыры тілтану ғылымының күн тәртібіне қойылып, зерттеп-зерделене бастады. Қытай өнеркәсібі өндірісі мен экономикасының және ғылым-техникасының қарқынды дамуы, оның халықаралық байланыстардағы рөлінің кеңеюі мен бет-беделін көрнектілендіре түскені жасырын емес. Екі елдің тату көршілік негізіне

құрылған табысты ынтымақтастығы аясындағы қарым-қатынастары күннен-күнге жақсарып келе жатқан бүгінгі күнде сауатты да салауатты тіл табысу мен түсіністік үдерісі аударма қызметіне мұқтаж екендігі айтпаса да түсінікті. Оның ішінде сауда саттық, ғылым-техника және құрылыс инженериясына қатысты аудармаларда кездесетін терминологиялық сөздікқорға қатысты аударма қызыметінің арнаулы салалық терминдер сөздігінің болмауына байланысты қиындықтар туындап отырғаны да жасырын емес. Осы бір қиындықтар мен олқылықтарды еңсеру үшін қытай тіліндегі салалық терминдерді қазақ тіліне аударудың теориялық мәселелері мен практикалық қажеттілігінің маңызы өте зор екендігі ғылым-техникалық аудармалар барысында анық көзге түсіп отырғандығы шындық. Аталмыш олқылықтың орнын толықтап, толтыру үшін салалық терминология, әсіресе, елімізде қарқынды күш алып отырған қытай компаниялары жағынан игеріліп келе жатқан құрылыс инженериясына қатысты терминдердің жасалу және аударылу жолдарын зерттеп-зерделеу өте қажет мәселенің бірі болып тұрғаны белгілі.

Қазіргі кезде ғылыми-техникалық білімнің қауырт дамуына байланысты, сөзжасам немесе аударма негізінде пайда болатын жаңа термин сөздердің 90 пайыздан астамын арнайы салалық терминдер сөздікқоры құрайтындығы анық. Терминология ғылымын жан-жақты зерттеу тіл ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Осы ауқымдық мәселеге байланысты әртүрлі тілдердің терминжасам әдісін зерттеу әр сала мамандарының айтарлықтай қызығушылығын тудырып келеді. Осы ой-түсінігімізге байланысты, қытай тіліндегі терминжасам әдісін зерттеу, әсіресе, құрылыс инженериясы сияқты қарқынды дамып келе жатқан салаларда қолданылатын терминдік сөздікқорды байыту өзінің өте қажеттілік маңызымен көзге бірден түсуде. Сол себепті құрылыс саласына қатысты терминдердің құрылымдық жүйесінің қалыптасуы мен олардың қазақ тіліне аударылуын зерттеу мәселелесі төңірегінде теориялық және практикалық тұрғыда ізденіс жасап, мағынасы дәл келетін, мән-мәнері түсінікті әрі дұрыс аудармаға қол жеткізу үшін аталмыш тақырыпты қолға алу терминология саласын зерттейтін мамандардың басты міндеті болмақ. Мақала тақырыбының мақсаты- қазіргі жаһандану кезеңіндегі технологиялық революциямен келген қытай терминдерінің дұрыс және оңай аударылу тәсілдерін көрсету.

Қазақстан Республикасы экономикасының жаһандануы, құрылыс және инженерлік саласының дамуы, сондай-ақ әлемдегі ірі компаниялардың осы салаға қомақты инвестициялар құюы еліміздің өндіріс өнімділігі мен экономикалық өсуіне ғана емес, қазақ, қытай тілдеріне деген қажеттілікке зор ықпал ететіндігі сөзсіз. Сондықтан біз тілге тиек етіп отырған терминология саласы теориялық және практикалық жақтан кемелдене түсу мақсатында аталмыш сала бойынша ғылыми жоба ретінде Қазақ еліндегі «Синьсин құрылыс және даму жөніндегі қытай компаниясының» қолданыстағы терминдерін қазақ тіліне аудару барысын негізге алып отырғандығы, біздің құрылыс саласына қатысты терминдердің жасалу жолдары мен қазақ тіліне аударылу әдістерін сарапқа салуымызға негізгі ереже болып отыр.

Терминология саласының зерттеу нысаны ретінде терминдердің пайда болуы мен оның қолдану аясы ең алдымен сөз болатындығын бәріміз білеміз. Алайда оның әр бір тілдің ұлттық ерекшеліктеріне қарай қолданысқа енгізу жағы отаршылдықтың зардабы мен қазіргі жаһандану үдерісінің етек жая бастаған кезеңдерінде үстемтап немесе ғылыми-техникасы дамыған елдердің ығына жығылып пайда болатындығы мен қолданысқа енетіндігін екінің бірі сезе бермейді. Оған мысал ретінде Ә.Т. Қайдаровтың «біздің пайымдауымыз бойынша 70 мыңнан асып бара жатқан тіліміздегі терминологиялық лексиканың басым көпшілігі совет-интернационалдық терминдердің үлесіне тиеді екен. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін біз мәдени өмірімізде басқаларға қарағанда көбірек қолданылатын әлеуметтік-экономикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігіне талдау жасап көрдік. Осы сөздікте қамтылған 1150 терминнің тікелей орыс тілінен қабылданғандары 531 единица (олар мына тәрізді: коммюнике, компаньон, комплекс, локаут, ломбард сияқты жеке сөздер мен компрадор буржуазия - компрадорская буржуазия, монополиялық рента - монополия)

рента, гектарлық принцип-гектарный принцип сияқты калька-сөз тіркестері) болса, 232-сі (сыртқы заемдар - внешние заемы, ішкі рынок - внутренний рынок, қорытынды баланс заключительный баланс тәрізді) жартылай калька да, қалған 387 единица (алым - подать, пайда - прибыль, өсімқор - ростовщик, қайта құру - перестройка; реорганизация, қосымша еңбек - прибавочный труд) тәрізді таза қазақ тілінде жасалған терминдер екен. Сонда орыс тілінен толық, жартылай калька түрінде қабылданған жеке терминдер мен терминдік тіркестер (жалпы саны 763 единица) таза қазақша алынған терминдерден (ол 387 единица) екі еседей артық болып тұр» [1, 17] деген мәліметті көлденең тартуға тура келеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ тілінің сөзжасамдық ықпалының кеңес одағы кезінде өте төмен дәрежедегі ыңғайсыз күйге түскенін байқаймыз. Сондықтан еліміз егенмендік алып, етек-жеңімізді жинап, қазақ тілінің бет-беделін көтеру барысында жаңа пайда болған терминдерді қазақ тіліне заңдылықтарына бейімдеп жасау мен басқа ұлт тілдеріндегі терминдерді қазақ тілінің сөзжасам заңдылығы бойынша аударып, бір жүйеге түсіру тіл білімі саласындағы кезек күттірмейтін мәселенің бірі болып отыр. Оның ішінде жаратылыстану ғылымдарына қатысты терминдердің қазақ тіліндегі сөзжасамдық және аудармалық баламасын қарастыру жағы әлі де ақсап тұрғаны жасырын емес. Ғылым-техниканың даму үдерісіне орай құрылыс саласына қатысты терминдер сөздігінің бұдан бұрын басылым көрген сөздіктерін толықтырып, санын көбейтіп қазақ тілінде қайтадан баспадан басып шығару жағы да қолға алынуға тиісті қазіргі қажеттіліктің бірі болып отыр. Қазіргі таңда Қазақстандағы құрылыс саласының жедел қарқынмен дамуы дамыған елдердің технологиясы мен құрылыстары және тауарларына тәуелді болып отырғандығын бәріміз білеміз. Оның ішіне еліміздің құрылыс компаниялары Қытаймен іскерлік қатынас жасау арқылы алыс-беріс жақтағы қарым-қатынасты жан-жақты дамытып, екі ел арасындағы тауар айналымын күн сайын молайтып келе жатқаны Қытай тіліндегі құрылыс саласына қатысты терминдерінің қажеттілігін тудырып отырғаны да шын. Бұл саладағы терминдер топтамасының осы күнге дейін қазақ тіліне аударылып, жүйеге түспеуі, толық зерттелмеуі қытай-қазақ тілдеріндегі терминологиялық сөздікқордың әлі күнге дейін толық қалыптасып болмағандығын көрсетеді. Бұл өз кезегінде қытай тіліндегі құрылыс саласына қатысты терминдерінің семантикалық құрылымдарының сөзжасам ерекшелігін және аударылып қолданысқа енгізу үдерісін анықтауды терминтану ғылымынан талап етіп отырғандығын аңғартады. Бұл арада біз ерекше бір ескеретін жайт, «термин - белгілі бір арнайы нысанның немесе ұғымның атауы. Терминге тән белгілер ретінде төмендегі жайттар да қарастырылады:

- терминнің өзі білдіретін ұғымға нақты сәйкестігі;
- моносемиялығы (бірмағыналығы);
- халықаралық масштабта қолданылатындығы т.т. (Н.А. Баскаков);
- экспрессияның жаттығы;
- контексте тәуелсіз екендігі;
- жүйелілігі (А.А. Реформатский) және т.б.

Қысқасы, терминдер Г.О. Винокурдың жазғанындай пайда болмайды, олар мұқтаждыққа орай «ойлап табылады», «жасалады» [2, 31].

Осы тұрғыдан алып қарағанда, қытай тіліндегі құрылыс саласына қатысты терминдердің жасалу жолдарын зерттеу мен оны қазақ тіліне аудару барысында едәуір күрделі мәселелердің кездесетіндігі анық. Оған мысал ретінде Қытай иероглифтерінің көп мағыналы болып келуі мен қытай тіліндегі терминдердің метафоралық сипатта қолданылуы қытай тіліндегі құрылыс саласына қатысты терминдердің күрделі түйіндерін жоққа шығара алмайды. Мысалы, қытай тіліндегі «化huà» деген иероглифтің (сөздің) өзі 8 түрлі мағынада қолданылады. «化huà 1.变化 (өзгеру); 使变化:脓「名」装「顽固不「泥古不~/~ 整为零」险为夷. 2. 感化 (сезіну):教「潜移默~. 3. 融化 (еру); 融化:冻「铁炉|太阳一出来,冰雪都~了. 4. 消化 (ас қорыту);消除:食「痰止咳◇食古不. 5. 烧化 (өртену):焚~1 火~. 6. (僧道)死 (өлу):坐~「羽~. 7. 指化学 (химия):理~|工~|肥. 8. 后缀 (жұрнақ болып келеді) 加在名词或形容词之后构成动词,表示转变成某种性质或状态:绿|美~|恶~|电气 |机械|水利~» [3, 543]. Сондықтан



Қытай тіліндегі құрылыс саласына қатысты терминдердің құрылымдық жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау және талдау, олардың аударылуы, бір жүйеге түсіріліп, қолданыс айналымына енуі аталған тақырыптың өзекті түйіні болумен бірге, нақтылы дәлел-дәйектер арқылы зерттеп-зерделеудің де нысаны болып келеді. Өйткені «қазіргі білім беру жүйесіндегі академиялық мектепке байланысты терминдер - терминология ғылымында өте өзекті мәселе. Жаһандану үдерісі әсерінен қазақ тіліне түрлі академиялық терминдер енуде, сәйкесінше бұл құбылыс терең ғылыми зерттеу қажеттілігін тудырады. Қазіргі кезде қазақстандық жоғары оқу орындары академиялық терминдері түрлі жолмен толығып, өзгеріске түсіп жатыр. Атап айтқанда, кейбір академиялық терминдер ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылып, аударма ретінде енуде; кейбір академиялық терминдер ағылшын тілінен аудармасыз енуде; кейбір академиялық терминдер гибрид түрінде енуде. Осы тұста терминдердің компоненттік құрылымын зерттеу маңызды. Ағылшын тілінен аудармасыз еніп отырған академиялық терминдер қазақ тіліне қандай ерекшеліктермен бейімделу үстінде, олардың сөздіктердегі мағынасы мен қолданыстағы мағынасы арасында қандай айырмашылықтар бар, жалпы академиялық терминдер қалай қалыптасты және дамыды, олардың лингвапрагматикалық қолданысы қандай деген мәселелер зерттеу қажеттілігіне түрткі болады» [4, 8]. Бұл жанды пікір қытай тіліндегі терминдердің қазақ тіліне аударылып, басылым беттерінде жарияланған мәтіндерде қолданылып, ғылыми айналымға түсу барысына да байланысты тұжырымды ой екені шындық.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** «Терминологиялық аударма (терминологический перевод) - шет тілдері терминдерінің ұлт тіліндегі терминдерге сәйкестігі анықталады да, ұлт тілінде тиісті баламасы жоқ терминдер болса, соларға сәйкесетін жаңа терминдер жасалады. Жаңа терминдер мен аударма сөздіктерге енбеген терминдерді аударуға қажетті деңгейдегі білім мен машық керек болады. Сондықтан да терминологиялық аударма кезінде жаңа терминдерді жиі жасауға тура келеді» [5, 63] деп атап көрсеткен терминтанушы Шерубай Құрманбайұлының пайымдауын басшылыққа алатын босақ, салалық терминология жүйелеріндегі терминдерді ұлттық тілде жасап немесе басқа тілдерден аударып айналымға қосу оңай шаруа емес. Өйткені термин жасамға қатысатын әрбір саланың өзі өз ішінен тағы да кіші салаларға бөлініп кетеді де, термин жасам жұмысының күрделі ақыл-ой жұмысы екендігін айқындап береді. Мысалы, жалпы құрылыс саласына қатысты терминологиялық сөздік қордың қолдану аясы өте кең болып, олар өзінің салалық ерекшелігіне және өндірістегі қолданыс аясының ішкі қажеттілік бөлісіне қарай мынадай тақырыптық түрлерге бөлінеді: 1) құрылыстың инженерлік-теориялық негіздері; 2) сәулет өнері; 3) құрылыс материалдары мен бұйымдары; 4) инженерлік құрылыстар; 5) қала ғимараттары мен құрылыстарының инженерлік жабдықтары; 6) қала құрылысын аудан аралық жоспарлау; 7) ғимараттардың типологиясы; 8) құрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізу; 9) құрылыс конструкциялары; 10) құрылыс машиналары мен құралдары; 11) құрылысты ұйымдастыру; 12) сәулет-құрылыс инженериясын жобалау; 13) құрылыс экономикасы. Осы салаларға қатысты құрылыс терминдерін жинақтай келіп, аталмыш саланың арнаулы терминдер сөздігін Е.Г. Дәулетовтің «Қазақ тіліндегі мемлекеттік құрылыс терминологиясының қалыптасуы» (1999) атты ғылыми еңбектің теориялық негізінде терминдер сөздігін толықтырып, баспадан шығаруға болады. Әрине бұл үшін теориялық негіз бен тәжірибелік мүмкіндік болу керек екендігі белгілі.

Бұл ғылыми еңбекте қытай тілінің терминжасам әдіс-тәсілдері ғылыми сараптамалық негізде таныстырылумен бірге қытай тіліндегі салалық терминдерді қазақ тіліне аудару мәселесі қарастырылып, ғылыми жоба ретінде қытай тіліндегі құрылыс саласында қолданылатын терминдер дереккөзі тұрғысынан алынды. Сонымен бірге Қазақстандағы «Синьсин құрылыс және даму жөніндегі қытай компаниясының» жұмыс, жобалау және атқарушылық құжаттамасына негізделе отырып, іріктеліп алынған 620 терминге талдау жасалғанын атап өтуге болады. Осы барыста Қытайда басылып шыққан «英汉建筑工程词典» «Ағылшынша-қытайша сәулет және құрылыс сөздігі», Қытай тіліндегі «现代新华词典», «Русско-китайский строительный инженерный словарь», «汉哈常用名词



术语对照», «汉维测绘词典» Т.Қалибекұлының «Қытайша - Қазақша - Орысша тіл білімі терминдерінің сөздігі», Ә.Нұржанованың «Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері» (2000), А.Қ. Құсайынов жалпы редакциясын басқарған «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі», Ә.Айтпайұлының «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы», Шерубай Құрманбайұлының «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері», «Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері», «Терминтанушы құралы» Әбдірәсілов Ерболдың «Қазақ терминологиясының жүйесі», терминологияға қатысты ұжымдық мақалалар жинағы «Терминдер және олардың аудармалары», Сарқыт Әлісжановтың «Қазақ терминологиясы: теория және тәжірибе», Нұрхалық Абдырақынның «Қазіргі қытай тілінің грамматикасы» және «БКРС үлкен онлайн сөздігі» қатарлы сөздіктер мен ғылыми еңбектер басшылыққа алынып, пайдаланылды. Еліміздегі ғылым-техникалық терминдердің басым бөлігі ең алдымен қытай тілінен орыс тіліне аударылғандықтан, осы сала бойынша қазақ, орыс және қытай тілдеріне қатысты басқа да салалық терминдерге қатысты сөздіктер қосымша пайдаланылды. Оған мысал ретінде С.Құлмановтың «Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздігі» (сәулет және құрылыс) мен Т.Қалибекұлының «Қытайша - Қазақша - Орысша фонетикалық терминдер сөздігін» атап өтуге болады.

Бұдан тыс ғылыми басылымдардағы жекелеген мақалалар мен анықтағыштар, монографиялар мен зерттеу жұмыстары дереккөзі негізінде пайдаланылды. Ғаламтор ресурсы ретінде «[www.macmillandictionary.com](http://www.macmillandictionary.com), [www.ldoceonline.com](http://www.ldoceonline.com)» және ақпараттық танымдық онлайн-сөздік парақшалары қолданылды. Тақырыптың зерттелу әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік зерттеушілердің жалпы терминология саласы бойынша ізденістері мен өтімді көзқарастары дәлел-дәйек ретінде алынды. Қытай тілін зерттеп жүрген 黃伯榮, 胡裕树, 吕叔湘, 张斌 Хуан Уипин қатарлы ғалымдармен бірге әлемдік деңгейде терминология мәселені қарастырған Вэйпин, О.Вюстер, Х.Фельбер, Х.Пихт, О.С.Ахманова, А.А.Реформатский және отандық ғалымдардан Қазақ терминологиясына ғылыми еңбектерімен келешек ұрпаққа өшпес із қалдырған ғалымдардың негізгі легі болған. І.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов, Н.Сауранбаев, Ә.Қайдаров, Ә.Айтбаев, Р.А.Өрекенова, Ш.Құрманбайұлы сияқты ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен пайымдаулары басшылыққа алынды.

Бұл зерттеу жұмысында қытай тіліндегі құрылыс саласына қатысты терминдерінің жасалуы және олардың қазақ тіліне аударылуы барысында салғастыра салыстыру, түрге айыру, жалпылау, іріктеу және талдау әдістері қолданылды. Осы саладағы терминдердің қытай тіліндегі терминжасам әдіс-тәсілдері қолданысының ерекшеліктерін анықтау мен оларды қазақ тіліне аударып, терминдердің мағынасы мен мәнін дәл беріп, қазақ тілінің сөздік қорына енгізу үшін тілдік дәйек-деректерге дефинитивтік талдау, морфологиялық-синтаксистік, лексика-семантикалық және компоненттік сараптамалық зерделеулер жүргізілді.

Зерттеу жұмыстарына талдау жасау барысында тақырыптың зерттелу деңгейі, лингвистикалық бейнесі, қытай тілінде академиялық терминдер тудыратын экстралингвистикалық факторлар тізбегі және олардың ерекшеліктері айқындалды. Салыстыра-салғастыра зерттеу нәтижесінде қытай тілінің термин жасау жолдары және қытай тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аударғаннан кейін өндірістік айналым кеңістігінде лингвистикалық тұрғыда қолданылу жолдарына анықтамалық түсінік берілді. Бұлайша зерттеу қазіргі ғылым-техника саласындағы академиялық терминдердің, әсіресе, құрылыс терминология жүйесінің орнын белгілеуге, олардың пайда болу немесе жойылу себептерін айқындауға септігін тигізетіндігі сөзсіз.

**Талқылау мен бақылау.** Қытай лингвисті Хуан Вэйпиннің айтуы бойынша, жүйелі әдістемелік материалдың жоқтығынан ғылыми-техникалық аудармамен алғаш рет бетпестік келген аудармашы, сан алуан білім салаларындағы жаңа лексикалық түйіндердің «шырмауына» түседі. Сондықтан қытай тілінен және қытай тіліне ғылыми-техникалық

аударманы оқыту, лексиканы (иероглифтер мен сөздерді) оқыту негізінде құрылуы керек деп тұжырымдайды. Ана тілінің сөздік қорын толық игеру аудармашының кәсіби дайындығының ең маңызды құрамдас бөлігі деп санайтын болсақ, кейде бір-екі сөздің мағынасын дұрыс түсінбей аудару, сөз тіркесі мен сөйлемнің мағынасын толықтай өзгертіп жіберетіндігі белгілі. Біздің аталмыш зерттеу нысанымыз тұрғысынан алып қарағанда, лексикологиялық сөздік қордың өзі ең алдымен терминологиялық атаулардың жиынтығынан құралатындығы анық. Қытай тіліндегі ғылыми-техника саласына қатысты терминдер әртүрлі тілдерде құрылымдық жақтан өзгеше, ал мән-мағыналық жақтан ортақ белгілермен көрнектіленгенімен, ең бастысы қытай тіліндегі бейнесінде басқа тілдерге ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктерге ие болып келеді. Қытай тілінен қазақ тіліне аударма жасағанда ең алдымен байқалатын өзгешеліктердің бірі екі тілдің арасындағы құрылымдық айырмашылықтар болып, Қытай және қазақ тілдері әртүрлі тілдік бірліктерден тұратындығы анық аңғарылады. Қытай тілі түбірлі немесе даралаушы тілдер қатарына жатса, ал қазақ тілі агглютинативті тілдер қатарына жатады. Яғни қытай тілі қосымшалар арқылы көп түрленбейді. Ол құрылымы жағынан түбір текті тіл болса, ал қазақ тілі түбір формасына жұрнақтар жалғану арқылы туынды сөздер жасай беретін ерекшелікке ие. Олардың арасында лексикалық, семантикалық, грамматикалық және стилистикалық жақтарда көптеген айырмашылықтар бар болып, жалпы алғанда, екі тілдің ұқсастықтары өте сирек кездеседі. Мысалы, «Құрылымдық механика теориясы» («结构力学理论» jié gòu lì xué lǐ lùn) деген мәнді білдіретін терминнің мағынасын толық жеткізу үшін қазақ тілінде үш сөздің тіркесуі негізінде синтаксистік, яғни аналитикалық тәсіл арқылы жасалса, ал қытай тілінде бұл түбір сөздер жалғау-жұрнақсыз құрылым күйінде тіркесіп, жасалады.

Қытай тіліндегі салалық терминдерді аудару кезінде ерекше назар аударуды және дәлдікті қажет ететін лексикалық қиындықтар туындайтындығы сөзсіз. Олардың бірі – қытай иероглифтерінің көп мағыналы болып келуі, яғни бір сөздің екі немесе одан да көп мағынаға ие болу үдерісі. Бұл қытай жазуының иероглифтік жүйесінің өзіне тән табиғаты мен салалық сөздердің ерекшеліктерінен және басқа да факторлардан туындап отырғандығы анық. Мысалы, «覆盖» (fùgài) термині лексикалық полисемияға ие, қытайша-қазақша үлкен сөздікте берілген аудармасы: жабу, бүркеу, қымтау, көмкеру, басу, қамту, жамылғы [6, 347]. Құрылыс контекстінде бұл мағына үйдің төбесін (шатырын), еден, қабырға сияқты жазық бетті жабу немесе қорғау үшін қолданатын әдістерге қатысты жұмсалады. Мысалы, 厚覆盖 (hòu fùgài) қалың жабын (толстое покрытие), 为了防止渗漏, 需要对屋顶进行厚覆盖 (wèi le fángzhǐ shēnlòu, xūyào duì wūdǐng jìnxíng hòu fùgài) Су өтпеу үшін шатырға қалың жабын жабу керек. Сондай-ақ, мына сөйлемде «该地区的文化具有厚覆盖的历史底蕴» (gāi dì qū de wén huà jù yǒu hòu fù gài de lì shǐ dǐ yùn) Бұл өлкенің мәдениеті бай тарихи мұраға ие немесе тарихы тереңде, - деп аударылады. Тағы бір аудармасы – қамту. 信息覆盖 (xìn xī fù gài) - ақпаратпен қамту, бұл ақпараттық технологиялар саласындағы термин. Ақпараттың белгілі бір түрін белгілі бір жолмен жұртшылықтың назарына жеткізуді білдіреді; кең мағынада бұл барлық қол жетімді арналар арқылы белгілі бір уақыт аралығында жұртшылықты ақпаратпен қамтамасыз етуді білдіреді.

Қытай тілінде сөздердің орын тәртібінің мәні ерекше рөл ойнайды: 1) қытай тілінде орын тәртібін тұрақтану арқылы байланысқан сөз тіркестері құрамындағы сөздердің орнын ауыстырса, олардан туындайтын грамматикалық қатынастар мен грамматикалық мағыналар бүтіндей өзгеріп кетеді. Мысалы, құрылыс саласына қатысты терминдерді аударғанда бұл тіркестегі екі сөздің орынын өзара ауыстырсақ, 设计图纸 (shè jì tú zhǐ) – жоба құжаттамасы бастауыш болса, ал 图纸设计 (tú zhǐ shè jì) – жобалау баяндауыш қызметінде жұмсалады. 2) Қытай тілінде «сөйлемдегі зат есім немесе есімдіктен жасалған бастауыш пен толықтауыштың орнын ауыстырса, бүтіндей сөйлемнің мағынасы өзгеріп кетеді. Мысалы, 他相信你 (ta xiāng xìn nǐ) Ол саған сенеді деген сөйлемнің құрамындағы 他 (ол) сөзі – бастауыш, 你相信他 (nǐ xiāng xìn ta) Сен оған сенесің деген сөйлемнің

құрамындағы 他 (ол) сөзі толықтауыш мүше болып тұр. Мұның себебі – қытай тілінде зат есім мен есімдіктерді түрлендіретін формалар, яғни септік жалғауларының болмауынан болса керек. Сондықтан қытай тілінде орын тәртібінің маңызы ерекше. Ал қазақ тілінде Ол саған сенеді деген сөйлемді Саған ол сенеді деп орнын ауыстыруға болады, Сен оған сенесің деген сөйлемді Оған сен сенесің деп орнын ауыстырғанмен мағынаға айтарлықтай нұқсан келмейді. Қазақ тілінде сөздердің орын тәртібі жылжымалы сипатқа ие болғанымен, сөздердің орын тәртібі барлық жағдайда өзгере бермейді. Қазақ тілінде жалғаулықсыз орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан сөз тіркесінің байланысы берік болады» [7, 62]. Терминдердің құрылымдық түрлеріне негізінен, қазақ тіліндегі сөз бен сөз тіркесі деңгейіндегі сөз қоры жатады. Терминжасам тәсілінде терминологиялық материалды сөз немесе сөз тіркестері ережелеріне сәйкес құрастыру өте маңызды. Терминжасам тәсілдері морфологиялық, синтаксистік, морфология-синтаксистік және т.б. түрлерге бөлінеді. Жалпы классификацияға сәйкес, қытай тіліндегі терминологиялық құрамның жасалу әдістерін негізінен туынды әдіс (девербация), сөзқосым, қысқартылған (аббревиатура), түрлендіру деп бірнеше топқа бөлуге болады. Бұл арада біз қытай тіліндегі құрылыс саласына қатысты терминдердің девербация, сөзқосым, аббревиатура қатарлы әдістермен жасалу жолдарын және оларды қазақ тіліне аударудағы өзіндік ерекшеліктері мен қағидаларына назар аударып көрмекшіміз.

Бірінші, туынды әдіс (аффиксация, 派生法 pài shēng fǎ) - лингвистикада аффикс термині жаңа сөзжасам немесе грамматикалық форманы өзгерту үшін сөздің түбіріне жалғанатын морфемаларға қатысты қолданылатындықтан туынды әдіс деп атауға болады. Бұл жаңа сөздерді жасау және сөз тіркестерінің ауқымын кеңейту үшін сөздердің негізгі формасына сөзалды қосымша (префикстерді), жұрнақтарды немесе басқа қосымшаларды қосуды қамтиды.

Аффиксация тәсілі түркі тілдерінде, сондай-ақ басқа индоевропа тілдері мен беро-кавказ тілдерінде де қолданылады. Қытай тілінде сөзжасамның негізгі әдісі біріккен сөздер болғанымен, аффиксация әдісінің де өз орны бар. Қытай аффикстерінің саны 100-ден аспайды, оның ішінде жаңадан пайда болған шетелдік префикстер де жатады. Бұл префикстердің көпшілігі бастапқыда еркін морфемалар болған, бірақ жапон тілі сөздерінің немесе аудармалардың әсерінен олар бірте-бірте префикстерге айналған деп болжанады.

Құрылыс саласындағы терминдерді зерттей келе, төмендегідей сөзжасамға қатысатын аффикстарды анықтау қиын емес. Мысалы, «外» (wài) - «шет» немесе «сыртқы» деп түсіндіруге болатын қытай тіліндегі префикс. Ол сыртқы аспектілерді немесе қарым-қатынастарды көрсететін сөздерде қолданылады. 外: 外墙 (wài qiáng) - сыртқы қабырға, 外露混凝土 (wài lù hùn níng tǔ) - экспозицияланған бетон және т.б.

抗, 反 (kàng, fǎn) : Олар «Анти» деген халықаралық терминдік мағынасын сақтай отырып, қазақ тілінде «кері», «төзімді» деген аудармасымен бірнеше мағынаға ие болады. 抗毒素 (kàng dú sù) - антитоксин; 反气旋 (fǎn qì xuán) - антициклон; 抗冻剂 (kàng dòng jì) антифриз; 抗裂 (kàng liè) - жарыққа төзімді.

Қытай тілінде жартылай суффикс 匠 jiàng бір істің шебері, ұста дегенді білдіреді. Мысалы: 瓦匠 wǎ jiàng тас (кірпіш) қалаушы, 木匠 mù jiàng ағаш ұстасы. Оған қатысты терминдерді қазақ тіліне аударғанда, мамандық, кәсіп, бейімділік деген мәнді тудыратын -шы, -ші жұрнақтарымен немесе ұста деген сөзді қосу арқылы аударуға болады.

Терминнің лексикалық мағынасы бар түбір морфемадан жасалған бөлігіне (第 dì, 老 lǎo, 阿 ā; қатарлы аффикстерді (суффикс) қосу арқылы, тағы кейбір түбір сөздерге - 子 zǐ, 儿 er, 头 tóu) қатарлы жұрнақтарды қосу арқылы жаңа терминдер жасалады. Құрылысқа қатысты терминдерді зерттеп-зерделеу барысында осы әдісті қолдану арқылы жасалған қытай тіліндегі терминдердің мысалдары өте аз кездесетіндіктен, бұл аффикстердің термин жасау өнімділігінің әлсіздігін бірден байқай аламыз. Мысалы, 转子 zhuàn zǐ ротор; 刷子 shuā zi шетка; 定子 dìng zǐ статор.

Суффикстер сөздің мағынасын өзгертіп қана қоймай, оның сөйлемдегі грамматикалық қызметін де өзгертеді. Қытай тілінде суффикстер префикстерге қарағанда жиі кездеседі, олардың көпшілігі жалпы есімдер болып келіп, оның ішінде адам табиғатын білдіретін жұрнақтардың үлесі айтарлықтай көп. Сондай жұрнақтардың бірі - 化 (huà) қандай да бір зат немесе құбылыстың басқа бір күйге айналу үдерісін немесе нәтижесін білдіру үшін қолданылады. Бұл ағылшын тіліндегі-ization жұрнағы орыс тіліне -изация жұрнағымен аударылса, қазақ тілінде орыс тіліндегі нұсқасы сол күйінде қабылданады (-изация) және орыс тіліндегі нұсқасына - деу - дау - леу, - лау - ландыру, - тану, - тендіру жұрнағымен салыстыруға болады. Мысалы: ->化» (huà): 规划化 (guī huà huà) - жоспарлау; 智能化 (zhì néng huà) - автоматтандыру, интеллектуалдандыру; 标准化 (biāo zhǔn huà) – стандартизация; 绿化 (lǜ huà) – жасылдандыру.

Қытай тіліндегі бұл текті термин жасам әдісінен терминдік жүйелердің жасалуына байланысты «маңызды морфемалардың» көмекшіге айналу үдерісі күшейіп, соған сәйкес олардың қызметі де өзгеретіндігін байқауға болады. Мысалы:

- 器 qì (құрал, аппарат) жұрнағы машина жасау саласында термин жасауда ең өнімді аффикстердің бірі: 节温器 jié wēn qì - термостат; 冷却器 lěng què qì - салқындатқыш; 滤清器 lǜ qīng qì - сүзгі; 减振器 jiǎn zhèn qì - амортизатор; 控制器 kòng zhì qì - манипулятор; 离合器 lí hé qì - ілінісу; 喷油器 pēn yóu qì - отын инжекторы; 燃油分配器 rán yóu fēn pèi qì - отын таратқышы; 混合器 hùn hé qì - араластырғыш; 增压器 zēng yā qì - турбокомпрессор; 消声器 xiāo shēng qì - дыбыс өшіргіш.

- 机 jī жұрнағы (механизм, машина, аппарат): 吊机 diào jī - көтеру механизмі; 发动机 fā dòng jī - қозғалтқышы; 增压机 zēng yā jī - турбокомпрессор; 空压机 kōng yā jī - ауа компрессоры; 减速机 jiǎn sù jī - редуктор; 电机 diàn jī - қозғалтқыш; 空压机 kōng yā jī - ауа компрессоры.

- 塞 sāi жұрнағы (кептеліс, блок, тығын): 活塞 huó sāi - поршень; 柱塞 zhù sāi - тығын; 通气塞 tōng qì sāi - желдету люкі; 火花塞 huǒ huā sāi - оталдыру шамы.

«Қытай тіліндегі механикалық аспаптарды, заттарды атағанда жиі келетін суффикстар: 《机, 具, 品, 器, 体, 头, 子, 料》 қазақ тілінде «- тық - тік, - мақ - меқ, - қыш – гіш - кіш, - ғы, - м» болады. Мысалы: 纺织器 (өрмек), 过滤器 (сүзгіш), 滋养品 (азықтық), 钻孔机 (тескіш), 尸体 (өлік), 斧头 (балта), 钻子 (бұрғы), 饲料 (жем), 卡子 (қысқыш)» [8, 11].

Екінші, сөзқосым әдісі (合成法 hé chéng fǎ): Қазіргі қытай тіліндегі маңызды терминологиялық сөзжасам әдіс сөзқосым әдісі екендігі қазіргі заман қытай тілінің ғылым-техникаға қатысты жаңадан пайда болған терминдердердің құрылымдық жүйесінен анық байқалады. Бұл әдіс қазақ тіліндеде қолданатын әдіс екені белгілі. Н.Оралбайдың «Қазақ тілінің сөзжасамы» еңбегінде сөзжасамның 3 тәсілін көрсетеді: 1) синтетикалық (морфологиялық), 2) аналитикалық (синтаксистік), 3) лексика-семантикалық. Осылардың арасында аналитикалық тәсіл өз ішінде :1) сөзқосым, 2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту болып бөлінеді. Сөзқосым – бұл тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер біріккен (кіріккен) сөздер деп аталады. Ғылымда термин жасауда да біріккен сөздерден жасалған терминдер молынан кездеседі. Қытай тілінде де біріккен сөздер әдісі сөзжасамның негізгі әдісі болып келеді. 合成法 hé chéng fǎ - қытай тіл біліміндегі екі немесе одан да көп тәуелсіз сөздерді немесе морфемаларды біріктіру арқылы жаңа сөздер немесе терминдер жасау әдісі. Бұл әдіс тұтас сөздерді біріктіруді немесе бірегей мағынасы бар жаңа термин жасау үшін морфемаларды пайдаланады. Ол көбінесе жаңа ұғымдарды, құбылыстарды немесе технология саласындағы тың табыстар атауын сипаттау үшін қолданылады. Төменде осы әдіс арқылы жасалған құрылыс саласына қатысты терминдерінің жасалу жолдары мен олардың қазақ тілінде аударылуына қатысты кестеленген мысалдарға назар аударып көрейік.



| Қытай тілінде            | Жасалу жолдарына түсіндірме                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Қазақ тілінде                     |
|--------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------|
| 隔音墙<br>(gēyīnqiáng)      | 隔 (gé): «өткізбеу, оқшаулау» немесе «бөлу» дегенді білдіретін предлог. 音 (yīn): «дыбыс» дегенді білдіретін зат есім. Олар бірігіп, «дыбыс өткізбеу» деген сөз тіркесін құрайды. 墙 (qiáng): «қабырға» дегенді білдіретін зат есім.                                                                                                                                                              | Дыбыс өткізбейтін қабырға         |
| 耐火材料<br>(nàihuǒcáiliào)  | 耐 (nài): сын есім «тұрақты» немесе «берік» дегенді білдіреді. 火 (huǒ): «от» немесе «жалын» дегенді білдіретін зат есім. Олар бірігіп, «отқа төзімді» немесе «отқа шыдамды» деген сөз тіркесін құрайды. 材 (cái): бұл контексте «материал» дегенді білдіретін зат есім. 料 (liào): «материалды» білдіретін жұрнақ. Бұл компонент «материалды» немесе «құрамдас затты» көрсетеді.                  | Отқа төзімді материал             |
| 消防设备<br>(xiāofángshèbèi) | 消防 (xiāofáng): «消» (xiāo) «сіңіру» немесе «жою» дегенді білдіреді. «防» (fáng) «алдын алу» немесе «қорғау» дегенді білдіреді. Өрт сөндіру контекстінде «消防» өрттің алдын алу және сөндіру бойынша әрекеттер мен шараларды білдіреді. «设备» (shèbèi) «жабдық» немесе «техникалық қондырғы» дегенді білдіреді.                                                                                     | Өрт сөндіру қондырғысы            |
| 照明设备<br>(zhàomíngshèbèi) | «照明» (zhàomíng) – жарықтандыру. «设备» (shèbèi) құрал-жабдық дегенді білдіреді. Бұл термин әдетте бөлмеде жасанды жарықтандыруды жасауға және қолдауға арналған электр жабдықтары контекстінде қолданылады.                                                                                                                                                                                      | Жарықтандыру жабдықтары           |
| 排水系统<br>(páishuǐxìtǒng)  | 排水 (páishuǐ): Бұл терминді сөзбе-сөз аударғанда «суды кетіру» немесе «дренаж» дегенді білдіреді. Ол жер бетінен немесе ғимараттан суды ағызу үдерісін сипаттайды. 系统 (xìtǒng): Бұл сөз «жүйе» деп аударылады және белгілі бір мақсатқа жету үшін бірге жұмыс істейтін өзара байланысты элементтердің немесе үдерістердің ұйымдастырылған жиынтығын білдіреді.                                  | Дренаж жүйесі, канализация жүйесі |
| 砌砖工艺<br>(qìzhuāngōngyì)  | 砌砖 (qì zhuān): «砌» (qì) – қалау, төсеу. «砖» (zhuān) – кірпіш. 工艺 (gōngyì): «工» (gōng) – жұмыс, үдеріс. «艺» (yì) – Өнер, технология. «砌砖工艺» құрылыс кезінде кірпіш төсеу әдісін немесе технологиясын білдіреді. Бұл термин материалдарды таңдау және дайындау, төсеу әдістері, кірпіштен берік және эстетикалық қабырға жасауға байланысты процестер сияқты әртүрлі аспектілерді қамтуы мүмкін. | Кірпіш қалау технологиясы         |

Біз жоғарыдағы мысалдардан Қытай тіліндегі сөзбіріктіру арқылы жасалған терминдерді қазақ тіліне аудару барысында, қазақ тілінің терминдері тіркесім арқылы жасалатындығын байқай аламыз. Терминдердің негізгі қызметі - зат және құбылыстардың ғылыми сипаттағы түпкі мәндік ұғымының нақты мазмұнын оны қолданушыларға жеткізу екені белгілі. Терминдерге қойылатын негізгі талап - мағына дәлдігі және бір мағыналылығы екендігін басты орынға қоятын болсақ, сөзбіріктіру сынды «бұл тәсіл сөзжасамның синтаксистік, яғни аналитикалық тәсіліне келсек, бұлардың да терминжасамға тигізер септігі мол. Бұл — екі немесе одан да көп сөздердің біріктірілуі арқылы жасалатын тәсіл. Термин жасаудың бұл тәсілі термин біріктірумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге ол сөздердің немесе терминдердің тіркесімі арқылы да жасала береді. Қазіргі қазақ тілінің терминжасам процесі көрсеткеніндей мұның екі түрі де морфологиялық тәсілден кейінгі



орында тұратын тәрізді. Бұл арқылы кілең күрделі тіркестер жасалады. Мынадай басты-басты модельдерді іштей жіктеп көрсетуге болады. Біріншіден термин құрайтын екі компоненттің екеуі де бір-біріне тәуелсіз тең мағыналы төл түбірлер болып келуі мүмкін: көз-қарас (мировоззрение), үш-бұрыш (треуголь-ник), өнер-кәсіп (промышленность), еңбек-ақы (труд-день), қол-таңба (автограф), өмір-баян (автобиогра-фия), қол-өнер (ремесло), немесе біріктірілетін сөздің бірі туынды түбір болып, яғни әлгі лексикалық единицалардың жасалуына морфологиялық амалдар қатысуы арқылы да жасалуы ықтимал. Мысалы: сенім хат, көзқарас, өнертапқыш, қос өкіметтілік, онкүндік, бесжылдық, атқосшы, тарихтану т. б. бұны бір жағынан морфоло-синтаксистік біртұтас тәсіл ретінде қарауға итермелейді. Төл түбір мен кірме сөздердің бірігуінен жасалған модель де осы қатарда қарастырылуға тиіс (кино- жарнама, кинотаным, т. т.). Бұл ретте кейін күрделі термин жасауға септігі тиген байырғы қос сөздер қатары есте болуға тиіс. Мәселен, орақ-балға, тәлім-тәрбие, үгіт-насихат, қоғамдық-саяси, оқу-ағарту тәрізділер осы ретпен келіп қосылған терминдер. Яғни тілдің термин жасаудағы бұл мүмкіншілігін де сарқа пайдалануға болады деген сөз. Тіпті керек десеңіз қосарлы қалпында тұтас қабылданған марксизм-ленинизм, философиялық-методологиялық, саяси-экономика тәрізді күрделі сөздер де термин жасамның бір түрі есебінде әңгімеленуге хақы бар. Осы типтес күрделі сөздер қатары қазіргі тіл қолданысымызда жиірек кездеседі» [9, 173]. Бұл түрдегі сөзжасам үдерісінің негізгі теориялық тетігі қытай тіліндегі сөзжасам ережелерінен алшақ кете қоймайтындығы белгілі. Алайда теориялық тетіктері жақын екен деп, практикалық жақта қытай тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аудару барысында әрбір қытай иероглифінің мән-мағынасына немқұрайлы қарауға болмайды.

Үшінші, қысқарту әдісі (缩略法 suō lüè fǎ). Бұл әдіс ұзын сөздерді, сөз тіркестерін немесе терминдерді қысқа әрі қолдануға ыңғайлы ету үшін қолданылады. Қытай терминдерінің негізгі аббревиатура жасау әдістері 提字 (母) 缩略法 (tízì (mǔ) suōlüè fǎ) және «合字 (母) 缩略法» (hézì (mǔ) suōlüè fǎ) болып екіге бөлінеді.

提字 (母) 缩略法 (tízì (mǔ) suō lüè fǎ) – сөз тіркесі деңгейіндегі терминдерден кілт сөздерді таңдау арқылы қысқарту және жаңа терминдерді құру әдісін білдіреді. Қытай иероглифтері өз алдына жеке мағына бере алады және олардың көпшілігін өзгертуге, қысқартуға немесе бөлуге болады, сондықтан олар қысқартуға қолайлы келеді. Морфологиялық құрылымның жіктелуі бойынша олар негізінен 7 түрге бөлінеді:

Акроним әдісі – сөз тіркесінің алғашқы әріптерінен, бастапқы дыбыстарынан құрылған қысқарма сөздер. Қазақ тілінде әріптер қысқартылса, ал қытай тілінде иероглифтер қысқартылады. Мысалы:

1) 科学技术 (kē xué jì shù) ғылым және технология → 科技、建筑材料 jiàn zhù cái liào құрылыс материалдары → 建材、安全检查 an quán jiǎn chá қауіпсіздікті тексеру → 安检、预算估算 yù suàn gū suàn бюджет сметасы → 预估;

2) Екі сөзден құралған терминнің бірінші және соңғы сөздерін біріктіру арқылы қысқарту, мысалы: 管道安装 guǎn dào ān zhuāng құбырларды орнату → 管装、室内装修 → 室修、管道工程 guǎn dào ān zhuāng сантехника → 管程、机器翻译 jī qì fān yì машиналық аударма → 机译;

3) Бірінші және соңғы сөзді олардың екі сөзден тұратын терминдерден алу арқылы жасалуы, мысалы: 摆脱贫困 bǎi tuō pín kùn → 脱贫、确定编制 què dìng biān zhì штаттарды бекіту → 定编;

4) Екі иероглифтен тұратын терминдерде біріккен екі сөздің соңғы сөздерін қалдыру арқылы қысқарту, мысалы: 录音录像 lù yīn lù xiàng аудио және бейне жазу → 音像、教师学生 jiào shī xué shēng оқытушы мен оқушы → 师生;

5) Бір немесе күрделі иероглифтерден тұратын терминдерде бірінші сөзді бөліп шығару, мысалы: 减少排放量 jiǎn shǎo pái fàng liàng → 减排、世界博览会 shì jiè bó lǎn huì Дүниежүзілік жәрмеңке → 世博;

6) Екі иероглифтен тұратын сөздің бірінші иероглифін және үш иероглифтен тұратын сөздің соңғы иероглифін қалдыру арқылы қысқарту, мысалы: 微型计算机 wēi xíng jì suàn jī микрокомпьютер → 微机;

7) Қытай Гуанчжоу импорт және экспорт жәрмеңкесі, Кантон жәрмеңкесі, Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру, Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу және отбасын жоспарлау комиссиясы сияқты екі немесе одан да көп сөздерден құрам тапқан терминдердің екі немесе үш өкілдік сипаттағы сөздерді (иероглифтен) (代表性的字) сақтап қалу арқылы қысқарту: 广州中国进出口商品交易会 guǎng zhōu zhōng guó jìn chū kǒu shāng pǐn jiāo yì huì → 广交会, 加入世界贸易组织 jiā rù shì jiè mào yì zǔ zhī → 入世, 计划生育委员会 jì huà shēng yù wěi yuán huì → 计生委.

Сөздерді біріктіру арқылы қысқарту әдісі, сонымен қатар қосу әдісі деп те аталады (合字 (母) 缩略法 hé zì (mǔ) suō lüè fǎ). Бұл екі немесе үш иероглифтен тұратын параллель терминдердің алғашқы иероглифтерін біріктіру арқылы қысқартып теримен жасауды меңзейді. Қысқартудың бұл әдісі қытай тілінде терминологияны жеңілдету, сөйлемдерді қысқарту, жазу жылдамдығын арттыру үшін кеңінен қолданылады.

Бастапқы бірдей иероглифтерді біріктіру. Біріктіру әдісінің бұл түрі параллель екі сөздің бастапқы әріптерін біріктіріп, жаңа үш иероглифтен тұратын сөз жасайды. Мысалы: 建筑材料质量检测 jiàn zhù cái liào zhì liàng jiǎn cè құрылыс материалдарының сапасын тексеру → 建材质检;

Бірдей аяқталатын сөздерді біріктіру. Біріктіру әдісінің бұл түрі параллель екі сөздің бастапқы әріптерін біріктіріп, жаңа үш иероглифтен құралған сөз жасайды. Мысалы: 中档和高档 zhōng dǎng hé gāo dǎng - орташа және жоғары деңгейлі → 中高档, 企业和事业 qī yè hé shì yè - кәсіпорындар мен мекемелер → 企事业.

**Нәтижелер.** Осылайша терминологиялық сөзжасам саласында қысқарту түрін пайдалану қазіргі қытай тілі терминологиясының даму беталысында өте зор рөл ойнап келе жатқандығы аңғарылады. Ал термин жасаудың бұл әдісі көрнекті тілтанушы ғалым Әбдуали Қайдаровтың «1) қысқартуға тиісті теримен-атаулардың бәрі қазақ тілінің негізінде орыс тілінде қалыптасқан күрделі (біріккен, қосарланған, тіркес түріндегі) терминдер мен атаулардың үлгісі мен модельдері бойынша жасалуы керек; 2) олар күрделі термин мен атаудың құрамындағы әрбір дербес сөздің не алғашқы әріпі, не алғашқы буыны бойынша қысқартылуы керек; 3) алғашқы әріпі мен буыны бойынша қысқартылған термин-атаулар құрамында жеке-дара сөздердің де болуы мүмкін және олар қазақ тілінде оңтайлы айтылуына қарай ықшамдалып алынса да болады; 4) осы принцип бойынша қысқарту объектісіне қысқартудың барлық түрлері (аббревиатуралар) емес, тек атау мен терминдік мәні бар сөздер мен сөз тіркестері ғана жатады; 5) қысқартқан терминдердің айтылу ережелері де айқындалуы керек» [1, 31] - деген осы бірнеше ұсыныс-бағдарламасы бойынша қазақ тіліндегі қысқартып жасалынған терминдердің теориялық негізі қалыптасып үлгергендігі бізге белгілі.

Сөздерді қысқартып термин жасау әдісі ағылшын тілінде де өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін әдіс екендігін төмендегі мына нақтылы мысалдар арқылы анық аңғаруға болады. Сөздерді қысқартып біріктіру барысындағы «біріккен сөздер де күрделі сөздер сияқты екі сөздің бірігуінен жасалады, тек сөздің бірігуі кезінде біріккен сөздердің жартысы алынып тасталады. Мысалы, smoke және frog сөздерінің қосындысынан пайда болған smog, breakfast және lunch сөздерінен шыққан brunch, motor және hotel сөздерінің қосындысы болатын motel, info және commercial сөздерінен құралған infomercial, сондай-ақ urine және analysis сөздерінен пайда болған urinalysis сөздері ағылшын тілінде толықтай лексикалық мәртебеге ие болған біріккен сөздердің мысалы. Podcast (podcasting, podcaster) сөзі iPod және broadcast сөздерінің бірігуінен жасалумен қатар, біраз уақыт бұрын ғана ағылшын тіліне енген, 'internet audio broadcasting', яғни интернет арқылы аудио хабар тарату дегенді білдіреді. Debtpocalypse термині ұлттық қарызы апокалипсис деңгейіне жеткен елдерді сипаттау үшін қолданылады» [10, 354].

Төртінші, Қытай тілінің сөз жасауда қолданылатын тағы бір ерекше әдісі иероглиф пен сандардың қосындысынан жасалған аббревиатуралар қатары екенін ұмытпағанымыз жөн. Аббревиатура ережелерге сәйкес күрделі терминдердің айтылуы мен жазылуын жеңілдету үшін жасалады. Құрылыс саласына қатысты терминдерге келетін болсақ,

қазақ тілінде құрылыс материалдарына қатысты терминдер қысқарту әдісіне көп келе бермейтіндігі анық байқалады. Алаббревиатура негізінде жасалған терминдердің өзіндік ерекшелігі тиімділік қағидатына сәйкес келуі екені де анық.

**Қорытынды.** ISO 1087 стандартында атап көрсеткендей «... термин- ұғымның тілдік (вербалды) белгілемесі» [11]. Тілдегі терминологиялық қор заман өткен сайын толығып отыратыны сөзсіз. «Ғылым мен техниканың үздіксіз даму барысында белгілі бір ғылым саласында жаңа ұғым дүниеге келеді. Ол ұғым сол өзі қатысты болатын ұғымдар жүйесінен тиісті орнын алады. Яғни, ол ұғымның өзіне тән басты белгілері, басқа ұғымдардан ерекшелігі, көлемі айқындалады. Енді ол ұғым термин деңгейіне көтерілуі үшін тілде таңбалануы керек. Сол таңбаланушы ұғымды – терминологияда терминделуші ұғым деп атауға болады. Осы терминделуші ұғымның өз таңбалаушысын (означающее) тауып, тілдік формаға ие болуы, яғни сөзбен белгілену процесі терминделу деп аталып жүр... Сонымен, терминдену дегеніміз - тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғым қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталған ұғымның атауы ретінде оған терминдік мағына жүктеу процесі» [5, 155] екендігін жетік түсіну – термин жасаушы мамандар мен басқа тілде қалыптасып үлгерген терминдерді екінші бір тілге аударып, сол тілдің сөздікқорына сіңіретін аудармашы терминжасаушылардың ауыр міндеті. Ол Өйткені жаңа термин өздігінен аяғы салбырап, көктен түсе қалмайды. Ол бейне шебер ұстаның қолынан шыққан құнды бұйым секілді атадан балаға, баладан ұлы далаға мұра болып қалатын, сөздік қорымыздың баға жетпес жәдігеріне айналады. Біз ол үшін терминология саласы мен тұрақты сөз тіркестерін ұзақ жыл зерттеген көрнекті тіл ғалымы Өмірзақ Айтбайұлының «Қазақ терминологиясының қазіргі жағдайы мен міндеттері» деген мақаласында қазақ терминологиясының негізгі мәселелеріне жан-жақты тоқтала келіп, ұлттық терминдерді жасауға және қалыптастыруға қатысты принциптерге қатаң бағынуымызға тура келеді. «Бірінші принцип: Термин жасау үшін қазақ тілі сөз байлығын барынша сарқа пайдалану қажет. Екінші принцип: Термин жасауда қазақ тілінің сөз байлығы жетпеген кезде туыстас түркі тілдері сөз байлығын сарқа пайдалану. Үшінші принцип: Интернационалды (халықаралық) терминдерді қабылдау мәселесі. Ғалым осы үдерісті үшке бөліп қарайды: 1. Интертерминдердің мағынасын дәл беретін қазақ тілінен балама табу; 2. Оларды сөзбе-сөз аудару, калькалау; 3. Еш икемге келмеген интертерминдердің тұлғасын өзгертіп, қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау. Төртінші принцип: Қысқарған терминдер жасау. Мұнда да негізінен өз лексикалық қорымызды сарқа пайдалана отырып, өзге терминдерді өзіндік етіп алудың жолдары мейлінше баса қарастырылып отыруы керек. Бесінші принцип: Шарттылық. Термин негізінде белгілі бір қалыпқа түсіп, соны қатып ұстайтын арнайы лексикалық қабатты құрайтын болғандықтан, шарттылық міндетті түрде болады. Бұған саналы түрде барып отыруға тура келеді. Осы негізгі бес принципті атап көрсете отырып, Ө.Айтбайұлы қосымша екі принцип ұсынады. Алтыншы принцип: Терминдерді жазу. Жетінші принцип: Термин үнемі мемлекет тарапынан қамқорлықта болу» [12, 501].

Термин жасауда негізгі бағыт ретінде басшылыққа алып отырған бұл ұстанымдар қытай тілінен қазақ тіліне аударылатын терминдердің аударылу барысындағы қиындықтар мен түйткіл түйіндердің басынан да өтентіндігі сөзсіз. Қытай тіліндегі терминдердің жасалу жолдары мен аударылуы және аталмыш ғылыми еңбекте мысал ретінде қарастырылып отырған құрылыс терминдерін сарапқа салып, зерттеу барысында туынды терминдер мен сөзқосу және қысқару арқылы жасалған терминдер қытай тілінде жиі кездесетіндігі анық байқалып отыр. Жалпы салалық терминдердің, атап айтқанда, оның ішіндегі құрылыс саласына қатысты терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аударғанда ең алдымен түпнұсқалық терминнің мән-мағынасын дұрыс әрі жан-жақты түсіну өте маңызды екендігі бірден көзге түседі. Өйткені басқа тілдегі терминдерді қазақ тіліне «аудару барысында сөз мағынасын түсініп, ұғымның мазмұны мен көлемін ажырата білмеуден туындайтын орашалақ аударма атаулар да термин шығармашылығында орын алып жүрген

кемшіліктер қатарына кіреді. Мысалы, мына төмендегі атауларды солардың қатарына қосуға болады: Грибковые заболевания - саңырауқұлақ аурулары, (бопа аурулары), дочерные предприятия - қыз кәсіпорындар, цельное молоко - мақсатты сүт, рукопашный бой - қоян-қолтық ұрыс, подзаконный акт - заң асты актісі, генерал-майор - қыран, капитан - қаршыға, смертность - өлімпаз, насос - алсор т.б. Мұндай сорақы аудармаларды арнаулы салалардың қайсысынан да табуға болады» [13, 173].

Қытай тіліндегі терминдердің жасалу жолдары мен аударылу барысын қытай иероглифтерінің өзіне көп мағына жүктей алатын ерекшеліктері мен сөжасамдағы құбылмалылығы әр саладағы терминдік бөлшектерді түбегейлі, дұрыс түсіндіруге кедергі келтіретіндігі сөзсіз. Осы бір қиындықтардан бөтелмей өту үшін өзіне күрделі де көп мағына жүктеген қытай тілінен аударуға тиісті әрбір иероглифтерінің дүниеге келу тарихы мен дәуірлік өзгерістері және көз алдыдағы практикалық тәжірибеде қолданылу жақтарына баса назар аударуға тура келеді. Өйтпегенде сол бір иероглифтерден құрам тапқан терминдерді термин аударушы өзі ғана білетін мағынасымен түспалдап, төтеден-төте, баспа-бас аударсалады. Сөйтіп олардың қытай тілі контекстіндегі компоненттік рөлі мен маңызын түсініп-біле алмай, салалық терминдерді аудару барысында өте көп ағаттықтарға жол береді. Өйткені «термин - арнайы ұғымдарды дәл айту және арнайы заттарды дәл білдіру үшін жасалған немесе басқа тілден ауысқан арнайы тілдің сөзі немесе сөз тіркесі. Терминнің сөзден айрықша басты ерекшелігі - олар белгілі бір терминологиялық жүйенің мүшелері болып табылады» [14, 45]. Сондықтан Қытай тіліндегі терминдердің жасалу жолдарын зерттеп-зерделеу арқылы, қытай тіліндегі салалық терминдер топтамасын қытай тілінен қазақ тіліне аударылу барысында құрылымы күрделі, түсінуге ауыр, қазақ тіліне аударуға қиын терминдер қашанда алдымыздан шығып отыратындығы анық.

Қорытып келгенде, «ұзақ жылдар бойы ізденіс нәтижесінде бізде термин жасау принципі орнықты. Ендігі міндет оны жақсарту, жетілдіру, оған деген жауаптылықты арттыру; ғылымның жеке саласында ара-кідік кездесіп қалатын термин алалығын ретке салу. Тиісті ресми орындардың мұқият қарап, бекітуімен қабылданған терминдерді қатаң сақтау болмақ. Бір мысал: тілімізде шылау сөздің үш түрі барлығы аян; оның бірі жалғаулық, екіншісі демеулік, үшіншісі бірде демеу, бірде септеулік деп аталып жүр. Демеу, демеулік дегендер, затында, түбірлес сөздер; тәжірибеде оларды шатастыру, бірін екіншісімен алмастыру жиі ұшырайды; бұл оқушының білімін бағалауға да нұқсан келтіреді» [15, 114] демекші Қытай тіліндегі терминдердің жасалу жолдарын мұқият зерттеп-зерделеу арқылы, Қытай тіліндегі салалық терминдердің қазақ тіліне дұрыс аударылуын теориялық және практикалық негізде үнемі қадағалап отыруға тура келеді. Оның үстіне Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, 2022 жылы Қытай Халық Республикасы экспорт (15,6%) және импорт (21,9%) бойынша Қазақстанның сыртқы сауда балансында маңыздылығы бойынша екінші орында тұрды. 2022 жылғы мәлімет бойынша, Қазақстанда ұлттық экономиканың түрлі салаларында Қытай инвестициясының қатысуымен іске қосылған 3300 кәсіпорын бар екендігін ескере отырып, елімізде қазіргі кезде қытай тіліне деген сұраныс пен қажеттіліктің артып отырғандығын, нақтылап айтқанда, еліміздің еңбек нарығы қазақ-қытай тілдерін жетік меңгерген аудармашылар мен қытай тілі мамандарына иек артуға бейім болып отырған бұл сәтте аталмыш мамандарды даярлау үшін қажетті алғышарттардың бірі ретінде екі тілдің тілдік ерекшеліктерін салғастыра-салыстыра зерттеп көрсете білетін ғылыми еңбектер мен салалық терминдер сөздігіне өте мұқтаж болып отыр. Осы олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында қытай тілінің салалық терминдерін қазақ тіліне сауатты түрде аударатын болсақ, екі тілдің бір-бірімен ауызекі және жазба тілде кедергісіз түсінісуіне және қазақ тілінің сөздік қорын байыта түсуге болады. Өйткені сауатты да сапалы аударма - терминжасау тәсілдерінің бірі ретінде бағаланып келе жатқандығы шындық.



## Әдебиеттер

1. Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: Ғылым, 1990. – 216 б.
2. Әлісжанов С. Қазақ терминологиясы: теория және тәжірибе. Оқу құралы. – Астана: 1С-Сервис, 2005. – 112 б.
3. 现代汉语词典. (修订本). 中国社会科学语言研究所编辑室编. – 北京: 商务印书馆, 2000. – 1724 页.
4. Утемғалиева Н.А. Білім беру дискурсындағы қазіргі академиялық терминология: семантикалануы және бейімделуі (Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация). – Алматы, 2023. – 155 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: Педагогика-Пресс, 2009. – 224 б.
6. Найман С. және басқалар. Ханзуша-қазақша сөздік. – Үрімжі: Шыңжаң, 1981. – 1550 б.
7. Қалибекұлы Т. Қазіргі қытай және қазақ тілдеріндегі сөз тіркесінің құрылымдық түрлері /Монография. – Алматы: Полилингва, 2021. – 172 б.
8. Абдырақын Н. Базалық шығыс тілі: Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. –Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 291 б.
9. Айтбайұлы Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
10. Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе, 10-басылым, Халықаралық басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 608 б.
11. 16. Saiz-Jimenez C. Special Issue on Interdisciplinary Researches for Cultural Heritage Conservation// Appl. Sci. – 2023. – №13(3), 1824. DOI: <https://doi.org/10.3390/app13031824>.
12. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.
13. Шерубай Құрманбайұлы. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
14. Глушко М.М. Функциональный стиль общественного языка и методы его исследования. / М.М. Глушко. – М.: МГУ, 2004. – 198 с.
15. Жұмағали Шәкенов. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 б.

**Н.Қ. КЕНЖЕХАНОВА, Б. ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ**

Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан

**Ж.А. АГАБЕКОВА**

Назарбаев университет, Астана, Казахстан

## **ТЕРМИНООБРАЗОВАНИЕ И СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА В МНОГОЯЗЫЧНОЙ АКАДЕМИЧЕСКОЙ СРЕДЕ: НА МАТЕРИАЛЕ КИТАЙСКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОВ**

**Аннотация.** КНР, как один из ближайших соседей Казахстана, с момента обретения нашей страной независимости оказывает заметное влияние на материальную и духовную жизнь общества, на культурные связи, процессы экономического развития и на последовательное повышение благосостояния. Растет спрос на китайский язык в связи с расширяющимся присутствием китайских товаров, созданием совместных предприятий с китайскими предпринимателями и их значительной ролью на рынке труда. В этих условиях поток товаров, поступающих с китайского рынка, деятельность торговых площадок и совместных предприятий порождают практическую потребность в переводе большого количества терминов с китайского языка на казахский. В данной научной работе рассматриваются особенности словообразования терминов в китайском языке, а также подходы к их переводу на казахский язык на основе конкретных примеров. Также сравниваются словообразовательные модели китайского и казахского языков: на практическом материале выявляются их различия и



обсуждаются наиболее эффективные способы перевода китайских терминов на казахский язык. Особое внимание уделено отраслевой терминологии: анализируются способы образования ряда строительных терминов на китайском языке и особенности их перевода на казахский язык. Ценность работы заключается в том, что она помогает глубже понять механизмы образования, структуры и развития терминов на китайском языке на практическом материале и одновременно служит теоретическим и практическим ориентиром при выборе стратегий их перевода на казахский язык.

**Ключевые слова.** терминология, терминоведение, китайский язык, казахский язык, словообразование, принципы создания терминов, перевод терминов, строительные термины.

N.K. KENZHEKHANOVA, B. ZHYLKYBEKULY

Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

ZH.A. AGABEKOVA

Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

### TERMINOLOGY FORMATION AND TRANSLATION STRATEGIES IN A MULTILINGUAL ACADEMIC ENVIRONMENT: BASED ON CHINESE AND KAZAKH LANGUAGES

**Annotation.** Since Kazakhstan's independence, the People's Republic of China, one of Kazakhstan's closest neighbours, has significantly impacted the country's material and spiritual life, cultural ties, economic development, and overall welfare. Under market conditions, Chinese goods have become widespread, and joint ventures with Chinese partners have expanded, increasing demand for Chinese language proficiency. As a result, the growth of imports, joint production, and trade has created a need for translating a substantial number of Chinese terms into Kazakh. This study therefore examines how terms are formed in Chinese and explores approaches to translating them into Kazakh through concrete examples. It analyzes arguments and conclusions in the terminology literature and provides explanatory commentary. The work also compares the word-formation systems of the Chinese and the Kazakh languages and, drawing on practical data, identifies key differences and discusses effective methods for rendering Chinese terms in Kazakh. Special attention is given to domain-specific vocabulary, particularly the formation of construction-related terms in Chinese and their translation into Kazakh. The value of this work lies in offering readers a clearer understanding of the formation, structure, and development of Chinese terminology based on practical material. It also serves as both a theoretical and practical guide for translating terms into Kazakh.

**Keywords.** terminology, terminography, Chinese language, Kazakh language, word formation, principles of term creation, term translation, construction terminology.

### References

1. Terminder және olardyñ audarmalary. – Almaty: Čylym, 1990. – 216 b.
2. Älisjanov S. Qazaq terminologiasy: teoria және täjiribe. Oqu qūraly. – Astana: 1S- Servis, 2005. – 112 b.
3. 现代汉语词典. (修订本). 中国社会科学语言研究所编辑室编. – 北京: 商务印书馆, 2000. – 1724 页.
4. Utemgalieva N.A. Bılım beru diskursyndağy qazırgı akademialyq terminologia: semantikalanyq және beımdelıu (Filosofia doktory (PhD) дәrejesın alu üşın дайындалған дисертация). – Almaty, 2023. – 155 b.
5. Qūrmanbaiūly Ş. Termintanuşy qūraly. Sözdık-oqulyq. – Astana: Pedagogika-Pres, 2009. – 224 b.
6. Naiman S. және basqalar. Hanzuşa-qazaqşa sözdık. – Ürimji: Şyñjañ, 1981. – 1550 b.
7. Qalibekūly T. Qazırgı qytai және qazaq tilderindeğı söz tırkesınıñ qūrylymdyq türleri / Monografia. – Almaty: Polilingva, 2021. – 172 b.

8. Abdyraqyn N. Bazalyq syǵys tılı: Qazırgı qytai tılınıń gramatikasy. –Almaty: Qazaq universiteti, 2010. – 291 b.
9. Aitbaiuly Ö. Qazaq terminologiasynyń damuy men qalyptasuy. – Almaty: Čylym, 1998. – 208 b.
10. Fromkin V., Rodman R., Haiams N. Tıl bılımine kırıspe, 10-basylym, Halyqaralyq basylym. – Almaty: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 608 b.
1116. Saiz-Jimenez C. Special Issue on Interdisciplinary Researches for Cultural Heritage Conservation// Appl. Sci. – 2023. – №13(3), 1824. DOI: <https://doi.org/10.3390/app13031824>.
12. Aitbaev Ö. Qazaq tıl bılıminıń мәseleleri. – Almaty: Arys, 2007. – 624 b.
13. Şerubai Qırmanbaiuly. Terminqor qalyptastyru közderi men terminjasam täsilderi (Barlyq sala mamandaryna arналған әдіstemelik qıral). – Almaty: Sözdik-Slovär, 2005. – 240 b.
14. Gluşko M.M. Funkcionälnyi stil obşestvennogo iazyka i metody ego issledovania. / M.M. Gluşko. – M.: MGU, 2004. – 198 s.
15. Jumaǵalı Şäkenov. Qazaq tılındeǵı kürdeli sözder men kürdeli tülǵalar. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 120 b.

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Кенжеханова Нұрбақыт Қашқынбайқызы** – филология ғылымдарының магистрі, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің аға оқытушысы, Көкшетау, Қазақстан.

**Кенжеханова Нурбахыт Кашкинбаевна** – магистр филологических наук, старший преподаватель Кокшетауского университета имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан.

**Kenzhekhanova Nurbakyt Kashkinbaevna** – Master of Philology, Senior Lecturer at Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

**Жылқыбекұлы Бекқожа** – филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің профессоры, Көкшетау, Қазақстан.

**Жылибекулы Беккожа** – кандидат филологических наук, профессор Кокшетауского университета имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, Казахстан.

**Bekkozha Zhylykbekuly** – Candidate of Philological Sciences, Professor at Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan.

**Ағабекова Жазира Ағабекқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, Қазақстан.

**Ағабекова Жазира Ағабековна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Назарбаев Университета, Казахстан.

**Agabekova Zhazira Agabekovna** – Candidate of Philological Science, Associate Professor, Nazarbayev University, Kazakhstan.

К.Б. КУДЕРИНОВА<sup>1</sup>\*Ж.Е. ЕСКЕНДІР<sup>2</sup>А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан<sup>2</sup>(e-mail: [kuderinova\\_70@mail.ru](mailto:kuderinova_70@mail.ru)<sup>1</sup>, [jaras.eskendir.98@mail.ru](mailto:jaras.eskendir.98@mail.ru)<sup>2</sup>)

### \*СӨЗ СТИЛИСТИКАСЫ

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілі стилистикасының зерттеу бағыттары, стилистика түрлері және стиль түрлері қарастырылады.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – сөз стилистикасының өзіндік сипаты, стиль түрлеріне қатысты зерттеулерді қорыта отырып, жаңа пайымдаулар ұсыну.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі қазақ тілінің ауызша және жазбаша түрлерінің жан-жақты қолданысының кеңеюі стилистика түрлерінің ішінде сөз стилистикасын зерттеудің қажеттілігіне саяды. Қазақ тілі стилистикасының зерттеу нысаны әр алуанданып, соған сай зерттеу тәсілдері өзгеріп жатуы, тіпті кейде стилистикалық зерттеулердің назардан тыс қалып бара жатуы бұл салаға баса көңіл бөлуді қажет етеді.

Тақырыпты зерттеу барысында сөз стилистикасының негізі айқындық (фр. *clarté*), табиғилық, жинақылық (ағыл. *precision*) және күрделендірмеу нормаларынан бастау алатыны анықталды.

Зерттеудің материалдық негізін әртүрлі кезеңде жазылған көркем проза мәтіндері, сондай-ақ публицистикалық және ауызша дискурс үлгілері құрайды. Стилметриялық есептеулер, жиілік көрсеткіштері мен сапалық талдауды ұштастыру арқылы жеке авторлардың идиостилін, мәтіндегі тілдік бірліктердің сапалық және сандық параметрлерін сипаттайтын үлгілік схема беріледі. Осымен байланысты сөз стилистикасы мәтінді түсіндірудің, интерпретациялаудың басты тетігі ретінде қарастырылып, мәтін мен дискурс деңгейінде стильдік норманы, нормаға уәжді ауытқуларды ажыратудың өлшемдері нақтыланады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – стиль ұғымы жөніндегі қазақ, орыс, түрік және батыс зерттеулерінде қалыптасқан тұжырымдарды салыстыра отырып, сөз стилистикасын риторикалық дәстүр, мәтін лингвистикасы және функционалды стилистикамен сабақтастыра сипаттайтын кешенді зерттеу ұсынуында. Зерттеу нәтижесінде «сөз стилистикасы» практикалық стилистикамен, сөз мәдениетімен, мәтінді филологиялық талдаумен өзара байланыста түсіндіріліп, қазіргі «мәтіндер тасқыны» жағдайында оқырманға әсер ететін, мәтінді «ығыстырмайтын» сөз саптаудың принциптері айқындалады.

Зерттеудің нәтижесі қазіргі қазақ тілі стилистикасының пән ретінде, тіл білімі және тіл мәдениетінің бір саласы ретінде анықталуына өз үлесін қосады. Жаңа тұжырымдар жасауға көмектеседі.

**Түйін сөздер:** сөз стилистикасы, стиль түрлері, дискурс, лингвостилистика, көркем мәтін.

\* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын ЖТН BR24993133 «Қазақ тілін лингвосинергетикалық, лингвоэкологиялық, лингводидактикалық аспектіде зерттеу және оның оқу мәтіні лингвистикалық негіздерін әзірлеудегі қызметі» жобасы аясында әзірленді.

**Кіріспе.** Қазақ тіл білімінде стилистика пәні М.Балақаев, Е.Жампейісов зерттеулерінде тіл стилистикасы аспектісінде, М.Серғалиев, Н.Уәли зерттеулерінде сөз стилистикасы аспектісінде, Р.Сыздық, Қ.Нұрмұқанов зерттеулерінде көркем мәтін лингвостилистикасы аспектісінде зерттелді. Және стилистика стильдік уәжсіз ауытқуларды, қате стильдік қолданыстарды және стильдік уәжді ауытқуларды, ерекше стильдік қолданыстарды, автордың идиостилін сөйлем, тіпті сөз тіркесі деңгейінде көрсететін сыншылдық ауқымда көбірек қолға алынды.

Мақсатты (функционалды) стильдерге бөлмей, жалпы сөзді, сөйлеу әрекетін, Л.В. Щербаның [1] терминімен айтқанда, тілдік материалды жасаған тәсілді зерттеу сөз стилистикасын зерттеу болып табылады. Сөз стилистикасының нысаны - мәтін, дискурс.

Мәтінді тұтастықта алып, мәтіннің идеясы мен сюжетін түсіндірумен қатар, көркемдегіш құралдарын да зерттеу мәтін лингвистикасы болып табылса, стилистика жеке сөз, не сөз тіркесі емес, сондай-ақ сөйлем де емес, бүкіл мәтін тұтасымен алына отырып, мәтіннің образдылығын тану, образдылықты жасап тұрған құралдарды анықтау болып келеді.

Бүгінде көркем мәтінге кешенді талдау // көркем мәтінге лингвистикалық талдау // көркем мәтінге лингвостилистикалық талдау деген пән атаулары бар. Кейде бұл пәндер бір бірінің нысанын, талдау тәсілдерін қайталайды, кейде айырмашылықтары парықталмай жатады.

Біздің ойымызша, көркем мәтінге лингвистикалық талдау – лингвистикалық пәндердің бүкіл циклін аяқтайтын курс. Бұл бұрын алған білімдерін жүйелеуге және ол білімдер жүйесін сөзге, мәтінге баға беруде қолдана білуді үйрететін пән.

Мәтінді талдау дегеніміз – мәтінді түсіну.


Көркем мәтінді түсінудің 3 деңгейі бар: бірінші деңгейде эксплициттік мазмұн, яғни кез келген сауаты бар оқырман түсіне алатын мазмұн, екіншісінде – жасырын, яғни тікелей ашылып берілмеген, бірақ мәнмәтіннің астарында жатқан мазмұн, субмәтін, үшіншісінде – эстетикалық, сезім көркемдігіне апаратын мазмұн.

Мәтінді осылай тану үшін мәтінді құрайтын барлық бірліктерге назар аударылады және мәтінді ерекше жеткізуге көмектесіп тұрған бірліктер назарға ілігеді. Бұл бірліктер өзара үйлескен жүйені құрайтын болып шығады. Олар екі топқа бөлінеді: тілдік бірліктің сапасы және олардың саны мен жиілігі.

Тілдік бірліктің сапасы дегенде сөздің парадигматикалық қатынастағы қолданысын түсінеміз. Сөз өз мағынасында, не ауыспалы мағынада, не стильдік бояулы реңкте қолданылуы мүмкін немесе көнерген сөз, не жаңа сөз, не авторлық қолданыс болуы мүмкін. Ал сандық сапа дегеніміз сөздің синтагматикалық қолданысы, сөздердің қайталануы немесе мағынасының қайталануы, лексикалық түрде немесе грамматикалық түрде қайталануы, бұл тілдің барлық деңгейін қамтиды. Фонетика мен лексикологияда дыбыстық қайталамалар, синоним, антоним омонимдердің қолданысы, ал морфологияда белгілі бір сөз табының қайталануы, болмаса формалар мен морфемалардың, ал синтаксисте сөйлем құрылымының қайталануы, сөз тіркесі мен сөйлемдердің қайталануы жатады. Мысалы, төменде С.Мұратбеков, Ә.Кекілбайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезовтің алғашқы әңгімелеріндегі фразеологизмдердің және өзіндік ерекше қолданыстардың сипаты мен санына, сонымен бірге қазіргі оқырман үшін мағынасы көмескі сөздер мен қазіргі тіл иелменіне түсініксіз грамматикалық қолданыстардың сипатын санаған кезде ең үлкен көрсеткіш Ж. Аймауытұлының шығармасына тән екені көрінді (1-сурет). Мәтінде оқу автоматизмін бұзатын тілдік бірліктер көбіне Жүсіпбек Аймауытұлы шығармаларында жиі қолданылған. Сондықтан хронотопы ерте көркем мәтіндерге лингвистикалық талдау жасауда лингвистикалық комментарий; лингвистикалық түсіндірме жасаудың қажеттілігі барған сайын артатын болады.



Сурет – 1. С.Мұратбеков, Ә.Кекілбаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов шығармаларының салыстырмалы кестесі



**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Сөз стилистикасының зерттеу тәсілдері біршама. Мәтіннің хронотопы мен дәуір тілін, сол дәуірдегі сөздік қорды ескере отырып, талдау, мысалы, шығарманың жазылу тарихы маңызды. Шығарманы жазған уақыттағы автор өміріндегі оқиға, хронотопы шығарманың сапасына әсер етеді. Стилиметриялық талдау (жеке автордың стильдік бірліктерінің сандық өлшемі «стилохронометриялық» талдау) түрлері, статистикалық стилистика, сот лингвистикасы, корпусқа негізделген стилистика түрлері болады. Бұл зерттеу әдістерінің негізі, түптеп келгенде, мәтінді таңба ретінде алып, соның «ғұмырын», «өмірін», «өмір сүрген дағдысын» анықтау мақсатында жасалған сияқты. Яғни сонда заманауи стилистикалық зерттеулер іздестіру, анықтау, көз жеткізу құралы болып шығады.

Г.К. Аюпова мен Қ.Е. Тілеш өздерінің мақаласында стиль категориясын поэтика мен лингвистиканың нысаны етудің мынадай төрт себебін атап өтеді: сөз, сөз тіркесі, мәтін тілдік компонент болуымен қатар, әдеби шығарманың пішіндік көрсеткіштері; екеуін бір мәселе төңірегінде анық сараланбаған және көптеген зерттеушілер аралық межені ұстанбайды; тілдік және әдеби-теориялық зерттеулерде стильге келгенде мақсаттары айқын емес; стилистикалық терминдердің қолданысында бірізділік жоқ [2, 79]. Ал ғалым М.Бурке өз еңбегінде стилистиканы тіл білімі мен әдебиеттанудың зерттеу саласы дей келе, өткеннің риторикасынан, формализмінен, поэтикасынан, функционализмінен және құрылымдықтан әлдеқайда асып түсіп, корпусдық, когнитивтік, сыни, прагматикалық, педагогикалық, мультимодальды, гендерлік және бүгінде нейроғылыми тәсілдерді қамтитынын жеткізеді [3, 2]. Дегенмен бүгінде көркем мәтінге талдау жасауда әдебиет пен тілдің шекарасы ашылып, мәтінді түсінуге қажетті параметрлер араласып, талдана бастады. Алдымен, қатардағы оқырман ретінде шығарма толық оқылады, екінші кезекте филолог, стилист-лингвист ретінде оқып, мәтін параметрлері бойынша лингвостильдік талдау жасалады. Мұндайда, алдымен, мәтіннің тақырыбын табу; негізі ойын анықтау, композициялық ерекшелігін тану; сөйлемдердің байланысу тәсілдері мен құралдарын табу, мәтіннің баяндау типін тану, мәтіннің көркемдеуіш құралдарын табу; автордың ойы мен идеясын берудің тәсілін табу, мәтіндегі құнды, жасырын жатқан ақпаратты, басты идеяны берудегі сюжет желісін талдау, сюжеттің картасы, кейіпкерлер, сюжеттің шарықтау шегін анықтау жұмыстары жүреді. Бұл мәтінді филологиялық талдауға саяды.

Осыдан келіп, стилистикалық талдауға, стилистикаға қатысты анықтамаларды сараптай келгенде мынадай тұжырым шығады: стилистика –

1) мәтінді түсіндіру әдісі, интерпретация болып табылады, бұл кодталған хабарды ашу, автордың «тілін» түсіндіретін, автор тілін оқырман тіліне айналдыратын сала;

2) мәтіндегі формалды белгілерді талдау, олардың көркем мәтін тудырудағы қызметін көрсету; шығарманың грамматикасы, оның жалпы мағынасы мен әсеріне қалай ықпал еткенін зерттейтін сала;

3) автордың идиостилін анықтау, оқырманға эстетикалық реакция тудыратын мәтіннің тілдік ерекшеліктерін анықтау,

4) көркем мәтінді түсінетін стилист тұлға дайындау, көркем мәтінді талдауда тіл білімінің әдістері мен тұжырымдарын пайдаланатын сыни көзқарас тәрбиелеу.

Сондықтан мәтін бойында кездескен көнерген сөздер мен мағынасы түсініксіз сөздер, грамматикалық формалар, автордың ерекше қолданыстарын ашу да осы пәннің міндеті болады.

Түркиядағы стилистиканың теориялық негізіне назар аударған зерттеушілер әдебиет пен тіл білімі арасында көпір салу міндетін стилистикаға беру керек деп, біздің ойымызша, дұрыс пайымдаған. Бұл жағдайда стильдік талдау мақсат емес, әдеби шығарманы түсіну және тілді қолдану құралы болып табылады. Бұдан стилистика мәтіндегі жеке сөздер мен тіркестердің қолданысын, образдылығын ғана айқындау емес, қайталап айтамыз, бүкіл мәтіннің образдылығын айқындау болып шығады. Сондықтан кейінгі зерттеулерде стилистика сөйлем шеңберінен шығып, мәтінге мән беретін болды.

**Талқылау мен бақылау.** Сөз стилистикасын тереңдей түсіну үшін стиль ұғымын анықтай түсу қажет.

Стиль сөзі – жеке адамның өмірлік ұстанымындағы, сондай-ақ, кескіндеме, музыка, әдебиет, сәулет өнерінде, сән, дизайн әлемінде өзіндік ерекшелікті танытатын ұғым, көп мағыналы термин. Осыған байланысты латынның «қадақ немесе жазуға арналған үшкір құрал (қалам)» деген сөзі зергерлік жасау, өте мұқият, талғампаз болу мағынасында пайда болған. Араб тілінде стиль – «üslûb» немесе «üslûbiyat» деп аталады.

Ал лингвистикада Л.В. Щербаның [1] сөйлеу әрекеті ұғымының хабарды барынша тиімді жеткізу тәсілі, ойды жарыққа шығаруда лексикалық, грамматикалық, синтаксистік бірліктерді ұтымды қолдану, ой-пікірін білдіруде өзіндік тәсіл түрінде түсініледі. Егер тіл – адам ойын жеткізу үшін қолданатын құрал болса, стиль – мақсатқа жету үшін сол құралды дұрыс таңдау, сезім мен ойды білдіру тәсілін таңдау болып шығады.

Тілді жоғары деңгейде (advance) білетін элитарлық топ тілтұтынушылары сөзін мақсатқа лайық таңдай алады, діттемін стильмен жеткізе алады, сөзін түрлендіріп бере алады дейміз. Яғни тілді құрал десек, осы құралды да алуан түрлі позицияда, алуан түрлі реңкте қолдана алады. Түрік ғалымы айтқандай, «мазмұн ретінде емес, білдіру тәсілі ретінде бағаланып, бос әшекейден гөрі мағынаға толы сұлулық элементі ретінде қарастырылады» [4, 17]. Бұл тұрғыда ол эстетика мен мағына тоғысқан жерде тұр. Эстетикаға экспрессия әсер етеді. Экспрессия болмаған кезде оны түсіну қиынға соғады және әңгімелесушілер тақырыптан, сөзден және сөйлеушіден алшақтайды дейді ғалым.

Стиль ұғымы ғасырлар бойы әртүрлі өзгерістерге ұшырады. Әртүрлі ұлт ғылымының түсінігіне сай өзгеріп отырды. Мысалы, Түркия ғалымдары стильді жеке категория ретінде қарастыруға болмайды, ол тұтас баяндаудың құрамдас бөлігі болып табылады және баяндауды тұтастыққа қатысты бағалағанда ғана түсінуге болады деді [5, 44]. Және бұл елде стильді статистикалық әдіс арқылы тану біршама нәтижелер берді, сөздегі әріп санын, сөйлемдегі сөз санын, мәтіндегі сын, зат есімнің және етістіктің санын сөз діттеміне байланыстыра зерттеу стиль туралы түсінікті кеңейтіп жатты. Стильдік элементтердің қолдану жиілігін анықтау мәтін талдауға әсер етті. Ол, мысалы, анонимді шығармалардың авторын анықтауда пайдалы болды, өйткені статистикалық талдау автордың жеке стильдік ерекшеліктерін айқындады [6, 876].

Шығыс халықтары әдебиетінде, мысалы, парсы әдебиетінде түркістан стилі, хорасан стилі, түркістан/хорасан стилі деген сияқты түрлері, күрделі, шетелдік образдар, сөздер көбейген стильдер, енді бірде қарапайым, түсінікті жазу сән болған жазу стильдері болған. Бұның бәрі ойды жарыққа шығарудағы өзіндік ерекшелік дегенді білдірді.

Бір кезеңдерде өзіндік стильді іздеуден шаршап, қарапайым ауызекі тілге басымдық берілді. Бұл да өзіндік стиль болды. Түркия ғалымдары жазу стилінде «әдептілік», «дидактикалық проза» және «тарихи проза» деген де стиль түрлерін шығарған. Кейбір әдебиеттерде бұлар «жалпақ проза», «орта проза» және «әдемі проза» деп аталады.

Стиль атауында адамның жеке басының сипаты, өзіндік ерекшелік деген мағына басым болғаннан кейін Буффонның: «стиль – адам» деген сөзі көп ескерілетін болды. Адамдар әртүрлі болатыны сияқты стиль де әртүрлі болады, адамдар сияқты стиль түрлері де көп сияқты.

Бірнеше зерттеу еңбектерімен танысу барысында стиль ұғымының мынадай мағыналары бүгінде жиі айтылатыны байқалды:

1) стиль - адамның өзі (*Le style est l'homme même*) деген. Бұл сөз стиль туралы негізгі түсінікті айқындайды. Осы анықтамадан шығатыны – жеке тұлғаның өзіне тән және қайталанбас ерекшеліктерінің біртіндеген көрінісі, сөйлеуші не автордың темпераменті мен ниеті анықталатын сөз, әр адамның өз ойын білдіруінің ерекше тәсілі, адамның табиғи болмысы; уақыттың өтуімен, автордың болмысының өзгеруімен бірге өзгертін болмысы; жеке баяндау формасы. Бұл адамның жеке сөйлеу мәнері, адамның қандай екенін білгің келсе, сөзін тыңда деген қазақ даналығы, кісіге қарап сөзін алма, сөзіне қарап кісіні ал дегенмен өрнектеледі. Сөз адамның болмысын жасыра алмайды дегенге саяды.

2) «мағынаны дұрыс және анық жеткізу өнері; таңдауға болатын тілдік белгілерді таңдау. Яғни бұл анықтамалардан стильдің екі түрлі мағынада қолданылатынын көруге болады.

Орыс тіл білімінде стиль языка деген, яғни языковой стиль емес, тіл стилі, тілдің сөйлегендегі стилі деген түсінік беретін термин болды. Бұл сөзді талғап қолдану дегенге саяды. М.Серғалиевтің айтуы бойынша, стилистика пәнінің негізгі категориясы осы тіл стилі болып табылады.

Қазіргі дамыған ұлттық тілдердің барлығында сөйлеу тілі және оның бейтарап стилі болады, бейтарап стиль, аты айтып тұрғандай, діттемге, адамның эмоция күйіне қатысы жоқ стиль болады, сондықтан оны тіпті стиль деп атауға да болмайды. Дегенмен бұны нөлдік деңгей десек, кітаби тіл немесе әдеби тілді + (плюс) белгісіне ие, жоғары деңгей, ал үшіншісі қарапайым сөйлеу стилін – (минус) белгісіне алсақ, төменнен жоғарыға қарай, үйренбейтін, оқытылмайтын, адам өзі табиғи түрде меңгеретін стильден үйретілетін, оқытылатын стильге қарай тілдің қолданыс аясы байқалады.

Француз стилистерінің айтуы бойынша, барлық шығармалар негізгі 3 стильде жазылады: қарапайым стиль, мұнда қарапайымдылық, талғампаздық және сезімталдық болады, ортаңғы стиль (фр. *style tempéré*), бұл да ерекше, талғампаз стиль және көтеріңкі стиль (ағыл. *style sublime*), бұл жоғары эмоция мен ойды білдіру, қозғау салу, әсер ету үшін қолданылады.

Стиль – тарихи құбылыс, заманмен, санамен, өмір сүру дағдысымен бірге өзгеріп, дамып отыратын сөз машығы. Бір кезде стильдік ерекшелік болып табылатын сөз енді бір кезеңде қалыпты сөз дағдысы болып қалуы мүмкін немесе бүгінде қалыпты сөз дағдысы болған сөз, ұмытылып барып, бір кезеңде ерекше стильдік қолданысқа айналуы мүмкін. Мысалы, сөз зергері тілші ғалым Нұргелді Уәли 80 жылдары «Сақабай төрені мал сойып, қонақасын беріп аттандыру қамында екен. Ысқақ «мені үйлендіру мәселесі не болды?» деп ешкімнен сұраған жоқ» [7, 79] деген сөйлемдегі «үйлендіру мәселесі не болды?» деген сұрауды көркем әдебиет стиліне жат, сөзге ресмилік берген қате қолданыс деп сынады [8], ал бүгінде осы стильаралық ауысу, яғни ресми стиль элементтерінің көркем әдебиет немесе ауызекі сөйлеу стилінде мақсатты қолданатыны уәжді қолданыс, бұл мысалда юмор үшін алынған тәсіл дейтін болдық.

Сондай-ақ бір кездері «Мереке қарсаңында жасөспірім боксшылардың қалалық біріншілігі өтеді. Соған жатпай – тұрмай дайындалып жатырмыз. Былтыр финалда ұтылып қалғанмын, биыл қайтсем де есе қайтару керек. Жасөспірімдер тобы бойынша бірінші разрядым бар ...(М. Қабанбаев. Бауыр. Әңгіме.) деген сөйлемді ауызекі сөйлеу

тілінен гөрі газет тілін еске түсіреді» [8] десе, бүгінде қазақ ауызекі сөйлеу тілі кітаби тілдің құрылымымен сөйлейтін болып кеткені бәрімізге аян. Яғни ауызекі сөйлеу стилі мен бейтарап сөйлеу стилі және әдеби стильде сөйлеу шекаралары білінбей бара жатқан кезеңде отырмыз.

М.Серғалиев бүгінде біз үйрене алмаған -уда формантының 80 жылдарда жазушылар тілінде қолданыста болғанынан Ғ. Мүсірепов, Ғ. Сланов шығармаларынан мысал келтіріп түсіндіреді [9, 20]. Сондай-ақ «Аэроплан аспанда», «Жеңістің неше алуаны бізде» деген сияқты жарнама, үндеу түріндегі тақырып аттардың БАҚ тіліндегі жаңа стильдік амалдар болғанын айтады. Әдеби тіл нормасы, стиль нормасының тарихы үшін бұндай мысалдар маңызды.

Бұл – жоғарыда сөз болған қазіргі жазармандар тіліндегі грамматикалық, сөзсаптамдық қатенің көп болуына апарған.

Қазіргі жазармандар тіліне жасалған талдау нәтижесіне орай, біз мектепте, ЖОО-да берілетін стилистикалық білімді, талдауды сөз тіркестіру амалына, сөз мағынасын ажыратуға, көркемдеуіш құралдардың қолданысына, синонимдердің стильдік қызметіне жасауымыз керек еді.

Алайда біз өзге мақсат таңдадық. Ойды жарыққа шығару, оқығанды, естігенді баяндап жазу, не айту, сөйлеу әрекеті, сөйлеу дағдысының қалыптасуына байланысты. Сөз коммуникативті-функционалды аспектіге қарағанда сөз стилінің орынды, әсерлі болып шығуы осы сөйлеу тілі машығы бойынша жазудан пайда болатынын байқаймыз.

**Нәтижелер.** Бүгінгі заман – мәтіндер тасқыны заманы. Сөз... сөз... сөз..., айнала сөз, көрінетін, естілетін сөз. Я оқу керек, я тыңдау керек. Мәтіндер көптігі сонша, шығарылып жатқан кітаптардың, газет-журналдардың, әлеуметтік жазбалардың көптігі сонша мәтіндер гигабайттарға сыймай жатыр. Сондықтан мәтіндердің ығыстыратындары бар, ығысатындары бар.

Осыған байланысты мәтінді төмендегідей бағытта талдау керектігі стилистика ғылымының бастау көзінде айтылған еді. Тек бұл ұмытылып бара жатты. Түрік ғалымы А.Чалышқан стилистикаға қатысты француз ғалымдары мен әдебиетшілерінің зерттеулерін қарастыра келе мәтінге мынадай талаптар қойылғанын айтады [10].

Алдымен, мәтінде, сөзде айқындық (фр. *clarté*) қажет. Бұл сөйлеуші мен жазушының айтылған ойды оқушы мен тыңдаушының бірден және еш қиындықсыз түсінуіне жағдай жасау, ойыңызды алдымен өзіңіз анық түсіну – стилистиканың басты ережесі болып табылады. Айқындық болу үшін ойдың логикалық ретпен айтылуы, соған сай табиғи шығуы болады. Логикалық рет дегеніміз – ойдың, соған сай сөздің себеп-салдар қатынаста шығуы.

Екіншісібіріншіденөрбиді: табиғилық– ойдыерекшелепайтамындеп, күрделендірмей, артық қыламын деп, күш жұмсамай, ойлағанындай етіп айту. Жалған кітаби стиль, жалған шешендік көрсетпей, қызыл сөзге әуес болмау, күрделі құрылымдардан аулақ болу, ойды жеткізудің ең жақсы тәсілі – қарапайымдылық екенін білу. Бұл сипатты ерекшеліп айтқан француз әдебиетшілері болды. Ф.С.Фенелон «Сөз ойыңды, ойың шындықты көрсетсін» деген формула береді. Ұзақ уақыт бойы сөзді әдемі шығарамын деп іздену табиғилықтан алыстатады. Жазуға шамадан тыс күш салудың өзі табиғаттың жауы деген. Б.Паскаль: «Табиғи стильді байқағанда, таңданамыз, өйткені біз жазушыны табамыз деп күткен кезде, адамды табамыз» дейді. Автордың темпераменті мен тақырыбының жанрлық, стильдік үндестігі болса да сөз табиғи шығады.

Шынайылық, қарапайымдылықты жаза білген жазушы сұлулықты, таңғаларлық эстетиканы жасайтынын алғаш В.Белинскийден басқа ешкім айтпаған секілді. Ғалым А.С. Пушкиннің де, Л.В. Лермонтовтың да, Грибоедовтың да қаламындағы ерекшелік қарапайым дүниеден әдемілік жасау, сөз, өрнек іздеп қиналмай, қарапайым сурет берулері екенін бірде былай десе: «Разговор Татьяны с нянею - чудо художественного совершенства! Это целая драма, проникнутая глубокою истиною... В словах няни, простых и народных, без тривиальности и пошлости, заключается полная и яркая картина внутренней, домашней



жизни народа, его взгляд на отношение полов, на любовь, на брак». Енді бірде «Тут нет лишнего слова, не только лишней страницы: всё на месте, всё необходимо. Нет ложных чувств, ошибочных образов, натянутого восторга: всё свободно, без усилия, то бурным потоком, то светлым ручьём, излилось на бумагу» деген.

Осылардан келіп, үшінші – жинақылық (ағыл. precision) шығады. Бұл ойды ең қысқа, ең толық және ең әдемі түрде білдіру. Керексіз сөз, сөз тіркестері, ою-өрнектер жоқ сөйлеуді ықшам деп атайды. Қысқа сөзге жету үшін дәл, орынды сөздерді тауып, қолдану керек. Сөздердің өз мағынасында қолданылуы, сөзді дұрыс таңдау аса маңызды. Сөз дұрыс таңдалса, сөйлемдер қысқа бола бастайды, қысқа сөйлемдерде қажетті сөздер ғана орын алады, бұндай сөзсаптам анық, түсінікті болады.

Төртінші - көп мағыналы сөздерге әуес болмау, шеттен алынған сөзді шектен тыс қолданбау, тілді шектен тыс тазартуға тырыспау (purisme), жаңа сөздерді тым көп қолданбау (néologisme), қарабайыр сөздер мен дөрекі, мазмұны пәс сөздерге жол бермеу (ағыл. noblesse), тыңдаушыны, не оқушыны жалықтырмау үшін әртүрлі стильді араластыру (фр. variété), стиль мен сипатталатын оқиғаның арасында сәйкестіктің (фр. convenance) болуы. Сонымен, мұнда ескертілген айқындық (фр. clarté), табиғилық, жинақылық (ағыл. precision) және күрделендірмеу сөз мәдениетінің нормалары ретінде көрінгенмен, сөз стилистикасының нормасы болып табылды. Бұны стилистикаға қатысты бірнеше жылы талдау тәжірибесі көрсетіп отыр.

Ойды жарыққа шығару ежелгі дәуірден, қай халықта болмасын, шығыс әлемінде де, батыс әлемінде де шешендік өнер түрінде пайда болды, дамыды. Және қай ұлттың тілінде болмасын, XIX ғасырда стилистика саласының нысанына айналды. Бұл, біздің ойымызша, жазба тілдің жетілуі мен контентінің баюына байланысты. Сонда сөз стилистикасын риториканың заманауи атауы деуге де болады. Әсер ету, сендіру, қорғау мақсатында мәнерлеп сөйленген сөздер стилистика нысаны болады [10, 10]

**Қорытынды.** Стилистиканың сөз және тіл стилистикасы, лингвостилистика, функционалды стилистика, практикалық стилистика, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік стилистика түрлерінің ішінде сөз стилистикасы – қолданысқа қатысты барлық стилистика түрлерінің басын біріктіретін, негізгі нысаны мәтін мен дискурс болып табылатын, үлкен кеңістікті қарастыратын ауқымды стилистика түрі. Сөз стилистикасының негізгі бірлігі стиль - жеке тұлғаның өзіне тән және қайталанбас ерекшеліктерінің біртіндеген көрінісі, сөйлеуші не автордың темпераменті мен ниеті анықталатын сөз, әр адамның өз ойын білдіруінің ерекше тәсілі, адамның табиғи болмысы; уақыттың өтуімен, автордың болмысының өзгеруімен бірге өзгертін болмысы; жеке баяндау формасы. Бұл сипат жеке адамдар сипатынан жиналып, мәтіннің, дискурстың стилі, жалпы сөз стилі болады.

Осы тұрғыдан алғанда, сөз стилистикасы тілдік бірліктердің тек дұрыс не қате қолданылуын емес, олардың мәтіндегі жиілік, ығысу, нормадан уәжді ауытқу сияқты параметрлерін де қамтитын кешенді талдау өрісін ұсынады. Шығарманың хронотопы, автор өмірбаяны, дәуірлік тілдік норма, көне және түсініксіз бірліктердің мәтіндегі қызметі – барлығы біріге отырып, стильді «тұлғалық құбылыс» және «мәтіндік құбылыс» ретінде қатар сипаттауға мүмкіндік береді. Стилистикалық талдаудың мұндай моделі көркем мәтінді түсінуді тереңдетумен қатар, қазіргі медиамәтіндер, публицистикалық дискурс, оқу және ғылыми мәтіндердің сапасын бағалауда да қолданылуға лайық.

Сөз стилистикасы тілдің көркемдік, экспрессивтік және коммуникативтік мүмкіндіктерін терең зерттейтін маңызды сала болып табылады. Ол сөздердің мағынасы, қолданылу контексті және сөйлеу мәнері арқылы мәтіннің әсерін, эмоционалдық бояуын және стильдік ерекшелігін ашады. Стилистикалық талдау тілдің байлығы мен икемділігін көрсетіп қана қоймай, жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, мәтіннің мазмұндық және форма жағынан үйлесімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, сөз стилистикасы әдебиеттану, тіл білімі және коммуникация салаларында практикалық және теориялық маңызы зор ғылым саласы болып қала береді.

Зерттеу нәтижелері сөз стилистикасын риторика, мәтін лингвистикасы, сөз мәдениеті және практикалық стилистикамен сабақтастыра қарастырудың тиімді екенін көрсетеді. Стилді «адамныңөзі» ретіндетүсіндіру, жекеавторлыққолтаңбаны, мәтінніңобраздылығын, оқырманға әсер ететін айқындық, табиғилық, жинақылық және күрделендірмеу сияқты параметрлерді анықтау – болашақта стилистикалық білім берудің, мәтінмен жұмыс істеу әдістемесінің өзегіне айналуға тиіс. Осылайша сөз стилистикасы қазіргі «мәтіндер тасқыны» жағдайында мәтінді іріктеу, түсіну, бағалау мәдениетін қалыптастыратын, тілдік тұлғаның да, қоғамның да коммуникативтік тәжірибесін реттейтін жетекші ғылыми бағыт ретінде айқындалады.

### Әдебиеттер

1. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л.: Наука, 1974. – 426 с.
2. Аюпова Г.К., Тілеп Қ.Е. Стил құбылысы: лингвистика және поэтика // Bulletin of the Karaganda university. Philology series. – 2022. – Т. 107. – №. 3. – 79 б. DOI: <https://doi.org/10.31489/2022ph3/78-83>
3. Burke M. (ed.). The Routledge handbook of stylistics. T. 711. – London: Routledge, 2014. – 558 p. DOI: <https://doi.org/10.4324/9781315795331>
4. Çoban Ahmet, Edebiyat Üslûp Üzerine (Sözün Tadını Dilde Duymak), 1. b. – Ankara: Akçağ Yayınları, 2004. – 140 p.
5. Yıldız Cemal (1991). Üslûp ve Üslûp İnceleme Metodları, Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi, İstanbul: Marmara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.
6. Aytaç Gürsel. Genel Edebiyat Bilimi. – İstanbul: Say Yayınları, 2009.
7. Исабаев Қ. Серт. – Алматы: Жазушы, 1982. – 79 б.
8. Балақаев М., Әміров Р., Айтбаев Ө. Сөз өнері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
9. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. Алматы: KEMEL KİTAP, 2013. – 201 б.
10. Adem Çalışkan, Üslûp ve Üslûpbilim Üzerine-1: ilk belirlemeler, , The Journal of International Social Research, Cilt: 7 Sayı: 34 Volume: 7. – 2014. URL: [www.sosylarastirmalar.com](http://www.sosylarastirmalar.com)

### К.Б. КУДЕРИНОВА

Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан

### Ж.Е. ЕСКЕНДИР

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

### СТИЛИСТИКА РЕЧИ

**Аннотация.** В статье рассматриваются направления исследований стилистики казахского языка, виды стилистики и типы стиля.

Целью научного исследования является обобщение специфики стилистики речи, представление новых взглядов на изучение видов стиля.

Актуальность исследования обусловлена необходимостью изучения стилистики речи среди видов стилистики, расширением комплексного использования устной и письменной форм современного казахского языка. Разнообразие объекта изучения стилистики казахского языка, а также изменение методов исследования, а порой и пренебрежение стилистическими исследованиями, требует особого внимания к данному направлению.

В ходе изучения темы было выявлено, что в основе стилистики речи лежат нормы ясности (фр. clarté), естественности, краткости (англ. precision) и простоты.

Материальной основой исследования являются художественные прозаические тексты разных периодов, а также образцы публицистического и устного дискурса. С помощью стилометрических расчетов, частотных показателей и качественного анализа представлена модельная схема, описывающая идиостиль отдельных авторов, качественные и количественные параметры языковых единиц в тексте. В этой связи стилистика слова рассматривается как

основной механизм объяснения и интерпретации текста, а также уточняются критерии выделения стилистических норм и мотивированных отклонений от нормы на уровне текста и дискурса.

Научная новизна работы заключается в представлении комплексного исследования, которое, сравнивая выводы, сформированные в казахских, российских, турецких и западных исследованиях, характеризует стилистику слова во взаимосвязи с риторической традицией, лингвистикой текста и функциональной стилистикой. В результате исследования «стилистика слова» раскрывается во взаимосвязи с практической стилистикой, культурой слова, филологическим анализом текста, определяются принципы классификации слов, которые воздействуют на читателя и не «вытесняют» текст в условиях современного «текстового потока». Результаты исследования способствуют определению современной стилистики казахского языка как дисциплины, как раздела языкознания и языковой культуры, а также способствуют формированию новых идей.

**Ключевые слова:** стилистика речи, виды стилей, дискурс, лингвостилистика, литературный текст.

**K.B. KUDERINOVA**

A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

**ZH.YE. YESKENDIR**

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

## STYLISTICS OF SPEECH

**Annotation.** The article considers the research directions of the stylistics of the Kazakh language, types of stylistics and types of style.

The purpose of the scientific research is to summarize the specific nature of the stylistics of speech, to present new insights into the research on the types of style.

The relevance of the research is due to the need to study the stylistics of speech among the types of stylistics, the expansion of the comprehensive use of oral and written forms of the modern Kazakh language. The fact that the object of study of the stylistics of the Kazakh language is diverse, and the methods of research are changing accordingly, and even stylistic research is sometimes neglected, requires special attention to this area.

During the study of the topic, it was found that the basis of the stylistics of speech originates from the norms of clarity (fr. *clarté*), naturalness, conciseness (engl. *precision*) and simplicity.

The material basis of the research is literary prose texts written in different periods, as well as samples of journalistic and oral discourse. By combining stylometric calculations, frequency indicators and qualitative analysis, a model scheme is given that describes the idiosyncrasy of individual authors, the qualitative and quantitative parameters of linguistic units in the text. In this regard, word stylistics is considered as the main mechanism for explaining and interpreting the text, and the criteria for distinguishing stylistic norms and motivated deviations from the norm at the text and discourse levels are clarified.

The scientific novelty of the work is the presentation of a comprehensive study that, by comparing the conclusions formed in Kazakh, Russian, Turkish and Western studies on the concept of style, characterizes word stylistics in connection with rhetorical tradition, text linguistics and functional stylistics. As a result of the study, «word stylistics» is explained in connection with practical stylistics, word culture, philological analysis of the text, and the principles of word classification that affect the reader and do not «displace» the text in the conditions of the modern «flood of texts» are determined.

The results of the study contribute to the definition of modern Kazakh language stylistics as a discipline, as a branch of linguistics and language culture. Helps to create new ideas.

**Keywords:** stylistics of speech, types of styles, discourse, linguistic stylistics, literary text.

## References

1. Şerba L.V. İazykovaia sistema i rechevaia deiatelnöst. – L.: Nauka, 1974. – 426 s.
2. Aiupova G.K., Tileş Q.E. Stil qūbylśy: lingvistika jāne poetika // Bulletin of the Karaganda university. Philology series. – 2022. – T. 107. – №. 3. – 79 b. DOI: <https://doi.org/10.31489/2022ph3/78-83>
3. Burke M. (ed.). The Routledge handbook of stylistics. T. 711. – London: Routledge, 2014. – 558 p. DOI: <https://doi.org/10.4324/9781315795331>
4. Çoban Ahmet, Edebiyat Üslûp Üzerine (Sözün Tadını Dilde Duymak), 1. b. – Ankara: Akçağ Yayınları, 2004. – 140 p.
5. Yıldız, Cemal (1991). Üslûp ve Üslûp İnceleme Metodları, Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi, İstanbul: Marmara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü.
6. Aytaç Gürsel. Genel Edebiyat Bilimi. – İstanbul: Say Yayınları, 2009.
7. İsabaev Q. Sert. – Almaty: Jazuśy, 1982. – 79 b.
8. Balaqaev M., Āmırov R., Aitbaev Ö. Söz öneri. – Almaty: Čylym, 1978. – 184 b.
9. M. Balaqaev, M. Serğaliev. Qazaq tılıññ мәdenietі. Almaty: KEMEL KITAP, 2013. – 201 b.
10. Adem Çalışkan, Üslûp ve Üslûpbilim Üzerine-1: ilk belirlemeler, , The Journal of International Social Research, Cilt: 7 Sayı: 34 Volume: 7. – 2014. URL: [www.sosyalarastirmalar.com](http://www.sosyalarastirmalar.com)

## Авторлар туралы мәлімет:

**Күдеринова Құралай Бимолдақызы** – филология ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының профессоры, Алматы, Қазақстан.

**Кудеринова Куралай Бимолдиновна** – доктор филологических наук, профессор Института языкознания имени Ахмета Байтурсынова, Алматы, Казахстан.

**Kuderinova Kuralai Bimoldinovna** – Doctor of Philology, professor of the Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynov, Almaty, Kazakhstan.

**Ескендір Жарас Ертайұлы** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

**Ескендир Жарас Ертайұлы** – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Yeskendir Zharas Yertayuly** – doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



\*А.А. МАКУЛБАЕВА<sup>1</sup>Д.Х. БАЙДРАХМАНОВ<sup>2</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
(e-mail: [aidanamakulbayeva@gmail.com](mailto:aidanamakulbayeva@gmail.com)<sup>1</sup>, [dbaidrakhmanov@gmail.com](mailto:dbaidrakhmanov@gmail.com)<sup>2</sup>)

## ПОДКАСТТАРДАҒЫ КИБЕРСЛЕНГТЕРГЕ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

**Аңдатпа.** Мақалада, подкасттар күнделікті өмірдің айрылмас бір бөлігі болғандықтан және медиа кеңістігінде жиі тұтынылып отырғандықтан, киберсленг немесе интернет сленгтердің қазақ тілдің қалыптасуына үлес қосып отырған жайтты зерттейді. Танымал, атап айтқанда «YouTube» және «Narikbi Live» платформаларынан алынған киберсленгтерге назар бөлінеді. Заман талабына сай, компьютерге қатысты сленгтер немесе киберсленгтер күнделікті ауызекі лексикада қолданысқа ие. Бұл құбылысты аталмыш заманауи платформаларда кездестіруге болады.

Бұл зерттеудің мақсаты киберсленгтің лексикалық және семантикалық сипаттамаларын талдау болып табылады, арнайы лексиканы бейімдеу стратегияларын анықтау, сонымен қатар әртүрлі танымал подкаст форматтарының салыстыра отырып тиімділігін анықтау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы подкасттарды медиа дискурстың жанры ретінде қарастыруға мүмкіндік орнатады. Жинақталған киберсленгтердің түсіндірмелерін анықтау үшін мазмұнды талдау жүргізілді, подкасттардан алынған мысалдарды пайдаланды. Зерттеу мақсатына қол жеткізу мақсатында сандық (qualitative) әдісті пайдалана отырып, соның ішінде лексика-семантикалық талдау, мазмұндық талдау және салыстырмалы талдау жасалынды. Подкасттарға танымалдылық деңгейіне сәйкес, тақырыптың өзектілігі бар және форматы сияқты критерийлер негізінде таңдау жасалынды. Бұл зерттеудің нәтижелері лингвист мамандары үшін құнды ресурс бола алады және ауқымды аудиториядағы білім үшін пайдалы болады.

**Түйін сөздер:** киберсленг, интернет-сленг, подкаст, лексикалық талдау, семантикалық талдау.

**Кіріспе.** Заманауи жаһанданданған әлемде интернеттің дамуы жылдам қарқынмен бой алып, дүние жүзіндегі сан алуан елді мекендерді қамтып, тез дамып келеді. Қазіргі таңда жас буын, орта буын, тіпті жоғары буын да медиа-кеңістікті күнделікті подкасттарды тұтынып отыр. Кей жағдайда, интернетті ақпараттық құрал есебінде, қызығушылықты арттыратын құрал ретінде ұялы телефондарды тұтынып, мөлшерден тыс пайдаланып отырғаны айқын. Соңғы жиырма жылдықты атап айтқанда, ғылым мен техника бірігей дамып, әсіресе компьютер тез дамып жатқаны анық. Жаңа технологиялар бір-бірін калейдоскопиялық жылдамдықпен алмастыра бастағанда, олармен тығыз байланыста болған бұрын көп жылдарға созылған лингвистикалық процестер қазіргі таңда біздің көз алдымызда сөзбе-сөз өзгерістерге ұшырап, орын ала бастады. Осындай жылдам процестің бір мысалы – компьютерлік терминологияның қалыптасуы. Жаңа идеялардың пайда болуы және жаңа компьютерлердің жасалуы сөзсіз жаңа терминдердің, соның ішінде сленгтердің пайда болуымен бірге жүреді.

Осы орайда, подкасттарға назар аударсақ, олар кеңірек аудитория үшін арналған, белгілі бір тақырып аясында қызықты әрі қолжетімді ақпаратқа толы видеолар мен аудио жазбалар. Қазіргі таңда барша көрермендер подкасттарды заманауи медиа платформаларда пайдалана алады, подкасттар ең танымал коммуникациялардың бірлігіне айналып келеді. Сербия мемлекетінің зерттеушісі Раджик Стажка «подкаст» терминін ең алғашқы кезде «iPod» немесе кез келген портативті МР3 ойнатқышы, ноутбук арқылы аудио жазбалар арқылы қолжетімді болғанын айтады [1, 91]. Заман өзгерген сайын, подкасттар «broadcasting» яғни хабар тарату мақсатында бейне/видео жазбалар, атап айтқанда «подкаст-сұхбат» немесе «интервью-сұхбат» форматында да заманауи сөйлеу жанры ретінде қол жетімді болып отыр [1, 91]. Е.А. Воинова мен Е.В. Сивяковалардың айтуынша, «әртүрлі тақырыптар бойынша ақпарат және психологиялық көмек пен түрлі кеңес алудың ыңғайлы әрі қолжетімді жолы. Сондай-ақ, подкаст ақпаратты үлкен аудиторияға таратуға және қатысушылар мен тыңдарман арасында қарым-қатынас, диалог орнатуға мүмкіндік береді [2, 36].

Мақалада подкасттарда қолданылатын киберсленг терминологиясын зерттейді. Негізгі назар киберсленг немесе интернет сленг терминологиясының лексикалық және семантикалық талдауы. Бұған қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылды:

- подкасттарда қолданылатын терминдердің лексикалық және семантикалық сипаттамаларын анықтау;

- киберсленг терминологиясының синтаксистік ерекшеліктерін талдау;

- «подкаст-сұхбат» форматтарында киберсленгтің қолданылуын айқындау.

Мақалаға тікелей қатысты қарастырылатын ұғымдар:

1. Лексика – бұл тілдің сөздік қоры [3, 94].

2. Терминология – ғылымы тілдегі терминдерге қатысты мәселелерді зерттейді. Латын сөзі «terminus», «шек» немесе «шектеу» дегенді білдіреді [4, 45].

3. Подкаст – бұл интернетте радио және теледидарлық хабарлар стилінде аудио және видео файлдарды жасау және тарату процесі. Подкастинг нәтижесінде алынған өнімнің өзі подкаст деп аталады. Әдетте, Подкасттар белгілі бір тақырыпта жасалады және жариялау жиілігі бар, мысалы, аптасына бір рет немесе айына бір рет болуы мүмкін [5].

4. Киберсленг – интернет жаргоны (интернет акронимдері, киберсленг, netspeak, цифрлық сленг немесе чат спик деп те аталады). Интернеттегі адамдар бір-бірімен байланысу үшін қолданатын тілдің стандартты емес немесе бейресми түрі [6].

5. Сленгизмдер – бұл көбінесе стандартты тіл нормаларын бұзу деп саналатын сөздер. Бұл күнделікті өмірде айтылатын заттарды белгілеу үшін қызмет ететін өте мәнерлі, ирониялық сөздер [6].

Компьютерлік технологиялардың басым көпшілігінің отаны Америка Құрама Штаттары екені айқын. Подкасттар миллиард долларды құрайтын өнеркәсіп түрі [7,12]. Құрама Штаттарда подкасттарды тек қана әуесқой жандар ғана шығармайды, сонымен қатар подкастинг желілері арқылы, Spotify және Apple сияқты жаһандық корпорациялар подкастингті жоғары дәрежеде дамытып келеді. Подкастингтің мақсаты - белгілі бір саланың маман иесі өз жұмысын танымал ету жоспарында, арнайы тақырыпқа байланысты контентті тарату үшін арнайы тұлғалар шақырылады. Индустрияның белсенді өсіп келе жатқан подкастинг саласы зерттеуші қауымның да назарын өзіне қаратып отыр.

Киберсленгтің дамуына негіз болған факторлар: ақпараттық технологиялар, масс-медиа, атап айтқанда подкасттар, әлеуметтік желілер, үштілділік саясаты, ойын-сауық ойындар алаңы, медицина және т.б. Киберсленгтік терминологияларға лексикалық-семантикалық талдау жасау жаңа сөздердің жасалу механизмдерін, олардың қызмет ету ерекшеліктерін және мағыналық түрленуін анықтауға мүмкіндік береді. Киберсленг – цифрлық кеңістіктегі коммуникацияны көрсететін сөздіктің ерекше қабаты. Ол ағылшын тілінің негізінде қалыптасқан, бірақ ұлттық тілдерге белсенді түрде бейімделген. Подкасттарда «лайк», «ұят», «фейк», «хайп» деген сияқты терминдер бар. Бұл сөздер ауызекі сөйлемдерде жастар арасында жиі кездесіп отырады. Сонымен қатар, кей терминдердің ерекшеліктері ол мысалы «донат» сөзі ағылшын тілінде «donation» сөзінің

дәстүрлі мағынасында қайырымдылықпен байланысты, бірақ подкасттарда ол жаңа мағынаға ие болады: «контент авторына қаржылық қолдау».

Сонымен қатар, подкасттардағы киберсленгтер өзгерістерге жиі ұшырайды. Жаңа терминдер тез ескіріп, басқаларға орын береді. Мысалы, 2010 жылдардың басында танымал болған «олдфаг» сөзі бірте-бірте қолданыстан шығып барады, оның орнына неғұрлым бейтарап «old» яғни «ескі» сөзі танымал. Бұл сөздер эволюциясының заңдылықтарды көрсетеді: формаларды қысқарту, фонетиканы жеңілдету және әмбебаптылық пен жан-жақтылыққа ұмтылу.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Бұл зерттеу сапалық әдіске негізделген. Таңдау жеті подкасттардан бірнеше негізгі критерийлерге негізделген. Біріншіден, олар заманауи және тыңдалымды «YouTube» кеңістігінде көп қаралымға ие болған. Барлық подкасттар соңға үш-төрт, яғни 2020-2025 жылдар аралығында жарыққа шыққан. Сонымен қатар, таңдалынған тақырыптар өзектілігімен қоса, кез-келген жанға жаңашыл ой салатын дүниелерді қамтиды. Жастар тілі мен үлкен буынды қызықтыратын білім, ғылым, отбасы, денсаулық саласындағы заманауи пікірталастар подкасттарда көрініс тауып отыр.

Кесте 1 – Подкасттардың сипаттамалары

| Бейне платформасы | Подкаст атауы                                                             | Уақыты    | Форматы         | Сілтеме (қысқартылған нұсқада)                              |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------------|-------------------------------------------------------------|
| YouTube           | Жазудың миымызға әсері                                                    | 21:37 мин | Подкаст-монолог | <a href="https://surl.li/gtynkj">https://surl.li/gtynkj</a> |
| Narikbi Live      | Сөз мәдениеті                                                             | 2:53 мин  | Подкаст-сұхбат  | <a href="https://surl.li/wypjkr">https://surl.li/wypjkr</a> |
| Narikbi Live      | Азамат Скаков: орта жас кризисінен өттім                                  | 1:50 мин  | Подкаст-сұхбат  | <a href="https://surl.li/iagmik">https://surl.li/iagmik</a> |
| YouTube           | Махабатты сақтап қалу мүмкін бе?                                          | 2:32 мин  | Подкаст-сұхбат  | <a href="https://surl.li/lkwoqb">https://surl.li/lkwoqb</a> |
| YouTube           | Үйренуді үйрену, вундеркинд бала, бақытты ғұмыр                           | 1:48 мин  | Подкаст-сұхбат  | <a href="https://surl.li/nwyrld">https://surl.li/nwyrld</a> |
| YouTube           | Балапан арнасы, жасанды интеллект, бала тәрбиесі мен баланы кітапқа баулу | 1:55 мин  | Подкаст-сұхбат  | <a href="https://surl.li/xsicuw">https://surl.li/xsicuw</a> |
| Narikbi Live      | Альфа ұрпақ, қуғындалған Сәтпаев, Яссауи жолы және қисса                  | 1:57 мин  | Подкаст-сұхбат  | <a href="https://surl.li/dhkvls">https://surl.li/dhkvls</a> |

Зерттеуде киберсленг терминін жан-жақты талдау мақсатында, «подкаст-сұхбат» және «подкаст-монолог» қарастырылды. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі барлық подкасттар «Youtube» және «Narikbi Live» жалпы ұзақтығы шамамен 15 сағат уақытты құрайды. Зерттеудің бірінші кезеңінде подкасттарды анайы ұнтаспаға жүктеп, киберсленг терминдері бар мәтінді транскрипциялау жасадық. Әрбір подкастты транскрипциялаудан кейін лингвистикалық талдау жүргізілді. Негізгі міндет киберсленг терминдерді анықтау болды зерттеуге қатысты және оларға сәйкес кодтарды тағайындадық. Талдауды одан әрі нақтылау үшін лексикалық және семантикалық талдау жасалынды. Жиналған нәтижелерді көрнекі түрде көрсету үшін кестелер қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** Қазіргі ақпараттық қоғамда киберсленг тілдік құбылыс ретінде ерекше маңызға ие. Әсіресе подкаст жанрында сленг элементтерінің жиі қолданылуы тыңдарман мен сөйлеуші арасындағы бейресми қатынасты нығайтады. Подкаст – жартылай ресми, жартылай ауызекі сипаттағы медиатекст болғандықтан, онда дәстүрлі әдеби тіл нормалары мен бейресми интернет-сленг қабаттасып келеді. Подкасттарды тыңдау барысында 97 киберсленгтер жинақталды. Әр интернет сленг сөздердің аудармасын зерттеу мақсатында <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com> және <https://sozdik.kz> онлайн платформаларына жүгіндік. Транскрипциялау барысында терминдерді жеке-жеке жинақтап алып, сөз таптарына жіктеп, әңгіме барысында, яғни подкасттарда қалай қолданысқа ие болғанын мысалдармен көрсетіп ұсындық. Аталмыш төменде көрсетілген кесте тізімінде зерттеудің жинақталған бір бөлігі, яғни он киберсленг мысал ретінде екі тілде салыстырып ұсындық. Кестеге назар аударсақ:

Кесте 2 – Салыстырмалы талдау

| № | Қазақ ағылшын тілдерінде кибер-сленгтер | Сөз табы/ Parts of speech | Мағынасы/ Meaning                                                                                                                                                                      | Қазақша подкасттан алынған мысалы/ Example from Dictionary                                    |
|---|-----------------------------------------|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Андроид                                 | Зат есім                  | смартфондар мен планшеттік компьютерлер үшін пайдаланылатын операциялық жүйе                                                                                                           | Жастар ұялы телефондарында андроид бағдарламаларын жүктеп алған.                              |
|   | Android                                 | Noun                      | a type of operating system, designed for mobile devices.                                                                                                                               | I've downloaded dozens of apps on my Android phone.                                           |
| 2 | Апгрейдтеу                              | Етістік                   | Жаңарту деген мағына береді. Мысалы компьютерде жаңа программаларды үнемі соңғы жаңа версияда жаңартып отыру қажет. Осыған орай бірнеше жүйелерді апгрейд жасауға болады.              | Менің компьютерімді апгрейдтеу қажет.                                                         |
|   | Upgrade                                 | Verb                      | to make a machine, computer system, etc. more powerful and efficient; to start using a new and better version of a machine, system, etc.                                               | Users can easily upgrade to the new version.                                                  |
| 3 | Ватсап                                  | Зат есім                  | платформалық хабар алмасу қызметі.                                                                                                                                                     | Ватсапқа кірсем, топтан 200 хабарлама келіп тұр.                                              |
|   | WhatsApp What's+ Applications           | Noun                      | a phone app that allows you to send messages, photos and short videos to one or more people                                                                                            | He created a WhatsApp group for his family so that everybody could share messages and photos. |
| 4 | Виртуалды                               | Сын есім                  | компьютерлік бағдарламалық құралды пайдалану арқылы интернет әлемінде бар болу.                                                                                                        | Виртуалды білім күннен-күнге дамып келеді.                                                    |
|   | Virtual                                 | Adj                       | 1.made to appear to exist by the use of computer software, for example on the internet<br>2. almost or very nearly the thing described, so that any slight difference is not important | 1. You can also take a virtual tour of the museum.<br>2. He married a virtual stranger.       |



|    |                          |          |                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                        |
|----|--------------------------|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5  | Кроссфит                 | Зат есім | әртүрлі спорт түрлерінен және жаттығулардан тұратын экстремалды фитнес бағдарламасы.                                                                                                                                                                                              | Кроссфит жаттығуларын уақытылы орындаған жағдайда артық салмақтан арылуға болады.                                      |
|    | Crossfit cross+ fitness  | Noun     | an extreme fitness programme that includes elements from various sports and types of exercise                                                                                                                                                                                     | I do CrossFit three mornings a week.                                                                                   |
| 6  | И м е й л / имайл        | Зат есім | электронды пошта                                                                                                                                                                                                                                                                  | Хаттырыңызды имэйлге жіберсеңіз болады.                                                                                |
|    | Email (Electronic +mail) | Noun     | a way of sending messages and data to other people by means of computers connected together in a network                                                                                                                                                                          | What's your email address?                                                                                             |
| 7  | Интернет - мем           | Зат есім | интернет арқылы, көбінесе әлеуметтік медиа платформалары арқылы таралатын мәдениет элементі.                                                                                                                                                                                      | Қазіргі жастар қалжыңында ең танымал интернет-мемдерді пайдаланады.                                                    |
|    | Internet-meme, meme      | Noun     | an image, a video, a piece of text, etc. that is passed very quickly from one internet user to another, often with slight changes that make it humorous                                                                                                                           | an internet meme, a blog meme                                                                                          |
| 9  | Лайк басу                | Етістік  | лүпіл басу, ұнату деген мағына береді.                                                                                                                                                                                                                                            | Құрметті көрермендер, лайк басып бізге қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз.                                               |
|    | Like                     | Verb     | 1. to find somebody/something pleasant, attractive or of a good enough standard; to enjoy something, like something if you like something on social media, a news website, a blog, etc. you show that you agree with it or that you think it is good by clicking a special button | 1. Do you like their new house?<br>2. By the next morning, over twenty of my friends had liked my new profile picture. |
| 10 | Никнейм                  | Зат есім | бүркеншік ат деп береді; ол бойынша пайдаланушы жартылай анонимділігін сақтай отырып, әлеуметтік желілерде немесе ресурстарда (форумдарда) тіркеле алады.                                                                                                                         | Никнейм сіз қалдырған пікірлердің астында көрінетін болады.                                                            |
|    | Nickname                 | Noun     | an informal, often humorous, name for a person that is connected with their real name, their personality or appearance, or with something they have done                                                                                                                          | He worked in a garage—hence his nickname 'Oily'.                                                                       |

Ескерту: деректер негізінде құрастырылған [8].

Кестеге талдау.

1. Кроссфит ағылшын тілінен «cross+fitness» деген екі сөзден алынған **акроним** сөз. Сондай-ақ, имейл сөзі «electronic+mail», яғни ағылшын тілінде акроним сөздердің мысалы болып табылады. Қазақ тілінде бұл сөздер өзгеріссіз қабылданып, жаңа мағынада

орнығып отыр. Мұндай құбылыс қазіргі интернет сленгінде өте жиі кездеседі. Мысалы, «wifi» (wireless fidelity), «sms» (short message service), «blog» (web+log) сияқты сөздер де бастапқыда қысқартылған акронимдер болса, қазақ тіліндегі күнделікті қолданыста оларды ешкім қысқартылған нұсқа ретінде сезінбейді, қайта толыққанды дербес сөз ретінде қолданады.

Демек, ағылшын тіліндегі акронимдер қазақ интернет дискурсына еніп, семантикалық тұрғыдан қайта бейімделіп, жаңа сөздер қатарына қосылып отыр. Бұл процесс қазақ тіліндегі интернет сленгтің қалыптасуында басты тетіктердің бірі болып табылады.

2. Қазақ тілінде интернет сленг ретінде пайдаланып жатқан сөздердің барлығы ағылшын тілінде сленг сөздерге жатпайды. Мысалы, виртуалды (virtual) сөзі ағылшын тілінде бейресми немесе сленгке жатпайды, ол ғылыми-техникалық термин ретінде қолданылады. Бірақ қазақша интернет дискурсында бұл сөз кейде жастардың күнделікті тілінде «виртуалды өмір», «виртуалды достар» деген сияқты бейресми мағынада қолданыла бастады. Яғни, бастапқыда ресми сипаттағы термин контекстке байланысты сленгтік реңкке ие болуы мүмкін. Немесе кестедегі апгрейдтеу (upgrade) сөзіне мән берсек, жоғарыда аталынған соңғы сипаттарға ие.

3. Подкастарды зерттеу барысында ең маңызды құбылыстардың тағы бірі – полисемия. Подкасттардағы «toxic»-«улы» сөзі тек зиянды затты ғана емес, сонымен қатар цифрлық қауымдастықтардағы жағымсыз мінез-құлықты да білдіруі мүмкін. Осылайша, ескі сөз жаңа әлеуметтік маңызды мазмұнды алады.

Дәстүрлі түрде «краш» сөзі «жүйенің істен шығуы» дегенді білдіретін «апат» сөзін қолдануда да осыған ұқсас процесс байқалады, бірақ жастарда киберсленг терминін «сүйіспеншілік объектісі» ретінде түсіндіріледі. Мысалы, бір азаматты немесе азаматшаны краш ретінде ұнату, сүйіспеншілік сезімін көрсетеді.

Тағы бір полисемияға тән белгі «флуд» термині бастапқыда «су тасқыны» ағылшынша «flood» деген сөзден шыққан дегенді білдірсе [8], цифрлық кеңістікте ол «шамадан тыс, тақырыптан тыс хабарлар» дегенді білдіреді. Өз кезегінде, «бан» сөзі «қол жеткізуге тыйым салу» мағынасында қолданылуы мүмкін және сонымен бірге әлеуметтік контексте «жаза» ретінде ауызекі сөйлеу стиліне қолданысқа ие.

Халықаралық ғылыми не техникалық термин қазақ тілінде жаңа әлеуметтік реңкке ие болады. Мәселен, «чат» сөзі бастапқыда тек «онлайн сөйлесу бөлмесі» дегенді білдірсе, қазақша қолданымда ол достар арасындағы жеңіл әңгіме-дүкен мағынасында да жүре бастады.

4. Сонымен қатар, назар аударатын құбылыс «code-switching» – бұл әңгіме барысында бір тілден екінші тілге немесе әртүрлі тілдік стильдерге ауысып сөйлеу құбылысы [9]. Подкаст жүргізушілері көбіне ресми тіл мен бейресми тілдің, жергілікті сөздер мен ағылшын тіліндегі интернет-сленгтің араласуын жиі қолданады. Мұндай аралас сөйлеу тек ақпарат жеткізу үшін емес, сонымен бірге тыңдарманға жақын, шынайы және еркін атмосфера құру үшін де маңызды рөл атқарады. Мысалы: «Бұл проект кәдімгідей хайп (hype) болды, реально (расында) бәрі талқылады» немесе «бүгін митинг (meeting) бар ғой?» мұндай аралас сөйлеу тыңдарманға қызық естіледі, әрі қазіргі заманғы жастардың тілдік бейнесін көрсетеді. Назар аударатын жәйт, аталмыш сөйлемде кездесетін code switching тәсілі әзіл мен эмоцияны күшейтеді, яғни басқа тілге ауысу сөзге екпін береді. Үшіншіден, жеке тұлғалық және мәдени сәйкестікті көрсетуге мүмкіндік береді: подкаст жүргізушісі өз аудиториясының қай мәдени ортаға жататынын дәл осы тілдік ойын арқылы айқындайды. Ол тыңдармандарды біріктіреді, көңіл-күйді жеткізеді және заманауи жастардың өзіндік стилін айқындайды. Подкасттағы интернет-сленгті прагматикалық функциясы тұрғысынан аназар аударсақ: біріншіден, экспрессивтілік пен эмоция беру, екіншіден, белгілі бір әлеуметтік топқа ортақ «тілдік код» қалыптастыру құралы ретінде байқалады. Осы арқылы подкаст медиакөңістікте жаңа тілдік нормалардың қалыптасуына ықпал етеді. Автордың ойынша, бұл құбылыс сөйлеушінің ағылшын немесе орыс тілдерін әдейі қосып, өзінің тілді білетінін көрсетіп, мақтану амалында немесе заманауи түрде сөйлеу

тұрғыда емес, керісінше ойды тез арада жеткізу амалында, сонымен қатар, айтар сөзі тіл ұшында тұрып, ана тіліне аудару процесі ұзақ уақытты тежейтін болғандықтан өз ойын ыңғайлы әрі жылдам жеткізудегі амалы деп түсінеді.

**5. Аудиториямен жақындық.** «Мемді» жіберу, «банға кету», «комьюнити» сияқты өрнектерді қолдану тыңдаушы өзін желілік қауымдастықтың бір бөлігі ретінде сезінетін ерекше коммуникативті атмосфераны жасайды.

Мысалы:

- «Nickname» – бұл адамның шын есімінің орнына қолданылатын лақап ат немесе пайдаланушының желідегі аты. Мысалы: «Менің никнэймім — SoundVibe, осы атпен мен барлық әлеуметтік желілерде танымалмын» [10].

- «Хайп» – белгілі бір құбылыстың танымалдығын сипаттайды. Жүргізуші: «Бұл тақырып қазір қатты хайп болып тұр».

- «Флексить» – өзін көрсету, мақтану мәнінде. Мысалы: «Жастар жаңа гаджеттерін подкаста флексить етеді».

- «Кринж» – ыңғайсыз немесе ұят жағдайды білдіреді. «Ол сәт шынымен кринж болды».

- «Чат» – тыңдарманға тікелей жүгіну тәсілі. «Чат, сіздер қалай ойлайсыздар?»

Бұл мысалдар көрсеткендей, интернет-сленг подкаста прагматикалық қызмет атқарады: ол коммуникацияны жеңілдетіп қана қоймай, тыңдарманды белсенді қатысушыға айналдырады. Бейресми лексика жүргізуші мен аудитория арасындағы қашықтықты азайтып, әңгімеге еркіндік пен сенімділік береді [11]. Адамдардың қоғамдық өндірістік еңбектен тыс, яғни тұрмыс-тіршілікте немесе демалыс жағдайларында бейресми лексиканы кеңінен пайдаланатыны айқын [12]. Жоғарыда берілген аталмыш мысалдар бейресми жағдайда аудиториямен жақындық орнатады.

**Нәтижелер.** Біріншіден, қазақ тілінде акроним сөздер ағылшын тілінен тікелей қабылданып, мағынасы кеңейіп, жаңа қолданысқа еніп, күнделікті сөйлеу мен жазба тілде белсенді түрде орнығып жатыр. Бұл құбылыс әсіресе әлеуметтік желілер мен медианың, подкасттар кеңінен таралуының әсерінен қолданысқа ие

Екіншіден, қазақ тілінде интернет-сленг ретінде қолданылып жүрген кейбір сөздер ағылшын тілінде сленг қатарына кірмейді. Жоғары бөлімде мысалдар арқылы егжей-тегжей талданды.

Үшіншіден, интернет сленгтер полисемия құбылысына ықпал етіп, бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуына, контекстке байланысты жаңа реңктер мен мағыналық ауысулардың пайда болуына себеп болып отыр.

Сонымен қатар, назар аударатын құбылыс – «code-switching» құбылысы ол қарым-қатынасқа экспрессия мен эмоция қосып, сонымен бірге сөйлеушінің ойын ыңғайлы әрі жылдам жеткізудегі амалында қолданысқа ие болып отыр.

Бесіншіден, киберсленгтер аудиториямен тілдік және эмоционалды жақындық орнатуға мүмкіндік береді. Ол қарым-қатынасты еркін, бейресми сипатқа енгізіп, өзара түсіністікті арттырады.

**Annotation.** The study analyzes the functions of the English-language component in Kazakhstan's advertising slogans under conditions of trilingualism (Kazakh/Russian/English). Based on a corpus of over 150 current slogans from national and international brands, it identifies integration trajectories from direct borrowing to hybridization and morpho-syntactic incorporation (e.g., Smart-tañdau, Digital-ömir, Forte Up). The methodological framework combines structural-semantic, pragmalinguistic, and cognitive approaches. Findings demonstrate that Anglicisms serve as symbolic capital and a metacode of global communication, establishing stable metaphors ("life = movement," "innovation = norm," "future = present") and shaping directive, commissive, expressive, and identificational speech acts. The novelty lies in an interdisciplinary interpretation of English formulas as operators of cognitive-value standardization and instruments of glocalization. Practical relevance concerns the design of advertising slogans and brand language policies through verification of form-function correspondence, graphic-phonetic compatibility, and cultural relevance.

**Keywords:** Anglicism, advertising slogan, hybridization, pragmatics, cognitive metaphor, bilingualism, glocalization.

### **References**

1. Almoaily M. Code-switching functions in online advertisements on Snapchat // PLOS ONE, 2023. – T. 18. – № 7. DOI: <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0287478>.
2. Hornikx J., van Meurs F., Tenzer H. Foreign languages in advertising: Theoretical implications for language-related IB research // Journal of International Business Studies, 2024. – T. 55. – C. 270-279. DOI: <https://doi.org/10.1057/s41267-023-00639-6>.
3. Salig L. K., Valdés Kroff J. R., Slevc L. R., Novick J. M. Hearing a code-switch increases bilinguals' attention to and memory for information // Journal of Memory and Language, 2025. – T. 143. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jml.2025.104647>.
4. Alcántara-Pilar J.M., Sánchez-Duarte I.M., Bermúdez-Martínez M., Rodríguez-López M.E. Linguistics and marketing: The effect of foreign languages in advertising messages // Tourism & Management Studies, 2024. – T. 20, №1. – P. 79-89. DOI: <https://doi.org/10.18089/tms.20240106>.
5. Pennycook A. The Cultural Politics of English as a Global Language. — London : Routledge, 2017. – 312 p. DOI: <https://doi.org/10.4324/9781315225593>.
6. Crystal D. English as a Global Language. Cambridge: Cambridge University Press, 2019. – 328 p. DOI: <https://doi.org/10.1017/CBO9780511486999>.
7. Kelly-Holmes H. Advertising as Multilingual Communication. Basingstoke: Palgrave Macmillan, 2020. – 240 p. – DOI: <https://doi.org/10.1057/9780230503014>.
8. Kubat U., Swaminathan V. Crossing the cultural divide through bilingual advertising: The moderating role of brand cultural symbolism // International Journal of Research in Marketing, 2015. – T. 32, №4. – P. 354-362. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ijresmar.2015.04.003>.
9. Luna D., Peracchio L.A. Advertising to bilingual consumers: The impact of code-switching on persuasion // Journal of Consumer Research, 2005. – T. 31, №4. – P. 760-765. DOI: <https://doi.org/10.1086/426609>.
10. Ibraeva M. Yazykovoy portret predstaviteley postsabkultury // Vestnik Evraziyskogo gumanitarnogo instituta. – 2024. – №1(59). – P.98–107 – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ijresmar.2015.04.003>.
11. Taubaldiev M.E., Kulmanov S. Lingvisticheskie osobennosti reklamnoi kommunikatsii v Kazakhstane // Vestnik Evraziyskogo gumanitarnogo instituta. – 2022. – No. 4(52). – P. 55-70 – DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.06>.

12. Aimoldina A., Akynova D. Professional multilingualism in intercultural business communication of Kazakhstan//Journalism and Media. – 2025. – Vol. 6. №1. – P.60–65 – Article 44. – DOI: <https://doi.org/10.3390/journalmedia6010044>.

13. Beisenova M., Kenzhetaeva G., Beysembaeva G., Altynbekova G., Yerekhanova F., Akhmetbekova A., Trushev A. Communicative and Pragmatic Functioning of Anglicisms in Kazakhstani News Feeds//Eurasian Journal of Applied Linguistics, 2025. – Т. 11, №1. – P. 33-47. URL: [files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1465141.pdf](https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1465141.pdf)

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Нурбаева Аида Мухтарқызы** – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

**Нурбаева Аида Мухтаровна** – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

**Nurbayeva Aida Mukhtarovna** – PhD, Associate Professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

**Байсыдық Индира Болатбекқызы** – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан.

**Байсыдық Индира Болатбекқызы** – доктор философии (PhD), ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

**Indira Bolatbekkyzy Baissydyk** – PhD, Associate Professor of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

**Құрмашева Гауһар Батыршаевна** – педагогика ғылымдарының магистрі, Алматы технологиялық университетінің сеньор-лекторы, Алматы, Қазақстан.

**Құрмашева Гауһар Батыршаевна** – магистр педагогических наук, сеньор-лектор Алматинского технологического университета, Алматы, Казахстан.

**Kurmasheva Gaukhar Batyrshaevna** – Master of pedagogical sciences, senior-lector at Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan.



\*Н.А. НУРКИНА<sup>1</sup>М.Н. БАРАТОВА<sup>2</sup>Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан<sup>1,2</sup>(e-mail: [nurkina.nazgul@mail.ru](mailto:nurkina.nazgul@mail.ru)<sup>1</sup>, [baratova.muhabbat1970@mail.ru](mailto:baratova.muhabbat1970@mail.ru)<sup>2</sup>)

## МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ «ГҮЛШАТ-ШЕРИЗАТ» ДАСТАНЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ-КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

**Аңдатпа.** Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» атты дастанындағы көнерген сөздердің мағыналық-көркемдік қызметі, оның әдебиеттегі жалғастылығы қарастырылады. Дастанда қолданылған көнерген сөздердің ғалымдар еңбектеріндегі зерттелуі басшылыққа алынады және осы сөздердің басқа шығармалардағы қолданылу ерекшелігі салыстырылады, авторлардың көнерген сөздерді қолдану тәсілдері, көркем шығармадағы авторлық қолдану ерекшеліктері талданады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген сол заманның бейнесін көнерген сөздерсіз сипаттау мүмкін емес. Автор көнерген сөздерді сол замандағы өмірді бейнелеудің құралы ретінде шебер пайдаланғандығы көрсетіледі.

Ақын дастанындағы көнерген сөздерді тану және талдауда авторды зерттеуге бағытталған әдіс, жеке туындыны, оның мазмұны мен нысанын зерттеу әдістемесі, әдеби герменевтика әдісі қолданылды.

Нәтижесінде дастан мазмұнында мақалаға өзек болып отырған көнерген сөздер біршама бар екендігі және автор оларды сол замандағы тарихи шындықты бейнелеудің құралы ретінде қолданғандығы анықталды.

Талдау нысанына түскен көнерген сөздердің басқа шығармаларда қолданылуы, ақынның замандастарының шығармаларында, кеңестік кезеңдегі әдебиетте, қазіргі әдебиетте қолданылуы, Мәшһүр Жүсіп жазған мағынада ма, басқа мағына бере ме, осы тұстары және ғалымдардың көнерген сөздерге байланысты ғылыми ізденістері топтау, талдау, сипаттау тәсілдері арқылы көрсетілді.

**Түйін сөздер:** көнерген сөз, сөз мағынасы, түсіндірме сөздік, әдебиеттегі жалғастылық, «Гүлшат-Шеризат», Мәшһүр Жүсіп дастаны.

**Кіріспе.** Қазақ тілінде саяси, әлеуметтік, тарихи жағдайларға байланысты жылдар бойы біртіндеп қолданыстан шыққан, ұмытылып қалған сөздер бар. Олар – көнерген сөздер. Көнерген сөздер ұлт тарихымен байланысты оқиғаларды сипаттауда кеңінен қолданылған, сол кезеңдегі қоғамдық өмірді, тарихи шындықты барынша бере білген.

Мақаланы жазудағы мақсатымыз – Мәшһүр Жүсіптің бір дастанында кездесетін қоғамдағы таласты, даулы сөздердің, діни лексиканың мән-мағынасын жете беру үшін көнерген сөздердің табиғатын автор арқылы айқындау және қолданыста көп кездеспейтін, ұмытылып кеткен сол көнерген сөздердің әдеби жалғастылығын, не жалғаспауын анықтау. Мәшһүр Жүсіптің «Гүлшат-Шеризат» дастанындағы қазақтың күпті, зарық, пақыр, міскін, мүкәммал, шаһи, мұңдық, кәріп, ғақыл, заһар, бейбақ, тақыт, зүбәржат, нәмәрт, ғұнша, ғадалат сияқты көнерген сөздерінің мағынасын зерттеп, осы сөздердің көркем шығармадағы авторлық қолдану ерекшеліктерін айқындау арқылы қазақтың мәдениетін, салт-дәстүрін және сол кезеңдегі қазақтың өмірін көрсетуге болады.

«Гүлшат-Шеризат» қазақ әдебиетінің көрнекті классикалық шығармаларының бірі. Бұл шығармада махаббат, тағдыр, адамгершілік және ұлттық дәстүрлер тақырыптары

терең суреттеледі. Шығармадағы кейіпкерлердің сезімдері мен ішкі психологиясы көркем тіл мен бай бейнелеу арқылы ашылады.

«Гүлшат-Шеризат» лирикалық сарынға басымдық беріп, махаббат, адамгершілік және жеке тағдыр тақырыптарын терең ашады. Шығармадағы кейіпкерлердің ішкі психологиясы мен сезімдері көркем тіл, символдар мен бейнелі тәсілдер арқылы көрініс табады. Бұл поэма ұлттық эпикалық дәстүр мен лириканың үйлесімін көрсетіп, қазақ поэзиясының көркемдік мүмкіндіктерін кеңейтеді.

«Гүлшат-Шеризат» атты дастанда қазақтың XX ғасыр басындағы өмірі, тұрмыс жағдайы туралы жаза отырып, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзі өмір сүрген кезеңдегі атауларды, тілдік қолданыстағы сөздерді халық қолданып жүрген тіл ерекшелігімен сөйлеткенін байқаймыз.

Шығармада қолданған көнерген сөздердің мағынасы қазіргі оқушыларға, көбінесе жастарға түсініксіз. Сондықтан аталған дастанда кездесетін көнерген (кең қолданыста емес) сөздерді барынша жинақтап, оларға талдау жасай отырып, автордың осы сөздерді көркем шығармадағы өзіндік қолдану ерекшеліктерін танудың маңызы зор.

Көнерген сөз – қазіргі тілде қолданылуы сирек немесе мүлде тоқтаған, көбінесе тарихи, әдеби немесе дәстүрлі мәтіндерде кездесетін сөз. Оның ерекшеліктері:

Қолданыстың азаюы – күнделікті сөйлеу мен жазба тілде кеңінен қолданылмайды.

Тарихи немесе әдеби мәні – көбінесе бұрынғы замандағы өмір салты, дәстүрлер, тұрмыс, мәдениетпен байланысты.

Мәдени және тілдік құндылығы бар – көнерген сөздер халықтың тарихи тілдік тәжірибесін, мәдени мұрасын сақтауға көмектеседі. Мысалы, қазақ әдебиетінде кездесетін «айбар», «кәмпеске», «шоқпар» сияқты сөздер кейбір мәтіндерде кеңінен қолданылмаған, бірақ дәстүр мен тарихи өмірді сипаттау үшін маңызды.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Ақын дастанындағы көнерген сөздерді тану және талдауда авторды зерттеуге бағытталған әдіс, жеке туындыны оның мазмұны мен нысанын зерттеу әдістемесі, әдеби герменевтика әдісі қолданылды. Герменевтика әдісі арқылы дастанның көнерген сөзіндегі түпкі белгісіз, жасырын мағына интерпретациясын жасаудың мүмкіндігі табылды.

Көнерген сөздердің ақынның замандастарының шығармаларында, басқа кейінгі әдеби шығармаларда қолданылуы, яғни кеңестік кезеңдегі әдебиетте, қазіргі әдебиетте қолданылуы қарастырылды. Мәшһүр Жүсіп жазған мағынада ма, басқа мағына бере ме, осы тұстары және ғалымдардың көнерген сөздерге байланысты ғылыми тұжырымдары топтау, талдау, сипаттау тәсілдері арқылы көрсетілді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» атты дастанында кездескен қазақтың күпті, зарық, пақыр, міскін, мүкәммал, шаһи, мұңдық, кәріп, ғақыл, заһар, бейбақ, тақыт, зүбәржат, нәмәрт, ғұнша, ғадалат сияқты көнерген сөздерінің мәні және дастандағы көркемдігі мақала нысаны етіп алынды.

**Талқылау мен бақылау.** Мәшһүр Жүсіп Көпеев – қазақ әдебиетінің көп қырлы шығармашыл тұлғасы. Оның аталған дастанында көптеген көнерген сөздер мен сөз тіркестері кездеседі. Олар қазіргі халық арасында қолданыста кездеспейтін немесе сирек қолданылатын сөздер. Бұл сөздер көбінесе қазақтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, әлеуметтік жағдайы мен дүниетанымы туралы мәлімет береді.

Көркем шығармада көнерген сөздердің алатын орны ерекше. Себебі белгілі бір дәуірде пайдаланылған сөзді қолдану сол дәуірдегі, сол кезеңдегі халықтың күнкөріс тіршілігінен, тұрмысы мен салтынан, әдет-ғұрпынан, дүниетанымынан түсінік береді. Осы тұрғыда көнерген сөздер мәселесін зерттеген танымал ғалымдар Н.Сауранбаев [1], Қ.Жұбанов [2], К.Аханов [3], Р.Сыздық [4], Ғ.Қалиев [5], Ә.Болғанбаевтың [6] зерттеу еңбектері бар.

Тарихи шығармаларды жазуда көнерген сөздерді қолданудың маңызы зор. Дастанда сол дәуірдің салт-санасы мен тұрмысы, әдет-ғұрпы суреттелгендіктен, көнерген сөздерді қолданбай сипаттау мүмкін де емес.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» дастанында кездесетін көнерген сөздердің көркем ойды жеткізудегі автор танымын көрсетейік:

1) Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» дастанында «Сол патша перзент үшін болған **күпті**» [7, 83] деген жолдар бар. Осы жолдағы күпті сөзін қарастырсақ. Бұл сөзге түсіндірме сөздікте былайша анықтама беріледі: «... күпті сөзі күдікті, дұдамал және көңіл-күйіне әсер етіп мазалайтын, қобалжытатын деген мағына береді». Мәшһүр Жүсіпте қолданылған күпті сөзі түсіндірме сөздіктегі мағынаға сәйкес.

Күпті сөзін келесі бір салыстыра қарайтын шығармаларымыз бар. Осы тұста мысалға І. Есенберлиннің «Алмас қылыш» романын алуға болады: «Баяғы бір күпті сұрақ оның ойына қайта келді» және І. Мәмбетовтің «Тарланбоз» атты кітабында: «Күпті ойдан кенет серпіліп, Байлауын айтып үндеді». Мұнда күпті сөзі мазалап жүрген, ойында жүрген бір сұрақ, күдік деген мағынада берілген.

Келесі бір назарымызды аударғаны – мақала тақырыбында аталған сөздің кездесуі. Нақты айтсақ, Ізтөлеу Бекенұлының «Жезқазғанның болашағы күпті деп, суымды ішіп, құдығыма түкірді» немесе Бейбітгүл Исаеваның «Әзірет Сұлтан» Астананы асқақтатты» атты мақаласында мынадай жолдар бар: «Имандылыққа бет бұрып, рухани кемелденуге ұмтылған пенденің күпті көңілін орнықтырып, иманын бекітетін қасиетті орын ол Алланың жердегі үйі – мешіт екені даусыз» дегені қаланың болашағына деген сенімсіздікті және керісінше, күпті сөзі тіркесінде қолданғанда сенімді ұялату дегенді білдірген.

Күпті сөзінің түсіндірме сөздіктегі тағы бір мағынасы – шектен тыс, мейлінше тойған деп беріледі. Әдебиетте осы мағына С.Мұқановтың «Шыңнан шыңға» шығармасында да кездеседі: «Бақшаны, бауды, барлық егіндікті, Емізіп болған кезде суға күпті». Күпті сөзінің мақала тақырыбында, мақала мазмұнында байқалғаны сирек қолданысқа жатады, біз осылай түсіндік. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» дастанындағы күпті сөзінің мәнін түсіну үшін сол сөздің әдебиетте көп кездескенін немесе оқырман ақынның ойын түсіну үшін сөз мәніне жүгінгенін қарастыру қажет болады.

Көркемдік құрал ретінде «күпті» сөзі метафора болып табылады, яғни дастандағы «Сол патша перзент үшін болған күпті» деген жолдарда күпті сөзі патшаның жан-дүниесіндегі мазасыздықты, алаңдаушылықты, қамкөңіл екендігін көрсетеді.

2) Дәл осы сияқты зарық көнерген сөзінің автордың қолданысында кездескенін байқадық. Мәшһүр Жүсіптің «Гүлшат-Шеризат» дастанында «Құдайдың берер ұлы былай тұрсын, Қыз түгіл зарық болды қызыл жүзге» [7, 83] деген өлең жолдары кездеседі.

Түсіндірме сөздікте зарық сөзі аңсау, сағыну, зар болу деген мағына береді. Мәшһүр Жүсіпте қолданылған осы сөз түсіндірме сөздіктегі мағынаға сәйкес, яғни патшаның бір балаға зар болуы, бір перзент көруді армандауы туралы айтылады.

Енді осы сөзді басқа бірнеше көркем шығармада қарастырсақ: а) Атасының көрісіп айтқаны: «Күнім, айым, жарығым, Зарығып көрген жалғызым, Көзімнің нұры көлеңкем, Бойымда қуат, мерекем». Бұл жерде зарығып көру деген көптен күткен, аңсаған деген мағынада беріліп тұр. ә) Тағы да бір мысал келтіретін болсақ, қазіргі заман ақыны Шерхан Талаптың «Зарық» атты өлеңі бар. Өлеңнің атауы «Зарық» деп аталады, өлеңнің жалпы айтар ойы, мағынасы ақынның жалғыздығы, мұңы, зары туралы болып келеді.

Зарық сөзінің әдеби шығармаларда қолданылып жүргендерін жиыстырдық. Бұл осы көнерген сөздің әлі де қолданыста бар екенін көрсетеді.

Ал осы жолдардағы «зарық болды» тіркесі көркемдік жағынан гипербола болады. Қыз түгіл зарық болды қызыл жүзге деген кезде бір балаға зар болуы соншалық, тіпті қыз бала емес, «қызыл жүзге» зар болуы, яғни жас баланың жүзіне зарығуы бұл жерде асыра суреттеліп, асыра айтылып тұр.

3) Бұл дастанда кездесетін көнерген сөздердің тағы да бірі – пақыр, міскін деген сөз. «Құдайдан - маған перзент тілеңдер!» – деп, Жидырған **пақыр, міскін** жамағатты» [7, 83]. Пақыр сөзінің мағынасы сөздікқорда «Негізгі қажеттіліктерінен басқа діни мөлшердегі дүние-мүлкі болмаған адам» деп беріледі. Ал міскін – кедей, жарлы, мүсәпір, бейшара, ғарып-қасер деген мағынада берілген. Мәшһүр Жүсіпте қолданылған осы сөз түсіндірме сөздіктегі мағынаға сәйкес. «Міскін – адамдардан тіленіп бір-екі үзім нан немесе бір-екі құрмамен қайтқан адам емес, нағыз міскін жағдайы жоқ бола тұра мұнысын сырт көзге

білдірмеген, өзі де адамдарға қол жайып тіленбеген адам». Бұл мысалдардың барлығында да пақыр, міскін бір мағынада қолданылып тұр.

Ауыз әдебиетінде, батырлар жырында да бұл сөздер жиі кездеседі. Мысалы, Қамбар батыр жырында: «Аллаға шүкір айтты міскін-ғарып». Сонымен қатар пақыр сөзі Абай шығармаларында да кездеседі. Абай мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларынан біршама ұқсастықты байқауға болады. Мұны Мәшһүртанушылар Қ.П. Жүсіп пен Н.Қ. Жүсіпов былай көрсеткен: «Абай мен Мәшһүр Жүсіп туындыларын зерттегенде, екі ақында тақырып орайластығы, идея айтудағы төркіндікпен қатар бейнелеу құралдарын жетілдірудегі сарындастықты т.б. көреміз» [8, 219]. Абай тілі сөздігінде пақырға сорлы, бейшара деген анықтама беріледі. Абайдан кейін бұл сөзді Міржақып Дулатұлы шығармаларынан кездестіруге болады. Ақынның «Абақтыда айт күні» атты өлеңінен мысал келтірсек: «Хафа мен Офа екеуі де Алладан, Мойын ұсынып міскіннің көбі зарлаған». Бұдан байқайтынымыз – пақыр, міскін сөздері барлық мысалдарда да бейшара, кедей, мүсәпір мағынасында берілген.

Ал көркемдік жағынан пақыр, міскін сөздері плеоназм болып табылады, яғни бір мағынаны білдіретін екі сөз қатар қолданылып тұр, бұл жерде пақыр, міскін екеуі де кедей, жарлы деген мағына беріп тұр. Бұл жерде ақын ойды күшейту, әсерлі жеткізу үшін екі синонимді қатар қолданған.

4) «Аманат саған қойдым малы-жаным, Билерсің мен өлген соң мүкәммалым» [7, 85]. Осы жерде Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мүкәммал деген қазына, байлық, дүние-мүлік деген мағынада беріледі. М.Өтемісұлының «Шашылу» атты өлеңінде мынадай өлең жолдары бар: «Алақандай Нарында Мүкәммалым шашылды». Ақында мүкәммалы сөзі байлық деген сөздің мағынасында қолданылған.

Б.Аманшин: «Оның Ақбақайда орыс байларынікіндей мол мүкәммалы, қарағай үйлері бар». Сондай-ақ Ә. Әзиевтің «Шұғыл тапсырма» атты шығармасында «Соғыстан алып қайтқан бар мүкәммалымыз – ажалдан аман қалған қор соқа басымыз» деген жолдар кездеседі. Бұл мысалдардың барлығында да мүкәммал сөзі байлық, дүние мағынасында беріліп тұр. Бірақ бұл көнерген сөз қазіргі кезде де қолданыста жабдық (инвентарь) деген мағынада хабарландыруларда, кәсіпорын сайттарында берілгенін анықтадық. Терминком.кз сайтында мүкәммал сөзі керек-жарақ, инвентарь деп берілген. Тағы да бір мысал келтіретін болсақ, «Южное небо» әуе компаниясының сайтында «Спорттық мүкәммал мен музыкалық аспаптар бір орын ретінде бағаланады» деген хабарландыру жазылған. Бұл жерде спортқа арналған заттар деген мағынада қолданылып тұр. Сонымен қатар «Шебер» құрылыс гипермаркетінің сайтында және де «Шымбұлақ» спорт кешенінің сайтында да осы сөз жазылған. Жинауға арналған мүкәммал дегенде үйді жинауға, үйді тазалауға арналған арнайы құралдар, ал жалға берілетін мүкәммал – жалға уақытша берілетін заттар деген мағына беріп тұр.

Бұл сөз көркем әдебиетте, ресми тіл қолданысында ғана емес, заң тілінде де қолданылып жүр. Мысалы, ҚР Әділет министрлігінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіндегі талапта көрсетілген. Яғни бұл көнерген сөз әлі де қолданылып келеді, бірақ қолданыста жиі кездеспейді.

Бұл сөздің көркемдік қызметіне келсек, бұл сөз эпитет болады, яғни бұл жерде заттың бейнелі сипатын, ерекше қасиетін, мал-мүліктің түгелдігін, тұтастығын, толықтығын бейнелеп тұр. Осы жерде ақынның қалдырған аманаты тек жеке дүниесі емес, бүкіл ел мен жер, байлық пен рухани құндылықтары деген ұғым бар.

5) Дастанда кездесетін тағы бір көнерген сөз – шаһи сөзі. «Патшаға буаздығы болды мәлім, Аямас шаһи Көркін енді малын» [7, 84]. Өлең жолдарында шаһи – шаһ, патша деген мағынада жұмсалып тұр. Әбілхарис дастанында: «Қамалып, «бұл қалай?» деп арыз айтты, Патшасы шаһи Махмұт дәуте келіп» деп келтірілген, бұл екі мысалда да шаһи патша, шаһ деген мағынада беріліп тұр.

Ал енді бұл сөздің екінші бір мағынасы да бар. Мысалы, «Айман-Шолпан» жырында «Атыссақ – жау, табыссақ – ел» немесе меруерт жалды ат, мың ала бас түйе, жанат ішік,



шаһи көйлек (киім түрі) деген жолдар бар. Бұл жерде шаһи киім мағынасында беріледі. Яғни бұл көнерген сөздің екі түрлі мағынасы барын білдік. Бірақ екеуі де тек қана әдебиеттегі көне жырларда ғана кездеседі.

6) «Ажалды өліп қалды, қылыш тиіп, Ажалсыз патша **мұңдық** өлмеген-ді» [7, 85]. Мұңдық – мұңды, зарлы адам. Мәшһүр Жүсіп дастанындағы бұл сөз Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасында да кездеседі: «... Не мұңдық, бұл дүниеде қыздар мұңдық, Ағадан болып мұңдық неге тудық. Атадан мұңдық болып тумас едік, Бұрынғы ата-баба жолын қудық...». Алмажан Азаматқызының «Жетім қыз» поэмасында: «Әрбір күннің бірінде Толғай түсіп келемін: «Біз бейшара мұңдыққа, Көрсеткенің, Алла, сол ма?» деп». Бұл сөз үш мысалда да мұңлы, зарлы деген мағынада беріліп тұр.

Мұңдық сөзі Мәшһүр Жүсіптің басқа шығармаларында да кездеседі. «Мұса Шорманұлының асы» атты өлеңінде: «Күні өтті ғапідікпен пенде білмей, Не білейін мұңдық жайын, басқа келмей. «Өлі тілін – тірі алмас», – деген сөз бар, Сақтанбас ғапід пенде, көзі көрмей!» – деп, бұл жерде де мұңлы, қайғылы адам деген мағынада тұр. Демек, бұл сөз барлық шығармада да тек бір мағынада ғана қолданылған.

7) Дастанда кәріп (ғаріп) көнерген сөзі де кездеседі: «Халқыма дәл өзімдей әділдік қыл, Ренжітпей жетім қалған **кәріптерім** (ғаріптерім) [7, 85]» немесе « – Бар ма екен түс жорушы шақыршы! – деп, Пақырға **кәріп-қасер** (ғаріп-ғасыр) беріпті алтын [7, 91]. Бұл сөздің сөздіктегі мағынасы – кәріп, мүсәпір, бейшара, жарымжан, кедей, жарлы. Бұл сөз М. Ж. Көпейұлының басқа да шығармаларында көптеп кездеседі. Мысалы, а) «Түркістан сапары» атты өлеңінде: «Ел-жұртым, қатын-бала, бәрі қалып, Он бесте түсіп жолға, болып кәріп [ғаріп]», ә) «Анама хат» атты өлеңінде: «Сәлемді жолыққаның көп айтыңыз: Мәшһүрдің кәріп (ғарыб) болған анасына!» десе, б) «Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста» өлеңінде: «Тапсырдым бір Құдайға мен басымды, Өткіздім кәріптікпен дер жасымды!».

**Сонымен қатар** Абай Құнанбайұлы шығармаларынан да бұл сөзді кездестіруге болады. Мысалы, «Шәріпке» атты өлеңінде: «Түңлікбайдың қатыны, атың – Шәріп, Байға жарып көрмеген сен бір кәріп». Абай тілі сөздігінде: «Кәріп – байғұс, сорлы мағынасын береді». Бұл сөз мақал-мәтелде де кездеседі: **Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні ғаріп. Бұл үш мысалда да кәріп сөзі мүсәпір, бейшара, байғұс мағынасында қолданылып тұр.** Келтірілген барлық мысалдарда кәріп сөзі бірдей мағынада қолданылған.

8) «Солайша өліп қалды ханым **бейбақ**, Сұм дүниені болар ма көзі қимақ» [7, 90]. Сөздіктегі мағынасы – байқұс, бейшара, мүсәпір, сорлы.

Осы көнерген сөз ақиық ақын Мұқағали Мақатаевта да кездеседі. Ақынның «Кешіріңдер» атты өлеңінде: «Кешіріңдер, туыстар, Кешіріңдер, ағайын, Өр көкірек бейбаққа, Өкпеледің талайың», – деген жолдар бар.

Аталған көне сөз қазіргі кезеңдегі әдебиетте де кездеседі. Айтар болсақ, жас ақын Гүлнәр Тілейқызының «Мен бір бейбақ» атты өлеңі бар. Өлеңде: «Мен бір бейбақ байыз таппай сабылған, Талай мәрте құлап тауы шағылған», – деген өлең жолдары бар. Демек, бұл сөз көркем әдебиетте әлі де белсенді, бірақ көнерген сөз қатарына жатқызғанымыз – бұл сөз халық қолданысында жоқ.

9) «Түсімде бір айдаһар келді бізге, Күйдірді шашып **заһар** жүзімізге». Заһар сөзінің сөздіктегі мағынасы – у, зәр [7, 92].

Бұл сөз Оралхан Бөкеевтің «Қайдасың, қасқа құлыным» атты повесінде де кездеседі: «Сонда менің астымда ақтабан ат, қолымда заһарға суарылған исфахан қылыш, үстімде бадана көзді кіреуке болар». Бұл жердегі мағынасы да у мағынасын беріп тұр.

Қазақ тілінде заһар шашу тұрақты сөз тіркесі де бар. Бұл жерде ашулану, уын шашу сияқты адамның психикалық жай-күйін білдіреді. Бұл сөз сонымен қатар диалект болып та келеді. Мысалы, Қызылорда, Арал жерлерінде кей жерде бұл сөз алыс, қашық деген мағына береді. Мысалы, «Қоянның даусын заһардан естиді».

Аталған көнерген сөзді Яссауи хикметінен де кездестіруге болады: «Өлмей заһар жұтып, тартсам жан азабын, Не бетіммен Хазіретке барамын мен?». Демек, заһар көнерген

сөзінің әр түрлі мағынасы бар. Бірі – у, зәр мағынасында болса, екіншісі – алыс, қашық мағынасында беріліп тұр. Екі мағынада да бұл сөз қазырғы уақытта көп қолданылмайды.

10) «Қолыңнан **тақытыңды** тартып алар, Япырм-ау, кім екенін білмеймін сол!» [7, 92]. Тақ мағынасында қолданылған. М. Дулатұлының «Потанинге» атты өлеңінде: «Арманы жоқ, ардақты ата ақ жүрек, Ханзаданың күндемессің тақытын», – деп келетін өлең жолдары бар.

Шал Құлекеұлының еңбегінде: «Ханнан тақыт таярда – қараша жұртпен хас болар, Байдан бақыт таярда – дәулетіне мас болар», – дейді.

«Бір тақыт бар дүниеде әркім білер, Ол тақыт қымбат емес, әркім мінер. Мінерінде төмендеп келеді екен, Мінгеннен соң жоғары көтерілер». Жауабы: Түйе, оған мінген адам. Ауыз әдебиетіндегі жұмбақтан алынған.

«Жиырма беске келгенде, Бақыт қонды басыңа, Тақыт келді астыңа». Бұқар жыраудың бірінші толғауынан. Бұл мысалдардың барлығында да тақыт мағынасы тақ мағынасында қолданылған, яғни барлық мысалдарда да тақыт сөзі тақ, хан тағы деген мағына беріп тұр.

11) «Дегенің: «Інжу-маржан көктен түскен», Бір сұлу **ғақыл** кәміл болар қызың» [7, 92]. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде бұл сөздің мағынасы ақыл, даналық деп берілген.

«Ғақыл» сөзі ойшыл ақын Абайда көп кездеседі. Абайдың 38-қарасөзінде: «Бұл ғақыл, ғылым – екеуі де өзін зорға есептемекті, залымдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді» деген жолдар бар. Абай тілі сөздігінде ғақыл – ақыл, ес деген анықтама беріледі.

Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіпте: «Жамандық қайдан туар, тілден туар, Әркімде ғақыл болса, тілін буар. Шығарсаң бір жаман сөз ауызыңнан, Артыңнан айдаһар боп сені қуар», – деген өлең жолдары бар. Бұл жердегі ғақыл сөзінің мағынасы – ақылды адам тілін жамандықтан тыйып жүреді, яғни ғақыл – ақыл мағынасында беріліп тұр.

Бұл сөз Мәшһүр Жүсіпке дейін өмір сүрген Шортанбай Қанайұлының «Заманақыр кезінде» өлеңінде кездеседі: «Байдың тілін жарлы алмас, Ханның тілін қара алмас, Өлінің тілін тірі алмас, Өздері ғақыл біле алмас». Бұл жерде де ғақыл сөзі ақыл, даналық деген мағынада берілген. Яғни, бұл сөз барлық жерде бір мағынада қолданылған. Бұл көнерген сөз қазіргі әдебиетте кездеспейді.

12) «Сарайдың айналасы – алтын-күміс, **Зүбәржат** терезесі ғауһар тегіс» [7, 103]. Сарғыш түсті рең беретін жасыл келген мөлдір минерал, зергерлік асыл тас. Бұл сөз Ш. Мұртазада да бар: «Көлсайдың бетінен көгілдір аспан, зүмірет шыршалар, зүбәржат есіл дүние түгел көрінеді болмыстан болжаусыз көрікті көрінеді». Бұл асыл тастың қазақша атауы, яғни изумруд тастың атауы.

13) «Жақсылардың сөзін ұқпай, Ақылсыздай болма **нәмәрт**» [7, 120]. Мәрт емес, сараң адам. Ә. Кекілбаевтың «Үркер» шығармасында: «Басыңның алтын кезінде бақырдың орнына жұмсайды, бақырға айналған кезінде: «Алтынның орнына жүрмейсің, нашарсың, нәмәртсың!» деп дігірлейді». Сөздікте бұл сөз қорқақ, тұрақсыз адам деген мағынада беріледі.

«Едіге» эпосында да осы сөз кездеседі: «Мен, мен – дүрмін, мен – дүрмін! Мен, мен деген, тоба қылған ер дүрмін! Мен досымның отын сөндірмен, Дұспаным отын жандырман, Өзім демес нәмәртқа, Тоғыздан шаңқан боз ат міндірмен». Бұл жердегі мағынасы – тексіз, жетесіз, нашар. Махамбет бір өлеңінде: «Туырлығы жоқ тұл үйге, Ту байласаң тұрар ма? Ту түбіне тұлпар жығылса, Шаппаған нәмәрт оңар ма?», – дейді.

Нәмәрт сөзі тексіз, жексұрын, ұятсыз деген де мағына береді. Жалпы бұл сөз барлық жерде де адамның бойындағы жаман қасиетті береді.

14) «Ғұнша ерін, алма мойын, сұлу иек, Жүреді бұл сипатпен Манзал сонда» [7, 125]. Бұл сөздің мағынасы – қауызы ашылмаған гүл, гүл қауашағы. Сен тікенек болғанда мен ұқсаймын ғұншаға, кәрі-жасты мысалдап, сөз сөйледім мұншама. Ғұнша – парсы тілінен енген сөз. Қауызы ашылмаған гүл образы Шығыста өзінде сыр сақтаған жұмбақ адамның, тәжірибесіз, жас адамның образын беруде қолданылады. Парсыларда қазақ тіліндегі он екіде бір гүлі ашылмаған деген идиомаға ұқсас.

Ғұнша сөзі Мәшһүр Жүсіптің «Хор қыздарының хикаясы» өлеңінде де кездеседі: «Ғұнша ерін, сұлу иек, пісте мұрын, Қалмайды жүзін көрген пендеде арман!». Сұлу қыздарды сипаттауда ақын осы сөзді қолданған.

15) «Зынданда тұтқындарды азат етіп, Жайылды жалғыз күнде **ғадалаты**» [7, 131]. Ғадалат бұл араб сөзі. Абайдың бірнеше шығармаларында да кездеседі: «Ғадалат (әділдік) пен мархамат (мейірім) – көп азығы, Қайда көрсең, болып бақ соған көмек». Немесе: «Адам баласы хайуаннан бөлек тұратын басты белгісі – ақыл, ғылым, ғадалат». Абай тілі сөздігінде бұл сөзге мынадай анықтама беріледі: «Ғадалат – әділет, турашылдық, адалдық». Абай өз шығармаларында осындай шығыс сөздерін көп қолданған. Осы жерден екі ақынның көнерген сөзді қолдану үндестігін байқауға болады.

**Нәтижелер.** Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» дастанында кездесетін 15 көнерген сөзді қарастырдық. Ақын шығармаларында кездесетін көнерген сөздер кейіпкер бейнесін, кейіпкердің сөйлеу ерекшелігін, ортасын, мәдениетін ашуға қызмет етеді, қазақ халқының сөздік қорының байлығын көрсетеді; ғасырлар бойына қалыптасқан халқымызға тән әдет-ғұрып, мәдениет, салт-санамыздың дастандағы көрінісі айқындалады.

Тува мемлекеттік университетінің профессоры Менги Васильевна Ондардың пікірінше: «Көнелілігіне қарамастан, батырлық аңыздардың тілі уақыт өте келе жаңарып отырады және этнос тіліндегі өзгеретін процестерге сәйкес дамиды» [9]. Бұл жоғарыда дәлелденді. Мақалада ақынның дастаны қазіргі оқырманына, зерттеушісіне бір оқығаннан түсінікті болуы үшін оның түсіндірме сөздіктің көмегімен түсінікті болуына зерттеу жасап, бір дастанның негізінде көнерген сөздер мағынасын, көркемдігін және жалғаспалы басқа автордағы қолданысын жинақтадық, сөйтіп авторды тану үшін ізденіс жасадық.

Мақаладағы негізгі зерттеу мәселесінің қорытындысы – жалпы ғылыми жұмыс барысында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дастанында кездесетін көнерген сөздердің мағынасын ашып, салыстыра талдау үшін аталған сөздерді басқа авторлардың шығармаларынан іздедік. Іріктеуді замандас ақын-жазушылар шығармалары, кейінгі әдебиет, қазіргі заман әдебиеті бойынша жүргіздік. Осы 15 көнерген сөздің қолданыста аз екендігін, оның белсенді емес екендігін анықтадық.

Бір дастанның көркемдігіндегі көнерген сөздерді таңдап алу себебіміз – мақала көлемінің сыйымдылығы болып табылды. Бұл мақаладан бөлек зерттеу жұмысы ақынның басқа дастандарында, шығармаларында кездесетін көнерген сөздерді қарастыруды, зерттеуді қажет етеді. Бұл жұмыстың нәтижесі Мәшһүр Жүсіп шығармаларын оқу үшін, тану үшін, ондағы көнерген сөздердің мағынасын түсіну үшін қажет болады.

Мәшһүр Жүсіп конференцияларында, Мәшһүр Жүсіп оқуларында, Мәшһүртану ізденістерінде түсіндірме сөздікпен жұмыс жасаған жөн болатыны сөз болды. Бұл өз кезегінде ізденістің жалғастылығын көрсетеді.

**Қорытынды.** Көнерген сөздерді жинақтап, олардың мағынасын, семантикалық ерекшеліктерін талдау қазіргі тіл білімінде және әдебиеттануда маңызды болып табылады. Бұл тәсіл оқушылардың тарихи-салттық білімін, тіл мәдениетін және әдеби мәтінді түсіну қабілетін арттырады. Сонымен қатар, талдау автордың көркемдік шеберлігін, сөздерді мәтіндік контексте қолдану ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді.

Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» атты дастанындағы көнерген сөздер іріктелді. Іріктелген көнерген сөздердің мағыналық-көркемдік қызметі жүйеленді, әдебиеттегі жалғастылығы сараланды. Дастаннан іріктеліп алынған 15 көнерген сөз арқылы ақынның шығарма тіліндегі қазақтың ХХ ғасыр басындағы қоғамдық өмірі, тұрмысы, тарихы мен мәдениеті туралы көптеген сөздердің түсініктемесіне негіздеп, көркемдік мәнін жинақтадық. Сол кезеңдегі халық өмірін, көңіл-күйін, олардың сөздерін, пайдаланған заттары мен киген киімін, бағалы асыл тасын, атақ-дәрежесін білдіруін, адамгершілік сипатын осы көнерген сөздерді қолданбай ХХ ғасырдың басындағы әдеби форматты жеткізу мүмкін еместігін қорытындыладық. Ақын қолданған сөздерді саралау, талғап пайдалана білу, орынды қолдану арқылы дастанның көркемдік мәнін ашып, сол

дәуірге тән шындықты айнытпай бергенін дәлелдедік. Жалпы Мәшһүртану ғылымында ақын шығармаларында кездесетін әр көнерген сөзді қарастыру керек екендігін түсіндік.

Бұл мақалада авторды зерттеуге бағытталған әдіс, жеке туындыны оның мазмұны мен нысанын зерттеу әдістемесі, әдеби герменевтика әдісі арқылы Мәшһүр Жүсіп қолданған, қазір көнерген сөз қатарындағы 15 сөздің жалпы шығармашылықта жалғаспалы қолданылуы немесе қолданылмауы зерттелді. Бірақ, бір ғана дастан негізінде кездескен көнерген сөздерді қарастырғандықтан, ақынның «Баяннама», «Шайтанның саудасы», «Жер мен көк», «Хаятбақшы», «Миғраж», «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы» атты дастандарында кездесетін көнерген сөздерді жинақтап, «Мәшһүр Жүсіп дастандарының сөздігін» құрастыру қажет екендігі анықталды.

Жалпы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Гүлшат-Шеризат» дастанындағы көнерген сөздер қазақ тілінің тарихи және мәдени қазынасын сақтауда маңызды рөл атқарады. Қазіргі оқырман, әсіресе жастар, бұл сөздердің мағынасын түсінуде қиындыққа ұшырауы мүмкін, сондықтан оларды жүйелі талдау және түсіндіру өзекті болып отыр. Көнерген сөздерді зерттеу арқылы біз автордың көркемдік шеберлігін, сөздерді мәтіндік контексте қолдану ерекшелігін түсінеміз, сонымен қатар оқушылардың тарихи-салттық білімін, тіл мәдениетін және әдеби мәтінді түсіну қабілетін дамытуға мүмкіндік туады. Осы тұрғыдан, дастандағы көнерген сөздерге жүргізілген зерттеу қазіргі қазақ тіл білімінде және әдебиеттануда маңызды әрі өзекті бағыт болып табылады.

Зерттеу жұмысы мектеп оқушыларына, магистранттар мен докторанттарға қажет, сонымен қатар түрлі мамандық бойынша, мысалы психологтар, дінтанушылар ізденістеріне көмекші материал бола алады.

### Әдебиеттер

1. Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 349 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 306 б.
3. Аханов К. Қазақ тілі лексикасының мәселелері. – Алматы: Қазақ мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 1955. – 62 б.
4. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004. – 288 б.
5. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-словарь, 2006. – 258 б.
6. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 126 б.
7. Көпейұлы М. Шығармалар жинағы. 8-том. – Павлодар: ЭКО, 2023. – 240 б.
8. Жүсіп Қ., Жүсіпов Н. Абай және Мәшһүр Жүсіп // Торайғыров университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2020, – №3. – 219 б. URL: <https://vestnik-philological.tou.edu.kz//storage/journals/108.pdf>
9. Ондар М. В. Archaic words in Tuvan heroic legends (Устаревшая лексика в тувинских героических сказаниях) // Новые исследования Тувы. – 2020. – №1. DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2020.1.9>
10. Есенберлин І. Көшпенділер. – Алматы: І. Есенберлин атындағы қор, 2002. – 760 б.
11. Мәмбетов І. Тарланбоз: Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 208 б.
12. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.



**Н.А. НУРКИНА, М.Н. БАРАТОВА**

Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан

**СМЫСЛОВО-ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ФУНКЦИЯ УСТАРЕВШИХ СЛОВ В ПОЭМЕ  
«ГУЛШАТ-ШЕРИЗАТ» МАШХУР ЖУСУПА**

**Аннотация.** В статье рассматривается смыслово-художественная функция устаревших слов в поэме «Гулшат-Шеризат» Машхур Жусупа Копеева и их литературное продолжение. Берутся за основу выводы учёных о значении устаревших слов, а также анализируется их употребление в других произведениях, способы использования авторами таких слов, особенности их авторского применения в художественных текстах. Отмечается, что невозможно представить эпоху, в которой жил Машхур Жусуп, без устаревших слов. Автор мастерски использовал их как средство изображения жизни того времени.

В изучении и анализе устаревших слов, встречающихся в поэме, применялись метод исследования, направленный на изучение автора, метод анализа конкретного произведения, его содержания и формы, а также метод литературной герменевтики.

В результате исследования установлено, что в содержании поэмы встречается немалое количество устаревших слов, и автор использовал их как средство отражения исторической реальности своего времени.

Рассматривается употребление устаревших слов в других произведениях, в творчестве современников поэта, в советской литературе, в современной литературе; анализируется, используются ли они в том же значении, что и у Машхур Жусупа или приобретают иные смыслы. Эти аспекты раскрываются с помощью методов группировки, анализа и описания научных выводов исследователей по данной теме.

**Ключевые слова:** устаревшие слова, значение слова, толковый словарь, литературное продолжение, «Гулшат-Шеризат», поэма Машхур Жусупа.

**N. A. NURKINA, M. N. BARATOVA**

Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan

**THE SEMANTIC AND ARTISTIC FUNCTION OF ARCHAIC WORDS IN MASHKHUR  
ZHUSUP'S POEM "GULSHAT-SHERIZAT"**

**Annotation.** The article discusses the continuation of the semantic and artistic activity of ancient words in the epic "Gulshat-Sherizat" by Mashkhur Zhusup Kopeev in literature. The conclusions of ancient words used in the saga in the works of scientists are guided and the specifics of the use of these words in other works are compared, the methods of using ancient words by authors, the features of the author's use in a work of art are analyzed. The image of that time in which Mashkhur Zhusup Kopeev lived cannot be described without ancient words. It is shown that the author skillfully used ancient words as a means of depicting life in those times.

In the recognition and analysis of ancient words in the poet's saga, the comparative historical method, the method aimed at studying the author, the method of studying an individual work in its content and form, the method of literary hermeneutics were used.

As a result, it was found that the content of the saga contains quite a bit of ancient words that are at the core of the article, and the author used them as a means of reflecting the historical reality of that time.

The use of ancient words in other works, the use of the poet in the works of his contemporaries, in the literature of the Soviet period, in modern literature, whether Mashkhur Zhusup wrote or gave other meanings, these points and the scientific conclusions of scientists related to ancient words were shown through methods of grouping, analysis, description.

**Key words:** ancient word, meaning of words, explanatory dictionary, literary sequel, "Gulshat-Sherizat", Mashkhur Zhusups saga.

## References

1. Sauranbaev N. Qazaq til biliminiñ problemalary. – Almaty: Čylym, 1982. – 349 b.
2. Jūbanov Q. Qazaq tılı jönindegi zertteuler. – Almaty: Čylym, 1966. – 306 b.
3. Ahanov K. Qazaq tılı leksikasynyñ мәseleleri. – Almaty: Qazaq memlekettik oqu-pedagogikalyq baspasy, 1955. – 62 b.
4. Syzdyq R. Qazaq әdebi tılınıñ tarihy. – Almaty: Arys, 2004. – 288 b.
5. Qaliev Č., Bolğanbaev Ä. Qazırgı qazaq tılınıñ leksikologiasy men frazeologiasy. – Almaty: Sözdik-slovär, 2006. – 258 b.
6. Bolğanbaev Ä. Qazaq tılınıñ leksikologiasy. – Almaty: Mektep, 1988. – 126 b.
7. Köpeiüly M. Şyğarmalar jınaғы. 8-tom. Pavlodar: EKO, 2023. – 240 b.
8. Jūsıp Q., Jūsıpov N. Abai jäne Mäshür Jūsıp // Toraıǵyrov universitetiniñ Habarşysy. Filologia seriasy. – 2020. – №3. – 219 b. URL: <https://vestnik-philological.tou.edu.kz//storage/journals/108.pdf>
9. Ondar M. V. Archaic words in Tuvan heroic legends (Ustarevşaiä leksika v tuvinskih geroicheskih skazaniäh) // Novye issledovania Tuvy. – 2020. – №1. DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2020.1.9>
10. Esenberlin I. Köşpendiler. Almaty: I. Esenberlin atyndaғы qor, 2002. – 760 b.
11. Mämbetov I. Tarlanboz: Tañdamaly. – Almaty: Jazuşy, 1973. – 208 b.
12. Qaliev B. Qazaq tılınıñ tüsındırme sözdıǵı. – Almaty: Memlekettik tıldı damytu instituty, 2014. – 728 b.

## Авторлар туралы мәлімет:

**Нуркина Назгүл Амантайқызы** – Торайғыров университетінің докторанты, Павлодар, Қазақстан.

**Нуркина Назгуль Амантаевна** – докторант Торайғыров университета, Павлодар, Казахстан.

**Nurkina Nazgul Amantayevna** – doctoral student, Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

**Баратова Мухаббат Нұржауқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Торайғыров университетінің профессоры, Павлодар, Қазақстан.

**Баратова Мухаббат Нуржауовна** – кандидат филологических наук, профессор Торайғыров университета, Павлодар, Казахстан.

**Baratova Mukhabbat Nurzhauovna** – candidate of philological sciences, professor Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

G.A. OMARBEKOVA



Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan

(e-mail: [gulnara.omarbekova@nu.edu.kz](mailto:gulnara.omarbekova@nu.edu.kz))

## DIGITAL CULTURE IN THE KAZAKH CONTEXT: CONTEMPORARY ISSUES

**Annotation.** The article formulates the contemporary digital culture of Kazakhstan based on the concepts of the “third space” and “hybridity” of Homi Bhabha, one of the founders of postcolonial theory. The hybrid nature of Kazakh digital culture in the “third space” informs the goal of this work, which is to interpret traditional Kazakh identity, considering the consequences of the Soviet era and the intersection of global digital trends. The Internet and social media have created a unique hybrid space in which Kazakh, Russian, and international digital cultures intersect, giving rise to new forms of identity, language, and self-expression, as well as mixed linguistic hybrid digital communication. Social media users often switch between languages when exchanging comments, opinions, captions, posts, and memes. Memes and Internet slang are mixed with Russian phrases, Kazakh proverbs, and English Internet terms, creating a unique hybrid digital dialect. This digital third space challenges the notion of linguistic purity by illustrating how Kazakh identity is evolving in online communication. Artificial intelligence (AI) technologies will further exacerbate global linguistic inequality and reinforce the dominance of English and other European languages. As a result, medium- and low-resource languages, such as Kazakh, receive limited support in AI systems and are marginalized in the digital space. The lack of AI projects for the Kazakh language, combined with the scarcity of large-scale data and the commercial priorities focused on English- or Russian-speaking markets, constrains the technological development of the Kazakh language. It is these points that determine the relevance of the work. The article examines the role of the Kazakh language in artificial intelligence systems, digital activities, and emerging artificial intelligence projects, as well as linguistic hybridity in the digital space. It also explores issues of rethinking Kazakh identity through online activity, which contributes to the novelty of the work.

**Keywords:** Homi Bhabha, Kazakh digital culture, Kazakh language, Kazakh AI projects.

**Introduction.** Today, digital media have become a powerful and transformative force in the world, transforming communication, culture, and society. Thanks to technological progress, digital media have eliminated geographical boundaries and provided real-time interactive communication from anywhere in the world. The Internet and social networks create a unique “third space” where Kazakh, Russian, and global digital cultures intersect, developing a new linguistic hybrid of digital communication that is unique, rich in language, and expressive of self. The hybrid nature of Kazakh digital culture in the “third space” is explained by the interaction of the Soviet era’s influence on traditional Kazakh identity and the intersection of global digital trends. Postcolonial theory is an interdisciplinary field of study that analyses the cultural legacy of colonialism. Since the 1970s and 1980s, a scientific segment has critically examined bipolar parallels, such as colonizer/colonized, white/black race, metropolis/periphery, and dominant language/counter language. The objects of criticism are the actions of economic and social institutions, dominant features of imperial thinking, and imperial attitudes. Postcolonialism has three main goals: 1) to question prevailing ways of thinking about the relations between the West and non-Western countries and between the West and non-Western peoples; 2) to combat

economic inequalities between these regions and their inhabitants; 3) to recognise the legitimacy and value of non-Western cultures and their unique ways of thinking and comprehension [1, 285]. Since the term “postcolonialism” came into use, it has been subject to various criticisms, and scholars have offered multiple definitions for it. If Homi Bhabha stated that “postcolonialism was a necessary warning about the persistence of neocolonial relations in the new world order” [2, 9], then the next scholar referred to the epochal period of the Eurocentric myth as “the postcolonial era” [3, 605-622]. He offers an interstitial space of interaction between colonising and colonised cultures, thereby creating hybridity in culture. This new kind of culture disrupts colonial domination by challenging essentialist identities and contradicting the opposition between colonizers and colonization, or East and West. In this case, the intermediate third space resists colonial oppression by analysing colonial discourse and reconstructing the cultural identity of the colonised people [2, 9]. As concerns about political and economic exploitation by colonisers recede, the third space in the Kazakhstani context seeks to move beyond a cultural project promoting mental and psychological freedom, hoping to harness the opportunities and resources created by social media to leverage intercultural and international negotiations in its favour. Among the cultural projects, the following areas predominate, having both positive and negative impacts on the Kazakh context: digital activism and new projects in the field of artificial intelligence, linguistic hybridity in the digital space, and redefining the Kazakh identity through online activism. Thus, the main goal of this article is to summarise the possibilities of the theory of postcolonial discourse, based on the concept of the “third space” of H. Bhabha, to highlight the steps taken in the Kazakh context regarding technological progress, and to give recommendations that will help protect and develop the language in a technological environment. The study’s scientific novelty lies in applying postcolonial theory (Bhabha, Phillipson, Marini) to analyze digital Kazakhstani identity, highlighting digital language as a key factor of nation and culture, while considering AI as both a technological tool and an ideological one.

**Methodology and research methods.** The purpose of this article is to explore Kazakhstan’s digital culture as a hybrid phenomenon that emerged at the intersection of the Soviet legacy and global digital trends. To accomplish this, the study employs various qualitative methods, including content analysis of digital texts and discursive analysis of online interactions. The empirical basis includes scientific articles and developers of local AI projects, where authors share research results using Kazakh, Russian, and English, comparing major language models in mixed forms. Kazakhstan’s online space is considered the third space (according to Homi Bhabha), where Kazakh, Russian, and global digital cultures converge. This is demonstrated through linguistic mixing (Kazakh, Russian, and English), forming a new hybrid digital dialect. A unique form of digital identity emerges, based not on purity but on mixing.

The primary scientific source of data for this work is the works of the postcolonial theorist H. Bhabha. The analysis and systematization of Bhabha’s works were carried out. To substantiate the theory, methods for collecting linguistic data and conducting contextual analysis, as well as comparative and descriptive methods, were employed. The transformational changes that have occurred in the Kazakh context are classified as linguistic and cultural. This article analyzes and summarizes the main scientific works published in English and Kazakh on the topic of IA. Through the analysis of literature related to the discourses of colonialism, postcolonialism, and decolonialism, the main problems, achievements, and gaps of digital activity, linguistic hybridity in the digital space, and new AI projects within the framework of the concept of the “third space” of Kazakhstan’s linguocultural transformation were identified. A comparison of data was carried out.

The meaning of the term “Third Space”. The globalised world is characterised by a wave of influential processes that have caused hybridity, cultural change, and numerous instances of cultural boundary blurring. In today’s rapidly changing world, more attention is being paid to the phenomenon of self-awareness, which is becoming increasingly important in relation to the growing diversity of identities that define a person. The problem of self-identification often arises during cultural exchange, as the position of ambivalence and uncertainty usually prevails



at the border between two cultures. Despite the relative novelty of studying the phenomenon of transculture, the topic remains of interest in the context of two or more cultural environments. At the beginning of the 21st century, H. Bhabha became interested not only in the role of cultural hybridity in society but also in the processes occurring in border regions, where cultures intersect and transform. In his book "The Place of Culture," the scientist describes the concept of "third space" as an "intermediate space" [2] in which a person begins to search for a new identity distinct from their previous ones. He considers it a zone of creativity and cultural innovation. According to the scientists, this region is "marginalised", and it is here that interaction and transition to a new culture begin. As a result, the concept of hybrid identity comes to the fore here – "a mobile construct that represents a combination of two or more cultural codes" [4,41] or "a mixture of traditions, beliefs, cultural practices, languages and social practices" [5,16]. The historical process, according to H. Bhabha, is accompanied by continuous intercultural conflicts, resulting in the formation of new identities within a metaphorical field called the "third space" [6, 928]. Cultural changes in the sphere of cultural contact in the "third space" give birth to new identities, creating innovative spaces for cooperation and competition [2]. The development of the Internet world forms the dominance of technologies and generative AI in innovations and digital progress in historically colonial countries, while developing countries, just emerging from the clutches of colonialism and beginning to recover, use ready-made products of new information technologies in the socio-cultural environment of the "third space", often only as consumers. The article examines the concept of "third space" as a modern, new socio-cultural environment that has influenced the cultural identity of the Kazakh people. Here, a hybrid form of linguistic identity is formed. At the same time, a new digital innovation for Kazakhstani identity is emerging - the adoption of AI products and the tendency to contribute to this area with their products. Overcoming the cultural differences between colonisers and the colonised creates a new form of cultural identity. Bhabha [2] emphasises that the new form of cultural identity unites and transcends the past and the present in an innovative act of cultural transformation. He says:

Such an act does not merely recall the past as a social cause or aesthetic precedent; it renews the past, refiguring it as a contingent 'in-between' space that innovates and interrupts the present performance. The past and present become part of the necessity, not the nostalgia, of living [2,4].

H. Bhabha, considering the "border" zone of cultures as a territory of their productive interaction, dwells on the processes of globalisation of local culture and localisation of global culture, noting that in any exchange of cultures – both cultural and linguistic – there can be both losses and gains.

**Discussion and observation.** Linguistic hybridity in the digital space. The advent of computers and the Internet has radically transformed human life, and artificial intelligence is now gradually entering many areas of our lives. The Internet and social networks have created a hybrid space where Kazakh, Russian, and global digital cultures intersect, resulting in new forms of identity, language, and self-expression, as well as mixed linguistic hybrid digital communication. Social media users often switch between languages when exchanging comments, opinions, captions, posts, and memes. Memes and internet slang are made up of Russian phrases, Kazakh proverbs, and English internet terms, creating a unique hybrid digital dialect. This digital third space challenges the "idea of linguistic purity" by showing how Kazakh identity is evolving in online communication. In addition, AI technologies have exacerbated global linguistic inequality and reinforced the dominance of English and other European languages. As a result, languages with medium and low levels of resources, such as Kazakh, receive limited support in AI systems and are marginalised in the digital sphere. Phillipson said: "Britain once ruled the seas, but now the English language rules the other countries," "The British Empire has given way to the empire of the English language" [7,1]. According to Phillipson, in addition to gender, national, racial, and class inequality, there is also linguistic inequality in the modern era. The most visible form of the latter is linguistic imperialism. Linguistic imperialism is a social system characterized by the dominance of the English language as a means of communication in various spheres

of human social life and the privileges accorded to those who are fluent in English in terms of access to power and resources. First, this advantage is enjoyed by representatives of peoples whose native language is English. Under linguistic imperialism, other languages are oppressed, and people whose native and/or primary language is another language are disadvantaged; that is, they have limited opportunities to satisfy their economic, political, social, and cultural needs. However, in the context of globalization, it is not only the English language that puts pressure on other languages of the world, but also the languages of the large nations. In this regard, it is necessary to recall the concept of sub-imperialism, as proposed by the Brazilian scholar Rui Mauro Marini. Marini characterized developing countries with relatively large economies and powerful armed forces as sub-imperialist: on the one hand, they were dependent on the leading capitalist countries (USA, Great Britain, France, etc.) and were exploited by them, and on the other hand, they sought to subjugate weaker, less developed countries. For Marini, an example of a sub-imperialist country was Brazil, which was dependent on the United States but tried to subjugate Colombia, Bolivia, Paraguay, etc. He also included Argentina, Israel, Iran, Iraq, South Africa, and other sub-centres of the world capitalist system among the sub-imperialist countries [8,34-47]. Based on Phillipson's concept of linguistic imperialism and Marini's concept of sub-imperialism, the idea of linguistic sub-imperialism was formed. Linguistic sub-imperialism is a phenomenon in which the languages of large nations are subjected to pressure from the English language, and these languages, in turn, exert pressure on the languages of small countries, subjugating their socio-cultural space and capturing their human resources. What is happening here is like linguistic imperialism, albeit on a limited scale. Because of this postcolonial legacy, Russian and the languages of the post-Soviet space are often code-swapped by Kazakh-speaking social media users in comments, posts, and memes. For example: "I'm watching a stream right now, the content is great!" This sentence combines Kazakh grammar, English digital terms ("stream", "content"), and Russian phrases. This reflects the transformation of Kazakh-language written culture in the "third space" of the modern Internet world. The digital "third space" challenges the notion of language purity, illustrating how the culture of Kazakh writing evolves in online communication. Another example of the influence of social interaction is that Kazakh youth, influenced by English and global digital platforms, have introduced the practice of writing Kazakh in the Latin script. However, it has not been officially adopted. For example, *Sen senbide party-ge barasyn ba?* - *Yeah, baramyn* (Are you going to the party on Saturday? - Yes, I am). Memes and internet slang are intertwined with Russian phrases, Kazakh proverbs, and English internet terms, creating a unique hybrid digital dialect [9;10].

**Results.** There are two main types of code-switching: inter-sentence and intra-sentence code-switching. In the former, language switching occurs at sentence boundaries, whereas in the latter, it occurs within sentences, creating a more complex problem. Multilingual AI models can only handle inter-sentence situations. However, intra-sentential code-switching is often used in Kazakhstan, especially between Kazakh and Russian. Therefore, a group of scientists studying AI in the Kazakh language aimed their future research at recognizing words with code-switching in sentences by collecting code-switching data or using special methods developed for using monolingual data [11, 2160-2164]. Several difficulties are associated with performing speech synthesis tasks in the Kazakh language. The first problem is code-switching since most Kazakhs speak two languages: Kazakh and Russian. Although languages are not typically mixed in most formal situations (e.g., news, books, law), code-switching within a sentence is common in informal communication. Moreover, code-switching can occur even within a single word (e.g., Kazakh words may have Russian suffixes or vice versa), which can further compromise the quality of text-to-speech (TTS) systems. Additionally, the Kazakh language has a substantial number of words borrowed from Russian, which, as a rule, retain the spelling and phonetic characteristics of the native language. This is especially true for text-to-speech applications since the Russian language differs from Kazakh in many aspects. For example, in most Kazakh words, the stress falls on the last syllable, whereas in the Russian language, the word stress can fall on any syllable of the word [12, 605-619]. Additionally, the spelling of Kazakh words corresponds to

their pronunciation, unlike Russian words. For example, the letter “o” is sometimes pronounced as /a/. It is essential to note that, due to globalization, the borrowing of other languages, particularly English, is also increasing, which poses an additional problem [13,2786]. Another problem is that the Kazakh language is an agglutinative language with a vibrant vocabulary and many signs in each word. It is also subject to morphophonemic changes that occur during word formation. It would be beneficial to expand the Kazakh speech corpus by incorporating additional word formation variants. Overcoming these problems for the Kazakh language is considered an interesting direction for future research. To effectively harness the potential of AI, policies and plans are needed to preserve and develop indigenous cultures, as well as dialogue and open discussions with Kazakhstani society to shape a new perspective.

**Conclusion.** AI projects focused on the Kazakh language are advancing successfully. Recent research has examined various aspects of digital media, emphasizing their importance as a catalyst for innovation, cultural exchange, and the democratization of information in the digital age. The artificial intelligence being developed today is closely linked to preserving our national language, ensuring its complete conservation, and transmitting its essence to future generations [14,164]. Hoping to harness the opportunities and resources to capitalise on the intercultural and international space created by social media, the “third space” in the Kazakhstani context aims to go beyond the cultural project that merely promotes mental and psychological freedom. This part examines new projects in the Kazakh context, highlighting the evolution of digital AI development as a modern achievement of decolonisation progress in the fields of modern communications, culture, and large-scale cultural and technological development in Kazakh society. In recent years, it is worth noting the achievements of artificial intelligence for the Kazakh language. For example, the KazSAnDRA dataset, which enables the accurate and sensitive analysis of Kazakh language sentiment and opinion exchanges, is a valuable resource in the field of natural language processing [15,9657–9667]. Yeshpanov and colleagues [16,9633–9644] developed a parallel corpus, “KazParC,” to improve machine translation between Kazakh and other languages. Corpus helps to enhance the quality of translation models. Abilbekov et al. [17, 9626–9632] presented the “KazEmoTTS” dataset for emotional text-to-speech translation in Kazakh. This collection represents a significant advancement in the field of speech synthesis for the Kazakh language. A group led by Mussakhoyayeva [18,1-12] developed an open dataset, “KazakhTTS”, for text-to-speech synthesis in the Kazakh language. The resource makes a significant contribution to the development of speech technologies in the Kazakh language. The natural language processing (NLP) model “Tilmash” can translate between Kazakh, English, Turkish, Russian, Tatar, and Uzbek languages while preserving the meaning of the text, and it is a machine translation model with high performance compared to other competitors in the market [19, 81-91]. The model can make a significant contribution to the development of Large Language Models (LLMs) in the future. At this event, the scientific results and developments of the Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, the National Corpus of the Kazakh Language, its subcorpora, and intellectual products such as the “Universal Electronic Dictionary of the Kazakh Language,” “Linguistic Electronic Library,” “Automatic Kazakh Text Recognition System,” and “Smart Text Editor” will also be evaluated as valuable innovations in the digital portfolio of the Kazakh language.

The development and proliferation of AI have led to significant social and cultural changes that have had a profound impact on Kazakhstani society, as well as the global community. These changes primarily concern the positive or negative effects of AI on Kazakh culture, ranging from the use of technology to how society perceives and adapts to it. Today, developed world countries and former colonial powers are manipulating the intercultural and international negotiations on the third space created by the World Trade Organization and social media to their advantage. Decolonial processes and globalization have fostered ongoing cultural contacts and interactions between countries, resulting in a hybrid third space. This creates a two-way struggle for self-preservation for both the colonizer and the colonized in this space, undermining the dominance that the colonizers maintained over the colonized. In a globalized world, dependence on new

technologies and unequal access to resources and opportunities warn of the need to take measures to resist new forms of colonial and neocolonial domination. In this situation, Kazakh culture, with its deep roots, must reach a level where it can express its own uniqueness and distinct voice in the global space. In this regard, the achievements of Kazakh scientists in the field of AI are considered a practical step towards decolonisation.

In conclusion to the work, the following recommendations are provided:

1. Develop and expand the language corpus; increase the Kazakh language repository, including an open data corpus, to make an extensive collection of Kazakh texts and audio materials accessible to communities and researchers.
2. Create AI tools for the Kazakh language; develop tools for teaching Kazakh, level-based language learning, grammar, and academic writing.
3. Enhance the quality of machine translation from and into Kazakh.
4. Implement grammatical and stylistic corrections: develop AI tools for spelling, punctuation, and grammar checking.
5. Encourage the use of Kazakh in all digital environments. Provide access to the Kazakh language corpus <https://qazcorpus.kz/> for foreign researchers.
6. Preserve linguistic heritage: create digital archives and lexicographic resources.

These steps will not only help adapt the Kazakh language to the AI era but also protect it from being overshadowed by other language technologies.

### Literature

1. Christophers B. Ships in the Night: Journeys in Cultural Imperialism and Postcolonialism // International Journal of Cultural Studies. 2007. Vol. 10. – № 3. – P. 283-302.
2. Bhabha H.K. The Location of Culture. – London: Routledge, 1994. – 440 p.
3. Grosfoguel R. Latin@s and the Decolonization of the US Empire in the 21st Century // Social Science Information. 2008. Vol. 47. – № 4. – P. 605-622.
4. Ядченко Е. И. Языковая экспликация гибридной идентичности мигранта в повседневной коммуникации // Межкультурная коммуникация и профессионально ориентированное обучение иностранным языкам: Материалы XII Международной научной конференции, посвященной 97-летию образования Белорусского государственного университета. – Минск: Белорусский государственный университет, 2018. – С. 41-42.
5. Волков Ю.Г., Курбатов В.И. Гибридная идентичность: факторы формирования и формы проявления // Гуманитарий Юра России. 2022. – Т. 11. – № 2. – С. 15-23.
6. Frenkel M. The Multinational Corporation as a Third Space: Rethinking International Management Discourse on Knowledge Transfer through Homi Bhabha. The Academy of Management Review, 2008. Vol. 33. – № 4. – P. 924-942.
7. Phillipson, R. Linguistic Imperialism. 1992. Oxford: Oxford University Press.
8. Marini R.M. The Paths of Latin American Integration // Social Justice. 1992. Vol. 19, №4 (50). – P. 34-47.
9. Астана тұманы (мемдер). – URL: [https://el.kz/astana\\_t-many\\_-memder\\_3220/](https://el.kz/astana_t-many_-memder_3220/).
10. Әлем барысы: Fight! (мемдер). – URL: [https://el.kz/lem\\_barysy-fight\\_-memder\\_zhinay\\_21901/](https://el.kz/lem_barysy-fight_-memder_zhinay_21901/).
11. Khassanov Y., Xu, H., Pham, V.T., Zeng Z., Chng E.S., Ni, C., Ma B.: Constrained output embeddings for end-to-end code-switching speech recognition with only monolingual data. 2019. In: Proc. INTERSPEECH. – P. 2160-2164.
12. Журавлев О. и Лупкер С. Дж. Постоянство и регулярность ударения в русском языке. Язык, познание и нейронаука, 2014. – №29(5). – P. 605-619.
13. Mussakhojayeva S., Janaliyeva A., Mirzakhmetov A., Khassanov Y., Varol H.A. KazakhTTS: An Open-Source Kazakh Text-to-Speech Synthesis Dataset. Proc. INTERSPEECH, Brno, Czechia, 2021. – P. 2786-2790. – URL: [https://www.isca-archive.org/interspeech\\_2021/mussakhojayeva21\\_interspeech.pdf](https://www.isca-archive.org/interspeech_2021/mussakhojayeva21_interspeech.pdf) (Date of use: 17.04.2025)



14. Alkebaeva D., Sultan E. Linguistic changes in Kazakh-language artificial intelligence. Eurasian Journal of Philology Science and Education, 2025. – №198(2). – P. 19-33. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh202519822>.
15. Yeshpanov R., Varol H.A. KazSAnDRA: Kazakh Sentiment Analysis Dataset of Reviews and Attitudes. Proceedings of the 2024 Joint International Conference on Computational Linguistics, Language Resources and Evaluation, 2024, Italy, – P. 9657–9667.
16. Yeshpanov R., Polonskaya A., Varol H.A. KazParC: Kazakh Parallel Corpus for Machine Translation. Proceedings of the Joint International Conference on Computational Linguistics, Language Resources and Evaluation. – Torino, 2024. – P. 9633-9644.
17. Abilbekov A., Mussakhoyayeva S., Yeshpanov R., Varol H.A. KazEmoTTS: A Dataset for Kazakh Emotional Text-to-Speech Synthesis. Proceedings of the Joint International Conference on Computational Linguistics, Language Resources and Evaluation. – Torino, 2024. – P. 9626-9632.
18. Mussakhoyayeva S., Khassanov Y., Varol H.A. A Study of Multilingual End-to-End Speech Recognition for Kazakh, Russian, and English, 2021. – P. 1-12. – URL: <https://arxiv.org/pdf/2108.01280> (Date of use: 17.04.2025)
19. Maxutov A., Myrzakhmet A., Braslavski P. Do LLMs Speak Kazakh? A Pilot Evaluation of Seven Models. In Proceedings of the First Workshop on Natural Language Processing for Turkic Languages. – Bangkok, 2024. – P. 81-91.

#### Г.Ә. ОМАРБЕКОВА

Назарбаев Университеті, Астана, Қазақстан

#### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОНТЕКСТЕГІ ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ: ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстанның заманауи цифрлық мәдениеті – постколониялық теорияның негізін салушылардың бірі Хоми Бабаның «үшінші кеңістік» және «гибридтілік» концептілері негізінде тұжырымдалады. Қазақи цифрлық мәдениеттің «үшінші кеңістікте» гибриді сипатта болуы дәстүрлі қазақ болмысының кеңестік дәуірден сіңірген салдары мен жаһандық цифрлық трендтер тоғысындағы қатынаста түсіндірілуі жұмыстың мақсатын анықтайды. Интернет пен әлеуметтік медида қазақ, орыс және жаһандық цифрлық мәдениеттер өзара әрекеттескен бірегей гибридік кеңістік құрып, бірегейліктің, тілдің және өзін-өзін танытудың жаңа формалары, аралас лингвистикалық гибридік цифрлық коммуникация дамыды. Әлеуметтік желі қолданушылар жазба, пікір, түсініктемелерде, субтитрлерде, пост және мемдермен алмасқанда тілдер арасында жиі код ауысады. Мемдер мен интернет сленгіне орыс тіліндегі сөз тіркестері, қазақ мақал-мәтелдері және ағылшын тіліндегі интернет терминдері еніп, бірегей гибридік цифрлық диалект жасалады. Бұл цифрлық үшінші кеңістік онлайн қарым-қатынаста қазақ болмысының қалай дамып жатқанын көрсету арқылы тіл тазалығы идеясына қарсы шығады. Бұдан жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары әлемдік тілдік теңсіздікті күшейтіп, ағылшын және басқа да еуропалық тілдердің үстемдігін нығайтады. Соның әсерінен қазақ тілі сияқты орта және шағын ресурсты тілдер ЖИ жүйелерінде шектеулі қолдауға ие болып, цифрлық кеңістікте маргиналдануға ұшырайды. Қазақ тіліне арналған ЖИ жобаларының аздығы, ірі көлемдегі деректердің жетіспеушілігі және коммерциялық басымдықтардың ағылшын не орыс тілді нарықтарға бағытталуы қазақ тілінің технологиялық дамуына кедергі келтіреді. Бұл аталғандар – жұмыстың өзектілігін негіздейді. Мақалада қазақ тілінің ЖИ жүйелеріндегі орны, цифрлық белсенділік және жаңа ЖИ жобалары, цифрлық кеңістіктегі лингвистикалық гибриділік және онлайн белсенділік арқылы қазақтың бірегейлігін қайта анықтау мәселелері жұмыстың жаңалығын анықтайды.

**Түйін сөздер:** Хоми Баба, қазақтың цифрлық мәдениеті, қазақ тілі, қазақстандық ЖИ жобалары.

Г.А. ОМАРБЕКОВА

Назарбаев Университет, Астана, Казахстан

## ЦИФРОВАЯ КУЛЬТУРА В КАЗАХСТАНСКОМ КОНТЕКСТЕ: СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ

**Аннотация.** В статье формулируется современная цифровая культура Казахстана на основе концепций «третьего пространства» и «гибридности» Хоми Бабы, одного из основоположников постколониальной теории. Гибридный характер казахской цифровой культуры в «третьем пространстве» определяет цель работы, которая заключается в интерпретации традиционной казахской идентичности в терминах последствий советской эпохи и пересечения мировых цифровых трендов. Интернет и социальные сети создали уникальное гибридное пространство, в котором взаимодействуют казахская, русская и мировая цифровые культуры, создавая новые формы идентичности, языка и самовыражения, а также смешанную лингвистическую гибридную цифровую коммуникацию. Пользователи социальных сетей часто переключаются между языками при обмене комментариями, мнениями, подписями, постами и мемами. Мемы и интернет-сленг смешиваются с русскими фразами, казахскими пословицами и английскими интернет-терминами, создавая уникальный гибридный цифровой диалект. Это цифровое третье пространство бросает вызов идее языковой чистоты, показывая, как казахстанская идентичность развивается в онлайн-коммуникации. Технологии искусственного интеллекта (ИИ) еще больше усугубят глобальное языковое неравенство и усилят доминирование английского и других европейских языков. В результате языки со средним и низким уровнем ресурсов, такие как казахский, получают ограниченную поддержку в системах искусственного интеллекта и маргинализируются в цифровом пространстве. Недостаток проектов ИИ для казахского языка, нехватка масштабных данных и ориентация коммерческих приоритетов на англо- или русскоязычные рынки сдерживают технологическое развитие казахского языка. Именно эти моменты определяют актуальность работы. В статье рассматриваются место казахского языка в системах искусственного интеллекта, цифровая деятельность и новые проекты искусственного интеллекта, языковая гибридность в цифровом пространстве, а также вопросы переосмысления казахской идентичности посредством онлайн-активности, что обуславливает новизну работы.

**Ключевые слова:** Хоми Баба, казахская цифровая культура, казахский язык, казахстанские ИИ-проекты.

## References

1. Christophers B. Ships in the Night: Journeys in Cultural Imperialism and Postcolonialism // International Journal of Cultural Studies. 2007. Vol. 10. – № 3. – P. 283-302.
2. Bhabha H.K. The Location of Culture. – London: Routledge, 1994. – 440 p.
3. Grosfoguel R. Latin@s and the Decolonization of the US Empire in the 21st Century // Social Science Information. 2008. Vol. 47. – № 4. – P. 605-622.
4. Ядченко Е. И. Языковая экспликация гибридной идентичности мигранта в повседневной коммуникации // Межкультурная коммуникация и профессионально ориентированное обучение иностранным языкам: Материалы XII Международной научной конференции, посвященной 97-летию образования Белорусского государственного университета. – Минск: Белорусский государственный университет, 2018. – С. 41-42.
5. Волков Ю.Г., Курбатов В.И. Гибридная идентичность: факторы формирования и формы проявления // Гуманитарий Юга России. 2022. – Т. 11. – № 2. – С. 15-23.
6. Frenkel M. The Multinational Corporation as a Third Space: Rethinking International Management Discourse on Knowledge Transfer through Homi Bhabha. The Academy of Management Review, 2008. Vol. 33. – № 4. – P. 924-942.
7. Phillipson, R. Linguistic Imperialism. 1992. Oxford: Oxford University Press.

8. Marini R.M. The Paths of Latin American Integration // Social Justice. 1992. Vol. 19, №4 (50). – P. 34-47.
9. Астана тұманы (мемдер). – URL: [https://el.kz/astana\\_t-many\\_-memder\\_3220/](https://el.kz/astana_t-many_-memder_3220/).
10. Әлем барысы: Fight! (мемдер). – URL: [https://el.kz/lem\\_barysy\\_-fight\\_-memder\\_zhinay\\_21901/](https://el.kz/lem_barysy_-fight_-memder_zhinay_21901/).
11. Khassanov Y., Xu, H., Pham, V.T., Zeng Z., Chng E.S., Ni, C., Ma B.: Constrained output embeddings for end-to-end code-switching speech recognition with only monolingual data. 2019. In: Proc. INTERSPEECH. – P. 2160-2164.
12. Журавлев О. и Лупкер С. Дж. Постоянство и регулярность ударения в русском языке. Язык, познание и нейронаука, 2014. – №29(5). – P. 605-619.
13. Mussakhoyayeva S., Janaliyeva A., Mirzakhmetov A., Khassanov Y., Varol H.A. KazakhTTS: An Open-Source Kazakh Text-to-Speech Synthesis Dataset. Proc. INTERSPEECH, Brno, Czechia, 2021. – P. 2786–2790. – URL: [https://www.isca-archive.org/interspeech\\_2021/mussakhoyayeva21\\_interspeech.pdf](https://www.isca-archive.org/interspeech_2021/mussakhoyayeva21_interspeech.pdf) (Date of use: 17.04.2025)
14. Alkebaeva D., Sultan E. Linguistic changes in Kazakh-language artificial intelligence. Eurasian Journal of Philology Science and Education, 2025. – №198(2). – P. 19-33. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh202519822>.
15. Yeshpanov R., Varol H.A. KazSAnDRA: Kazakh Sentiment Analysis Dataset of Reviews and Attitudes. Proceedings of the 2024 Joint International Conference on Computational Linguistics, Language Resources and Evaluation, 2024, Italy, – P. 9657–9667.
16. Yeshpanov R., Polonskaya A., Varol H.A. KazParC: Kazakh Parallel Corpus for Machine Translation. Proceedings of the Joint International Conference on Computational Linguistics, Language Resources and Evaluation. – Torino, 2024. – P. 9633-9644.
17. Abilbekov A., Mussakhoyayeva S., Yeshpanov R., Varol H.A. KazEmoTTS: A Dataset for Kazakh Emotional Text-to-Speech Synthesis. Proceedings of the Joint International Conference on Computational Linguistics, Language Resources and Evaluation. – Torino, 2024. – P. 9626-9632.
18. Mussakhoyayeva S., Khassanov Y., Varol H.A. A Study of Multilingual End-to-End Speech Recognition for Kazakh, Russian, and English, 2021. – P. 1-12. – URL: <https://arxiv.org/pdf/2108.01280> (Date of use: 17.04.2025)
19. Maxutov A., Myrzakhmet A., Braslavski P. Do LLMs Speak Kazakh? A Pilot Evaluation of Seven Models. In Proceedings of the First Workshop on Natural Language Processing for Turkic Languages. – Bangkok, 2024. – P. 81-91.

#### Автор туралы мәлімет:

**Гүлнәр Әбілдақызы Омарбекқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Назарбаев Университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

**Гульнара Абилдаевна Омарбекова** – кандидат филологических наук, доцент Назарбаев Университета, Астана, Казахстан.

**Gulnara Abildaevna Omarbekova** – Candidate of Philology, Associate Professor, Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan.

\*А.К. ӨМІРЗАҚОВА<sup>1</sup>



К.Б. ЖАҚСЫЛЫҚОВА<sup>2</sup>



А.Ж. ҮДЕРБАЕВ<sup>3</sup>



Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, Алматы,  
Қазақстан<sup>1,2,3</sup>

(e-mail: [a.omurzakova@satbayev.university](mailto:a.omurzakova@satbayev.university)<sup>1</sup>, [k.zhaxylikova@satbayev.university](mailto:k.zhaxylikova@satbayev.university)<sup>2</sup>,  
[a.uderbayev@satbayev.university](mailto:a.uderbayev@satbayev.university)<sup>3</sup>)

### **\*Қ.СӘТБАЕВ ОҚУ МӘТІНІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӨЛШЕМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығында берілген қазақша өлшем атауларының этнолингвистикалық репрезентациясы жан-жақты талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – оқулықта қамтылған өлшем бірліктерін (ұзындық, қашықтық, көлем, салмақ) тілдік бірлік ретінде ғана емес, сонымен қатар оларды ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтың көрінісі ретінде қарастыру. Автор математикалық ұғымдардың қазақ оқушысының күнделікті өмірлік тәжірибесіне бейімделу тетіктерін этнолингвистикалық тұрғыдан ашып көрсетеді.

Қазақ өлшем атаулары – этнографиялық әрі мәдени құндылықтар жүйесіндегі маңызды этнолингвистикалық элементтер. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық тәжірибеге негізделген тұрмыстық өлшем жүйесінің тілдік көрінісі ретінде ерекшеленеді.

Қазақ халқының дәстүрлі өлшем жүйесі ұзындық, қашықтық, көлем мен мөлшер, салмақ, уақыт және мезгіл тәрізді бірнеше негізгі топқа жіктеледі. Қ.Сәтбаевтың оқулығында осы өлшем бірліктерінің ішінде оқушылардың күнделікті өмірімен тығыз байланысты түрлері басым қамтылған. Ғалым есеп мазмұнын оқушыға таныс, тұрмыста жиі қолданылатын ұлттық өлшемдер арқылы жеткізе отырып, абстрактілі теориялық ұғымдарды нақты өмірлік тәжірибемен тиімді ұштастырады. Бұл тәсіл оқулық мәтінін ұлттық мәдени контекспен сәйкестендіріп, оны танымдық әрі әдістемелік жағынан құнды оқу құралына айналдырады.

Зерттеу нәтижелері «Алгебра» оқулығының математикалық білім беру құралы емес, сонымен қатар ұлттық ғылыми тіл мен дүниетанымдық жүйені біріктірген этнолингвистикалық-танымдық мұра екендігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Қаныш Сәтбаев, этнолингвистика, ұлттық өлшем бірліктері, дүниетаным, мәдени код, ұлттық таным.

**Кіріспе.** Әр халықтың ғылым мен білім беру жүйесі – оның ұлттық ерекшеліктерімен тығыз байланыста қалыптасатын рухани құрылым. Кез келген ғылыми еңбек белгілі бір мәдени-әлеуметтік контексте дүниеге келіп, сол халықтың дәстүрлі ойлау жүйесімен, тілдік дүниетанымымен және өмір салтымен сабақтасады. Демек, ұлттық таным – ғылымды қабылдау мен меңгерудің маңызды когнитивтік әрі мәдени факторы. Ол ғылыми терминологияны қалыптастыруда, ғылыми әдістерді бейімдеуде, сондай-ақ білім беру процесін ұлттық менталитетке икемдеуде ерекше көрініс табады.

\* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің BR24992920 «Академик Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми-мәдени мұрасын зерттеу – Қазақстандағы ғылыми мектептердің дамуына жол» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясындағы ғылыми, ғылыми-техникалық жобасы бойынша әзірленді.



Қазақ тілінің бай сөздік қоры мен бейнелі ойлау жүйесі ғылыми ұғымдарды халыққа түсінікті әрі өмірлік мағынасы бар деңгейде жеткізуге мүмкіндік береді. Халықтық ұғымдармен сабақтасқан ғылыми терминдер ғылымды танымал етіп қана қоймай, оны ұлттық дүниетаныммен ұштастыра отырып, ғылым мен халық арасындағы алшақтықты қысқартады. Бұл ұлттық танымды ғылыми білімнің өміршеңдігі мен әлеуметтік тиімділігін арттыратын тиімді құралға айналдырады.

Қазақ ғылымында ұлттық таным – ғылым мен тіл, мәдениет пен сана арасындағы дәнекер көпір рөлін атқарады. Ол ғылыми білімнің халыққа табиғи түрде сіңуін қамтамасыз етіп, мәдени код пен ұлттық болмысты сақтауда маңызды қызмет атқарады. Жаһандану жағдайында ұлттық танымның мәні арта түсуде, себебі ол мәдени бірегейлікті сақтаудың және рухани тәуелсіздікті нығайтудың сенімді құралына айналып отыр.

Қазіргі таңда елімізде ғылым мен білімнің дамуына зор үлес қосқан, өшпес із қалдырған тұлғалардың рухани-мәдени мұрасын зерделеу мен насихаттау кең өріс алып келеді. Дегенмен, Қазақстандағы металлогендік ғылыми мектептің негізін қалаушы ғана емес, қазақ тіліндегі алғашқы «Алгебра» оқулығының авторы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бұл еңбегі әлі күнге дейін жан-жақты зерттеліп, өз деңгейінде бағаланған жоқ.

Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығы – математика пәніне арналған оқулық қана емес, сонымен қатар қазақ халқының дүниетанымы, өмір салты мен мәдениетіне негізделген тілдік әрі танымдық кеңістікті бейнелейтін бірегей еңбек. Ғалымның математикалық ұғымдарды қазақ тілінде беруі – ұлттық ойлау жүйесіне, тілдік дәстүрге, этномәдени кодтарға терең бойлағанын көрсетеді. Бұл оқулықта ұсынылған мазмұн мен тілдік құралдар білім беру мақсатын ғана емес, сонымен бірге ұлттық дүниетанымды ғылыми ұғымдармен ұштастыруды көздейді.

Оқулықтағы оқу мәтіндерінде қолданылған өлшем атаулары – ұзындық, қашықтық, көлем, салмақ және сандық мөлшерді білдіретін бірліктер – қазақ халқының күнделікті өмір шындығымен, тұрмыстық тәжірибесімен, этномәдени кеңістігімен тығыз байланысты. Мұндай тілдік таңбалар арқылы ұлттық когнитивтік модельдер көрініс тауып, оқушылардың түсінуіне жақын бейнелі ұғымдар арқылы ғылым тілінің этнолингвистикалық бағыты қалыптасады.

Аталған оқулық – жай ғана оқу құралы емес, ұлттық ғылым тілін қалыптастыру жолындағы алғашқы тәжірибе, ғылымды қазақы ұғымдар арқылы жеткізуге ұмтылған бірегей мәдени-лингвистикалық мәтін. Бұл еңбекке мәтіндік және лингвистикалық тұрғыдан талдау жүргізу – ғалымның термин жасамдағы ұстанымын, ұлттық ғылыми дүниетанымды қалыптастырудағы көзқарасын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқулықтағы терминдердің семантикасы мен олардың халықтық дүниетаныммен үндестігі – ұлттық ғылым тілінің қалыптасуына ықпал еткен лингвомәдени және когнитивтік аспектілерді ашуға жол ашады. Сондықтан Қ.И.Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығы – ғылым тарихындағы дерек қана емес, этнолингвистикалық сана мен ұлттық терминологиялық жүйенің тоғысқан бірегей көрінісі. Еңбекті жаңаша қырынан талдау, оның лингвомәдени кеңістіктегі орнын айқындау – қазіргі ғылым мен білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысында тіл мен танымның өзара байланысын ашуға бағытталған бірнеше кешенді әдістер: тарихи контекст пен мәдениетаралық сабақтастықты ескеретін тарихи-мәдени талдау, ғылыми терминологияның құрылымы мен мазмұнын саралайтын лингвистикалық талдау, ұғымдардың ұлттық дүниетанымдағы орнын айқындайтын когнитивтік талдау, мәтіннің стилистикалық, синтаксистік және семантикалық ерекшеліктерін зерделейтін мәтіндік талдау, сондай-ақ ұлттық терминологияны жалпығылыми атаулармен салыстыруға негізделген салыстырмалы әдіс пайдаланылды.

Этнолингвистикалық репрезентацияны зерделеудің теориялық негізі қазіргі тіл білімі мен мәдениеттану ғылымдарының тоғысында қалыптасқан бірқатар өзекті әдіснамалық бағыттарға сүйенеді. Бұл тұрғыда когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және этнолингвистика салаларындағы ғылыми тұжырымдар ерекше маңызға ие.

Ұлттық дүниетанымның тілдік бейнесін концепт, фрейм және мәдени код ұғымдары арқылы сипаттауға бағытталған когнитивтік тәсіл қазақ тіліндегі ұлттық-мәдени бірліктердің репрезентациялық табиғатын айқындауға мүмкіндік береді [1]. Бұл бағыт қазақстандық тіл кеңістігіндегі концептуализация мен категоризация үдерістерін талдауға арналған зерттеулермен толықтырылады. Атап айтқанда, танымдық кеңістікті ұлттық сананың көрінісі ретінде сипаттаған еңбектер концепт жүйесінің когнитивтік құрылымын анықтап, этнолингвистикалық әлеуетін негіздейді [2].

Тілдік репрезентацияның динамикалық сипаты когнитивтік-диалектикалық тәсіл арқылы қарастырылып, түркі тілдеріндегі этномәдени феномендердің синхрондық және диахрондық деңгейде зерттелуінің өзектілігін көрсетеді. Мұндай тәсіл ұлттық тілдік қордағы бірліктердің эволюциялық дамуын мәдени семантика тұрғысынан пайымдауға мүмкіндік береді [3]. Мәселен, қазақ этномәдени лексикасының тарихи сабақтастығы мен құрылымдық ерекшеліктері лексикалық-семантикалық өрістер теориясы аясында талданып, мәдени кодтың тұрақты әрі бейімделгіш сипаты ашылады [4].

Этнолингвистикалық репрезентацияның тағы бір маңызды аспектісі – тілдік идентификация. Бұл мәселе қазіргі социоллингвистикалық зерттеулермен сабақтастырыла қарастырылады. Мұнда тіл тек коммуникациялық құрал ретінде емес, сонымен қатар ұлт болмысының басты көрсеткіші ретінде зерделенеді [5].

Сонымен қатар қазақ тілінің ғылыми стилін қалыптастыруға негіз болған Алаш қайраткерлерінің мұралары мен әдістемелік ұстанымдары басшылыққа алынды [6]. Осы әдістер мен теориялық ұстанымдар тұтастай алғанда жүйелі этнолингвистикалық зерттеу кешенін құрайды.

Этнолингвистика – тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығын зерттейтін тіл ғылымының маңызды саласы. Бұл бағыт халықтың материалдық әрі рухани мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, өмір сүру дағдысын тілдік құрылымдар арқылы тануға мүмкіндік береді. Ә.Қайдар: «Этнолингвистика – этностың тілі, оның мәдениетімен, дүниетанымымен, рухани байлығымен сабақтастықта зерттеледі», - деп анықтама береді [7]. Бұл тұжырым тілдің қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың рухани болмысын бейнелейтін терең танымдық жүйе екенін дәлелдейді.

**Талқылау мен бақылау.** XX ғасырдың басындағы ұлттық ояну кезеңі – еліміз тарихында Алаш зиялыларының тікелей ықпалымен ұлттық ғылыми тілдің қалыптасуына жол ашқан айрықша уақыт болды. Алаш қайраткерлері ұлттың рухани тәуелсіздігін қамтамасыз ететін басты құралдың бірі – ғылым тілін дамыту деп білді. Олар әртүрлі ғылым салаларында оқулықтар жазып, орыс тіліндегі ғылыми еңбектерді қазақ тіліне бейімдеді. Бұл үрдіс математикалық білім беру саласына да айтарлықтай ықпал етті. Мәселен, М.Дулатұлы, К.Жәленұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы секілді зиялылардың еңбектері қазақ математикалық терминологиясының негізін қалап, ұлттық ғылым тілінің дамуына айтарлықтай серпін берді. Осы кезеңде математиканың негізгі ұғымдары мен терминдерінің қазақша баламалары түзіліп, оқу процесінде қазақ тілінің рөлі күшейді [8, 167].

Қаныш Сәтбаев құрастырған «Алгебра» оқулығын терең ғылыми және жоғары әдістемелік деңгейде жазылған тәлтіма еңбектердің қатарына қосуға толық негіз бар. Өйткені ол А.П.Киселевтің «Элементарная алгебра» атты еңбегін негізге ала отырып, оның мазмұнын қазақ оқушысының дүниетанымына икемдеп, тілдік және мәдени ерекшеліктерді назарда ұстаған. Ғалым оқулық құрылымы мен мазмұндық жүйесін сақтағанмен, оны қазақы болмысқа бейімдей отырып жазғаны анық байқалады. Оның «Алгебра» оқулығы – тек оқу құралы емес, қазақ ұғымдық әлемінің құрылымын тіл арқылы ғылыми жүйеге түсірген бірегей мәтін. Оқулықтағы әр есеп пен тапсырма – қазақ оқушысының өмір шындығына, тұрмыс-тіршілігіне негізделіп құрылып, дүниенің ұлттық бейнесін бейнелейтін тілдік және мәдени кодтармен сабақтасып жатыр. Бұл ретте ол Жүсіпбек Аймауытұлы ұсынған аударма қағидаттарын ұстанғаны анық: «Белгілі ереже, заң, өрнек ұғымдарын бұзбай сөзбе-сөз аудару қажет. Дегенмен, қазақ оқушысының

түсінігіне сай келетін тілдік бейімдеулер қажет тұстар да болады» [6]. Бұл тұжырым – ғылыми аударманың этнолингвистикалық негізін ашатын маңызды ұстанымдардың бірі.

Қ.Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығында ұлттық танымның лингвомәдени көрінісін ашып көрсету үшін алдымен оның мазмұндық-құрылымдық жүйесіне назар аудару қажет. Оқу мәтіндерінде математикалық ұғымдар мен өлшем бірліктері оқушылардың өмірлік тәжірибесіне жақын, қазақы таныммен үндес мазмұнда берілген. Бұл – математикалық білімді ғылым қабылдаумен қатар этномәдени контексте меңгертудің тиімді тәсілі.

Сондықтан Қ.Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығын этнолингвистикалық тұрғыдан талдау – ғылым тарихындағы дерекпен шектелмейді, ол ұлттық ғылым тілінің даму жолындағы дүниетанымдық және тілдік ерекшеліктерді айқындауға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Қ.Сәтбаев «Алгебра» оқулығында өлшем атауларын қазақ баласының ұғымына лайықталып жатық, дәл және түсінікті ұсынады. Халық өлшемдері – ұлт мәдениеті мен этнографиясының ерекше салаларының бірі болып саналады. Өлшем атауларын ата-бабаларымыз ғасырлар бойы қолданып және сол арқылы өлшем негіздерін жасаған. Қазақ халқының тәжірибеде қолданған өлшемдерінің бірнеше түрлері бар. Соның негізгілерін ұзындық өлшемі, салмақ өлшемі, көлем өлшемі мен мөлшері, ұзындық өлшемі, қашықтық өлшемі, уақыт және мезгіл өлшемдері деп бөлуге болады. «Алгебра» оқулығының мазмұнына сай кездесетін ұғымдардың ішіндегі ең жиісі өлшемдік атаулар. Ғалым оқулығында өлшемдік атауларды оқушылардың шынайы өмірінде, халықтың тұрмыс-тіршілігінде қолданылып жүрген атауларды, ұғымдарды алуға тырысқан. Ол оқу мәтіндерінде осы өлшем атауларын өте орынды және ұтымды қолдана келе, оның мазмұнын қазақ өмірі, мәдениеті және тұрмысымен сабақтастыра ұсынғанын байқаймыз. Осы ретте Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығында ұлттық танымның ерекшеліктері тілдік деңгейде ғана емес, сонымен бірге лингвомәдени деңгейде де айқын көрініс табады. Әсіресе, математикалық ұғымдарды қазақ оқушыларының тұрмыс-тіршілігіне бейімдеу, түсінікті тілмен жеткізу тәсілі ерекше назар аудартады. Мәселен, оқулықта «кері тең аралы шамалар» терминін түсіндіруде, таза математикалық абстракциядан гөрі, қазақ оқушысына жақын әрі түсінікті болу үшін «бұлдың кезі» (яғни, белгілі бір тауардың өлшемі) және «бұлдың кез бағасы» (яғни, сол тауардың құны) сияқты күнделікті өмірден алынған ұғым мен ұзындық өлшем бірлігі «кез» атауы қолданылған.

Кез, аршын халқымыздың танымында қазақ арасындағы алыс-беріс, сауда-саттық жасауда, өзінің тұрмыс-тіршілігінде, бір нәрсенің ұзындығын өлшеуде өте қолайлы, ыңғайлы, көп қолданылатын ұзындық өлшем бірлігі болып саналып келген. «Қазақ сөздігінде» ұзындық өлшемін білдіретін бұл атауға былайша түсіндірме беріледі: «Кез. зат. - 1. Көне. Шамамен 70-80 см.(71,12см) ұзындық өлшемі; аршын. 2.сөйл. Метр. 3.Ұзындығы бір метр ағаштан жасалған өлшемдік құрал» [9, 616]. Ал «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедиясында»: «Кез – қазақ халқының байырғы ұзындық өлшемі. Ол өлшеуіштердің метрлік жүйесі енгенге дейін қолданылып келген аршынға тең. 1 аршын немесе 1К=28дюйм=71,12 см. Орта Азия мен Қазақстанда негізінен сауда-саттық жұмысында қолданылған. «Кездеме» атауы да осы кез ұғымынан шыққан», - делінген [10]. «Кез» атауын «Мысалы, белгілі шамаға келетін бұлдың кезі мен сол бұлдың кез бағасының араларын «кері тең аралы шамалар» деп айтуға болады. Өйткені, неғұрлым бұлдың бағасы қымбат болса, соғұрлым белгілі ақшаға бұлдың кезі аз келіп отыратындығы белгілі. Мысалы, үш теңге ақшаға шыттың кезі 50 тиыннан болғанда, 6 кез шыт келетін болса, кез бағасы екі есе артып, шыттың кезі 1-теңге болса, жаңағы 3 теңгеге келетін шыттың кезі 2 есе азайып, 3-ақ кез болмақшы» - деп, оқушы танымына жақын, ұғынықты ұсынған [11, 175].

Қ.Сәтбаев оқулығында қолданылған келесі ұлттық ұзындық өлшем бірліктері: елі (2 см), қарыс, сүйем (17–18 см). «Қарыс» – қолдың бас бармағы мен шынашақ арасындағы аралықты білдіреді. Бұл өлшем адамның өз дене мүшелері арқылы қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау ерекшелігін көрсетеді. «Сүйем» – бас бармақ пен сұқ саусақтың аралығын білдіретін өлшем. Ол тұрмыстағы ұсақ заттарды өлшеуге ыңғайлы. «Елі» – саусақ

енін білдіретін өлшем (шамамен 2 см), көбіне кішігірім заттардың қалыңдығын немесе енін өлшеу үшін қолданылады. Бұл өлшем нақты әрі қолайлы өлшеуді қамтамасыз етеді. Ғалымның «кез», «аршын», «қарыс», «сүйем», «елі» сияқты дәстүрлі өлшемдерді есептер мазмұнына енгізуі – оқушының ұлттық танымына сай білімді сіңіруге және тұрмыстық түсініктерін кеңейтуге бағытталғанын байқауға болады.

Алгебра пәнінің мазмұнына сай оқулықта келесі жиі кездесетін қашықтық өлшем бірліктері – «адым», «қадам» атаулары. Оқулықта мазмұны жағынан ұқсас бұл атаулар кезек қолданылғаны байқалады. «Адым» – қазақтың дәстүрлі дүниетанымына сәйкес тілімізде қашықтық өлшемін білдіретін бірден-бір атау. Адым – жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы, қадам. Тілімізде өлшем мәнді адым атауымен қалыптасқан тіркесімдердің бірі – қарға адым жер. Бұл тіркесімдердің барлық зерттеулер мен сөздіктердегі білдіретін мағынасы – жақын жер. Адым, қадам атаулары - қашықтық өлшем бірлігі ретінде ежелгі заманнан бері қолданылған, қозғалыс кезінде аяқтың табанының арақашықтығына тең. Халқымыз ежелден қолданған бұл ұғымдар қазіргі уақытта да кей кездері ішінара қолданылады. Адыммен, қадаммен өлшеу қашықтықты өлшеудің ең қарапайым әдістерінің бірі болып табылатындықтан, мұндай өлшем шамамен алынған.

Адым, қадамның нақты мөлшері әр уақытта әр елде әр түрлі болды. «Қадамның ұзындығы - адамның жүру кезіндегі адымына тең ұзындық бірлігі, бір адым деген мағынаны береді. Халық арасына кең тараған бұл өлшемнің ұзындығы шамамен 60-70 см болған. Яғни адамның жүру кезіндегі екі аяғының аралық қашықтығын танытатын өлшем. Араб-парсы тілінде қадам – адым, аттам, бір адым алшақтығы. Қадам – бір адым деген мағынаны береді» [12, 73]. «Қазақ сөздігінде» бұл ұғымға мынадай түсіндірме беріледі: «Адым зат. 1. Жүру кезіндегі екі аяқтың ара қашықтығы, қадам. 2. ауыс. Іс-әрекет, ілгері ұмтылыс, қарқын» [9, 31]. «Қадам [арабша] зат. 1. Жүру кезіндегі екі аяқтың ара қашықтығы, адым. 2. ауыс. Іс-әрекет, ілгері ұмтылыс, қарқын. 3. ауыс. Әлдененің дамуы, алға жылжу, даму баспалдағы, сатысы» [9, 725].

Қ.Сәтбаев ұсынған оқу мәтіндердегі «адым», «қадам» сөзі қазақ халқының кеңістіктегі қашықтықты өлшеу бірлігі ретінде ұлттық когнитивтік жүйені ерекше сипаттайды. Мысалы, «Оқулықтың §116. Бірінші дәрежелі бір белгісізді теңдеудің шешуіне тірелетін есептерді түсіндіру барысында ұсынылған келесі «Қоян мен тазының арасы алпыс адым жер (қоян адымымен есептегенде). Қоянның жеті адымына тазының үш адымы сәйкес. Тазы алты адым аттағанда, қоян тоғыз адым жасайды. Сол тазы неше адым жүгіргенде қоянға жетпек?» [11, 220] тапсырмада «қоянның жеті адымына тазының үш адымы сәйкес» деген тіркес салыстырмалы теңдік құрылым арқылы қозғалыс пен жылдамдық ұғымдарын оқушыға түсінікті түрде жеткізеді. Ғалым бірінші дәрежелі бір белгісізді теңдеудің шешуін меңгертуге арналған есептерде ұлттық ұғымдарды ұтымды пайдалану арқылы оқушылардың қозғалыс жылдамдығын салыстыру, арақашықтықты өлшеу, уақыт пен кеңістіктің өзара байланысын түсіну сияқты танымдық дағдыларын, логикасын дамытуды да көздегені сөзсіз.

Қ.Сәтбаев оқулықтың «§10. Бағытты шамалар. Дұрыс және теріс сандар» тақырыбын түсіндіру барысында «шамаларды өлшеген мезгілде оларды тиісті өлшеуіштермен салыстырып, сол өлшеуішпен өлшенетін шаманың арасындағы еселік байланысын табуды» өте ұтымды, жеңіл әрі түсінікті ұсынады. Мысалы: егер мен «жолдасыммен жүріп келе жатқанымда, бір мезгілде арамыз төрт қадам болды» деп айтсам, менің соңғы қалпым көмескі, өйткені мен жолдасымнан озып төрт қадам ілгері кеттім бе? Жоқ төрт қадам оның артында қалдым ба? Мәлімсіз? Қалпымды анықтау үшін маған сөзімде жолдасымнан ілгері не кейін кеткендігімді айту керек» – дей келе, ұсынылған есепте оқушыларға таныс қадам ұзындық өлшеу бірлігін ұтымды қолданған. Ал «§16. Қосу амалы» тақырыбын түсіндіру барысында, «Мысалы, бізде (+3) пен (-3)-ті қосу керек болса, сызық әдісінде олардың қосындысы еш бір вектор жасамай жалғыз ғана "0" нөқаты болып қалмақ. (11-ші сурет бойынша) егерде мен әуелі есіктен үш қадам алыстасам, онан кейін есікке қарата қайтадан үш қадам жүрсем, мен дәл бұрынғы жүріс бастаған орныма келмекпін» [11, 34] –



деп, оқушыларға өздері күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданып жүрген адым, қадам сөздерін математикалық ұғым ретінде өте оңтайлы, ұғынықты қолдану арқылы олардың материалды тез меңгерулеріне мүмкіндік жасаған. Бұдан ғалым есеп пәні бойынша берілген материалдағы белгісіз ұғымдардан гөрі оқушының күнделікті шынайы өмірімен байланысты ұғымдар олардың зейінін аударып, есінде тез сақталатынын басты назарда ұстағаны, ұлттық ұғымдарды оқулықта кеңінен қолдануға ұмтылғаны байқалады.

Оқулықта қолданылған келесі өлшем атаулары – көлемдік өлшемдерді білдіретін сөз тіркестері. Қазақ тіліндегі көлемдік өлшемдерді білдіретін тұрақты сөз тіркестері негізінен сан есімнің көмегі арқылы жасалатындығын аңғарамыз. Мысалы, 12 табын өгіз, 60 шақты бие, 120 сом, үш үйрек кем, 120 сом, бір түп ши – деген тіркестердегі сан есімдерді алып тастаса, мағынасы мүлдем түсініксіз болып қалатыны белгілі. Мұндағы сан есімдер әрі сандық, әрі мөлшерлік, әрі көлемдік ұғымды бейнелейді және тек қазақ табиғатына ғана тән көптік ұғым көрсетеді.

Көлемдік өлшемдер бір заттың немесе малдың саны, көлемі мен мөлшерін, аумағын шамамен белгілейді. Мысалы: бір қап, бір шелек, бір ошау, бір табақ, бір түп, тағы сол сияқты. Мал саны мен көлемін де осылай шамамен ажыратады. Яғни, бір табын, бір үйір, оншақты, жиырма шақты... заттың көлеміне, аумағына кейде жұдырықтай, алақандай деген теңеу сөздер де қолданыла береді.

Оқу мәтіндерінде оқушыларға математикалық теңдеу түрін меңгерту үшін есептердің мәтінінде оқушылардың ұлттық танымына жақын, ұғынуына қолайлы келесідей көлемдік өлшемдерді білдіретін тіркестерді, яғни, бір топ торғай, бір түп ши, үш қой, бір серке, 12 табын өгіз, т.б сияқты қазақы атауларды ұғымды қолданған. Мысалы, 258 есепте: «Бір топ торғай ұшып келіп, бір түп шиге қона бастайды. Егерде бір түп шиге екі торғай қонса, бір түп ши артық қалады, егерде ши басы бір торғайдан қонып отырса, бір торғай орынсыз қалар еді. Сонда торғай нешеу, ши нешеу болғаны?» [11, 253]. Немесе 246 есепте: «Бір адам ақысын ақшаға кесіп бір мезгілде екі жұмыскер жалдайды. Екеуінің де ақысы бірдей. Бір жыл өткен соң, ол адам оларға есеп береді: 1-ші жұмыскерге 7 теңге 50 тиынға шамалап үш киім, қалған ақысына үш қой, бір серке береді (серкені 1,5 қойға бағалайды). Екіншісіне 4 теңге 80 тиын, екі қой береді. Егер де 2-нің есебі жеті ай алты күн жұмыс істеген болса, бай әрбір қойдың басын қаншаға бағалаған?» [11, 226].

Ғалым «кей мезгілде берілген есепті теңдеу түріне әкелерде көмекші белгісіздерді қосып отыруда есептің оңай шешілуіне көп пайда береді. Мұны көрсету үшін төменгі есепті шығарайық» дей келе мынадай мысалдарды ұсынады: 3 қорық бар. 1-ші қорықтың бар шөбін 4 жұманың ішінде 12 табын өгіз жеп бітірді. 2-ші қорықтың бар шөбін 9 жұманың ішінде 21 табын өгіз жеп бітіреді. Сондай табындардан неше табын өгіз 3-ші қорықтың шөбін 18 жұмада жеп тауысар еді?» [11, 257].

Ойымызды түйіндей келе, оқулықтың қазақ өмірі, мәдениеті және тұрмысымен сабақтастыра ұсынған есептерінің мазмұны оқушыларға математикалық теңдеу түрін ұғынықты меңгертумен қатар өлшем атауларының түрлерін орнықты, ретімен ұғымды қолдану арқылы олардың танымдық ой-өрісін кеңейтуде, терең ойлау жүйесін дамытуға бағытталған деген тұжырым жасауға болады.

**Нәтижелер.** «Алгебра» оқулығының оқу мәтіндерін талдау нәтижесі ғалымның қазақтың салмақ өлшемдері атауларын ретімен қолданғанын байқатады. Қазақ халқының мәдени өзіндік ерекшелігіне орай, салмақ өлшемдерінің тілдік табиғатынан мағыналық қатынастарды аңғаруымызға болады. Салмақ өлшемдерінің көпшілігі өздері тұрған ыдыспен тікелей байланыста болғандықтан ыдысты микроконцептей отырып, ол құрайтын тілдік өріс аясына бір саба қымыз, бір табақ ет, бір қарын май, бір тегене сорпа, бір торсық айран, астау-астау көже, қап-қап бидай, екі қадақ, үш тұяқ, бір батпан, жиырма шелек су, үш торсық сияқты өлшем бірліктерін жатқызуымызға болады. Мысалы, оқулықта берілген мына 259-тапсырмада: «Бір балықтың құйырығы екі қадақ болған. Басының ауырлығы, құйрығының ауырлығы мен кеудесінің жарты салмағына тең болған. Кеудесінің ауырлығы, баспен құйрығының салмақ қосындысы мен бірдей болған. Сол балықтың басы

мен кеудесінің ауырлығы неше қадақтан болғаны?» [11,226]. Бұл тапсырмада қолданылып отырған «қадақ» сөзі халық арасында екі жүз граммға тең салмақ өлшемі. Тілімізде жиі қолданылған «қадақ» сөзі ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде «қадаһ» тұлғасында кездеседі. Кезінде араб тілінен ауысқан бұл сөз жалпы түркі тілдерінің қолданысына етене болып, сіңіп кеткен. «Қадаһ» сөзінің араб тіліндегі мағынасы «сопақша келген металл ыдыс, тостаған» дегенді білдіреді [13, 401].

Қазақ арасына жайылған «қадақ» өлшемі арабтардың осы сөзімен байланысты болса керек те, ал салмақ жағы сол ыдыс ішіне сиған затпен өлшенген деуге болады. «Қадақ» – шамамен 200 граммға тең салмақ өлшемі. Көбіне азық-түлік пен сауда-саттықта қолданылған. Оның этимологиясы араб тілінен шыққанымен, қазақ мәдениетінде салмақтың құндылықтық мәнін білдіреді. Демек, ыдыс ішіне 200 грамм зат сыйса, ол бір қадақ деп есептелген [14]. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі Энциклопедиясында «Қадақ – халықтық салмақ өлшемі. Бір қадақ екі жүз грамға тең. Қадақ өлшем бірлігі түркі тілдес халықтарда кеңінен тараған: қырғыздарда – кадак, түрікмендерде – гадак, өзбектерде – қадок деп аталады. Қадақпен көбінесе май, қант, өрік-мейіз тәрізді заттар өлшенген», - деген анықтама беріледі [12, 736]. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Қадақ – зат. 1. этн. Екі жүз грамға тең болатындай халықтық салмақ өлшемі. 2. ауыс. Салмақ, ауырлық. – деген анықтама берілген [15, 744]. «Қазақ сөздігінде» де: Қадақ – зат. 1. этн. Екі жүз грамға тең болатындай халықтық салмақ өлшемі. 2. ауыс. Салмақ, ауырлық», – деген анықтама берілген [9, 724].

Халқымыз ақшалай саудада тиын мен теңгені, алтын, күміс (қостұяқ, қойтұяқ, тайтұяқ, бір тұяқ, т.б) сияқты құнды металдарды қолданған. Ал айырбас, саудада әркімнің келісіміне сәйкес шамамен түйені – құлынды биеге; биені – бұзаулы сиырға; сиырды – тай, құнанға; тайды – үш-төрт қойға айырбастаған. Сөйтіп, мал, бұйым саудасында да әр затқа лайық кесімді өлшемдері болған. Қ.Сәтбаев өзінің оқулығында берілген тапсырмаларда осы өлшем бірліктерін де ұтымды қолданған. Мысалы, 239-тапсырмада: «Үш тұяқ күмістің салмағын бір қоссақ, 33 қадақ болады. Бірінші тұяқ қалғандарынан үш қадақ ауыр. Тұяқтардың әрқайсысының салмағы неше қадақтан болғаны?» [11, 226]. Барлық күмістің салмағын үш тұяққа, отыз үш қадаққа теңеп, есепті оқушыларға күнделікті тұрмыс-тіршілігімен, шынайы өмірімен байланыста бейнедей түсіндіре ұсынады. Мұнда қазақтың дәстүрлі салмақ өлшемі ретінде берілген «қадақ», «тұяқ» сөздері сонымен қатар есепте салыстыру, анализ-синтез жасау, баламалы модельдер құру сияқты жоғары деңгейдегі танымдық қабілеттерді дамыта келе, ұлттық өлшем, салмақ өлшеу мәдениеті мен материалдық құндылықтармен өзара қарым-қатынас ұғымдарын танытады. Ал келесі тапсырмаларында ғалым осы өлшем бірліктермен қатар проба, грамм сияқты орыс тіліндегі математикалық ұғымдарды қатар қолданады. Мысалы, 313-тапсырмасында: «Бір күмісшіде 3 тұяқ күміс бар. Оның біреуі 90-шы проба, екіншісі 86-ші проба, үшіншісі 72-ші пробалы. Егерде 1-ші мен 2-ші тұяқтарды бірге қорытса, қортындыда 84-ші пробалы шығар еді. Егерде 1-ші мен 3-ші тұяқтарды бірге қорытып алсақ 78-ші пробалы тұяқ шығар еді. Үш тұяқтың барлық салмағы 45 қадақ, әрбір тұяқтың салмағы қандай болғаны?» десе, 315-тапсырмада: «Алтын, күміс және мыстан косылған 3 тұяқ бар. Бірінші тұяқта 50 грамм алтын, 60 грамм күміс, 80 грамм мыс бар. 2-і тұяқта 30 грамм алтын, 50 грамм күміс, 70 грамм мыс бар. 3-ші тұяқта 35 грамм алтын, 65 грамм күміс, 90 грамм мыс бар. Егер де бізге 70 грамм алтын бар, 118 грамм күміс бар, 162 грамм мыс боларлық 4-ші тұяқ құюға керек болса, осы үш тұяқтардың әрқайсысынан нешеуден алуға керек болар еді» [11, 227], – дейді. Бұл тапсырмаларында ғалым осы өлшем бірліктермен қатар орыс тіліндегі математикалық ұғымдарды қатар қолдану арқылы мәдениетаралық байланысты жүзеге асыруды көздейді. Әртүрлі мәдениетке тән математикалық ұғымдарды қолдану арқылы оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, математика пәні тілінің, оның жалпы ұғымдарын баршаға түсінікті әмбебап тіл ретінде қолдану қажеттігін де назарда ұстаған.

**Қорытынды.** Халқымыздың танымдық санасының тармақталуына сәйкес ыдыс-аяқтарға түрлі сұйықтық заттарды сақтау, тасу, өлшеу сияқты қызметтерін атқаруда

қолданылуына орай семантикалық белгілері ашылғаны белгілі. Осы жағынан алғанда салмақ өлшемі мағынасын білдіретін бір шелек сүт, бір ожау су, бір табақ ет, бір қап бидай сияқты өлшем мәнді тіркестердің нақты өлшемін білдіруден гөрі, шартты түрде көрсетуі басым. Бұны оқулықтың 244-тапсырмасының мазмұнынан «Екі ыдыстың бірінде – 48 шелек су, екіншісінде – 22 шелек су бар. Егер де 1-ші ыдыстан екіншіден аққан судай, екі есе артық су ағызсақ, 1-ші ыдыста қалған сумен екі ыдыста қалатын сулардың салмақ көлем арасы 3:4 түріндегі сан арасы мен тең болар еді, әр ыдыстан неше шелек су ағызылған?» байқауымызға болады [11, 227]. Мысалы, қазақ халқы арасында ауыс-түйіс, алыс-берісте біреуден қарызға екі шелек бидай алса, дәл осылай екі шелек бидайды қайтарған. Өйткені ерте заманда халқымызда салмақ-көлем өлшемін нақты көрсететін бірліктер болмағандықтан, оның шамасын заттардың салынатын, құйылатын ыдыс-аяқтар шамасымен орай соның атауымен атап өлшем бірлік ретінде қолданылған.

Оқу мәтіндерінде берілген ұзындық, қашықтық, көлемдік, салмақ өлшемін көрсететін сөз тіркестері мен ұғымдардың қолданыстық образында ата-бабаларымыздың дүниетанымы мен оны қабылдауының тілдік бейнесіндегі тұрмыстық заттық мәдениетімен байланысты халықтың өмірлік тәжірибесінің білім жүйесіне сүйенген ой-тұжырымдарын оқушылардың санасына жеткізу арқылы оқушылардың өз мәдениетіне қатыстылық сезімін дамытуға және ұлттық бірегейлікті танытатын атаулар арқылы математикалық ұғымдарды терең түсіну, ұғу, қолданыста пайдалану дағдысын қалыптастырып, жетілдіруге бағыттаған.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қ.Сәтбаев оқулықта «қадам», «адым», «кез», «қарыс», «сүйем», «елі», «қадақ», «тұяқ», «табақ», «шелек», «түп» сынды ұлттық өлшем бірліктерін қолдана отырып, математикалық ұғымдарды оқушылардың өмірлік тәжірибесіне бейімдеген. Бұл тәсіл – жаңа ақпаратты танымал әрі табиғи жолмен қабылдауға ықпал етумен бірге, оқушының ұлттық сана кеңістігін, дүниені тану моделін қолдайтын тиімді әдіс. Ұлттық өлшемдер арқылы таным құрылымдарын дамыту - білім мен мәдениеттің сабақтастығын арттыратын маңызды дидактикалық құрал.

Оқулықта ұлттық өлшем бірліктерімен қатар интернационалдық терминдердің (мысалы, грамм, проба) қатар берілуі мәдениетаралық сабақтастықтың нақты көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл ұстаным оқушының таным көкжиегін кеңейтіп, тілдік және мәдени көпқырлылықты меңгеруге жол ашады. Сонымен қатар, есептердің мазмұнында бейнелі сөздер, нақты тұрмыстық контекстер мен халықтық ұғымдар қолданылуы – оқушының логикалық пайымын, когнитивтік әрекетін белсендендіріп, ғылыми білімді ұлттық таным аясында қабылдауға мүмкіндік береді.

Олай болса, Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» оқулығы – математиканың қазақша нұсқасы ғана емес, ғылыми білім мен ұлттық дүниетанымның терминология мен тілдік сана құрылымдарының тоғысқан этнолингвистикалық феномені болып табылады. Аталған еңбек – қазақ тілінің ғылыми әлеуетін дамытқан, ұлттық таным үлгілері арқылы оқыту процесін байытқан тарихи-мәдени және тілдік құндылық. Оқу мәтіндеріндегі өлшем атауларын этнолингвистикалық аспектіде зерттеу – ұлттық ғылыми дискурстың табиғатын ашуға, қазіргі терминология мен білім беру жүйесінде пайдалануға болатын маңызды тәжірибелерді анықтауға жол ашады деп ойлаймыз.

## Әдебиеттер

1. Момынова Б.Қ. Рухани жаңғыру: когнитивтік лингвистика және концептуалдану үдерісінің маңызы // Tiltanym. – 2019. – № 1. – Б. 18-27.
2. Sharipova G., Karagoishiyeva D. The role of cognitive linguistics in kazakhstan: conceptualization and categorization// ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – № 1. – Б. 86-93. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph8>.
3. Оразалиева Ә. Түркі тілдерін зерттеудің танымдық және диалектикалық ұстанымдары // Turkic Studies Journal. – 2021. – Vol. 2, – № 4. – P. 47-58. DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-4-47-58>

4. Момынова Б., Әнесова Ү. Қазақ этномәдени лексикасының өткені мен бүгіні... // Tiltanym. – 2020. – № 3. – Б. 34–45. DOI: 10.55491/2411-6076-2020-3-34-45.
5. Zharkynbekova S. Ethno-Linguistic Identity of Kazakhstani Student Youth // Languages. – 2025. – Vol. 10, Issue 2. – Art. 33. DOI: <https://doi.org/10.3390/languages10020033>
6. Аймауытұлы Ж. Аударма туралы // Қазақ әдебиеті. – 1989. – Қаңтар.
7. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: Сардар, 2013. – 728 б.
8. Жәлелов Ә.Ж. Сәтбаевтың математикалық идеялары және ел тәуелсіздігі // Вестник Жезказганского университета имени О.А. Байконурова. – 2011. – № 1. – Б. 167–169.
9. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігі) / құраст.: Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов және т. б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
10. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – Т. 4. – 720 б.
11. Сәтбаев Қ. И. Шығармалар жинағы. Алгебра. – Алматы: ҚазҰТЗУ, 2024. – Т. 10. – 548 б.
12. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: Слон, 2012. – Т.3. – 736 б.
13. Древнетюркский словарь / под ред. Д.М.Насилова, И.В.Кормушина; сост. Т.А.Боровкова және т. б. – 2-е изд., пересмотр. – Астана: Ғылым, 2016. – 760 с.
14. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 400 б.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 8 / құраст.: Қ. Күдерінова, О. Жұбаева, М.Жолшаева және т. б. – Алматы, 2011. – 744 б.

**А.К. ОМУРЗАКОВА, К.Б. ЖАКСЫЛИКОВА, А.Ж. УДЕРБАЕВ**

Казахский национальный технический исследовательский университет имени К.И.Сатпаева,  
Алматы, Казахстан

### **ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КАЗАХСКИХ НАИМЕНОВАНИЙ ЕДИНИЦ ИЗМЕРЕНИЯ В УЧЕБНОМ ТЕКСТЕ К.САТПАЕВА**

**Аннотация.** В статье всесторонне анализируется этнолингвистическая репрезентация казахских наименований единиц измерения, представленных в учебных текстах учебника «Алгебра» Каныша Сатпаева. Цель исследования – рассмотреть данные единицы (длина, расстояние, объем, вес) не только как языковые элементы, но и как отражение национального мировоззрения и культурного кода. Автор демонстрирует, как математические понятия адаптируются к повседневному опыту казахского школьника с этнолингвистических позиций. Казахские наименования единиц измерения являются важными этнолингвистическими элементами в системе этнографических и культурных ценностей. Они представляют собой языковую репрезентацию бытовой системы измерений, основанной на многовековом народном опыте.

Традиционная казахская система измерений включает в себя такие категории, как длина, расстояние, объем и количество, вес, время и сезонность. В учебнике К. Сатпаева акцент сделан на тех единицах, которые непосредственно связаны с повседневной жизнью учащихся. Ученый передает содержание задач с опорой на знакомые и часто употребляемые в быту национальные меры, эффективно связывая абстрактные теоретические понятия с реальным жизненным опытом. Такой подход обеспечивает соответствие учебного текста национальному культурному контексту и делает его ценным учебным ресурсом как с познавательной, так и с методической точки зрения.

Результаты исследования показывают, что учебник «Алгебра» представляет собой не только средство математического образования, но и этнолингвистическое и когнитивное наследие, объединяющее национальный научный язык и мировоззренческую систему.

**Ключевые слова:** Каныш Сатпаев, этнолингвистика, национальные единицы измерения, мировоззрение, культурный код, национальное знание.



A.K. OMURZAKOVA, K.B. ZHAXYLIKOVA, A.ZH. UDERBAYEV  
Satpayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan

## ETHNOLINGUISTIC REPRESENTATION OF KAZAKH MEASUREMENT TERMS IN K. SATPAYEV'S EDUCATIONAL TEXT

**Annotation.** This article provides a comprehensive analysis of the ethnolinguistic representation of Kazakh measurement terms found in the problem texts of Kanysh Satpayev's Algebra textbook. The aim of the study is to examine these measurement units (length, distance, volume, weight) not only as linguistic elements, but also as reflections of national worldview and cultural codes. The author demonstrates how mathematical concepts are adapted to the everyday experience of Kazakh students from an ethnolinguistic perspective.

Kazakh measurement terms constitute important ethnolinguistic elements within the system of ethnographic and cultural values. They represent a linguistic manifestation of a traditional system of measurement rooted in centuries-old folk experience.

The traditional Kazakh system of measurement includes key categories such as length, distance, volume and quantity, weight, time, and seasonality. In Satpayev's textbook, emphasis is placed on those units that are closely connected to students' daily lives. By using familiar and commonly used traditional measures, the author effectively links abstract theoretical concepts with real-life experience. This approach aligns the textbook with the national cultural context and enhances its value as both a cognitive and methodological educational resource.

The study concludes that Algebra serves not only as a tool for teaching mathematics, but also as an ethnolinguistic and cognitive heritage that integrates national scientific language with a culturally embedded worldview.

**Keywords:** Kanysh Satpayev, ethnolinguistics, traditional measurement units, worldview, cultural code, national cognition.

## References

1. Momynova B.Q. Ruhani jaňgyru: kognitivтік lingvistika және konseptualdanu üderisiniñ mañyzy // Tiltanym. – 2019. – № 1. – B. 18-27.
2. Sharipova G., Karagoishiyeva D. The role of cognitive linguistics in kazakhstan: conceptualization and categorization// QazÜU habarşysy. Filologia seriasy. – 2024. – № 1. – P. 86–93. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph8>
3. Orazalieva E. Türkı tılderın zertteudiñ tanymdyq және dialektikalyq üstanymdary // Turkic Studies Journal. – 2021. – Vol. 2, № 4. – P. 47-58. DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-4-47-58>
4. Momynova B., Änesova Y. Qazaq etnomädeni leksikasynyñ ötkeni men бүгini... // Tiltanym. – 2020. – № 3. – B. 34–45. DOI: 10.55491/2411-6076-2020-3-34.
5. Zharkynbekova S. Ethno-Linguistic Identity of Kazakhstan Student Youth // Languages. – 2025. – Vol. 10, Issue 2. – Art. 33. DOI: <https://doi.org/10.3390/languages10020033>
6. Qaidar Ä. Qazaqtar ana tılı älemünde: etnolingvistikalyq sözdik. – Almaty: Sardar, 2013. – 728 b.
7. Jälelov Ö. J. Sätbäevtyñ matematikalyq ideialary және el täuelsizdigi // Vestnik Jezkazganskogo universiteta im. O.A. Baikonurova. – 2011. – № 1. – B. 167-169.
8. Aimauytuly J. Audarma turaly // Qazaq ädebiety. – 1989. – Qañtar.
9. Qazaq sözdigi (Qazaq tiliniñ bir tomdyq tüsindirme sözdigi) / qūrast.: N. Uäli, Ş. Qūrmanbaiūly, M. Malbaqov және t. b. – Almaty: Däuir, 2013. – 1488 b.
10. Qazaqstan: Ülttyq ensiklopedia / bas red. Ä. Nysanbaev. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 1998. – T.4. – 720 b.
11. Sätbäev Q. İ. Şyğarmalar jinaғы. Algebra. – Almaty: QazÜTZU, 2024. – T.10. – 548 b.
12. Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürlі jüesi. Ensiklopedia. – Almaty: Slon, 2012. – T.3. – 736 b.

13. Drevnetiurkskii slovar' / pod red. D.M. Nasilova, I. V. Kormushina; sost. T.A. Borovkova jane t. b. – 2-e izd., peresmotr. – Astana: Ėylym, 2016. – 760 s.
14. Bes jüz bes söz. – Almaty: Rauan, 1994. – 400 b.
15. Qazaq ädebi tiliniñ sözdıgı. On bes tomdyq. T.8. / qūrast.: Q. Küderinova, O. Jūbaeva, M.Jolşaeva jane t. b. – Almaty, 2011.– 744 b.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Өмірзақова Альфия Кеңесқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан

**Омурзакова Альфия Кенесовна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан

**Omurzakova Alfiya Keneskyzy** – candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Satbayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan

**Жақсылықова Күләй Баймендіқызы** – педагогика ғылымдарының докторы, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан

**Жаксылыкова Куляй Баймендиновна** – доктор педагогических наук, профессор Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан

**Zhaksylykova Kulyai Baimendikyzy** – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor at Satbayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan

**Үдербаев Алмас Жауынбайұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан

**Удербаев Алмас Жауынбаевич** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Казахского национального исследовательского технического университета имени К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан

**Uderbayev Almas Zhaunbaiuly** – candidate of Philological Sciences, Associate Professor at Satbayev Kazakh National Research Technical University, Almaty, Kazakhstan

\*Б. ТАНЕШ<sup>1</sup> С.А. МЕЙРАМОВА<sup>2</sup> С.Б. ЗАГАТОВА<sup>3</sup> 

Д.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1</sup>  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан<sup>2,3</sup>  
(e-mail: [bota\\_tanesh@mail.ru](mailto:bota_tanesh@mail.ru)<sup>1</sup>, [saltanat.m@mail.ru](mailto:saltanat.m@mail.ru)<sup>2</sup>, [zsaule13@rambler.ru](mailto:zsaule13@rambler.ru)<sup>3</sup>)

### ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ПАРЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІҢ МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Паремиялогиялық бірліктер ғасырдан ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келе жатқан, мәдени асыл мұра. Мақал-мәтелдерден тұтас бір ұлттың бейнесін, тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүрін құрастырып алуға болады. Мақал-мәтелдер жылдар бойы зерттеліп келе жатса да, әлі де зерттелу құндылығын жоғалтқан жоқ, әлі де зерттеле берері сөзсіз. Бұл мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің мәдени ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ, ағылшын мақал-мәтелдерінің мәдени тақырыптар аясындағы айырмашылықтары мен ұқсастықтары ғылыми дереккөздерді талдау және паремиялогиялық бірліктерді салыстыру нәтижесінде анықталды. Зерттеу барысында қазақ және ағылшын паремиялогиялық бірліктерінің мәдени құндылықтары мен танымдық, әлеуметтік ерекшеліктерін салыстыруға қадам жасалды. Қазақ тілі де, ағылшын тілі де мәдени құндылықтарға бай, тақырыптар аясы өте кең болғандықтан, ұсынылған жұмыста қазақ мақал-мәтелдеріндегі мәдени тақырыптар Ә.Қайдардың жіктеуі негізінде, ағылшын паремиялогияларының тақырыптары Мидердің жіктеуімен таңдалып, талданды. Сонымен қатар, ұсынылған тақырып аясындағы басқа да зерттеулерге ұсыныстар берілді.

**Түйін сөздер:** мақал-мәтелдер, мәдени ерекшеліктер, құндылықтар, ұқсастықтар, айырмашылықтар, қоғамдасу, индивидуализм.

**Кіріспе.** Қазіргі жаһандану кезеңіндегі тіл білімі саласының зерттеулерінде ұлттық-мәдени ерекшеліктерге баса көңіл аудару кездеседі. Өйткені, мәдениет аспектісі мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту құралы ғана емес, белгілі бір тілдің айнасы іспеттес. Ал тіл, ұлттық дүниетаным, құндылықтар мен тарихи дәстүрлерді және әлеуметтік нормаларды бейнелейтін мәдениеттің тасымалдаушысы болып табылады. Фразеологизмдер, мақал-мәтелдер мен идиомалар мәдени ұғымдарды жеткізеді, оларды тілдің сәйкес мәдени контекстін білмей түсіну мүмкін емес. Мәдениет ұғымының жан-жақты талдамасын Михайл Шнег [1, 317] ұсынған. Авторлар, мәдениет «әмбебап, ерекше, әр түрлі, ықпалды» үйренуге де болатын, біртіндеп өзгеруге де бейім, жеке де, топтық та әлеуметтік әмбебап құбылыс деп талдайды. Мәдениетті айқын бейнелейтін тілдік құбылыстың бірі паремиялар болып табылады, өйткені олар халықтың өмірлік тәжірибесін, моральдық нормаларын, әлеуметтік қатынастарын, әдет-ғұрыптарын және дүниетанымын бейнелейді. Паремиялогия (грек тілінен «paroimía» - нақыл, тәмсіл) мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым [2, 320]. Паремиялогиялық бірліктер, тілдік жүйенің аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оған зерттеушілер мақал-мәтелдер, идиомалар мен фразеологиялық бірліктерді жатқызады. Ұсынылған жұмыста паремиялогиялық бірліктер ретінде мақал-мәтелдер қарастырылады. Мақал дегеніміз,

«Ауызекі тілдегі қысқа және тұрақты ритмикалық құрылысы бар халықтың ғасырлық тәжірибесі сақталған нақылды сөйлем. Жай немесе күрделі сөйлем түрінде келеді, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі» [3, 141]. Мысалы, «Ел — ырыстың орманы, ер — ырыстың қорғаны». Мақалдардың мақсаты, терең мағыналы ащы шындықты немесе ақыл-кеңесті қысқа және есте қаларлықтай, астарлы тілмен жеткізу. Мәтел дегеніміз, «негізгі түйінді кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы түспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз және сыңар тармақ болып келеді» [3, 143]. Мәтелдер мәдени, бейресми тілдік өрнектер және мақалдардай есте қалмауы мүмкін.

Мақал-мәтел дегеніміз белгілі бір жағдайға байланысты тәрбиелік, мәдени, көркемдік сипаттамаға ие «халық үшін ерен даналықтың таусылмас қайнар көзі» [4, 5]. Паремиологиялық бірліктер, яғни, мақал-мәтелдер «халықтың ежелгі салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен байланыстыратын терең мағыналы, аллегориялық қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын стереотиптік идея» [5, 986]. Әдеби, мәдени мұраға бай қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де паремиологиялық бірліктердің түрлі тілдік, мәдени мазмұндағы мысалдары жетерлік. Қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де паремиологиялық бірліктер қарым-қатынастың шырайын келтіріп, мәдени-эмоционалдық жағынан шешендік тұрғыдан күшейгіп, әр береді. Сонымен қатар, екі тілдің де паремиологиялық бірліктері ертедегі мәдениет пен салт-дәстүр және философиялық тарихы мен құндылықтарына жетелейді. Мақал-мәтелдерді бірнеше топқа бөлуге болады, мысалы, «жануарлар бар мақал-мәтелдер; адамдар; объектілер; құралдар; және кәсіби, гендерлік мақал-мәтелдер» т.б. [6, 130]. Ұсынылып отырған мақалада, қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиологиялардың мәдени ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдай келе, мәдени аспектілері зерттеледі.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Бұл зерттеуде қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиологиялық бірліктердің мәдени ерекшеліктерін анықтау үшін әдебиет көздерін шолу, талдау, қорыту, сұрыптау, жіктеу әдістері қолданылды. Аталмыш зерттеу әдістері қазақ-ағылшын зерттеушілерінің еңбектерін терең зерттеуге мүмкіндік берді. Зерттеу барысында қазақ, ағылшын мақал-мәтелдерінің ортақ және ерекше белгілерін анықтау үшін салыстырмалы әдіс қолданылды. Атап айтсақ, жұмыс барысында қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердегі мәдени тақырыптар Ә.Қайдардың жіктеуі негізінде, ағылшын мақал-мәтелдеріндегі мәдени тақырыптар В. Мидердің жіктеуі негізінде сұрыпталып, салыстырылды. Жіктеу нәтижесінде қазақ мақал-мәтелдерінен адамға қатысты мақал-мәтелдер, табиғатқа қатысты мақал-мәтелдер және қоғамға қатысты мақал-мәтелдер (Отан, ел, жер), ағылшын мақал-мәтелдерінен индивидуализм, өзін-өзі басқару, қоғам мен табиғат, моральдық және этикалық құндылықтар тақырыптары алынды. Сонымен қатар, қазақ, ағылшын мақал-мәтелдерінің мәндік-мағыналық ерекшеліктерін талдау үшін сипаттамалық, құрылымдық әдістер пайдаланылды. Мақал-мәтелдердегі тарихи-ұлттық дүниетаным мен мәдени құндылықтарды талдау барысында этнолингвистикалық әдіс те қолданылды. Зерттеу материалдары ретінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдер кітаптары, паремиологиялық сөздіктер, ғылыми мақалалар, зерттеу жұмыстары алынды. Зерттеу нәтижелері мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға, сондай-ақ қазақ және ағылшын тілдерінің паремиологиялық қорын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

**Талқылау мен бақылау.** Паремиологиялардың шығу тарихы Аристотель еңбектерінен (б.э.д. 384-322) бастау алады. Аристотель ең алғаш паремиологияларды жіктеп, философияның элементтері ретінде, формасының қысқалығы нәтижесінде ауыздан-ауызға тараған деп пікір айтқан. Паремиологиялар көптеген ежелгі философтардың еңбектерінде көрініс тапқан. Ағылшын әдебиетіндегі паремиологиялар Б. Джонсон, Шекспир, Александр Поуп, Джон Чосер, Вальтер Скотт, Чарльз Диккенс, Теодор Рузвельт, Эрик Сигаль т.б. философ, ақын, жазушы, драматург, саясаткерлердің еңбектерінде пайда болған. Қазақ тілінің паремиологияларының шығу тарихына келсек, ғасырлар бойы



қалыптасқан, қазақ паремиологиялары ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға жетіп, қағаз бетіне XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың ортасында түсіп, жинақталып, басылған алғашқы кезең. XX ғасырдың екінші жартысында қазақ паремиологиялары ғылым объектісі ретінде қарастырыла бастаған, кейіннен олар тіл білімінің зерттеу объектісі ретінде ғылыми тақырыптардың өзегіне айналған. Қазақ мақал-мәтелдерін жинақтап, зерттеген ғалым, жазушылар Ы.Алтынсарин, А.Васильев, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Р.Сәрсенбаев, Ә.Қайдар т.б. атауға болады. Қазақ паремиологиясының этнолингвистикалық, мәдени, ұлттық ерекшеліктерін жан-жақты алғаш зерттеген ғалым Ә. Қайдар болса [7, 3], түрлі этникалық топтар туралы қазақ мақал-мәтелдерінің талдамасы Г.Омарбекованың, паремиологиялық бірліктердің салыстырмалы талдамасы О.Хасанова, З.Рсалиева, Н.Сарсектің еңбектерінде, ағылшын және қазақ тілдеріндегі мәдени, этнолингвистикалық т.б. салыстырулар З.А.Есқазина, Г.Н.Смағұлованың, қазақ мақал-мәтелдерінің қазіргі контекстегі құндылықтары мен философиялық мәні, мәдени аспектілері К.Сыздықов, Б.Сүйерқұл, А.К.Чакыроғлу жұмыстарында талқыланады. Қазақ мақал-мәтелдерінің лингво-мәдени аспектілері қазақтардың көшпелі тұрмыс-тіршілігінің негізінде қалыптасқан, оның ішінде ата-ана, жанұяның ерекше маңыздылығы, үлкенге құрмет, қонақжайлылық және тылсым табиғатпен байланыс, салт-дәстүрді қадірлеу тақырыптары өзекті болған. Ә.Қайдар қазақ мақал-мәтелдерін адамға қатысты мақал-мәтелдер; табиғатқа қатысты мақал-мәтелдер; қоғамға қатысты мақал-мәтелдер деп жіктеген [7, 254]. Қазақ мәдениетінде адамның ақылдылығы пен білімі маңызды, мысалы «Ақылды адамға бір ауыз сөз жетеді» паремиясы адамның зердесі пен көрегенділігінің құндылығына мән береді. «Табиғат қазынасы – мал» паремиясы қазақ мәдениетінде қазақтардың мал және табиғатпен өте тығыз байланыста болғандығынан хабар береді. Қазақ қоғамының іргетасы қоғамдасу және қонақжайлылық екендігін, паремиялар мазмұнынан байқауға болады. «Қонақ келсе құт келер» паремиясы қазақтың қонаққа баруы мен үй иесінің қонақты қаншалықты сыйлау керектігін білдіреді. Қазақ мақал-мәтелдері тұрмыс-салт, мәдениет, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, шаруашылық, кәсіп, жануарлар, қоғам, адам бойынан табылатын жақсы және жаман қасиеттер, туыс-дос, ұрпақтар қарым-қатынасы сияқты түрлі тақырыптарды қамтиды. Оның ішінде ерекше көзге түсетін, бүгінгі қоғамда өзекті мәдени тақырыптың бірі қазақ қоғамындағы гендерлік рөлдерге мәдени көзқарастар тудыратын әйел мен ер адамның қоғамдағы рөлі туралы мақал-мәтелдерде ер адамның өмір сүру салты, әйел адамдардың өмір сүруінің қарапайымдылығына қарама-қайшы келеді [8, 71]. Мысалы, «Әйел-үйдің көркі, Еркек-түздің көркі» мақалында әйел адамның үйде отыруы құпталып, ер адамның түзде жүруі құпталады немесе «Алтын басты әйелден, Бақыр басты еркек артық», «Жаман ерден жайдағы жақсы, Жаман қатыннан бойдағы жақсы», ер адамды әйелден жоғары қою дәстүрі анық байқалады. Сонымен қатар, қазақ мәдениетінде білім, ғылым, ақылдылық, ар-ұждан туралы мақал-мәтелдері маңызды орынға ие.

Ағылшын мақал-мәтелдері де ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан даналықты, өмірдің шындығы мен парасаттылықты, құндылықтар мен сенім-көзқарастарды қамтитын, ағылшын мәдениеті мен тілінің ажырамас бөлігі. Зерттеушілер ағылшын тіліндегі мақал-мәтелдерді зерделей отырып, «тілді қалыптастырған мәдени нормалар мен әлеуметтік құрылымдардың» өзгеру құбылысын байқауға болады [9, 3024], - дейді. Ағылшын мақал-мәтелдері күнделікті өмірден хабардар етіп, ұжымдық даналықты ашатын индивидуализм, отбасы, қоғам және табиғат, моральдық тақырыптарды қозғайды. В. Мидер ағылшын мақал-мәтелдерін мәдени құндылықтар, соның ішінде индивидуализм, адамгершілік және тапқырлық сияқты топтарға бөлген және «мақал-мәтелдер әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөлін» зерттеген [10, 15]. Индивидуализм және жеке жауапкершіліктің маңыздылығын «Every man for himself» паремиясынан, шыншылдық, жеке және кәсіби этиканың мыңыздылығын «Honesty is the best policy» паремиясынан байқауға болады. Сонымен қатар, ағылшын мақал-мәтелдері жұмыс этикасы, қарым-қатынас және жеке жауапкершілік сияқты тақырыптар мен мәдени

шекаралардан асатын әмбебап шындықтарды жеткізеді [11, 88]. Мысалы, «A stitch in time saves nine» немесе «Actions speak louder than words» мақал-мәтелдері дер кезінде әрекет етудің маңыздылығы мен жай уәде беруден іске көшу маңыздылығы арқылы жеке мінез-құлық туралы тереңнен ой қозғайды. Қазақ мақал-мәтелдерінде кездесетін әйел мен ер адамға қатысты гендерлік тақырып ағылшын мақал-мәтелдерінде де көп кездеседі.

Зерттеушілердің еңбектерін саралап, талдай келе, қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің мәдени аспектілері көптеген тақырыптарды қамтитындығына көз жеткіздік. Сондықтан, ұсынылған жұмыста, қазақ, ағылшын тілдеріндегі паремиологиялардың мәдени ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау үшін, келесі нақты мәдени тақырыптарды сұраптап алдық (Кесте 1).

Кесте 1 - Қазақ, ағылшын мақал-мәтелдеріндегі мәдени тақырыптар

| Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдеріндегі мәдени тақырыптар (Ө. Қайдар жіктеуі) | Ағылшын мақал-мәтелдеріндегі мәдени тақырыптар (Мидер жіктеуі) |
|----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| Адамға қатысты мақал-мәтелдер                                              | Индивидуализм және өзін-өзі басқару                            |
| Табиғатқа қатысты мақал-мәтелдер                                           | Қоғам және табиғат                                             |
| Қоғамға қатысты мақал-мәтелдер (Отан, ел, жер)                             | Моральдық және этикалық құндылықтар                            |

Қазақ тілінің паремиологиялары Ө.Қайдардың жіктеуі негізінде [7, 255], ағылшын мақал-мәтелдеріндегі мәдени тақырыптар Мидердің жіктеуімен [10, 20] таңдалды.

**Нәтижелер.** Зерттеулерде ағылшын мақал-мәтелдерін басқа тілдің мақал-мәтелдерінің мәдени аспектілерімен салыстырған ғалымдар еңбектері көптеп кездеседі. Майлз Нейл ағылшын және жапон мақал-мәтелдердің астарлы мәнін салыстырып, олардың мәдени ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттесе [12, 88], араб және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің мәдени құндылықтарын А.М.Әлхарби [13, 29], Л.Сиахрон индонезия мен ағылшын мақал-мәтелдерінің мәдени ерекшеліктерін қарастырған [14, 258]. Қазақ-түрік мақал-мәтелдерінің салыстырмалы талдауы олардың мәдени контексттер әсерінен ерекше когнитивтік және прагматикалық ерекшеліктерге ие екендігі Б.Б.Динаеваның мақаласында талданған [15, 26]. Қазақ-ағылшын мақал-мәтелдерінің мәдени аспектілерін салыстырған еңбектердің басым көпшілігі лингвистикалық тұрғыдан немесе аудару барысындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарды қарастырады. Ұсынылып отырған мақалада қазақ-ағылшын мақал-мәтелдерін талдау барысында, зерттеу нәтижелері 1-кестедегі мәдени тақырыптар төңірегіндегі ұқсастықтар мен сәйкессіздіктерді салыстырып, анықтады. Қазақ, ағылшын паремияларындағы үлкен ерекшелік қазақ қоғамының көшпенділік мәдениетінің мақал-мәтелдерге әсері. Көшпенділік мәдениеті қазақтардың қауымдасып тіршілік ету, мал шаруашылығы мен табиғатқа, жануарларға, салт-дәстүрлерге құрметке негізделсе, ағылшын мақал-мәтелдері ауылшаруашылық, өндірістік және қалалық өмір салтынан туындап, индивидуализм, этика және тұрақты, индустрияланған қоғамдағы күнделікті өмірдің практикалық мүмкіндіктері сияқты құндылықтарды көрсетеді. Демек, қазақ мақал-мәтелдері көшпенділік өмір салты қоғамдық-әлеуметтік өмір, адамға қатысты паремиялардың негізі болып, ынтымақтастық, сыйластық, қоғамдастық, әлеуметтік ортаның маңыздылығына баса мән беріледі. Мысалы, «Бірлік бар жерде - тірлік бар» паремиясы қазақ мәдениетінде қоғамдасу, бірігу, өзара көмектесудің құндылығын көрсетеді. «Тірлік» сөзінің өзі, өмір, өмір сүру дегенді білдіреді, олай болса, бірлік, тағулық, бауырластық, ауызбіршілік, ынтымақтастық, береке, қолдау бар жерде, өмір бар, яғни адамдар ел болып, қоғам болып, ру, жанұя болып бейбіт өмір сүреді. «Адамның

күні адаммен» паремиясы да, жоғарыда талданған аспектінің дәлелі. Қазақ қоғамындағы қауымдасып өмір сүрудің ажырамас бөлігі, ата-ана, жанұя, бала тәрбиесі, ер мен әйел, қонақжайлылық, үлкендерді сыйлау, құрмет көрсету т.б. мәдени тақырыпшалары. Сонымен қатар, қазақ паремияларына тән тағы бір ерекшелік, оның мәнінің көпсалалығы мен тереңдігінде. Мысалы, «Ақ жаулығы ананың, ақ көрпесі баланың» (Кесте 2) паремиясында ана, ананың рөлі, бала, қоғам, жанұя, құрмет, махаббат, бала тәрбиесі, ер мен әйел тақырыпшаларының барлығын қозғауға болады. Ананың жаулығының ақ болуында үлкен мән бар, ол тазалық, тәртіп, тыныштық, отбасындағы береке, жанұяның рөлі, балаға махаббат, жылулық, жауапкершілік т.б. болса, ақ көрпе де тазалық, баланың қауіпсіздігі, ананың махаббаты, жанұяның тыныштығы. Анасының жаулығының ақ болуы, әрине ананың психологиялық тыныштығы, ерімен жақсы қарым-қатынасын да көрсетеді, оның астарында ер адамның жанұя асыраушысы екендігін аңғаруға болады. Яғни, аталған паремияда әлеуметтік мәселе көтеріліп, қазақ қоғамындағы отбасының рөлі, отбасындағы сыйластық пен тәрбиенің маңыздылығына үлкен мән берілетіндігін көрсетеді.

Кесте 2 - Адам мен қоғамға қатысты қазақ паремиясының талдауы

| «Ақ жаулығы ананың, ақ көрпесі баланың» |                                 |                                     |                                |                    |         |               |
|-----------------------------------------|---------------------------------|-------------------------------------|--------------------------------|--------------------|---------|---------------|
| Мәдени тақырыпшалар                     | Паремияның қамтитын аспектілері |                                     |                                |                    |         |               |
| Ана                                     | ананың рөлі                     | ананың махаббаты                    | ананың психологиялық тыныштығы |                    |         |               |
| Бала                                    | бала тәрбиесі                   | баланың қауіпсіздігі                | балаға махаббат                |                    |         |               |
| Жанұя                                   | отбасындағы береке              | жанұяның рөлі                       | отбасындағы сыйластық          | жанұяның тыныштығы | тәрбие  |               |
| Моральдық құндылық                      | құрмет                          | махаббат                            | тазалық                        | тыныштық           | жылулық | жауапкершілік |
| Әйел                                    | ер мен әйел                     | ер мен әйелдің жақсы қарым-қатынасы | ер адам жанұя асыраушысы       |                    |         |               |

Ағылшын мақал-мәтелдерінде керісінше қауымдастықтан гөрі жеке, индивидуализм және өзіне сену басымдау. Атап өткендей, қазақ мақал-мәтелдерінде қоғамдасу, ұйымдасу, топтасу басым болса, ағылшын мақал-мәтелдерінде жеке жетістікке жету, жеке іс-әрекеттің маңыздылығы, жеке жауапкершілікке, белгілі бір мақсатқа жетуге фокус жасалады. Мысалы, «Be yourself, but your best self» «Өзіңмен өзің бол, бірақ өзіңнің де ең жақсысы бол» (Кесте 3) паремиясының мәні өзіңді қабылда, өзіңді сыйла, өзіңмен және өзгелермен шынайы бол, өзіңнің құндылықтарың мен ой-пікір, сезімдерің мен жүрек қалауыңа берік, шынайы бол дегенді білдіреді. Сонымен қатар, аталған паремиядан адамның кәсіби жетістіктері де адамның жеке дамуы мен жеке қасиеттеріне байланысты деген ой түюге

болады. Аталған паремияның мәні әрбір жеке адам, өзін-өзі тәрбиелесе, ол адам қоғамда да тәрбиелі болады және жеке нәтижеге әкелетін жеке жауапкершіліктің маңыздылығы және өз әрекетінің салдары деп түсінеміз. Индивидуализм паремияларының тағы бір мысалы, «Every man for himself», «Адам өз қамын өзі ойлау керек» немесе «Әркім өзі үшін» паремиясының мәні белгілі бір жағдайдағы әрбір адам өзі үшін барынша тырысатынын және басқа ешкім ешкімге көмектесуге тырыспайтынын білдіреді және қиын жағдайларда әр адам өзіне ғана сенуі керек екенін білдіреді. Яғни, адамдар бір-біріне көмектесудің орнына, өз мүддесін бірінші орынға қояды. Ағылшындық сайттардағы түсіндірмелерге сүйенсек, бұл паремияны көп қолдансаңыз, жағымсыз пікір тууы мүмкін, өйткені оның мағынасы эгоизммен көбірек байланысты.

Кесте 3 - Индивидуализм және өзін-өзі басқаруға қатысты ағылшын паремиясының талдау

| "Be yourself, but your best self" "Өзіңмен өзің бол, бірақ өзіңнің де ең жақсысы бол" |                                 |              |                                    |                                    |                        |                          |
|---------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|--------------|------------------------------------|------------------------------------|------------------------|--------------------------|
| Мәдени тақырып-шалар                                                                  | Паремияның қамтитын аспектілері |              |                                    |                                    |                        |                          |
| Индивидуализм                                                                         | өзіңді қабылда                  | өзіңді сыйла | өзіңмен және өзгелермен шынайы бол | өзіңнің құндылықтарың мен ой-пікір | Сезім-деріңе берік бол | жүрек қалауыңа берік бол |
| Моральдық құндылық                                                                    | сезім                           | сыйлау       | шынайылық                          | құндылық                           | беріктік               |                          |
| Әйел адам, ер адам, бала бәріне қатысты                                               |                                 |              |                                    |                                    |                        |                          |

Талданған қазақ және ағылшан мақал-мәтелдерінен қазақ мәдениетінде қоғамдасу, топтасу, ұжымдасу басым болса, ағылшын мәдениетінде жеке даму, өзімен жеке жұмыс жасау басымдылығын байқаймыз. Қазақ паремиясында индивидуализмге қатысты мақал-мәтелдер жоқтың қасы, «мен туралы, өзім туралы» мақал-мәтелдердің өзі басқаға, қоғамға, отанға қызмет ету туралы болып келеді. Мысалы, «Өзін аяған дұшпанға дос», «Өзім дегенге өзегімді суырып берем» немесе «Өз өлтірмес, жат жарылқамас». Яғни, қазақ мәдениетінде «өзім» деген туысы, досы, жақыны деген мәнде қолданылып тұр.

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі тағы бір ерекшелік жануарларға қатысты мәдени аспектілер. Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ тарихындағы көшпенділік өмір салты, қазақ мәдениетінің табиғат және жануарлармен тығыз байланысын көрсетеді. Ағылшын мақал-мәтелдері жануарлар арқылы адамның мінез-құлқы, қоғамдық нормалар мен даналықты суреттейді және табиғи орта мен адами құндылықтар өзара астасып жатады. Мысалы, «Мал өсірсең қой өсір, Өнімі оның көл-көсір» немесе «Төрт түлік-тірліктің тірегі» сияқты қазақ паремиялары малдың жанұяны асырау көзі екендігінен хабар береді. «Қойдың сүті-қорғасын» мақалы қой сүтінің құнарлылығын, пайдасын сипаттайды. «Табиғаттың қазынасы – мал» паремиясы да, қазақтың малдың құндылығына баса мән беруінде. Ағылшын паремиясы «The early bird catches the worm», яғни ерте ояңған құс құртты бірінші болып алады дегені, ертерек тұрып, уақытты үнемдеу тиімділігі мен құндылығын білдіреді. «The straw that broke the camel's back» «Түйенің белін сабан сындырады» паремиясының мәні кішкентай проблемадан үлкен проблема шығады, яғни түймедейден түйедей мәселе шығады дейді.



Қазақ, ағылшын паремияларындағы мәдени тақырыптағы ерекшелік қонақжайлылық тақырыбы. Қазақ қоғамының маңызды қасиеттерінің бірі, үйіне келген қонаққа сый-құрмет көрсету қазақ паремияларында кеңінен қолданылады. «Қонақ келсе-құт келер», «Қонақ сыйлаған үйдің ырысы артар» паремияларынан, қазақ мәдениетіндегі қонақтың қаншалықты маңызды екендігін байқауға болады. «Жаман үйдің қонағы билейді», «Қонақ бір күн қонса - құт, екі күн қонса - жұт» мақал-мәтелдерінен мінез-құлық, жанұяның жағдайына да қатысты ой-пікірлерді талдауға болады. Мысалы, үй иесінің мінезі жұмсақ, ынжықтау болса, өз үйінде өзінің қадірі болмаса, келген қонақ оны байқап, еркінсіп, билеп-төстеп кетсе «Жаман үйдің қонағы билейді» дегеніміздің мәні тереңде жатыр немесе «Қонақ бір күн қонса - құт, екі күн қонса - жұт» паремиясында үй иесінің қонақжайлылығын пайдаланып, қонақ болып жата бермеуге, қонақтың да мәдениеті, әдептілігі болу керектігі жайлы кеңес берілсе, екінші жағынан үй иесінің де қонақты күту үшін ішіп-жемі болатындығын/болмайтындығынан хабар береді. Ал осы мазмұндас паремиялар ағылшын мәдениетінде кездеспейді. Мысалы, «The more the merrier» «Көбірек болса, тіпті жақсы» ағылшын паремиясы қонақжайлылыққа қатысты болғанымен, мағынасы бөлектеу. Егер көбірек адам болса, көңілдірек болады мағынасында қолданылады, сонымен қатар басқа заттарға қатысты да қолдана беруге болады. Кембридж сөздігінде «Do you mind if I bring a couple of friends to your party?» «Not at all - the more the merrier!» «Егер мен тағы да екі досымды ертіп келсем қарсы болмайсың ба? - Жоға, көбірек болса, тіпті жақсы» деп беріледі. «A guest is a guest, but a good friend is better» «Қонақтың аты қонақ, бірақ жақсы дос жақсырақ» немесе «While the cats away the mice will play», «Мысық жоқ жерде тышқан ойнайды» паремияларынан қонақжайлылық иісі сезілмейді.

Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі ұқсас мәдени тақырып-адамгершілік пен этика тақырыбы. Шынайылық, шыншылдық, адамгершілік, алами құндылықтар паремиялардағы ортақ, ұқсас тақырыптар. Мысалы, (Кесте 4).

Кесте 4 – Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі адамгершілік пен этика тақырыпшалары

| Тақырыпша                                   | Қазақ паремиясы                                  | Ағылшын паремиясы             | Түсіндірме                                                        |
|---------------------------------------------|--------------------------------------------------|-------------------------------|-------------------------------------------------------------------|
| Адалдық/<br>шынайылық                       | Шындық қамал<br>бұзар                            | Honesty is the best<br>policy | Шындық әрқашан<br>жақсы нәтижеге әкеледі.                         |
| Еңбекқорлық                                 | Еңбек етсең ерінбей,<br>тояды қарның<br>тіленбей | Hard work pays<br>off         | Еңбекқорлық нәтижесі<br>жақсылыққа әкеледі.                       |
| Әділдік/<br>адалдық                         | Адалдық ана сүтінен<br>де абзал                  | Justice is blind              | Ешқандай қосалқы әрекеттерге<br>қарамастан, әділдік жеңіп шығады. |
| Үлкенге/<br>тәжірибесі мол<br>адамға құрмет | Үлкенге құрмет,<br>кішіге ізет                   | Respect your<br>elders        | Үлкенге құрмет адамгершілік<br>белгісі.                           |
| Мейірімділік/<br>көмек                      | Қайырымдылыққа<br>қанжар қарсы<br>сілтенбес      | Charity begins at<br>home     | Қоғамда мейірімділік бағаланады,<br>қолдау табады.                |

«Адалдық/шынайылық» қазақ және ағылшын мәдениетінде қазақ және ағылшын мақал-мәтелдеріндегі адамгершілік пен этика тақырыбын талдау нәтижесінде «Адалдық/шынайылық» екі мәдениетте де адамилықтың ең биік бағыты ретінде қабылданатындығын көрсетті. «Еңбекқорлық» қазақ және ағылшын мәдениетінде жетістікке жету құралы; Әділдік/адалдық - қоғамдағы тұрақтылық кепілі; Үлкенге/тәжірибесі мол адамға құрмет алдыңғы ұрпақты бағалау, жанұя мен қоғамдағы өзара сыйластық қатынасы; Мейірімділік/көмек отбасынан басталып, қоғамға да пайдасын тигізеді, қайырымдылыққа ешкім қарсы келе алмайтындығын білдіреді. Зерттеу барысында біз байқаған тағы ұқсастық гендердік ерекшелік тақырыптары. Мысалы, «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық» деген қазақ паремиясынан тұтас әлеуметтік мәселені (әйелдің ісі, еркектің ырысы т.б.) көруге болады. «Байтал шауып бәйге алмас», «Әйелді бастан, баланы жастан», «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» паремияларынан әйел адамның ер адамнан бір саты төмен қойылғаны байқалады, сондай-ақ ағылшын мақал-мәтелдерінен осындай тенденцияны байқауға болады. Мысалы, «A silent woman is a gift from God», «Үндемейтін әйел Құдайдың сыйы», «A woman's work is never done», «Әйелдің жұмысы ешқашан бітпейді», «A woman's place is in the home», «Әйелдің орны үйде» сияқты ағылшын паремиялары ертерек кездегі өмір салтына сәйкес. Әйел тақырыбына қатысты қазіргі ағылшын паремиялары ер адам мен әйел адамның теңесу тенденциясын көрсетеді. Сонымен қатар, әйел адамның қасиеттері туралы қазақ және ағылшын паремияларында да ұқсастықтар бар. Мысалы, «Әйелдің қолы - алтын», «Behind every great man is a great woman» «Әрбір мықты еркектің артында мықты әйел бар», «A home without a woman is like a barn without cattle», «Әйелсіз үй малсыз қораға тең» паремияларында әйел адамның жанұя мен қоғамдағы рөлі көрсетіледі. Кейбір ағылшын мақал-мәтелдерінің мәні мәдени ерекшеліктерге қарамастан қазақ тіліне толық сәйкес келеді. Мысалы, «Білім - қуат» - «Knowledge is power»; «Ештен кеш жақсы»-«Better late than never» мақал-мәтелдерінің мәні де, тақырыбы да толық сәйкес келеді.

**Қорытынды.** Қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиологиялық бірліктер (мақал-мәтелдер, нақыл сөздер) тек тілдік құрал ғана емес, сонымен қатар әр ұлттың мәдениеті мен дүниетанымын көрсететін маңызды феномен болып табылады. Қазақ паремиологиясы көбінесе табиғатқа, тұрмыс-салтқа, адамгершілікке негізделсе, ағылшын паремиологиясы тарихи дәстүрлер, моральдық құндылықтар және практикалық өмір тәжірибесіне сүйенеді. Тілдік деңгейде екі тілдегі мақал-мәтелдер құрылымы мен синтаксистік ерекшеліктерімен, семантикалық бояуларымен айрықша. Мәдени тұрғыдан олардың салыстырмалы талдауы әр халықтың құндылық жүйесін, ойлау ерекшелігін және әлеуметтік-қоғамдық тәжірибесін терең түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, паремиологиялық бірліктерді зерттеу тілдік, мәдени және когнитивтік аспектілерді байланыстыра отырып, екі халықтың әлемге деген көзқарасын салыстырмалы түрде зерттеуге маңызды негіз болып табылады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиологиялық бірліктердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары екі мәдениеттің тарихи құндылықтары мен мәдени көзқарастарын көрсетеді. Паремиялар ұлттың мәдени болмысының көрінісі ғана емес, сонымен бірге халықтың мәдени-тарихи ақпаратын сақтау құралы болып табылады. Қазақ, ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдердің мәдениет пен тілдегі алатын орны, рөлі ұқсас болғанымен, мәдени аспектілері әр-түрлі болып келеді. Ұсынылған мақалада екі тілдің паремияларына тематикалық талдау жасап, мәдени аспектілердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтауға қадам жасалды. Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдері әр халықтың мәдениетін, өмір салтын және құндылықтарын айқын бейнелейді. Қазақ мақал-мәтелдері көбінесе көшпенді өмір салтына, қоғамда бірлесе әрекет етуге, жанұя құндылығы мен үлкендерге құрметке, табиғат пен жануарларға бағытталған («Бірлік бар жерде – тірлік бар», «Атаңның сөзі – алтын», «Төрт түліктің иесі – табыс табар»). Ал ағылшын мақал-мәтелдері керісінше, қалалық өмір салтына, индивидуализмге, жеке жетістік пен жауапкершілікке басымдық береді («Time is money», «Every man for himself», «The early bird catches the worm»). Осы мысалдар екі халықтың дүниетанымындағы айырмашылықтарды көрсете отырып, мақал-мәтелдердің мәдени ерекшелігін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Ұсынылған талқылаулар, әр қоғамның өзіне тән терең ой-түйін мен білімі ұрпақтан ұрпаққа мәдени ерекшеліктерімен жеткендігінің дәлелі. Ортақ мақсат, ортақ тақырып болғанымен, қазақ және ағылшын паремияларының ой түйю, мәдени аспектілері әлі зерттеулерді қажет етеді. Қазақ, ағылшын паремияларын талдай отырып, екі ұлттың салт-дәстүр, өмір сүру дағдыларынан хабар алуға болатынына көз жеткіздік. Болашақ зерттеулерде қазақ, ағылшын паремияларындағы табиғат тақырыбына терең бойлап, жануарлар арқылы, адам мінез-құлықтарына толық жіктеме жасау ұсынылады.

Қазақ тілінің сарқылмас бай мұрасы – мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер, яғни паремиология, халықтың дүниетанымы, өмір салты, моральдық және мәдени құндылықтарын бейнелейтін ерекше тілдік құбылыс болып табылады. Олар қысқа әрі нақты формада үлкен өмірлік тәжірибені, даналықты және адамгершілік қағидаларды жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып келеді. Паремиология тек тілдік құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар қазақ мәдениеті мен тарихын түсінудің маңызды құралы болып табылады. Осы тұрғыдан, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді зерттеу қазақ тілін, әдебиетін және ұлттық сананы тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

1. Schnegg M. Culture as response // *Ethos* 2024. – №52(2). – P. 308-323. DOI: <https://doi.org/10.1111/etho.12427>
2. Syzdykov K. Contrastive studies on proverbs // *Procedia-Social and Behavioral Sciences*, 2014. – №136. – P. 318-321. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.05.336>
3. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: сөздік/А. Б. Салқынбай, Е. М. Абақан. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
4. Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған Жамалхан Асықова. – Алматы: Балауса, 2013. – 96 б.
5. Zhulduz R., Zhankara D., Ali N. Various Aspects of Paremiological Units // *PEOPLE: International Journal of Social Sciences* 2019. – №3(4). – P. 985-996. DOI: <https://doi.org/10.20319/pijss.2019.43.985996>
6. Dzahene-Quarshie J., Omari S. Viewing gender through the eyes of proverbs: Reflections of gender ideology in the Akan and Swahili societies // *Journal of pragmatics* 2021. – №174. – P.128-142. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2020.12.020>.
7. Қайдар Ә. Тіл-ғұмыр. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2018. – 352 б.
8. Елубай А.М., Алдабек Н.А. Түркі әлеміндегі «әйел» концептісін айшықтайтын мақал-мәтелдердің лингво-мәдени аспектісі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2022. – №125(3). – Б. 68-78. DOI: <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.06>
9. Shukurlu S. Linguocultural Features of «Good» and «Bad» Concepts in English Idioms// *Trajectoria Nauki* 2024. – №10(4). – P. 3023-3026. DOI: <https://doi.org/10.22178/pos.103-28>.
10. Mieder W. The Humanistic value of proverbs in sociopolitical discourse // *Humanities* 2018. – №7(1). – 28 p. DOI: <https://doi.org/10.3390/h7010028>
11. Lomotey B. A., Csajbok-Twerefou I. A pragmatic and sociolinguistic analysis of proverbs across languages and cultures // *Journal of Pragmatics* 2021. – №182. – P. 86-91. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2021.06.014>
12. Neale M. A comparison of English and Japanese proverbs using natural semantic metalanguage//*New Voices in Japanese Studies* 2015. – №7. – P. 85-102. DOI: <https://doi.org/10.21159/nvjs.07.05>
13. Alharbi A.M. A Comparative Study of Arabic and English Proverbs//*International Journal of Educational Sciences and Arts* 2024. – №3(8). – P. 10-31. DOI: <https://doi.org/10.59992/IJESA.2024.v3n8p1>
14. Syahron L. The Equivalence and Nonequivalence of Proverbs Across Cultures (Indonesian and English) // *International Journal of English Linguistics* 2018, 8. – P. 253-263. DOI: <https://doi.org/10.5539/ijel.v8n4p253>
15. Динаева Б.Б. Лингвосинергия казахских и турецких паремий//*Tiltanym*. – 2025. – №4 (96). – С. 25-39. DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-25-39>

**Б. ТАНЕШ**

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

**С.А. МЕЙРАМОВА, С.Б. ЗАГАТОВА**

Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусайинова, Астана, Казахстан

## **КУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПАРЕМИИ В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ**

**Аннотация.** Паремиологические единицы представляют собой культурное наследие, передающееся из поколения в поколение. Пословицы и поговорки отражают мировоззрение нации, её образ жизни, традиции и обычаи. Несмотря на долгую историю изучения, они по-прежнему остаются ценным объектом исследования, раскрывая новые аспекты культурного восприятия. В данной статье рассматриваются культурные особенности пословиц и поговорок в казахском и английском языках. Анализ научных источников и сравнительное исследование паремиологических единиц позволили выявить их сходства и различия в контексте культурных тем. В ходе исследования предпринята попытка сравнить культурные ценности, когнитивные и социальные особенности казахских и английских паремиологических единиц. Оба языка обладают богатым культурным наследием, а тематика пословиц и поговорок чрезвычайно обширна. Поэтому в данном исследовании классификация казахских пословиц осуществляется на основе работы А. Кайдара, а темы английской паремиологии анализируются согласно классификации В. Мидера. Кроме того, в статье даны рекомендации для дальнейших исследований в данной области.

**Ключевые слова:** пословицы, поговорки, культурные особенности, ценности, сходства, различия, коллективизм, индивидуализм.

**B. TANESH**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**S.A. MEIRAMOVA, S.B. ZAGATOVA**

A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan

## **CULTURAL ASPECTS OF PAREMIOLOGICAL UNITS IN KAZAKH, ENGLISH LANGUAGES**

**Annotation.** Paremiological units are a cultural heritage that has been passed down from generation to generation. Proverbs and sayings reflect a nation's worldview, its way of life, traditions, and customs. Although proverbs and sayings have been studied for many years, they remain a valuable subject of study, continuously offering new insights. This article examines the cultural features of proverbs and sayings in Kazakh and English. The similarities and differences between Kazakh and English proverbs in cultural contexts were identified through the analysis of scientific sources and the comparison of paremiological units. The study attempted to compare the cultural values, cognitive, and social aspects of Kazakh and English paremiological units. Since both Kazakh and English languages are rich in cultural values and cover a wide range of topics, the classification of cultural themes in Kazakh proverbs is based on Qaidar's categorization, while English paremiology themes are analyzed using Mieder's classification. Furthermore, recommendations for further research on this topic are provided.

**Keywords:** proverbs, sayings, cultural features, values, similarities, differences, collectivism, individualism.



## References

1. Schnegg M. Culture as response//Ethos 2024, 52(2). – P. 308-323. DOI: <https://doi.org/10.1111/etho.12427>
2. Syzdykov K. Contrastive studies on proverbs//Procedia-Social and Behavioral Sciences, 2014, 136. – P. 318-321. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.sbspro.2014.05.336>
3. Lingvistikalıyq túsındırme sózdık: sózdık/A.B. Salqynbai, E.M. Abaqan. - Almaty : Sözdık-Slovär, 1998. – 304 b.
4. Qazaq maqal-mätelderı. Qūrastyrgān Jamalhan Asyqova. – Almaty: Balausa, 2013. – 96 b.
5. Zhulduz R., Zhankara D., Ali N. Various Aspects of Paremiological Units //PEOPLE: International Journal of Social Sciences 2019. – №3(4). – P. 985-996. DOI: <https://doi.org/10.20319/pijss.2019.43.985996>
6. Dzahene-Quarshie J., Omari S. Viewing gender through the eyes of proverbs: Reflections of gender ideology in the Akan and Swahili societies //Journal of pragmatics 2021. – №174. – P. 128-142. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2020.12.020>.
7. Qaidar Ā. Tıl-ğūmyr. Ćylymi maqalalar jınağy. – Almaty: A. Baitürsynūly atyndağy Tıl bılımi instituty, 2018. – 352 b.
8. Elubai A. M., Aldabek N. A. Türkı älemindeğı «äiel» konseptısın aısyqtaıtyn maqal-mätelderdeñ lingvo-mädeni aspektısı//Īasauı universitetinıñ habarşysy. – 2022. – №125(3). – B. 68-78. DOI: <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.06>
9. Shukurlu S. Linguocultural Features of “Good” and “Bad” Concepts in English Idioms //Traektoriâ Nauki 2024. – №10(4). – P. 3023–3026. DOI: <https://doi.org/10.22178/pos.103-28>.
10. Mieder W. The Humanistic value of proverbs in sociopolitical discourse//Humanities 2018. – №7(1). – 28 p. DOI: <https://doi.org/10.3390/h7010028>
11. Lomotey B. A., Csajbok-Twerefou I. A pragmatic and sociolinguistic analysis of proverbs across languages and cultures //Journal of Pragmatics 2021,182. – P. 86-91. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.pragma.2021.06.014>
12. Neale M. A comparison of English and Japanese proverbs using natural semantic metalanguage//New Voices in Japanese Studies 2015. – №7. – P. 85-102. DOI: <https://doi.org/10.21159/nvjs.07.05>
13. Alharbi A.M. A Comparative Study of Arabic and English Proverbs//International Journal of Educational Sciences and Arts 2024. – №3(8). – P. 10-31. DOI: <https://doi.org/10.59992/IJESA.2024.v3n8p1>
14. Syahron L.The Equivalence and Nonequivalence of Proverbs Across Cultures (Indonesian and English) // International Journal of English Linguistics 2018. – №8. – P. 253-263. DOI: <https://doi.org/10.5539/ijel.v8n4p253>
15. Dinaeva B.B. Lingvosinergia kazahskih i tureskih paremi // Tiltany. – 2025. – №.4 (96). – S. 25-39. DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-4-25-39>

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Танеш Бота** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Танеш Бота** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

**Tanesh Bota** – doctoral student L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Мейрамова Салтанат Акимқызы** – педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

**Мейрамова Салтанат Акимовна** – кандидат педагогических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусайинова, Астана, Казахстан.

**Meiramova Saltanat Akimovna** – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor at the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

**Загатова Сәуле Базылқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының профессоры, Астана, Қазақстан

**Загатова Сауле Базыловна** – кандидат филологических наук, профессор Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусайинова, Астана, Казахстан

**Zagatova Saule Bazylovna** – candidate of Philological Sciences, professor, A.K.Kussayinov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

**Ж.К. ТОЛЕУКОНЫР** Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан  
(e-mail: [jasmin\\_25.90@mail.ru](mailto:jasmin_25.90@mail.ru))**«ӘКЕ» КОНЦЕПТІСІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АСПЕКТІСІ (М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ  
БОЙЫНША)**

**Аңдатпа.** Мақалада «әке» концептісі М.Әуезов шығармашылығы аясында талданған. «Әке» концептісін көркем мәтінде талдау авторлық ұстаным көріністерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеуде көркем шығармадағы концепт ұғымы жан-жақты зерттелді. Мақаланың мақсаты – М.Әуезов әңгімелеріндегі «әке» концептісінің авторлық концепт ретінде анықталуы мен әлеуметтік-мәдени аспектісін анықтау. Зерттеудің негізгі бағыттары әдебиеттану және концепт ұғымдарымен айқындалады. Мақаланың ғылыми және практикалық маңыздылығы «әке» концептісінің авторлық концепт ретінде анықталып, М.Әуезов шығармалары негізінде талдануынан көрінеді. Зерттеу барысында сипаттау, нарративті талдау, контекстуалды талдау, интерпретациялық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесі бойынша М.Әуезов әңгімелерін талдай келе, «әке» образы «әке» концептісінің репрезентациясы екені анықталды. Сонымен бірге «әке» көркем образының диалог арқылы берілуі, жиынтық образдар арқылы сомдалуы – «әке» концептісінің авторлық ұстаным аясында берілуімен байланысты. Көркем концепт жалпы көркем концепт пен авторлық концепт деп ажыратылады. Авторлық концепт – жазушының көркемдік әлемінің нәтижесі. Осыған сәйкес «әке» концептісі М.Әуезовтің шығармаларында түрлі қызмет атқарып, әлеуметтік-мәдени аспектісі анықталады.

Мақаланың құндылығы – қазақ қоғамындағы елеулі мәселелердің бастауында тұрған «әке» образының көрінісін талдаумен байланысты. М.Әуезов шығармаларында бейнеленген әке мен бала арасындағы қақтығыстар – ескі мен жаңаның қақтығысының көрінісі. Мақаланың практикалық мәні «әке» концептісінің көркем шығармада авторлық концепт ретінде талдануымен анықталады.

**Түйін сөздер:** авторлық концепт, көркем концепт, көркем образ, авторлық ұстаным, көркемдік жүйе.

**Кіріспе.** Антропоэзектік парадигманың дамуымен когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану салаларының тоғысында «концепт» термині қарастырыла бастады. Әдебиеттану саласында да «концепт» ұғымы анықталады. Алғаш рет «көркем концепт» терминін айқындап, автордың әлемді өзіндік түрде тануының нәтижесі деген келген С.А.Аскольдов-Алексеев болды [1, 268]. В.Маслова көркем концептке тән ерекшеліктер қатарына мыналарды жатқызады: ассоциация, эмотивті мағына, образ әлемі [2, 25]. Көркем концепт белгілі бір авторға тән авторлық әлем бейнесінің көрініс табуы. Туындыда образ көркем концепттің репрезентациясы ретінде жүзеге асады. Концептке тән эмоционалды, мағыналық-образдық құрылымдар көркем образ аясында көрініс береді.

Мақалада М.Әуезов шығармаларындағы «әке» концептісі және оның мағыналық құрылымдары қарастырылған. М.Әуезов шығармашылығы тілшілер, әдебиетшілер, сыншылар тарапынан жан-жақты талданып, зерттелуде. Антропоэзектік парадигма аясында М.Әуезов шығармашылығы А.Кушанова зерттеулерінде авторлық концепция мәселесі негізінде қарастырылған [3, 109]. Г.Кенжебекова М.Әуезов шығармаларындағы

«діни көзқарастарға» талдау жасайды [4, 32]. Соңғы кезеңдегі зерттеулерде М.Әуезов шығармашылығы антропоэзектік парадигма аясында қарастырылып жүргенімен, «әке» концептісі жекелей талдауды қажет етеді. Қаламгер М.Әуезовтің туындыларын қарастыра келе, «әке» концептісі автор тарапынан іргелі өзгерістерге түскенін, сонымен бірге әкеге қатысты халқымызда қалыптасқан ұлттық түсініктерді алдыға шығаратынын айқындаймыз. Зерттеудің өзектілігі М.Әуезов шығармаларындағы «әке» авторлық концептісін жан-жақты талдаудан көрініс береді.

Зерттеу нысаны – жазушы М.Әуезовтің әңгімелеріндегі «әке» образы және оның берілу жолдары. М.Әуезов әңгімелеріндегі «әке» концептісі «әке» образының сомдалуымен, әлеуметтік-мәдени аспектіде өзгеріске түсуімен арнайы зерттеуді қажет етеді. Осыған сәйкес зерттеу мақаланың мақсаты М.Әуезов әңгімелеріндегі «әке» концептісінің авторлық концепт ретінде берілу жолдарын, «әке» образының әлеуметтік-мәдени аспектісін айқындау. Мақаланың міндеттері: М.Әуезов әңгімелеріндегі «әке» концептісінің автор тарапынан сомдалу жолдарын анықтау, авторлық концепт ретіндегі қызметін айқындау, әке концептісінің әлеуметтік-мәдени аспектісін эмоционалды, мағыналық-образдық құрылымдар негізінде талдау. Зерттеу мақалада сипаттау, нарративті талдау, контекстуалды талдау, интерпретациялық талдау әдістері қолданылып, «әке» концептісінің авторлық концепт ретіндегі маңызы, әлеуметтік-мәдени аспектісі, эмоционалды, мағыналық-образдық құрылымдары анықталды.

Мақаланың міндеті М.Әуезов әңгімелеріндегі «әке» концептісінің автор тарапынан сомдалу ерекшеліктерін анықтау; оның авторлық концепт ретіндегі қызметін айқындау; «әке» концептісінің әлеуметтік-мәдени аспектісін эмоционалды, мағыналық-образдық құрылымдар негізінде талдау. Зерттеу барысында сипаттау, нарративті, контекстуалды және интерпретациялық талдау әдістері қолданылып, «әке» концептісінің авторлық концепт ретіндегі маңызы, әлеуметтік-мәдени мазмұны мен көркемдік құрылымы айқындалады.

«Әке» концептісі қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында тәрбиелік, әлеуметтік және рухани құндылықтарды тоғыстыратын іргелі ұғымдардың бірі болып табылады. Әке бейнесі отбасындағы билік пен жауапкершілікті, ұрпақ сабақтастығы мен моральдық-этикалық ұстанымдарды айқындайтын мәдени код ретінде көрініс табады. Көркем мәтінде бұл концепт билік, қорғаушы, тәлімгер, әлеуметтік тірек секілді мағыналық өрістер арқылы кеңейіп, көпқабатты семантикалық құрылымға ие болады. М.Әуезов шығармаларында әке образы тек биологиялық туыстық шеңберінде ғана емес, белгілі бір тарихи кезеңнің әлеуметтік-мәдени болмысын танытатын тұлға ретінде сипатталады. Қаламгер әке бейнесін қоғамдық өзгерістер, ұлттық сана және адам тағдырымен тығыз байланыста бейнелей отырып, оның дәстүрлі әрі жаңаша қырларын қатар ашады. Әңгімелерде «әке» концептісі арқылы ұлттық мінез, салт-дәстүр, әлеуметтік жауапкершілік мәселелері көркемдік тұрғыда тереңдетіледі. Сонымен бірге әке тұлғасы кейде дәстүрлі билік иесі, кейде рухани дағдарысқа ұшыраған адам ретінде көрініс тауып, авторлық интерпретациядағы динамикалық сипатқа ие болады. Бұл ерекшеліктер «әке» концептісінің көпқабатты табиғатын айқындап, М.Әуезовтің көркемдік әлеміндегі адам мен қоғам мәселесін антропоэзектік тұрғыдан тереңірек тануға мүмкіндік береді.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақалада сипаттау, нарративті талдау, контекстуалды талдау, интерпретациялық талдау әдістері қолданылды. М.Әуезов шығармалары негізінде «әке» концептісін талдау нәтижесінде ұлттық дүниетанымда қалыптасқан түсініктерден бөлек, жаңа мағыналық қатарлар анықталды. Қаламгер шығармаларында талданған «әке» көркем образы «әке» концептісінің репрезентациясы ретінде көрініс беріп, XX ғасыр басындағы қазақ қоғамы жайлы, ондағы әлеуметтік-мәдени аспектілер анықталды. Зерттеу барысында нарративті талдау арқылы М.Әуезов шығармаларындағы «әке» концептісінің мағыналық-образдық, эмоционалды құрылымдары айқындалды. Контекстуалды талдау әдісі арқылы «әке» концептісінің әлеуметтік-мәдени аспектісі талданып, XX ғасыр басындағы қазақ отбасындағы «әке» образы жан-жақты қарастырылды. Интерпретациялық



әдіс нәтижесінде М.Әуезов әңгімелеріндегі «әке» концептісінің авторлық концепт ретінде анықталуы талданды.

Зерттеуші К.Садирова концепт ұғымының халық санасында қалыптасқан мәдени ұғымдарды айқындай түсетінін айқындайды [5, 132]. Осыған сәйкес «Әке» концептісі мәдениет пен ұлттық менталитеттің негізгі ұғымы ретінде анықталады. Туылғаннан бастап адамзат отбасылық, мәдени құндылықтарды терең түсініп, әке жайлы түсініктерін қалыптастырады. Әкенің отбасында үлкен құрметке болуы шаңырақтағы құрмет пен сыйластықтан, ұлттық тәрбиеден көрінеді. Осылайша «әке» концептісін арнайылап қарастыру ұлттық менталитетте қалыптасқан тәрбие жайын терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеуші Е.Сергеева көркем концепт жайын қарастыра келіп, олардың екіге бөлінетінін айтады: 1. Жалпы көркем концепт; 2. Авторлық концепт [6, 66]. Авторлық концепт белгілі бір авторға ғана тән, сонымен бірге автор тарапынан қолданысқа түскен арнайы лексемалармен анықталады. Авторлық концептті арнайы бөліп қарастыру ментальды түзілімді жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде белгілі бір автор мәтініндегі көркемдік жүйені терең түсінуге, көркемдік әлеміндегі концептілерге талдау жасауға болады. Зерттеуімізде «әке» концептісін авторлық концепт түсінігінде қарастыру М.Әуезов әңгімелеріндегі мәтінді терең түсінуге, ондағы қоғамдық, әлеуметтік аспектілерде талдауға мүмкіндік береді. Бұған себеп концептінің өзіндік мазмұндық құрылымға ие болуы болып отыр. «Әке» концептісін талдау нәтижесінде ұлттық менталитетте қалыптасқан түсініктер ғана емес, автор тарапынан анықталатын жаңа мағыналық, мазмұндық құрылымдар да көрініс табады.

М.Әуезов әңгімелерінде «әке» концептісін талдау барысында XX ғасыр басындағы қазақ халқының күйі, бейнесі айқын көрінеді. «Әке» образы қаламгер шығармаларында түрліше бейнеленген. Автор әңгімелерін талдай келе, әке образы қазақ қызының тағдырымен байланысты екенін көреміз. Қазақ қызының теңдігі, еркіндігі – әке образымен тікелей байланыста. Зерттеуші Ш.Ақтанова М.Әуезов шығармаларында қазақ әйелінің қоғамдағы орнын көрсетіп, теңдік мәселесін көтергенін айтады [7, 181]. Осылайша М.Әуезов шығармаларында «әке» концептісі әлеуметтік-мәдени мәнге ие болып, қазақ қоғамындағы елеулі тақырыпты көтереді. Авторлық концепт ретінде «әке» концептісі қаламгердің көркем әлемін, негізгі авторлық ұстанымдарын танытады. Жазушы үшін қазақ қоғамындағы елеулі мәселелердің бастауында «әке» образы тұр.

**Талқылау мен бақылау.** М.Әуезов шығармашылығын философиялық, дүниетанымдық негізде зерделеген А.Тайжан мынадай пікір білдіреді: «Әрбір ұлттың, мемлекеттің, қоғамның өмірінде ерекше орын алатын құбылыстар жинақталады және бұл құбылыстардың қоғамдық өмірдегі ұстанған тәртіптерді жүйелеудегі маңызы зор. Олар белгілі бір қоғамдық қатынастар жүйесінде қалыптасып, сол қатынастарды реттеуде шешуші рөл атқарады. «Дәстүр» деп аталатын қоғамдық өмірдің әр саласында кездесетін осы құбылыстар жиынтығы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады» [8, 77]. Осы себептен автор «әке» концептісін әлеуметтік-мәдени аспектіде танытып, ұлттық дәстүрмен тығыз байланыста суреттейді.

Зерттеуші А.Картаева М.Әуезовтің қаламгерлік шеберлігі жайында мынадай пікірін білдіреді: «М.Әуезов шығармаларына тән нәрсе – стильдің қайталанбауы, ондағы кейіпкерлердің зор сезімталдығымен, нанымдылығымен, психологиялық тереңдігімен ерекшеленіп тұратындығы» [9, 111]. Қаламгер шығармаларында әр кейіпкерін аса зор шеберлікпен сомдап, ішкі жай-күйін оқырман сол күйінде паш етеді. Кейіпкерлер әлемінің психологиялық жай-күйі, ішкі сезімі шығармада нақты әрі дәл бейнеленеді. Көркем шығармада бейне жасауда М.Әуезов жиынтық образдарды негізге алады.

Зерттеуші, ғалым З.Ахметов қаламгер М.Әуезов әңгімелерінің поэтикасын зерделей келе әр сөзге терең мағына жүктейтініне назар аударады. Автордың ерекшелігі ретінде мынадай пікір білдіреді: «Басты ерекшелігі – қалыптасқан дәстүрлі баяндау тәсілдерінің шеңберінде қалмайтын еркіндігі, творчестволық ізденістерге жол беретіні, әңгіме жанрында

тақырып таңдау, өмір шындығын әр жағынан қамту мүмкіндігі шексіз десек, оқиға желісін еркін өрістетуге, шығарманың композициялық құрылысын неғұрлым ұғымды, ширақ етіп келтіруге мүмкіндіктері де мол. Әңгіме жанрының ерекшелігі жағынан сан алуан түрлері болады да, мұның өзі әр қилы суреттеу тәсілдерін қолдануға да жағдай туғызады» [10, 377]. Автор ХХ ғасыр басындағы қоғамдық өмірінде болған өзгерістерді, неше түрлі мәселелерді ескі салт пен дәстүр арқылы, кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы бере білген. М.Әуезов әңгімелеріндегі «әке» концептісінің бейнелену ерекшеліктеріне тоқталсақ.

«Үйлену» әңгімесінде «әке» образы салт пен дәстүрді сақтаушы ретінде көрінеді. Жайлауға көшкен ел болмысынан, табиғат суретінен бастау алған әңгіме қазақ жерінде орын алған оқиға жайын шертеді. ХХ ғасыр басындағы қазақ арасындағы өзекті мәселелердің бірі – әйел теңдігі. Әйелдер де ерлермен бірдей оқып, жұмыс жасауы, өзіне тең адамға тұрмыс құруы – жаңа заманның жаңалықтары еді. Осы тұста әке мен қызы арасында қақтығыс туындап, әке тарапынан қызының тілегін ескермейтін сәттер бар. Бұл тұста әкелер тарапы салт пен дәстүрді алдыға шығарып, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүріне қарсы шығуды тәрбиесіздік, абыройсыздық деп түсінеді. Әңгімеге арқау болған оқиға өз теңіне қосылуды мұрат еткен Жәмиламен байланысты. Байбосынның әке ретіндегі тілегі қызын құтты орнына қондыру. Алайда Жәмила жаңа заманның талабына сай, өз теңіне қосылып, бақытты болуды тілейді. Әке мен бала арасындағы қақтығыс – әңгіменің негізгі арнасы. Қаладан келген Қасым мен Оспан диалогында: «Бұл Байбосынның қызын мен жаңада айттырғам ғой. Әке-шешелері қызын бермекке риза болып, бізден бірталай мал да алып қойып еді. Енді бұл уақытқа шейін ай қарап жүрді ме – білмеймін, қызы: «Қатын үстіне тимеймін, ырза емеспін, бостандықтың заманы, өзімнің көңілім сүйген кісіге тиемін! Оның жасы да үлкен»» [11, 70]. Қасым қаладан келген Оспанға тілегін жеткізіп, Жәмиланы көндіріп беруін сұрайды. Оспан болса былай деп жауап қайтарады: «Қанша бостандық дегенмен, қазақтың қазақшылығына лайықсыз жұмыстың орны жоқ қой» [11, 70].

Жәмиланың әкесі қызымен қанша сөйлесе де қалыңы төленіп қойған Қасымға қосыла алмайды. Ақырында Қасымға кісі салып, он бес күн уақыт беруін сұрайды. Автор «әке» концептісін шығармада нақты ашып көрсетпесе де, оның әрекетін жалпы түрде береді. Әке тарапынан қызын көндіруге ұлттық салт пен дәстүрді сақтауды көздейді. Десе де шығармада авторлық ұстаным қазақ қызының теңдік алуын әке мен қызының қатынасын қарсы қоюдан көрінеді. Анығында бұрынғы салт пен дәстүрді «дұрыс» деп білетін Байбосын образы мен әйелдің теңдігі, еркіндігі маңызды саналатын жаңа заман өкілі Жәмила образы қазақ даласындағы бұрынғы заман мен жаңа заманның қақтығысын бейнелейді. Қазақы мінезге салып, қызының қарсылығына қарамастан атастырылған күйеуіне қосуы әкенің бұрынғы салт пен дәстүрді қатаң сақтап, жаңа заман талаптарын тіптен қолдамайтынын көрсетеді. Әңгіменің соңында Жәмиланың тілегі орындалып, өз теңіне қосылуы қазақ әдебиетіндегі «жеңімпаз» әйелдің болмысын бейнелейді. Аталған шығармада М.Әуезов әйел теңдігінің жеңіске жетуін көрсетеді. Дегенмен туындыда әке мен қызы арасындағы қақтығыс айқын көрінбесе де, әкенің қалауы қызының ата салтымен атастырылған күйеуіне қосылуы еді.

«Кім кінәлі?» әңгімесінде «әке» концептісінің репрезентациясы Ысмайыл образында көрініс тапқан. Автор Ысмайылды былай суреттейді: «Бұл уақытта Ысмайыл қатын-баласының аузын аштырмай ұрсып, естіген сөзіне шыдай алмай қапаланып тысқа шығып, ауылдың бет алдындағы кішкене төбенің басында жалғыз өзі отырған. Күн батып, қас қарайып келе жатқандағы жым-жырт тартқан табиғат өзінің ауыр салқын түсімен қайғы-қападан қажыған кәрі көңілдің күйіне ілескендей болды. Ысмайылдың дөң басындағы ойы – ішінен шыққан Ғазизаның көз жасына жібіген емес. Қайта соның «бала» деген атынан бездіретін, әкелік жүрегін тас қылып мұздатқан суық, қатал ой» [11, 99]. Шығарма жайлауға жаға көшкен ауыл тұрмысын, табиғат сурет бейнелеуден басталады. Құдық басына ауыл жайын сөз етуге Ысмайылдың келмеуі көпті алаңдатады. Оқиганың мәнісін түсінген Бейсембай ақсақалдарға білгенін айтады. Сөйтсе, Ысмайылдың жиынға келмеуі бойжеткен қызы Ғазизамен байланысты. Жақын аралықта Ғазизаның атастырып қойған күйеуі келмек

болады. Алайда қызы Ғазиза күйеуге шықпайтынын айтқанда Ысмайыл ашуланады. Ғазизаның бұл әрекетін ата-баба дәстүрін бұзып, әкесін абыройынан жүрдай ету деп түсінеді. Көркем шығармада «әке» концептісі монолог арқылы көрініс табады: «Жаратқан! Сенен мен бала сұрағанда, басыма кесел қылып бер деп сұрап па едім? Тырнақтай ақылы жоқ, жын-шайтанның жетегіне ерген есуас қызға ата-бабаның аруағын сындыртып, адамшылық абыройымды жойғызайын дедің бе?» [11, 100]. «Әке» концептісінің диалог арқылы былайша көрініс береді: «- Қатын, менен бір көресіні көрмейін десең, қызыңды тыйып ал! Қызды адам сияқты өсіре алмасың бар, несіне таптың? Осының оңбай жүргені сенің асырауыңнан. Тәлімің, құрғыр, көргенсіз, сенің тәлімің ғой осыған жеткізіп отырған! – деді» [11, 102]. Бұған бәйбішесі былай деп жауап береді: «Жаратқаны бар болғыр, не қыл дейді маған! Кімнің қызынан кем қылып өсірдім Ғазизаны? Жаманшылықтың бетін балама көрсеттім бе екен? Кімнің баласы менің баламдай болып өскен екен? Маған келіп ұрынғаны несі?! «Әке» деген атың бар емес пе, айт өзің ақылыңды! Мен білгенімді аяп жүр деймісің? – деп жыламсырай бастады» [11, 103]. Ысмайылдың Қалиманмен диалогында анықталған мәселе – Ғазизаның атастырылған күйеуінің кемдігі. Бәйбішесі өлген кәрі күйеуге тимеймін деген Ғазизаның тілегі әкенің шымбайына батады. Уәдесінде тұра алмай, қызын бермесе жұрт алдындағы абырой-беделіне нұқсан келеді. Осыған ойлаған Ысмайыл қалай да қызын көндіріп, атастырылып, уәделі қалың малын алып қойған күйеуге беруді көздейді. Әкенің бұлайша қыз тілегін ескермей, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрді сақтауының бір ғана себебі – жұрт алдындағы беделі. Әкенің қаттылығы қызын өлімге қию емес, керісінше бақыт тілеуден туындап еді. Алайда қызының тілегін ескермей, қаттылыққа баруы бір жағынан XX ғасыр басындағы ұлттық дәстүрдің қатаң сақталуын көрсетеді. Бұл жөнінде зерттеуші А.Тайжановтың мынадай пікірі бар: «Әрине, әрбір халықтың әдет-ғұрпы, өзіне тән дәстүрі оның сол бір кезеңдегі тарихи жағдайында қоғамдық мүддесіне лайық, заман талабына сай пайда болып отырған» [8, 50]. Автор «әке» концептісіне жаңа мағына беріп, «әке» образын салт пен дәстүрді сақтаушы қызметінде қолданады. Жаңа заман талаптарына қарамастан, Ысмайыл ертеден келе жатқан салтты соңына дейін сақтауға бекінеді. Осы негізде «әке» концептісінің авторлық концепт ретіндегі қызметі «ұлттық дәстүрді сақтаушы» деп танылады.

«Сөніп-жану» әңгімесінде «әке» концептісінің репрезентациясы Мақыш ақсақалдың образында көрініс береді. Шығармада «әке» концептісінің мағыналық қатары толық түседі. Мақыш ақсақал оң мен солын таныған, халық қамын ойлайтын тұлға ретінде көрінеді. Әңгіме үш салт аттының ауылға өз еліне оралғанын суреттеуден басталады. Шығармада 1916 жылғы ел жағдайы аталып өтеді. Мақыш ақсақал үшін баласы азамат болып, оқығандар қатарында танылуы – үлкен мақтаныш. Мақыш ақсақал ел жайын сөз етуі диалог арқылы берілген: «- Бұл апаттан басы аман қалған кім бар дейсіз? Қалың қазақ баласы қан жылағандай болып тұр ғой. Бұл күнді құдай өзі жөндемесе, қазақтың елдігі кетті ғой. Кімге сеніп, кімге сүйенері де белгісіз. Бұрын бұндай ауыртпалықтың кезінде басшылық етеді деп үміт қылатыны – оқыған азаматтар болушы еді. Бірақ ел байғұсқа кісі жаға ма? Осы күнде кейбіреулер: оқығандар «қарсылық көрсетпе» деп, кісіміздің бәрін тізгізіп беріп отыр. Ешбір көмегі тиген жоқ. Басшылық етем деп елді бөке басты қылды. Оқығанның тілін алмаған өзге ел әлі күнге жігіт бермей отыр. Үміт қылып жүрген оқығанымыздан не басшылық көрдік?» [11, 130]. Мақыш ақсақалдың образы арқылы «әке» концептісінің мағыналық қатарында ел қамын ойлайтын дана образы танылады. Ел ішінде болып жатқан оқиғалардан хабардар болып, елдік мәселелеріне бейжай қарамайтын Мақыш ақсақал бейнесі «әке» концептісінің мағыналық-образдық құрылымын күрделендіре түседі. Автор тарапынан Мақыш ақсақалды «әке» концептісінде беру арқылы авторлық ұстаным айқын көрінеді. Өйткені «әке» концептісі отбасындағы «әке» рөлімен шектелмейді, бүтіндей ауылға қамқор болған ақсақал бейнесі арқылы да «әкенің» көркем образы беріледі. «Әкенің» отбасындағы қызметі әр отбасы мүшесіне қамқорлық танытып, қорғау. Автор тарапынан алып қарағанда «әкенің» концепт ретіндегі жаңа мағыналық қатары - «әкенің» елдің мәселелеріне бейжай қарамай, бүтін ауылға қамқорлық таныту болып отыр.

Әңгімеге арқау болған тарихи оқиға арқылы қазақ жеріндегі елдік пен теңдік мәселелері де қарастырылады. 1916 жылы жарияланған «Патша жарлығы» қазақ даласына отаршылдық биліктің әбден орнығуын көрсетті. Майданның қара жұмысына қазақ жігіттерін алу патшалық биліктің қазақ даласында отарлық саясатының күшеюін көрсетті. Сол кезеңдердегі қазақ зиялыларының әр түрлі пікірді ұстануы да шығармада аталып өтеді. Дана, кемеңгер Мақыш ақсақал оқиғаның барлығын сараптап, елдің ертеңіне алаңдайды. Бұлай алаңдауы да орынды. Өйткені «оқыған», «сауатты» деген тұлғалардың пікірлері екіге жарылып, нақты шешім шығару қиын болды. Ел ішінде болып жатқан оқиғалардан қалыс қалмай, елмен бірге бола білген Мақыш ақсақал образы «әке» концептісінің репрезентациясы ретінде жаңа мағыналық реңкке ие болды.

**Нәтижелер.** Қазақ әдебиетінде М.Әуезовтің әкелген соны жаңалықтарының бірі – кейіпкерлер әлемінің шынайылығы. Әрбір кейіпкер – жазушының өз ортасының, қоғамдық ойлауының жемісі. Қаламгердің әңгімелеріндегі Байбосын, Ысмайыл, Мақыш образдарының «әке» концептісі аясында талдануы қазақ қоғамындағы көзқарастарды айқындауға мүмкіндік береді. «Әке» концептісі авторлық концепт ретінде бірнеше қызметтерді атқарады.

«Әке» көркем образы – ұлттық мәдениетті сақтаушы. «Үйлену» әңгімесіндегі Байбосын, «Кім кінәлі» әңгімесіндегі Ысмайыл қыздарын ұлттық салт пен дәстүрге сай ұзатуды ойлайды. Олар күйеу жігіттен қалың малын алып, атастырып қояды. Алайда қызының тілегіне құлақ аспай, өздері тең деп көрген адамға қосуға ниеттенеді. Байбосын да, Ысмайыл қазақтың ұлттық менталитетін, салтын сақтауға тырысады. Олар үшін жұрт алдындағы абырой мен бедел, сый мен құрмет, уәде де тұра білу қасиеттері тән. Авторлық ұстаным екі шығармада түрліше көрініс береді. Байбосын «әке» ретінде қызының шешімін әңгіме соңында қабылдаса, Ысмайыл соңына дейін қарсылық көрсетеді. Сонымен бірге Байбосын мен Ысмайыл образдары «әке» концептісінің репрезентациясы ретінде көрініс береді. Осының нәтижесінде әке мен бала қақтығысы анықталады. Екі шығармада әке мен қызы арасындағы қақтығыс ескі заман мен жаңа заманның қарсылығын көрсетеді. Байбосын мен Жәмила, Ысмайыл мен Ғазиза арасындағы орын алған қақтығыс «оқыған адамдарды» сынаудан көрінеді. Ескілік көлеңкесіндегі «әкелер» үшін жаңа заман адамдарының ұлттық дәстүрді сақтамайтын, оқығандардың әдет пен ғұрыпты сыйламайтын «оқығандар» деп санайды. Олар үшін атастырылған қыз әке шешіміне қарсы шықпай, ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың ұлттық дәстүрін қатаң сақтауы тиіс.

«Әке» көркем образы – елдіктің тұтқасы. «Сөніп-жану» әңгімесінде дана, кемеңгер Мақыш ақсақалдың образы берілген. Әке ретінде жалғыз баласын оқытып, азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен Мақыш рөлі зор. Қазақ жерінде орын алған оқиғаларға бейжай қарамай, елдік мәселесін көтерген Мақыш «әке» концептісінің мағыналық-образдық құрылымын қалыптастырды. Көркем мәтінде «әке» концептісін талдау жазушының көркемдік әлемін зерттеу тәсілдерінің бірі ретінде көрінеді. Бұл жөнінде зерттеуші З.Попова атап өтеді. Оның айтуынша жазушының көркемдік әлемінде концептінің қолданылуы тілдік бірліктер мен образдар арқылы көрініс табады [12, 60]. Зерттеуші М.Морараш көркем мәтіндегі концепті зерттеудің қиын екенін айтады. Көркем мәтін автордың шығармашылық қиялының нәтижесі болғандықтан концептіні зерттеу қиындай түседі [13, 63]. Зерттеуде қарастырылып отырған «әке» концептісі ұлттық ерекшеліктермен бірге, автордың әлемді қабылдауын, негізгі ұстанымдарын көрсетеді. Жазушының көркемдік әлемінде «әке» концептісі салт пен дәстүр, әдет пен ғұрып түсініктерімен байланысты анықталады.

«Әке» көркем образы – әлеуметтік-мәдени мазмұн құрылымы. XX ғасыр басында қазақ даласында орын алған өзгерістер халқымыздың қоғамдық өміріне әсер етпей қоймады. Жаңа заман талаптары әйел теңдігі, еркіндігі сынды мәселелерді алып келді. Осыған сәйкес мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан «атастыру», «қалыңмал беру» сынды ұлттық дәстүрлер жаңа заман кезеңінде мәнінен айырыла бастады. Зерттеуші М.Әуезовтің «Философия жайында» деген мақаласын арқау ете отырып, қазақ даласын етене жайлаған



дін жайлы мынадай пікірін келтіреді: «Қысқасы, дін әлгіндегідей дүмше, «ескі молданың» кесірінен осындай қоғам дамуына кедергі келтіретін құбылысқа айналып қалғанын, елді, жұртты оятуға қам жасаған «жаңа оқуды харам», «жаңа мұғалімді кәпір», жын-шайтан деп қарайтынына ашына сөгеді... Сондай-ақ ескі қазақ қоғамындағы әйелдердің сорлы тағдырына, малмен айырмасы жоқ бейшаралығына налиды. Туған елінің «тіршілік жұмысының барлығында дін байланыстығына» ашынады» [14, 349]. Осы негізде автор «әке» образы арқылы қазақ әйелінің жайын аңғартады. Қазақ жеріндегі әйелдің дінге, салт пен дәстүрге, ата-ананың шешіміне тәуелді екенін бейнелі жеткізеді. Қоғамдық қатынастардың өзгеруі әке мен бала қақтығысына негізделіп, ең алдымен әйелдердің тұрмыс жағдайын, қоғамдағы рөлін өзгертуге бағытталды.

«Үйлену» әңгімесінде автор «әке» концептісін жағымды сипатта көрсетсе, «Кім кінәлі?» шығармасында жағымсыз сипатта көрінеді. Ысмайыл образының жағымсыз сипатта көрінуі «әке» концептісінің эмоционалды құрылымын көрсетеді. Ысмайыл образы «әке» концептісінің репрезентациясы ретінде эмоциялды құрылым ретінде танылады. Жәмиланың өз теңіне қосылуына әке тарапынан айтарлықтай қарсылық айқын көрінбейді. Ал «Кім кінәлі» шығармасында Ысмайыл образы арқылы әкенің қызының шешіміне қарсылығы нақты көрініс табады. Ысмайыл бейнесі ХХ ғасыр басындағы әкелер образының жиынтық бейнесі ретінде көрінеді. Орыс әдебиетінде көбіне әке мен ұл бала қақтығысына негізделсе, қазақ әдебиетінде әке мен қызы қақтығысында беріледі. Бұған себеп ХХ ғасырда көтерілген әйелдердің теңдігі болып отыр. Автор қоғамдық өзгерісті анық байқап, шығарманың негізгі арқауы ретінде қолданады. «Әке» концептісін қарастыруда әке мен қызы қақтығысын атап өтуіміз автордың шығармашылық әлеміндегі негізгі мәселені айқындаумен байланыстырамыз. Автор зерттеу мақалаларында қазақ даласындағы әйелдердің теңдігін қамтамасыз ету керектігін дәлелді жеткізеді. Осыған сәйкес әңгімелерінде де «әке» тақырыбы кейіпкерлер арасындағы қақтығысқа негізделгенін көреміз.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижесінде қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны бар, реалистік жазудың шебері М.Әуезов туындыларындағы «әке» концептісі талданды. Мақалада қолданыс тапқан сипаттау, интерпретациялық талдау, контекстуалды талдау, нарративті талдау әдістері негізінде «әке» концептісі авторлық концепт ұғымы аясында талданып, авторлық ұстаным айқындалды. Қаламгер қоғамдық өзгерістерді, мәдени құрылымдарды терең түсіне білді. Қазақ жеріндегі орын алған өзгерістердің түп тамырын айқын түсініп, шығармаларына өзек ретінде қолданды.

Мақалада «әке» концептісінің образдар арқылы сомдалуы, диалогтер негізінде берілуі талданды. Зерттеу нысаны ретінде алынған «Үйлену», «Кім кінәлі?», «Сөніп-жану» әңгімелеріндегі «әке» концептісінің репрезентациясы Байбосын, Ысмайыл, Мақыш образдарында көрініс тапты. Авторлық ұстаным негізінде әр «әке» көркем образ ретінде шығармада бейнеленіп, ұлттық салт пен дәстүрдің сақтаушысы, елдіктің символы ретінде көрініс тапты.

Зерттеу мақаланың негізгі мақсаты анықталып, М.Әуезов әңгімелеріндегі «әке» концептісінің авторлық концепт ретінде берілу жолдары айқындалды. Атап айтар болсақ, авторлық концепт ретінде талдау барысында авторлық ұстаным талданып отырды. «Әке» образының әлеуметтік-мәдени аспектісі әке мен қызы арасындағы қақтығыстар негізінде қарастырылды. Қазақ қоғамындағы қоғамдық-мәдени өзгерістер шығарманың негізгі ретінде көрініс берді. Мақаланың негізгі міндеттері М.Әуезов әңгімелеріндегі «әке» концептісінің автор тарапынан сомдалу жолдары анықталды. Бұл кезде автордың қоғамдық өзгерістерді әңгімелерінде тиімді қолдана білетіні кейіпкерлер образдарынан айқындалды. Авторлық концепт ретіндегі қызметі ұлттық дәстүрді сақтау, елдікті құрметтеуден көрінеді. Әке концептісінің әлеуметтік-мәдени аспектісін эмоционалды, мағыналық-образдық құрылымдар негізінде талқылау нәтижесінде Байбосын, Ысмайыл, Мақыш образдарының ерекшеліктері ажыратылды.

Зерттеу нәтижесінде «әке» концептісінің қазақ халқының қоғамдық өмірімен тығыз байланысты екені анықталды. «Әке» концептісінің мағыналық-образдық құрылымында

ұлттық салт пен дәстүрді сақтаушы, елдік пен теңдік мәселелеріне бейжай қарамайтын тұлға бейнесі Байбосын, Ысмайыл, Мақыш бейнелері талданды. Нәтижесінде әке мен қызы арасындағы қақтығыс жаңа заман құндылықтары мен ескілік кезең заңдарының қақтығыстарын көрсетіп, негізгі идеялық бағдар «әке» концептісінің отбасы және бүтіндей ауыл, ел қамқоршысы болуынан көрінеді. Қорытындылайтын болсақ, «әке» концептісін зерделеу М. Әуезов шығармаларындағы жаңа идеялық бағдарды, кең мазмұндық қатарларды анықтауға мүмкіндік береді. Талдау барысында «әке» көркемдік образы «әке» концептісінің репрезентациясы деп анықталды. Зерттеу келешегі «әке» концептісін көркем әдебиетте дискурс аясында зерттеумен байланысты. Осыған сәйкес зерттеу мақаланы қолдану мүмкіндіктері теориялық және практикалық аспектіде маңыздылығынан көрінеді.

### Әдебиеттер

1. Аскольдов-Алексеев С.А. Концепт и слово / Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – М.: Academia, 1997. – 268 с.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск: ТетраСистемс, 2004. – 35 с.
3. Кушанова А., Кушкимбаева А. М. Әуезов прозасындағы авторлық концептосфераның бейнелену ерекшеліктері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – № 147(2). – Б. 108–116. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-108-116>
4. Kenzhebekova G., Smanov B., Tutinova N., Soylemez O., Tulekova G. Religious Worldview in the Works of Auezov // International Journal of Literary Humanities, 2024, Vol 22, Issue 1. – 35 p.
5. Sadirova K.K., Abdirova Sh., Kultanbayeva N., Yermekbayeva G., Saduakas N., Zhazykova R. Delving into the Concepts of “Authority” and “Politics”: An→Associative Word Analysis in Kazakh, Russian, and English // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – Т. 11. – №. 3. – P. 130-145.
6. Сергеева Е. В. Концепт-универсалия и художественный концепт: проблема классификации // Сибирский филологический журнал. – 2006. – №1-2. – С. 63-69.
7. Aktanova Sh., Aktanova A., Amangazykyzy M. Gender issues in the transmission of the artistic image of women in the works of M. Auezov and E. Hemingway // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. – 2023. – №1. – P. 179-190
8. Тайжанов А. Мұхтар Әуезов дүниетанымы. – Алматы: Отан, 2017. – 387 б.
9. Картаева А. Абай мен Мұхтар Әуезов: Рухани сабақтастық пен көркемдік тұтастық: Монография. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2010. – 380 б.
10. Ахметов З. Мұхтар Әуезов әңгімелерінің поэтикасы // Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Том 3. – Алматы: Ғылым, 1997. – Б. 377- 383.
11. Әуезов М. Таңдамалы шығармалары. Бес томдық. Том 3. Әңгімелер, очерктер, күнделіктер мен жолжазбалар. – Алматы: Brand Book, 2022. – 608 б.
12. Попова З.Д., Стернин И.А. Язык и национальное сознание // Вопросы теории и методологии. – Воронеж: ВГУ, 2003. – 60 с.
13. Морараш М.М. Системная организация «воднойстихии» в романе В.Набокова «Машенька»: к проблеме когнитивного контекста // Вопросы когнитивной лингвистики. – 2016. – №4. – С. 60–67.
14. Мәсімханұлы Д. Қазақ және қытай әдебиеттері: Ұлттық дәстүр мен жаңашылдық. (М. Әуезов және Лу Шүн шығармалары негізінде). Монография. – Павлодар: Brand Print, 2010. – 475 б.

Ж.К. ТОЛЕУКОНЫР

Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан

## СЕМАНТИЧЕСКАЯ СТРУКТУРА И СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ АСПЕКТ КОНЦЕПТА «ОТЕЦ» (ПО МОТИВАМ ПРОИЗВЕДЕНИЙ М. АУЭЗОВА)

**Аннотация.** В статье анализируется концепт «отец» в творчестве М. Ауэзова. Анализ концепта «отец» в художественном тексте позволяет выявить проявления авторской позиции. В исследовании всесторонне изучено понятие концепции в произведении искусства. Цель статьи – выявить авторское определение и социокультурный аспект концепта «отец» в рассказах М. Ауэзова. Основные направления исследований определяются концепциями литературоведения и концептами. Научно-практическая значимость статьи отражена в определении понятия «отец» как авторского понятия и его анализе на материале произведений М. Ауэзова. В исследовании использовались методы описательного, нарративного, контекстуального и интерпретационного анализа. По результатам исследования, анализируя рассказы М. Ауэзова, было определено, что образ «отца» является репрезентацией концепта «отец». При этом подача художественного образа «отца» через диалог, воплощение его через композиционные образы связаны с подачей концепта «отец» в рамках авторской позиции. Художественные концепции подразделяются на общехудожественные и авторские. Авторская концепция — это результат художественного мира писателя. Соответственно, концепт «отец» играет в творчестве М. Ауэзова различные роли, определяя его социокультурный аспект.

Ценность статьи заключается в анализе образа «отца», который лежит в основе значимых проблем казахстанского общества. Конфликты отца и сына, изображенные в произведениях М. Ауэзова, являются отражением конфликта старого и нового. Практическая значимость статьи определяется анализом концепта «отец» как авторского концепта в художественном произведении.

**Ключевые слова:** авторская концепция, художественная концепция, художественный образ, авторская позиция, художественная система.

ZH.K. TOLEUKONYR

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ, Semey, Kazakhstan

## THE SEMANTIC STRUCTURE AND SOCIO-CULTURAL ASPECT OF THE CONCEPT OF «FATHER» (BASED ON THE WORKS OF M. AUEZOV)

**Annotation.** The article analyzes the concept of «father» in the works of M. Auezov. The analysis of the concept of «father» in the fiction text allows us to identify manifestations of the author's position. The study comprehensively examines the concept of concept in a work of art. The purpose of the article is to identify the author's definition and socio-cultural aspect of the concept of «father» in the stories of M. Auezov. The main areas of research are determined by the concepts of literary criticism and concepts. The scientific and practical significance of the article is reflected in the definition of the concept of «father» as an author's concept and its analysis based on the works of M. Auezov. The study used the methods of descriptive, narrative, contextual and interpretative analysis. According to the results of the study, analyzing the stories of M. Auezov, it was determined that the image of «father» is a representation of the concept of «father». At the same time, the presentation of the artistic image of «father» through dialogue, its embodiment through compositional images are associated with the presentation of the concept of «father» within the framework of the author's position. Artistic concepts are divided into general artistic and author's. The author's concept is the result of the writer's artistic world. Accordingly, the concept of «father» plays various roles in the works of M. Auezov, defining its socio-cultural aspect.

The value of the article lies in the analysis of the image of «father», which underlies significant problems of Kazakhstani society. The conflicts of father and son depicted in the works of M. Auezov are a reflection of the conflict of the old and the new. The practical significance of the article is determined by the analysis of the concept of «father» as an author's concept in a work of art.

**Keywords:** author's concept, artistic concept, artistic image, author's position, artistic system.

## References

1. Asköldov-Alekseev S.A. Konsept i slovo / Ruskaia slovesnost. Ot teorii slovesnosti k strukture teksta. Antologia. – M.: Academia, 1997. – 268 s.
2. Maslova V.A. Kognitivnaia lingvistika. – Minsk: TetraSistems, 2004. – 35 s.
3. Kuşanova A., Kuşimbaeva A. M. Äuezov prozasındaғы avtorlyq konseptosferanyñ beinelenu erekselikteri // L.N. Gumilev atındaғы Eurazia ülttyq universitetiniñ Habarşysy. Filologia seriasy. – №147(2). – B. 108–116. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-108-116>
4. Kenzhebekova G., Smanov B., Tutinova N., Soylemez O., Tulekova G. Religious Worldview in the Works of Auezov // International Journal of Literary Humanities, 2024, Vol 22, Issue 1. – 35 p.
5. Sadirova K.K., Abdirova Sh., Kultanbayeva N., Yermekbayeva G., Saduakas N., Zhazykova R. Delving into the Concepts of “Authority” and “Politics”: An→Associative Word Analysis in Kazakh, Russian, and English // International Journal of Society, Culture & Language. – 2023. – T. 11. – №3. – P. 130-145.
6. Sergeeva E.V. Konsept-universalia i hudojestvennyi konsept: problema klasifikasii // Sibirski filologicheski jurnal. – 2006. – №1-2. – S. 63-69.
7. Aktanova Sh., Aktanova A., Amangazykyzy M. Gender issues in the transmission of the artistic image of women in the works of M. Auezov and E. Hemingway // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. №1. 2023. – P. 179-190
8. Taijanov A. Mühtar Äuezov dünietyany. – Almaty: Otan, 2017. – 387 b.
9. Kartaeva A. Abai men Mühtar Äuezov: Ruhani sabaqtastyq pen körkemdik tütastyq: Monografia. – Almaty: Qazaq un-tı, 2010. – 380 b.
10. Ahmetov Z. Mühtar Äuezov äñgimeleriniñ poetikasy // Äuezov M. Şyğarmalarynyñ elu tomdyq tolyq jınaғы. Tom 3. – Almaty: Čylym, 1997. – B. 377- 383.
11. Äuezov M. Tañdamaly şyğarmalary. Bes tomdyq. Tom 3. Äñgimeler, ocherkter, kündelikter men joljazzbalar. – Almaty: Brand Book, 2022. – 608 b.
12. Popova Z.D., Sternin İ.A. İazyk i nasyonälnoe soznanie // Voprosy teorii i metodologii. – Voronej: VGU, 2003. – 60 s.
13. Moraraş M.M. Sistemnaia organizasia «vodnoistihii» v romane V.Nabokova «Maşenka»: k probleme kognitivnogo konteksta // Voprosy kognitivnoi lingvistiki. 2016. №4. – S. 60–67.
14. Mäsımhanūly D. Qazaq jäne qytai ädebietteri: Ülttyq дәstür men jañaşyldyq. (M. Äuezov jäne Lu Şün şyğarmalary negizinde). Monografia. – Pavlodar: Brand Print, 2010. – 475 b.

## Автор туралы мәлімет:

**Төлеуқоңыр Жадыра Қунанбайқызы** – «Alikhan Bokeikhan University» ББМ докторанты, Семей, Қазақстан

**Төлеуқоңыр Жадыра Қунанбаевна** – докторант Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан

**Toleukonyr Zhadura Kunanbaevna** – doctoral student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan



FTAMP 17.07.25

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-4.15>

\*А.О. АБДЫРОВА<sup>1</sup> 

Р.Р. ЖАЕВА<sup>2</sup> 

берді. Әдеби деректерді кешенді қарастыру зерттеу нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз етті. Түркілік өркениет мәселелерін зерттеген отандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдары зерттеудің теориялық негізін құрады. Әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеу нысанын жан-жақты талдауға жағдай жасады. Зерттеу барысында тарихи, мәдени және әдеби факторлардың өзара байланысы ескерілді. Әдістемелік кешен көне түркі мәтіндерінің идеялық-көркемдік табиғатын терең ашуға бағытталды. Қолданылған әдістер зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері әдебиеттанулық тұрғыда негізделген ғылыми қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Осылайша, әдістемелік ұстанымдар зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттыра түсті.

**Талқылау мен бақылау.** Көне замандардан келе жатқан наным-сенім, әдет-ғұрып, салт-дәстірлер ұлттардың ерекшеліктерін, басқа халықтардан айырмашылықтарын сақтап тұру үшін, тіптен мемлекеттіліктің негізі өзегі ретінде қастер тұтатұғын асыл қазына, мәдени мұра екеніне күман келтірмеуіміз керек.

Көне жазбалары нұсқасында «Күнге мадақ» жырында:

Біз тұлпарлары қанатты,  
Мәңгілік жарыққа,  
Күнге сиынамыз.  
Күн жарық шашқанда,  
Күн жылу шашқанда  
Жүз мыңдағандар  
Құдыретті сезінеді,  
Содан соң Мазданың  
Сыйлаған Жерінде  
Жарық-нұр салтанаты үшін,  
Ақиқат салтанаты үшін  
Бақытын табады әркім,  
Бақыт сыйлайды әркім [3, 12].

Мәңгілік жарық – символдық бейне. Күн адамзатқа мәңгі жарық сыйлаушы жұлдыз. Бірақ күнді де бұлт басып, түн болатын кездер болады. Бұл – жаратылыстың заңдылығы, табиғаттың бұлжымас серті. Жоғарыдағы «Күнге мадақ» жыры былайша жалғасады:

Кімде-кім Күнге,  
Тұлпарлары қанатты,  
Мәңгілік жарыққа сиынса,  
Қаратүнектен туған  
Жын атауларды жасқап,  
Қаратүнекпен күреспек болса,  
Ұрылармен күреспек болса,  
Мыстандармен күреспек болса,  
Қатерден және ұмытылудан  
Сақтанғысы келсе –  
Өзінің Жан рухы,  
Әулие және мәңгі өлмейтін  
Жерде әрі көкте  
Тәңірінің көңілін табады,  
Кімде-кім Күнге,  
Тұлпарлары қанатты,  
Мәңгілік жарыққа сиынса [3, 13].

Пенде әрқашан өзіне сүйеніп, қолдау іздейді. Қарадан бастап ел басқарып отырған бектер де тылсым күшке, сиқырға сенеді. Осы сенім де адамзатты адастырмай тура жол сілтеп келе жатқаны рас. Ата-бабаларымыз тәңірге сиынған, бүгінгі түркі тілдес халықтардың көбі ислам дінін қабылдап, хақтың жолы деп сенеді. Түркі тектес халықтардың

бір бұтағы бүгінгі қазақ халқы да исламды қабылдап, бір Аллаға сиынып, Мұхамбет ғ.с. үмбеті екеніне шек келтірмейді. Дейтұрғанмен көне түркілік дәуірден сақталған жөн-жоралғылар ислам дінін заңдылығымен интеграцияланып, біртұтас ұғым мен танымға айналған.

Бүгінгі таңда күнге сиынау болмағанымен туған айға бата беру дәстүрі әлі күнге дейін сақталған. Отқа табынушылықтың қалдығы аластау, жана туған сәбиге күйе жағу да сонау көне замандардан қалған салт-жоралғылар.

Бақыт үшін сиынамын,  
Жалбарынамын және де  
Тұлпарлары қанатты  
Мәңгі жасайтын Күнге,  
Тұлпарлары қанатты  
Мәңгі жасайтын Жарыққа,  
Сиымды арнаймын  
Хаом шырынынан,  
Барсман шыбығынан,  
Сезім шұғыласынан,  
Әрі ойыммен, әрі ісіммен,  
Әрі ақиқат сөзіммен  
Мен күнге құрмет көрсетем.  
Жаратқан Жалғыз Иеміздей,  
Жаратқан Жалғыз Иеміздей,  
Мәңгі жасаушы, Жарық сыйлаушы, тұлпарлары  
қанатты Күнге табынамыз әрі мадақтаймыз,  
қуат пен күш берсін оған.

«Ақиқат сыйдан артық...» [3, 14].

«Мәңгілік жарық», «Мәңгілік күн» ұғымын бүгінгі таным түсінік тұрғысынан пайымдасақ. Яғни жарық – ол жақсылықтың, ақтың, кіршіксіз тазалықтың символы. Елдігіміздің жарқын болашағы жолында тек тазалықты ұран деп түсінетін болсақ, мәңгілік жарық – Мәңгілік Елдің кепілі.

Мәңгілік деген сөзге бірнеше сөздер тіркесіп келіп үлкен ұғымдар береді. Жоғарыда «Мәңгілік жарық» тіркесін шамамыз келгенше пайымдауға тырыстық. Ендігі кезекті «Мәңгілік бейне» тіркесін саралап көрелік.

Әдебиетте бейне (образ) термині көркем шығарманың өзегі десек қаталеспейміз. Жазушы бейне жасауда детальдарға жүгінетінін біз әдебиет теориясынан білеміз. Бұл жөнінде академик З. Қабдолов «Әдебиеттегі деталь – суреткердің шабытты еңбегінің нәтижесі, аса сирек ұшырасатын сәтті табысы. Мұнда азғана сөз айқын суретке айналады да, шалқар шындықты танытады, көл көсір мағынаға ие болады, сол арқылы оқырманды қызық сезімге бөлеп, қызықтыра жетелеп әкетеді» [3, 86]. Образ жасауда детальды көне түркі әдебиеті нұсқаларында ұтымды қолданған. Жауды ойсырата жеңгендегі, олардың батырының мүшкіл халін суреттеудегі «Таңғұттарға қарсы күрес жырлары» жазбасында бейнелі суреттеледі.

Мысалы:

Қаласам, жауды шабар ем,  
Әскерін қойдай қамар ем,  
Қылышын басын қағар ем,  
Жалынып бірақ бас ұрды.  
Зәресін алып айбыным,  
Құрбан қып мүлкін байлығың,  
Жау шекті зарын қайғының,  
«Жанымды қи!» деп шошдыды-ай.  
Аяғыма келіп жығылды,



Сұрады жалғыз ғұмырды,  
Ұяттан өліп бүгілді.  
Тоқтатты мені осылай  
Қайғыға жауды батырдым,  
Кешірдім ісін жат ұлдың,  
Ұятыңды жу деп ақырдым,  
Шешті өзі сонда теңдерін [3, 34].

Бұл үзіндіден көріп отырғанымыздай, түркілердің батырлары, жауларының «әскерін қойдай қамар ем» деуінде де бейбітшілікті сүйетін халық екеніне көз жеткіземіз.

Орыстың көрнекті түркітанушы ғалымы И.В. Стеблеваның «Развитие тюркских поэтических форм в XI веке» деген ғылыми зерттеу еңбегінде жоғарыдағы көркем аударманың орыс тіліндегі түпнұсқадан аударманың төмендегідей береді. Бұл жерде де жеңілген батырдың бейнесін суреттеудегі көркем әдістерді көре аламыз.

Если бы я пожелал, я бы /его еще/ преследовал,  
захватил бы /и/ рассеял его войско,  
взял бы /его/ в плен /и/ рассек его голову, /но/  
он собрал для меня весь выкуп.  
Он хотел продать свой дом /и/ постройки.  
Отдав выкуп, он хотел заслужить милость.  
Он хотел остаться в живых.  
/Так/ родился для него день горя.  
Он послал мужей (воинов), /и/ они преклонили /передо  
мною/ колени,  
свои головы /и/ шеи они склонили.  
Устыдившись, они согнулись.  
Он сказал: « Не преследуй, не уничтожай» – /и тем/  
связал (удержал) /меня/.  
Отпустив, я освободил /его/,  
я заставил /его/ принести имущество для выкупа.  
Я велел прикрыть позор (?) /его/ мужей (воинов).  
Весь свой груз он сам увязал [5, 247].

Осындай детальдар арқылы бейне жасалады. Бұндай бейнелер «Мәңгілік бейне» болуы әбден мүмкін. Біз нысанаға алып отырған көне түркі жазба ескерткіштеріндегі батырлар мен бектердің бейнелері осы мәңгілік бейненің шарттарына келеді. Әдебиеттанушы ғалым М. Базарбаев мәңгілік бейнеге төмендегідей анықтама береді, «Мәңгілік бейнелер бір заманда, қоғамдық ортада қалыптасқан мінез-ерекшелігі бар, сонымен бірге бойынан жалпы адамзатқа тән сипат-қасиеттер де айқын танылатын типтік тұлға дәрежесіне көтерілген әдеби бейнелер. Олар адамгершілік пен әділетсіздік, махаббат, зұлымдық, қызғаныш секілді жағымды және жағымсыз мінез, іс-әрекеттер арасындағы қайшылықты, тартысты көрсетеді. Ғасырдан ғасыр ауысып, заман өзгерсе де, мұндай бейнелер өзінің танымдық, тәрбиелік мәнін жоғалтпайды. Және бір халықтың әдебиеті көлемінде қалмай, дүние жүзі мәдениетінде танымал бейнелер болады» [6, 233]. Анықтамада көріп отырғанымыздай, мұндай бейнелер бір халықтың болмысында ғана қалмай, барша адамзаттың құндылығына айналады. Адамзатқа қандай тұрғыдан әсер ететіні әр халықтың таным-түсінігі мен болмыс-бітіміне байланысты әртүрлі деңгейде әсер етуі мүмкін. Мәңгілік бейнелер, аты атап тұрғандай, қанша ұрпақ ауысса да идеал тұлға ретінде, не барша адамзат санасында зұлымдығымен есте сақталып қалған тұлғалар.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі кейіпкерлер қиялдан туған образдар болмағанымен, әсіресе көркемдеу, әсіресе бояулар көпкездеспегенімен, кейіпкерлерді танытуда, олардың ерлігін жазуда жасаған бейнелерінің мәңгілігінің құпиясы шынайылығында. Бүгінгі бейне жасау қағидаттарына сай келмесе де, оқырманды ойға қалдыратын жасампаз қаһармандардың бейнесін көру қиындық туғызбайды.

Көне түркі әдебиетінде де ұрпаққа мәңгі қалдырған «Мәңгі су» мотиві «Атамыз, бабамыз ұстаған жер-су иесіз болмасын деп...» (Тоныкөк жазбасы) басқа да әпсана, аңыздарда кездесетіні рас.

Мәңгілік су – әбілхаят – мәңгі өмір дарытатын қасиетті су. Мұндағы әб – су, хаят – өмір деген мағынаны білдіреді. Оны Қызыр пайғамбар тапқан, ол суды ішкендіктен, мәңгі өмір сүреді деген әпсана бар. Осылай кие дарыған Қызыр пайғамбар елсіз шөл далада қиындыққа душар болған жолаушыны желеп-жебеп жүреді. Әсіресе байырғы өлең жырларда Қызыр мен Ілияс аталардың аты қатар аталады. Әдетте Қызыр-Ілияс деп қатар қолданылғанымен, Қызыр құрлықта, Ілияс теңіз сапарында жүрген жолаушыларды қолдап, жебеп жүреді деген сенім бар. Сондай-ақ ел арасында мынандай әпсана бар: Ескендір патша тірі суды іздейді. Оған перілер көмектесіп, аңсаған арманы орындалады. Патша өмір суын ішпес бұрын ойға кетеді. «Егер мұны ішсем, мың жасайды екенмін, болашақта мені не күтіп тұрғаны да бұлдыр, одан да құдайдың өзі берген жасын жасап, өлшеулі күнін кешейін деп бас тартады да, қасиетті су толтырылған торсықты балқарағайдың бұтағына іле салады. Сол торсықты қарға шоқып, тесіп жібереді. Содан қарға мен әлгі балқарағай ағашы мың жасайтын болған екен деседі. Бұл мифтің тағы бір нұсқасында Ескендір патша тірі суды торсыққа құйып әкеле жатып, қарағайдың түбінде демалып жатқанда құзғын шоқып, тесіп жібереді де, киелі су қарағайға, аршаға төгілгендіктен ол ағаштар жап-жасыл болып, мәңгі жасайтын болады. Судың жердегі қалдығын түлкі жалап, жүні ағарғанша, тұмсығы тиіп құзғын да ұзақ жасайтын болғандығы айтылады. Жалпы түркі-моңғол халықтары, соның ішінде қазақтар мәңгі суды Тәңірдің сыйы, адам жанын мәңгілік жасарту үшін жасалған шипалы су деп ұғады. Мәңгі су ұғымымен мәндес зәмзәм (Меккеде), кәусар (Жұмақта) деп аталатын қасиетті сулар бар [7, 305].

Жаратылыстың негізі өзегі судан екенін биология ғылымы арқылы баршамызға аян. Тіршіліктің қайнар көзі, шығу тегі – су. Бүгінгі ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек су болған жерде тіршілік пайда болады деген тұжырым жасалғанына да біраз уақыт болды. Марс планетасында судың бары анықталғаннан бері болашақта Марсқа көшетіндер болады деген болжамдар да жиі айтылып жүр. Бұл – әдебиеттің еңшісіндегі дүние емес, дейтұрғанмен қоғамның рухани жетілуіне барлық ғылым салсының үлесі зор.

Мәңгі су, мәңгілік өмір бастауы бір-бірімен тығыз байланысты. Мәңгі су, мәңгілік өмір туралы аңыз-әңгімелер біршама көп. Ескендір Зұлқарнайынның өлмес суды іздеуі туралы әпсана-хикаялардың бірнеше нұсқалары бар:

1. «Ескендір патша өзінің Қызыр және Ілияс деген жолдастарын ертіп, өлмес суды іздеп, Зұлматқа барады, бірақ ол суды алға қарай озып кеткен, Қызыр мен Ілияс тауып ішеді де, соңынан Ескендір келіп жеткенде, өлмес су ғайып боп кетеді немесе ол суды қарғалар ішіп қояды. Сөйтіп Ескендір патша «өлімге дауа болатын суды» іше алмай қалады [8, 163].

2. «Ескендір өлмес суды тапса да, іше алмайды, себебі, су біресе өзі ғайып боп кетеді, біресе қарғалар ішіп қояды, енді бірде судың өзі патшаның тамағынан жүрмей қояды. Осының бәрін көрген Ескендір: «Алла тағала маған өлмес суды бұйыртпаған екен!» деп Құдайдың шешіміне, өлімге мойынсұнады. Сондай-ақ өзінен бұрын өлмес суды ішіп, енді өле алмай қор болып жүрген адамды көріп, Ескендір патша дереу өзінің райынан қайтып, өлмес суды ішуден бас тартады [8,164].

3. Ескендір барлық ғалымдарын жинап алып, дүниеде көп жасауға ойланып, «Өмірдің ұзақ болуына не шара бар?» деп сұрақ қояды. Сонда ғалымның біреуі тұрып: «Қап тауының аржағында, қараңғылықта Ғайыпхият бұлағы бар, содан су ішкен адам қияметке дейін өлмейді» дейді. Оған басшыны Қытай елінен іздеу керек болған. Қытайлықтар Ескендірге Қызыр деген адамды басшы етіп береді. Туар малдың ең көргіші қысырақ бие дегенді естіген соң Ескендір жиырма мың бие тапқызып, әскерлеріне мінгізеді. Қызырға қараңғылықта жарық қылатын бір жауһар тас беріп, оны ілгері жібереді. Артынан Ескендір тауды өрлеп, жоғарылай береді. Алдынан қиямет күні жел жіберетін Исрафил періште жолығады. Ескендір одан мәңгілік суын сұрайды. Ол тобықтай ғана бір тас береді. Ол тас адамның көз сүйегі болып шығады. Оның сырын патшаға қасындағы Қызыр түсіндіреді.

«Бұл – көз сүйегі. Адам тірлікте ешнәрсеге тоймайды, өлген күні бір уыс топырақтан қанағат табады», – деп жауап береді Қызыр [8, 165].

Академик С.Қасқабасов Ескендір Зұлқарнайынның өлмес су іздеуіндегі фольклорлық ерекшеліктер, діни наным-сенімнің әсері туралы талдай келе Қорқыттың өлімнен қашқаны сынды сюжеттермен салыстырмалы герменевтикалық тұрғыдан зерделейді. Өлмес су іздеген Ескендір мен мәңгілік өмірді іздеген Қорқыт өз заманың жасампаз қаһармандары. Осы сынды «мәңгі тас» деген ұғым үлкен мәнге ие. Әсіресе көне түркілік кезең тарихын бағамдау үшін тасқа қашап жазған жазулар мен белгілердің мәні зор. Түркілердің жүріп өткен тағылымды ғұмырларынан ақпар беретін – мәңгі тастар. Қазақта «тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» осы мақалда айтылған түйіннен мынандай қорытынды шығаруымызға болады. Тастың қаттылығын дәлелдеуді қажет етпейді. Ал тілдің қаттылығы тастан да өткір екені рас. Осы екі қатты заттың бірігуінен тұтас бір халықтың тарихы мен руханияты бүгінгі заманға жетіп отыр. Тасқа жазған жазу туралы филолог ғалым М. Жолдасбеков «Тарихтың беті сан өзгеріске ұшырады. Жылдар жылжып, ғасырлар алмасып жатты. Жер жаңарып, қоңыс өзгеріп жатты. Бірақ Орхон өзенінің бойындағы қас батырдың ерлігіндей тәкаппар, сұсты, маңғаз тас ескерткіш он екі ғасырдан аттап, өз заманының шындығын, қайғы-қасіретін, амал-әрекетін арқалап, сол күйінде бұзылмай, бүлінбей бүгінгі күнге аман жетті» [9, 30]. Тасқа қашап жазылған жырларда да «мәңгі тас» деген тіркес кездеседі. Жалпы адамзат баласының жаратылысынан мәңгілікке, жақсылыққа, күштілікке, ізгілікке құштар болары шындық. Жер бетіндегі халықтардың елдігін сақтау, оны тәуелді емес, тәуелсіз ел болуына ықпал жасау қарапайым тұрғыннан бастап ел басындағы барлық басшылардың арман-тілегі, мақсат-мұраты. Мәңгі тасқа жазылған жырлар да осыны мақсат тұтқан.

Тоныкөк жырында «Мәңгі тас» туралы былайша әңгімеленеді: «Бұл қағаныңнан, бұл бектеріңнен, жеріңнен, суыңнан айрылмасың, түрік халқы, өзің жақсылық көргейсің, сен! Ынтымақты болғайсың сен, мұңсыз болғайсың сен! – деп тіледім. Кейін табғач қағаннан шебер келтірттім. Менің сөзімді сындырмады (бұзбады). Орда шеберін жіберді. Ақыр (мүсін) тасын, барқын тұрғыздырттым. Ішініе, тысына сурет өрнек салдырттым. Тас тоқыттым, көңілдегі сөзімді бастырдым. Он-иелік әулетіне, кірмеңе дейін бұны көріп біліңдер! Мәңгі тас орнаттым. [киелі] жерге қойдырдым. Жаздым. Бұны көріп, бұдан біліңдер. Ол тас барқын» [3, 185].

Ал Күлтегін жырында «Мәңгі тас тоқыттым. Бұл киелі жер еді. Қазір де киелі жер. Осындай киелі жерге тас тоқыттым, жаздырдым. Бұны көріңдер, осылайша біліңдер. Ол тасты тоқыттым. Бұл жазуды жазған – Иолғ-тегін. Күлтегіннің алтынын, күмісін, ақығын, дүние-мүлкін, төрт мың жылқысын, ірі қарасын қағанның айтуы бойынша Тұйғындар таратты. Тасқа жаздым. Иолғ-тегін біз жаздық» [3, 176]. Аталған мәңгілік сөзімен тіркесіп келетін тіркестердің негізінде Мәңгілік Ел идеясының өміршеңдігін, оның бос қиялдан тумағандығына көз жеткіземіз. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана тұрғысынан бұл идеяның жаңғыруы заңдылық.

Ш.Уәлиханов «От әулие (киелі) болып саналады. Отқа түкіруге, ошақты басуға болмайды. Жаңа түскен келін [күйеуінің] әкесінің үйіне кіріп, сәлем жасап, «аруақ разы болсын» деп тағзым етеді, отқа бір қасық май құюы керек. Жас келін сәлем еткенде «аруақ разы болсын» деп, тізе бүгіп, еңкейіп, маңдайын еденге тигізеді. Отқа тамызған май жанып, жатқанда, жас келіннің енесі немесе әйелдерінің бірі алақанын отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды. Үлкен үйдің отының құрметіне деп, қалыңдық атасының иығына шапан жабады, отағасы жас келінді: «Иін қандырып илеген терідей мінезің жұмсақ болсын қарағым» деп бата беріп, тулаққа, қой терісіне отырғызады. Жан беру (ант) беру үшін екі жерден от жағып, адам сол екі оттың арасынан өтіп, кісі өлтірген мылтықтың ұңғысын сүюі тиіс» [10, 180]. Көріп отырғанымыздай, отқа қасиетті, киелі дүние деп қарау көне замандардан келе жатыр.

«Мәңгі алау» мотиві оттың құдыретіне сенгеннен қалған таным деп түсінеміз. Бұл – шамандық дәуірлерден бүгінгі күнге дейін жеткен әдет-ғұрып. Соғыста шейіт болған

кісілерге арнап қойылған ескерткіштердің алдында тұратын мәңгілік алаудың да мән-мағынасында елі үшін қаза болған батырлардың ерлігін мәңгілік жадымызда сақтау мақсатын көздейді.

Отпен емдеу, отпен аластау, күйе жағу да көне замандардан осы күнге дейінгі қазақтың салт-санасында сақталып қалған. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі қазақ халқының өмір жолында отқа қатысты түсініктер көп. Тіпті қайтыс болған кісі жатқан бөлмеге қырық күнге дейін шырақ жағу, қазіргі таңда электр шамын жағып қою жоралғысы күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов «Адам өлгенде аруағына арнап, қырық күнге дейін, әр күн бір шырақтан жағады немесе төрт күн шырақ жағады. Шырақты босағаның [оң жағына] жағады, себебі өлген кісінің аруаға қырық күнге дейін үйге келіп, балалардың жай-күйін біліп жүреді. Сол үшін күн батып, шырақ жағылғанша, іңірде есікті ашып, тостағанға қымыз құйып, босағаға ақ киіз төсейді, осылай өлген адамның аруағын күтеді. Үйдегілер өлген адамға Құран оқып, тостағанға қымыз қойып шырақ жағады» [10, 181]. Көне таным-түсінік пен салт-дәстүрлер замана ағымына ілесіп, негізгі мазмұнының өзгертпей осы күнге жетуінің өзі ғажап, таңқаларлық дүние. Арада ондаған ғасырларда жерімізге ислам діні келді, одан кейінгі дәуірлерде өзге елге бодан болды, қайта түлеп егеменді ел болдық осындай толып жатқан тарихи кезеңде ұмыт болып қалмай, дәстүрлі діни сеніммен біте қайнасып жаһандану дәуіріне дейін жетті. Демек түркілердің мәңгілікке құштарлығының артында жақсылық пен ізгілік, имандылық пен парасаттылықта жатыр деп тұжырымдаймыз.

**Нәтижелер.** Көне түркі әдебиетіндегі мәңгілікке бағытталған мотивтер жүйесі мағыналық тереңдігін байқатады. Әдебиеттану ғылымындағы уақыт пен кеңістік тұрғысынан алып қарасақ, өмір сүріп жатқан кеңістігіміз өзгермеді, ал заман, таным, түсінік өзгерген. Қазақта «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген мақал бар. Озығы – осы күнге дейін жеткен елдігіміздің белгісі, нақты айғағы деп айтуға толық құқылымыз. Өзегі үзілмей келе жатқан ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, дәстүр сабақтастығы арқылы әдемі үйлесімділік пен үндестікте дамып келе жатқан мәңгілік асыл құндылықтар бар. Ұлттық құндылықтарымыз жалпыадамзаттың игілігіне жарап жатыр десек артық айтқандық емес. Осы ретте «Мәңгілік Ел» сөзінің утопистік ой емес екенін түсінуіміз қажет [11].

Көне түркі әдебиетіндегі мәңгілікке бағытталған мотивтер жүйесі шығармалардың мағыналық тереңдігін айқындайды. Бұл мотивтер халықтың дүниетанымы мен тарихи сана-сезімін бейнелейді. Әдебиеттану ғылымында уақыт пен кеңістік категориялары мәтіннің көркемдік құрылымын түсінуде маңызды рөл атқарады. Көне түркі мәтіндерінде өмір сүрген кеңістік өзгермегенімен, заманауи таным мен түсінік әр кезеңде әрқалай дамып отырды. Қазақ халқында «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген нақыл сөздің маңызы зор. Озығы – ғасырлар бойы сақталып, бүгінге жеткен мәдени және рухани мұра болып табылады. Бұл құндылықтар халықтың рухани тірегін, ұлттық бірегейлігін көрсетеді. Мәңгілік идеясы өзегі үзілмей, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан сабақтастық арқылы сақталып келеді. Ұрпаққа мирас болып жеткен дәстүрлер үйлесімділік пен үндестікті қамтиды. Бұл құндылықтар мәдениет пен әдебиеттің негізін қалыптастырады. Қазақтың ұлттық мәдениеті мен рухани тәжірибесі осы сабақтастық арқылы дамып отыр. Мәңгілік идеясы әдеби мәтінде образдар мен символдар арқылы көрініс табады. «Мәңгілік Ел» концептісі тарихи, мәдени және философиялық мәнге ие. Ол тек утопиялық ой емес, нақты өмірлік идеал ретінде қарастырылады. Бұл ұғым халықтың бірлігі мен тәуелсіздігіне деген үмітін білдіреді. Көне түркі мәтіндерінде тәңірлік мотивтер мен мәңгілік идеялар бір-бірімен сабақтасып, тарихи сананы нығайтады. Ұлттық құндылықтар жалпыадамзаттық игілікке қызмет ететіндей маңызды рөл атқарады. Мәңгілік мотивтерді талдау арқылы әдебиеттанушы халықтың рухани және мәдени даму заңдылықтарын көре алады. Бұл зерттеу көне түркі әдебиетінің философиялық және эстетикалық қырларын ашуға мүмкіндік береді. Осылайша, көне түркі жазба мұраларындағы мәңгілік мотивтер жүйесі ұлттық сананың, мәдени сабақтастықтың және әдеби көркемдік құрылымның маңызды көрсеткіші болып саналады.



**Қорытынды.** Мақалада «Мәңгілік бейне»; «Мәңгілік су»; «Мәңгілік өмір»; «Мәңгілік алау»; «Мәңгілік Ел»; «Мәңгілік тас»; «Мәңгілік жарық» осы сынды мәңгілік сөзіне тіркесіп келетін ұғымдар талдадық. Түркі жазба ескерткіштеріндегі мәңгілікке деген құштарлықтың әрдайым негізгі ұғымдар қатарында келуі, түркілердің ізгілікке деген, жақсылыққа деген құштарлығынан болу керек деп тұжырымдасақ болады. Мақалада талданған тұрақты мотивтерден ұққанымыз адам баласының бойындағы мәңгілікке деген құштарлықтың басымдығы, я болмаса жаратушыны тануға деген болмыстан туған деп ұғынуымызға болады. Көне түркілерден сақталып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу басты міндет, қанға сіңген қасиет болып қала беру керек.

Түркі жазба ескерткіштерінде мәңгілікке деген құштарлық негізгі ұғымдардың қатарында орын алған. Мұның себебі – түркілердің ізгілікке, әділдік пен жақсылыққа деген ұмтылысы болып табылады. Тұрақты мотивтер арқылы адам баласының мәңгілікке деген құштарлығы мен рухани ізденісі көрініс табады. Көне түркілерде бұл құштарлық көбіне жаратушыны тану мен қасиеттілікке бағытталған. Мотивтер халықтың дүниетанымын, рухани мәдениетін және әлеуметтік құндылықтарын бейнелейді. Әдеби мәтіндерде қайталанатын мотивтер композициялық тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Мәңгілік идеясы халықтың тарихи санасы мен ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Көне түркі мұраларында бұл мотивтер қоғамдағы тәртіп пен моральдық нормалардың бекітілуіне ықпал етті. Талданған мотивтер арқылы ұрпаққа сабақтастық пен мәдени құндылықтарды жеткізу жолдары айқындала түседі. Мәңгілік мотивтер ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Салт-дәстүрлерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу тарихи тәжірибені жалғастыруға мүмкіндік береді. Бұл үрдіс халықтың рухани және мәдени дамуын қамтамасыз етеді. Көне түркі мәтіндеріндегі мотивтер адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы өзара байланыстарды бейнелейді. Мәңгілік идеясы көркем мәтіннің көркемдік қуатын күшейтеді. Осы мотивтер арқылы әдебиет тек көркемдік қана емес, тәрбиелік және философиялық мәнге ие болады. Ұрпаққа рухани және мәдени сабақтастықты жеткізу – басты міндет болып саналады. Бұл құндылықтар халықтың тарихи жадын сақтауға, ұлттық мәдениетті нығайтуға қызмет етеді. Қорыта айтқанда, көне түркі әдебиетіндегі мәңгілік мотивтер ұлттық сана мен рухани құндылықтардың айнасы ретінде қарастырылуы тиіс. Осылайша, салт-дәстүрді сақтау және ұрпаққа жеткізу мәңгілік идеяны өмірлік мұратқа айналдырады.

### Әдебиеттер

- 1 Пропп В.Я. Поэтика фольклора: собрание тр. – М., 1998. – 351 с.
- 2 Alimbayev A., Daurenbekova L., Kemenger K., Imanberdiyeva S., Bashirov N. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities Vol. 12, № 4, 2020. 1-11 DOI: 10.21659/rupkatha.v12n4.29
- 3 Әдеби жәдігерлер: 20 т. / құраст. Ш. Ахметұлы, А. Әлібекұлы және т.б. – Алматы: «Таймас» баспай үйі, 2007. – Т. 1. – 504 б.
- 4 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 5 Стеблева И.В. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. – М.: Наука, 1971. – 285 с.
- 6 Әдебиеттану: терминдер сөздігі / құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбай. – Семей; Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 398 б.
- 7 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия / құраст. Н. Әлімбаев. – Алматы: 2011. – Т. 21. – 738 б.
- 8 Қасқабасов С. Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2011. – Т. 1. – 568 б.
- 9 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Астана: Күлтегін, 2012. – Т. 1. – 521 б.
- 10 Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Бас. 2-ші. – Алматы: Толағай групп, 2010. – Т. 1. – 376 б.
- 11 Қасқабасов С. Томирис - «Мәңгілік ел» идеясының символы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы, 126(1), 69–76. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-69-76>

А.Е.АЛИМБАЕВ

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

### «ВОСПЕВАНИЕ МОТИВА «ВЕЧНОСТИ» В ДРЕВНЕТЮРКСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ»

**Аннотация.** Проблема сохранения национальной идентичности через мотив вечности, восходящий к древним верованиям, является одной из актуальных тем в сфере общественных наук. В статье анализируется сочетаемость слова «мәңгілік» («вечный, вечность») в древних письменных памятниках с такими словами, как «образ», «вода», «жизнь», «огонь», «народ», «камень», «свет», на основе чего раскрываются сущность народа, его мировоззрение и жизненные принципы. В качестве теоретической основы использованы концептуальные положения исследований древнетюркской литературы, представленные в трудах Алтая Аманжолова, Немата Келімбетова, Ғұбайдолы Айдарова, Құлмата Өмірәлиева, Рабиғи Сыздық, Мырзатай Жолдасбекова, Алмы Қыраубаевой и других ученых. Посредством анализа проблемы «вечного образа» в литературе рассматриваются предпосылки принципов добродетели и основной смысловой стержень общечеловеческих ценностей.

**Ключевые слова:** мотив, деталь, древнетюркский, традиция, свет.

A.E. Alimbayev

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### THE REPRESENTATION OF THE MOTIF OF "ETERNITY" IN ANCIENT TURKIC WRITTEN MONUMENTS

**Abstract.** It is a fact that human beings achieve success by believing in mysterious forces and the miraculous. At the same time, by nature, humans are drawn to goodness, virtue, and beauty. However, the negative, opposing side of both virtue and beauty also exists alongside them. Eternal power, boundless wealth, greed, and other negative concepts naturally remain in the shadow of virtue. Therefore, the issue of preserving national identity through the motif of eternity, rooted in beliefs and traditions dating back to ancient times, is one of the relevant topics in the field of social sciences. The paper analyzes the occurrences of the word "мәңгілік" ("eternity") in ancient written monuments in combination with words such as "image," "water," "life," "flame," "people," "stone," and "light," examining the essence of our people, their worldview, and life principles. The study is based on the conceptual ideas of scholars such as Altai Amanzholov, Nemat Kelimbetov, Gubaydolla Aidarov, Kulmat Omiraliyev, Rabiga Syzdyk, Myrzatay Zholdasbekov, Alma Kyraubayeva, and others in the field of ancient Turkic literature research. Through the analysis of the issue of the "Eternal Image" in literature, the article addresses the prerequisites of the principles of virtue and the fundamental core of universal human values.

**Key words:** motif, detail, ancient Turkic, tradition, light.

### References

- 1 Propp V.İa. Poetika fōlklora: sobranie tr. – M., 1998. – 351 s.
- 2 Alimbayev A., Daurenbekova L., Kemenger K., Imanberdiyeva S., Bashirov N. The Idea of Eternal Country in the First Epic Poems of the Turkic People // Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities Vol. 12, № 4, 2020. 1-11 DOI: 10.21659/rupkatha.v12n4.29
- 3 Ädäbi jädıgerler: 20 t. / qūrast. Ş. Ahmetūly, A. Älibekūly jäne t.b. – Almaty: «Taimas» baspai üii, 2007. – T. 1. – 504 b.
- 4 Qabdolov Z. Söz öneri. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992. – 352 b.
- 5 Stebleva İ.V. Razvitie türkskih poeticheskikh form v HI veke. – M.: Nauka, 1971. – 285 s.

- 6 Ädebiettanu: terminder sözdığı / qūrast. Z. Ahmetov, T. Şañbai. – Semei; Novosibirsk: Taler-Pres, 2006. – 398 b.
- 7 Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürli jüiesi: ensiklopedia / qūrast. N. Älimbai. – Almaty: 2011. – T. 21. – 738 b.
- 8 Qasqabasov S. Şyğarmalary. – Astana: Foliant, 2011. – T. 1. – 568 b.
- 9 Joldasbekov M. Asyl arnalar. – Astana: Kültegin, 2012. – T. 1. – 521 b.
- 10 Uälihanov Ş.Ş. Köp tomdyq şyğarmalar jinağy. – Bas. 2-şı. – Almaty: Tolağai grupp, 2010. – T. 1. – 376 b.
- 11 Qasqabasov S. Tomiris - «Mäñgılık el» ideiasynyñ simvoly. L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetiniñ Habarşysy. FİLOLOGİA seriasy, 126(1), 69–76. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-126-1-69-76>

#### **Автор туралы мәлімет:**

**Алимбаев Аслан Есемканович** – философия докторы (PhD), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан,

**Алимбаев Аслан Есемканович** – доктор философии (PhD), старший преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**Alimbayev Aslan Yesemkhanovich** – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Н.Қ. БӘШІРОВ** 

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы,  
Астана, Қазақстан  
(e-mail: [nurbolbashirov@gmail.com](mailto:nurbolbashirov@gmail.com))

## **БАЙБАТЫР ЕРЖАНҰЛЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ АҒARTУШЫЛЫҚ ҰСТАНЫМ**

**Аңдатпа.** Мақала XX ғасыр басында өмір сүрген алаштың зиялы тұлғасы Байбатыр Ержанұлының публицистикалық мақалаларындағы ағартушылық ұстаным мәселесіне арналған. Еліміздегі саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты және тарихи кезеңнің ерекшелігіне сай қазақ зиялы қауымы халқының сауатты, білімді болып алдыңғы қатарлы даму деңгейіне түсуін қалады. Сондықтан да ақын мұрасын насихаттау маңызды деп саналады.

Мақаланың мақсаты – Байбатыр Ержанұлының әдеби және қоғамдық қызметін талдау арқылы оның ұлттық сана мен рухани жаңғыру жолындағы идеялық-шығармашылық ұстанымдарын анықтау. Публицистикалық мақалаларындағы ағартушылық ұстанымдегенде жалпы ақынның әдеби мұрасымен публицистикалық еңбектері арқылы оның ұлттық идеяны насихаттаудағы рөлін анықтау және Алаш дәуіріндегі әдеби үдеріспен сабақтастығын саралау мақсат етілді.

Бұл мақсатқа жету үшін ақынның жарық көрген кітаптары, мақалалар жинақтары, сондай-ақ мұрағаттардағы қолжазбалары мен хаттары жинақталып, жан-жақты талдау жүргізілді. Байбатыр Ержанұлы сынды еңбегі елеулі, алайда есімі көмескіленген тұлғалардың мұрасын ғылыми айналымға енгізу – зерттеу жұмысының басты міндеттерінің бірі.

Зерттеу жүргізу кезінде салыстыра отырып талдау, түсінік бере отырып шығармалардың құндылығы мен көркемдігін зерделеу әдістері қолданылды. Сонымен бірге тарихи кезеңдегі халықтың рухани санасын оятуға үн қосқан М. Дулатұлы мен Ө. Арығнидің шығармаларымен салыстырып, рухани үндестігін айқындау да зерттеудің маңызды бөлігі болып саналады.

**Түйін сөздер:** әдеби мұра, ұлттық идея, алаш әдебиеті, рухани сабақтастық, әдебиет тарихылығы, көркемдік таным.

**Кіріспе.** XX ғасырдың соңғы ширегінде еліміздің егемендік алуымен бірге ұлт тарихындағы ақтаңдақ беттер қайта қаралып, халық мүддесі үшін құрбан болған қаламгерлер мен қоғам қайраткерлерінің есімдері жаңғыртыла бастады. Бұл үдеріс, әсіресе, кеңестік кезеңде шығармашылық еркіндігі шектеліп, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғаларға қатысты зерттеулердің өзектілігін арттыра түсті. Тарихи құжаттардың ашылуы және архивтік материалдардың қолжетімділігі – ұзақ жылдар бойы ғылыми айналымнан тыс қалған, өзіндік шығармашылық бағыты мен ұстанымы жүйелі түрде зерттелмеген қаламгерлердің шығармашылық мұрасын қайта зерделеуге мүмкіндік берді. Байбатыр Ержанұлы шығармашылығын да нақтылы осы кезден бастап қайта саралап, талдап, халыққа ұсыну мүмкіндігі туды. Ол – халықты ағартуға елеулі үлес қосқан, шығармашылықпен айналысқан әрі Алаш идеясын қолдағанымен, әдебиет пен тарих кеңістігінде тиісті бағасын ала алмаған қайраткер.

XX ғасырдың басы қазақ халқы үшін ояну, өзін тани отырып, жаңа заманға кірігу ғасыры болды. Қазақ халқының зиялы тұлғаларының қатарында Байбатыр Ержанұлы да



елдің рухани мәдениетін көтеріп, оқу-білімді насихаттады, ағартушылық бағытта қызмет етті. Алаш әдебиеті тарихы мен оның идеялық-эстетикалық арнасының ақын Байбатыр Ержанұлының шығармашылығымен тығыз сабақтас екені анық. Алаш кезеңіндегі қазақ әдебиетіндегі қоғамдық ой-сана жаңғыруының көрінісі ретінде Байбатыр Ержанұлының әдеби мұрасы ұлттық руханият қазынасының ажырамас бөлігі деуге болады. Оның дүниетанымдық және шығармашылық қалыптасуына қазақтың ұлы ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлы шығармаларының елеулі әсер еткені байқалады. Себебі Абай философиясындағы халықты оқуға шақыру арқылы рухани және әлеуметтік деңгейін көтеруге болады деген ұстанымды Байбатыр Ержанұлы шығармаларынан да көреміз. Бүгінгі күні ақын мұрасын ғылыми тұрғыдан зерделеу арқылы оның поэзиясы мен публицистикасының тұтастай ұлтты еркіндікке шақырып, ел мен жер тағдырына арналатындығы айқындалып отыр. Ақын туындыларынан қазақ халқының ұлт ретінде жетілуіне деген терең сенім мен оның болашағы жарқын болады деген идея айқын көрініс табады. Байбатыр Ержанұлы өз шығармаларында тек рухани жетілуді насихаттап қана қоймай, тарихи шындықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді өзінің шығармашылық мұраты етіп ұстанды.

Кез келген ұлттың тарихи болмысы мен рухани кеңістігі оның әдебиеті арқылы айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиет пен тарих өзара байланысты, егіз ұғымдар ретінде қарастырылады. Байбатыр Ержанұлы шығармаларының да туу тарихы қазақ халқы басынан өткерген тарихи-әлеуметтік сынақтармен тікелей байланысты. Ақын поэзиясы – отаршылдық езгі мен ұлттық құндылықтардың аяққа тапталуы секілді қайшылықты кезеңдердің шындығын бейнелеп, санасы ұйқыдағы халықты оятуға бағытталған рухани үндеу іспетті. XX ғасыр басында халқының рухани оянуына зор үлес қосқан алаш зиялылары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев сияқты Байбатыр Ержанұлы да өз шығармалары арқылы заман жыршысына айналды. М.Дулатұлы «Оян, Қазақ!» десе, Байбатыр Ержанұлы «Тұр, Қазақ!» деп ұран тастады. Сондықтан да ақынның артында қалған мол мұраны бүгінгі және болашақ ұрпаққа жеткізу зерттеудің басты және негізгі бағыты болмақ. Ақынның публицистикалық мақалаларындағы халықтың сана-сезімін оятуға, білім алуға бағыттауға құрылған ойларын саралау да маңызды зерттеу болып саналады. XX ғасыр басында елдегі саяси хал-ахуалды халыққа қарапайым да, түсінікті етіп жеткізу сол кездегі публицистердің басты мақсаттары болғаны анық.

Ақын, қоғам қайраткері Байбатыр Ержанұлы «Тұр, қазақ!» жинағының алғысөзінде: «Мен өзімнің кішкентай ғана ілімімнің негізінде қызғалдақтай қуарып жатқан қазақ жастарын заманды босқа өткізбеуге, бейшара халден арылуға шақырамын. Қазіргі таршылық кезеңде жері мен суынан айырылуға даяр тұрған халықтың малы үшін барлығына баратындығы жанымды күйзелтеді. Мұның барлығы білімсіздік пен өнерге деген немқұрайлылық...» [1, 11], – деп өз күйзелісінің басты себебін атап көрсетеді. Ол осы сөзінде еліне «қарлығаштың қанатымен су тамызғандай» еңбегі болса да үлес қосқысы келетінін айтады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысын жазу барысында ақын шығармалары мен алаш әдебиеті өкілдерінің туындыларын бір жерге біріктіруде жинақтау тәсілі, талдау, түйіндеу, жіктеу, зерттеу және жүйелеу әдістері қолданылды. Жинақтау тәсілі арқылы ақын шығармаларын әртүрлі дереккөздерден жинап, жүйеге келтіріп, мазмұны бойынша реттеу жұмыстары жүргізілді.

Байбатыр Ержанұлының шығармаларына әдеби талдау жасап, олардың өз заманына сай тақырыбы мен идеясын, көркемдігін анықтауда әдеби талдау тәсілі қолданылса, олардың ерекшеліктерін саралап, түйінді тұжырым жасауда түйіндеу әдісі пайдаланылды.

Публицистикалық шығармаларын әдеби-теориялық талдау жасау әдісімен талдай отырып, қаламгердің жеке стильдік ерекшелігін анықтап, жүйелеу әдісі арқылы оларды көтерген мәселесіне қарай жіктеп берілді.

XX ғасырдың басындағы әдебиет толқынына кірген ақындардың барлығы дерлік қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге араласты. Елімізде

екі тарапқа бөлініп, қызмет еткен ақындар мен жазушылардың барлығының да басты мүдделері елдің өркендеуі болатын. Бірақ Алаш партиясын қолдаған қайраткерлер мен большевиктер партиясын жақтағандар арасында тартыс болғаны ақиқат. Бүгінгі күні алаш партиясын қолдағандар дұрыс бағытта болған екен деген ұстаныммен оларға қарсы деген тараптың әрекетін терістеу де онша әділетті болмас. Бұл енді басқа тақырып, басқа зерттеудің нысаны. «Оян, Қазақ!» деген ұранмен шыққан Міржақып Дулатұлы сол кездегі әдебиеттегі аса маңызды тұлғаға айналды. Тәуелсіз елдің даму бағдарламасын жасаған Алаш партиясының басшыларының халықтың кең қолдауына ие бола алмауының басты себебі халықтың әлі де болса ортағасырлық санамен өмір сүріп, қараңғылықта отыруы еді. XX ғасыр басындағы қоғамдық өмір жайлы Сәкен Сейфуллин «Қазақ зиялылары хақында» атты мақаласында: «1905 жылдан бастап қазақ зиялылары арасында теңдік, елдік, азаттық мәселелері үндеу ретінде жұмылдырыла бастады. Енді оянып келе жатқан қазақ интеллигенциясының дем берушілері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы және Міржақып Дулатұлы болды» [2], – дейді. Сәкен Сейфуллиннің әділ бағасы арқылы біз сол кездегі қазақ зиялыларының екі тарапқа бөлінуінен олардың өз еліне қандай да бір пайда тигізу туралы ғана ойлағанын көреміз.

Байбатыр Ержанұлының «Тұр, қазақ!» жинағы Қазан қаласында 1911 жылы Шамсуддин Хусейнов редакциясымен «Орталық типография» баспасынан жарық көрген. Кейін өңделіп қайтадан 1914 жылы екінші рет жарыққа шықты.

Қазанқаласындағы Орталықбаспаханада Шәмсәддин Хұсайыновтыңредакторлығымен 1914 жылы екінші мәрте басылуы алғысөзінде:

«Қазағым, халің жаздым бұл кітапқа,

Алыңыз оқуменен ілтипатқа.

Жер кетіп, халің нашар болып қалды,

Аянып, мәз болмаңыз құр атаққа», – дейді. Бұдан ақын жырларының негізі мен жалпы идеясы Міржақып Дулатұлының «Оян, Қазақ!» айтқан ойымен үндес, бағыттас екенін көреміз. Сондықтан да біз ақынның рухани-ағартушылық бағытты таңдауының басты себебі де Міржақып Дулатұлының «Оян, Қазақ!» жинағында айтылған ойды жалғастыруынан дегіміз келеді.

XX ғасыр басындағы қоғам өміріндегі басты өзгерістердің сол кездердегі баспасөз беттерінен көрініс тапқаны белгілі. «Айқап» журналы мен «Қазақ», «Бостандық туы» газеттеріне мақала, фельетон жазған Байбатыр Ержанұлы туралы дерек Сәбит Мұқановтың «Есею жылдары» жинағында да бар. Жазушы: «Қазақ» газетінде Байбатыр Ержанов-Құлақбаевтың «Жаңбырлы дауыл», «Жұмбақтар», «Нәзік көңіл» атты өлеңдер жинағы, «Бозбалаларымыздың түрі», «Көкшетауда көргендерім», «Қазақ халқынан бір-екі сөз» атты тақырыпта қара сөзбен жазылған мақалалары жарық көрген» [3, 180], – деп Байбатыр Ержанұлы шығармашылығы туралы мәлімет береді. XX ғасыр басындағы баспасөзде ізі қалған ақынның қаламынан туған мақалалары мен фельетондары да өлеңдерімен үндес, тақырыптас еді. Алдымен елдің әлеуметтік жағдайы, ел ішіндегі өзекті мәселелер мен олардың шешімдерін ұсынатын мақалалар мен фельетондар болатын. Қазақ әдебиетіне фельетон жанр ретінде баспасөз қызметінің өркендеуімен бірге келді.

Фельетон дегеніміз – публицистикалық жанрдағы әдеби шығарма. Әдеби термин ретінде XIX ғасырдан бастап қолданыла бастаған. Францияның «Журнал де Деба» деген газеті өзінің қосымша парақтарын фельетон деп атаған. Кейін фельетон жеке жанр ретінде дамып, Ресей, Германия, Ағылшын елдері баспасөздерінде сатиралық бағыттағы жанр түрінде қалыптасқан. Қазақ жерінде алғаш XX ғасырдың бас кезінде «Айқап» журналында пайда болды. Журналдың негізгі бөлімдерінің бірі фельетон деп аталып, қазақтардың тұрмыс-тіршілігі туралы әртүрлі мақалалар, көркем әңгімелер, тарихи деректер жариялап отырды [4]. Байбатыр Ержанұлы өз туындыларын көбіне «Айқап» журналына жарияланған. Бірінші кестеде оның «Айқап» журналына жариялаған мақала, фельетондары көрсетілген.

Кесте 1 – Байбатыр Ержанұлының «Айқап» журналына  
жариялаған мақала, фельетондары

| №                                    | Атауы                       | Шыққан уақыты              | Мазмұны                                                                                                                                                                     |
|--------------------------------------|-----------------------------|----------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                                    | «Бозбалаларымыздың түрі»    | Айқап. 1913. №5. 10-12 б;  | Қазақ жастарының білімсіз, еңбексіз, уақытын босқа өткізіп, ел қыдырып, еңбекке, білімге ұмтылмайтындығын Құрмаш деген кейіпкердің мағынасыз өмірінен мысал етіп көрсеткен. |
| 2                                    | «Бір қазақ қызы» фельетон   | Айқап. 1914. №10. 15-16 б; | Қазақ қызының басындағы ауыр күндер, теңсіздігі мәселесіне назар аудартады.                                                                                                 |
| 3                                    | «Қазақ халінен бір-екі сөз» | Айқап, 1911. №2. 9-10 б;   | Қазақ елінің артта қалуының бір себебі оқу, оқыту ісінің нашар екендігін айтады.                                                                                            |
| Кесте зерттеу негізінде құрастырылды |                             |                            |                                                                                                                                                                             |

Байбатыр Ержановтың «Оқуға махаббат» деген мақаласы ағартушылық мақсатта жазылған. Мақалада орыс, ноғай, француз сияқты халықтардың өз елдерінде баспалар ашып, газет, журналдар, кітаптар шығарып, балаларын мектептерде оқытып отырғандарын айтады. Сондай игіліктің бәрінен құр қалып отырған қазақ жастарының жағдайын санамалап тұрып айтып береді. Шығармасында: «Ай, құрметті жаңа өспірім меһірбанды жақсы балалар! Оқу оқып, жазу жазып, бек өнерлі болыңыздар, оқу біліп, жазу жаза білсеңіздер бақшадағы жемісті ағаштар сықылды боласыздар» [5, 20], – деп халықтың ең жас өркенін білім кенін игеруге шақырады. Ақынның «Оқуға махаббат» мақаласы туралы ғалым Дихан Қамзабекұлы: «Жаңа заманға қажетті оқудың мән-маңызын жан-жақты айтқан туынды. Азаматтық ар-ожданы айқын көрініс беретін қаламгерлердің бірі...» [6, 25], – деп тұжырымды пікір айтады.

Байбатыр Ержанұлының публицистикалық мақалаларындағы ағартушылық ұстаным туралы айтқанда жалпы алаш зиялыларының негізгі бағытынан айнымай өз көрген-білгенін түйіндеп беріп отырғанын байқаймыз. Оның мақалалары әр түрлі тақырыпты қамтиды. Олардың ішінде ХХ ғасыр басында күрделі мәселе ретінде қарастырылған әйел адамның теңсіздігі, жастарды оқуға шақыру және халықтың көзін ашатын тақырыптардағы әлеуметтік мақалалар да бар.

**Талқылау мен бақылау.** Бүгінгі күні тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы басты міндеттердің бірі – кеңестік репрессия құрбанына айналған ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің рухани мұрасын ғылыми тұрғыдан игеру және оны ұлттық санаға сіңіру. Бұл бағытта екі негізгі ғылыми-тәжірибелік шараны іске асыру қажет. Біріншіден, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғалардың шығармаларын жинақтап, жариялау арқылы оларды ғылыми және мәдени айналымға енгізу. Екіншіден, олардың өмір жолы мен рухани-шығармашылық болмысын зерттеу арқылы тарихи тұрғыдан әділ бағасын беру. Осы арқылы тарихи санадан тыс қалып келген рухани мұраны ұлт мәдениетінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналдыру мүмкін болады. Байбатыр Ержанұлының шығармашылық мұрасын зерттеген ғалым Төрәлі Қыдыр оның жалпы әдеби мұрасы туралы: «Басқасын былай қойғанда, «Оян, қазақтың» ізімен «Тұр, қазақ!» және «Жатпа, қазақ!» кітаптарының жарық көруі соның жарқын дәлелі. Алаш жұртының сол кездегі ауыр жағдайына алаңдаған Байбатыр Ержанұлы мен Әбілқасым Арғыни да өздерінің қоғамға айтар ойын Міржақып Дулатұлының әдіс-тәсілімен жеткізгенді дұрыс көрді. Сондықтан да «Тұр, қазақ!» пен «Жатпа, қазақтың» құрылымы, көтерер тақырыбы мен ішкі мазмұнына қарап, «Оян, қазақтың» дәстүрлі жалғасындай көрінетіні бар. Расында да ХХ ғасыр басындағы бейғамдық өмірді сын садағына алған ақындардың арман-тілегі, айтар ойы бір арнада тоғысып жатты. Десек те, әр ақынның сөз саптауы, жазу мәнері мен ой орамдары өздігімен ерекшеленіп тұрды» [7], – дейді. Ғалым Байбатыр Ержанұлының шығармашылық мұрасындағы негізгі бағыттың Міржақып Дулатұлы және басқа да алаштықтардың

идеясымен үндестігін айтады. Бұл үндестіктің заман талабы мен қоғам дамуы үшін маңызы аса зор болғаны да ғалым мақаласында пайымдалады. Байбатыр Ержанұлының публицистикалық мақалаларындағы басты ерекшелік те заманының алдыңғы қатарлы тұлғаларының шығармашылығымен үндестік табуында еді.

Байбатыр Ержанұлының публицистикалық еңбектері сол кезеңнің қоғамдық ой-санасының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Оның «Қазақ» пен «Айқаптағы» мақалалары отарлық саясатқа қарсы тұруға, білім мен сауаттылықты насихаттауға бағытталды. Оның шығармаларында жиі көтерілетін тақырыптар – ұлт бостандығы, рухани тәуелсіздік, мәдени өрлеу.

Байбатыр Ержанұлының 1911 жылы «Айқап» журналында «Қазақ халқынан бір-екі сөз» атты мақаласы жарық көреді. Бұл мақаласының басты идеясы ақынның «Тұр, қазақ!» жинағындағы туындыларымен үндес, тақырыптас болып келеді. Ол осы мақаласында алаңсыз ұйқыда жатқан қазақты неліктен ояту керектігіне жауап іздейді: «Осы жаман пиғылдарымызды тастамасақ, біріміздің артқанымыздан біріміз шықпасақ, орынсыз жерде қуатымызды сарф қылмасақ, қалықтың пайдасын ойлап, ортаға медресе-мешіт салғызып, балаларды усыл тәлім жөніменен оқыттырсақ, кітаптар, газеттер, журналдар шығарсақ, марапаттың бірінші баспалдағына шығар едік. Қайтеміз, өз ниетімізді білмей битке өкпелеп, тонымызды отқа саламыз ба? Әлі де болса тырысып, бас көтеру керек. Одан басқа қайран жоқ» [8, 7]. Оның жауабын былайша топтастырады:

- бізден басқа халықтың көпшілігі білім-ғылымға талпынып, өнер мен оқуға құлшыныс қойғанын, соның ішінде ноғай халқының адам баласына жақсы ой қосатын рисалалар, кітаптар басып шығарып, өздерінің тілінде арнайы баспахана шығару ісін қолға алса;

- газет немесе журналдар басып шығарса;
- сауатты білім беретін мектептер ашып, оны білікті әрі жанашыр мұғалімдермен қамтамасыз ету қажет [8, 7].

Байқағанымыздай, қоғам қайраткері өзінің ойын жинақтап бергенде алдымен елдің көзін ашып оқыту мәселесін айтса, содан соң баспа ісін жолға қойып, білім беретін мұғалімдердің де сауатты, білікті болуы туралы айтады.

Байбатыр Ержанұлының оқыту ісінен басқа да көптеген өзекті мәселелердің басын көтерген мақалалары бар. Оның ішінде қазақ жерінің тағдыры, қыз балалардың бас бостандығы мен еркіндігі, қазақ «оқыған» жастарын сынаған және басқа да әлеуметтік жағдайларға арналған мақалалары бар. Қазақ жастарының оқығандарының кейбірі тілмаш, шенеунік сияқты билік басына келіп, тек қарабасының қамын ойлағандарын сынаған мақалалары М. Әуезовтің шығармаларымен үндес келеді. Бұдан түйетін қорытынды – ХХ ғасыр басындағы өзекті мәселелерге айналған жастардың халыққа, елге қызмет етуге деген ниеттерінің әртүрлілігі еді. Ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейханның: «Ұлтқа қызмет – мінезден» деген сөзі де сол кездегі қазақ оқығандарына арналған.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамы – феодалдық қатынастар мен жаңғыру кезеңінің қиылысында тұрған, әлеуметтік және рухани дағдарыстармен бетпе-бет келген күрделі кезең болды. Осы тұста ұлт зиялыларының басылымдары («Айқап», «Қазақ») әйел теңсіздігі, білім алу, ағартушылық мәселелерін батыл көтере бастады. Байбатыр Ержанұлының «Бір қазақ қызы» мақаласы осындай әлеуметтік сынның жарқын көрінісі десе артық айтқан болмас. Онда қыз баланың қоғамдағы орны, еріксіз ұзатылу мәселесі және махаббат еркіндігі трагедиялық шеңберде сипатталады. Байбатыр Ержанұлының «Бір қазақ қызы» деген мақаласына талдау жасай отырып, оның сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді дәл, нақты бергенін көреміз. Мақалада қыз баланың әлеуметтік статусы, ерік бостандығы және махаббат еркіндігі мәселелері айтылады. «Бір қазақ қызы» атты мақаласында Меңсұлу деген қыздың қайғылы тағдыры арқылы сол кезеңдегі әлеуметтік құрылым мен патриархалдық көзқарастың салдары ашылады. Мақала алғашқы журнал «Айқапқа» жарияланған. Мақала: «Ғаял кісі өздігінен жол тауып, өзінің ойына алғанын істей алушы ма еді. Һам екінші атасының жүзіне қарап: «ойбай, бәленшенің қызы бұзылды, әкесі де



оңбаған еді. Енді бұл қызда қайда барып оңар дейсің» деген ар намысты жүктей алмаушы еді. Тұзаққа түскен қаршығадан бір жаман қара құлға басын тең етіп, қызыл гүлдей болып, ұзатылып кете барады. Ау, жұрт! Осы бейшара қызыл алмадай қызыл бетті, қолаң шашты, қара көзді, хош сөзді, қиғаш қасты, нәзік белді, мол ғақылды, бақшада сайрап жүрген тоты құсты таз, соқыр, саңырау, сақау, ақсақ, мәжнүн кісілермен қалайша тең қылып басып береміз. Осынымыз ғақылменен ойласақ, дурыстыққа келе ме? Жабайдың Меңсұлу деген қызын Әлмин деген бай айттырады. Тілі сақау, өзі шолжың, оқымаған адамға оқыған қыздың барғысы келмейді» [9], – деп басталады. Мақала кейіпкері Меңсұлуды тек жеке тағдыр иесі емес, сол кезеңдегі мыңдаған қазақ қыздарының жиынтық бейнесі деп қарауға болады. Ол – ақылды, көркем, «қызыл алмадай қызыл бетті, қолаң шашты, қара көзді, нәзік белді» ару қыз. Алайда бұл сұлулық пен зерделілік оның тағдырын жеңілдетпейді. Ол өзінің болашақ жары ретінде білімді, өзі тең көретін адамды қалайды. Бірақ қоғам мен ата-ананың шешімі оны мал-мүлкі бар, бірақ «тілі сақау, өзі шолжың» Әлмин деген адамға мәжбүрлі түрде тұрмысқа шығуына әсер етеді. Патриархалдық құрылымның қыз баласына қаншалықты қысым жасайтынын көрсетеді. Автордың бұл жерде қолданған: «Тұзаққа түскен қаршығадан бір жаман қара құлға басын тең етіп...» деген метафорасы – әйелдің еріксіздік күйін, ер азаматқа тәуелділігін астарлап көрсетеді.

Меңсұлу басындағы трагедия – патриархалдық дәстүр мен экономикалық мүдде үстемдік құрған қоғамның әйелге қарата жасаған рухани және физикалық қысымының көрінісі. Қыздың махаббаты, еркі, білімі – бәрі мал мен байлықтың көлеңкесінде құнсызданады. Меңсұлу – өнерлі қыз бала. Ол жазған өлеңдер – оның ішкі жан дүниесінің бұлқынысы, әлеуметтік әділетсіздікке қарсылық үні. Ақын қыздың: «Сатылып қара құлға ғазиз ұждан, Ғылым теңізіне қарық боп қаламын ба?!», – деген жолдары тек өз тағдырына ғана емес, бүкіл әйел затына жасалған рухани зорлыққа қарсылық түрінде айтылады. Автор Меңсұлудың трагедиясын сипаттай отырып, өзінің қоғамдық позициясын ашық білдіреді. Мақаланың соңғы шумақтарында:

«Осыны ойлаңызшы, ағаларым,  
Ғақылмен жұрт билеген, даналарым.  
Жігітке қарамай, малына қарасаңыз,

In his quest for spiritual truth, Zhusup Kopeyuly raises issues imbued with deep religious meaning, often interacting with Islamic philosophy and traditions. Researcher A. Aktanova, in her work «Dramatic Beginning in the Lyrics of Mashhur Zhusup Kopeyuly», notes: «It is known that the poetics of M. Zh. Kopeyuly is characterized by the comprehension of reality from religious and philosophical positions» [1, 30]. On the other hand, Ahmed Yasawi, in his work, paves

the path to spiritual perfection through Sufi teachings and love for God. A.O. Toksambayeva comments on it as follows: «The mystic poet urges a person to look into the innermost corners of his heart, tear down the veils of deceit and hypocrisy, and never harbor bad habits. Therefore, in his spiritual and moral teachings, negative qualities increasingly manifest, hindering the spiritual and divine perfection of the individual. Its main feature is that it does not violate the norms of Islam and Sharia, does not distract from social life and work, and does not lead people to various upheavals» [2, 260].

The study of these two literary giants allows us to gain deeper insights into how their personal beliefs and cultural backgrounds influenced the formation of spiritual motifs in their works. An analysis of their literature not only reveals the richness of their spiritual aspects but also underscores the interrelationship with socio-historical events and religious movements inherent in the times they lived. As we navigate through the pages of their literary creations, we inevitably encounter a profound reflection on the spiritual meaning of human life and an attempt to reconnect with the divine. Our analysis specifically focuses on how these spiritual quests find expression in literature and interact with the socio-cultural context of their respective eras.

Thus, in this paper, we endeavor to decipher the symbolism and depth of spiritual motifs in the works of Kopeyuly and Yasawi, enhancing our understanding not only of their personal philosophical beliefs but also of their significance in the broader context of their literary heritage.

**Methodology and research methods.** The research methods encompass a textual critical analysis of the literary works of Zhusup Kopeyuly and Ahmed Yasawi, with a primary focus on identifying spiritual motifs. Comparative analysis is employed to underscore commonalities and distinctive features in the spiritual motifs of both authors. The investigation of historical and cultural contexts seeks to elucidate the influence of the environment on the formation of spiritual beliefs. Linguistic analysis is applied to identify how spiritual motives are expressed in language. Additionally, the biographical approach examines the life events of Kopeyuly and Yasawi, aiming to understand their influence on the spiritual themes in their work.

This methodological blend provides a comprehensive approach to comprehending the spiritual motifs in the works of both writers. It allows for an in-depth exploration of their literary heritage and philosophical beliefs.

**Discussion and observation.** Spiritual motifs in the works of Zhusup Kopeyuly and Ahmed Yasawi constitute an integral part of their literary heritage, imparting uniqueness and depth to their creations. Examining these motifs allows us to delve into their inner worlds, providing insights not only into cultural and historical contexts but also into the deeper human and spiritual dimensions of their works.

Kopeyuly's works are saturated with reflections on human feelings and perspectives on life. Themes of love, patience, faith, and the quest for meaning not only serve as subjects but also as inspirational forces that fill his verses. His language is replete with symbolism, and his metaphors and imagery encapsulate profound philosophical reflections. As a true wordsmith, Kopeyuly skillfully conveys feelings and thoughts laden with deep meaning, as noted by B. Abdigazuly: «The works and words of the erudite poet were already known beyond the borders of the Kazakh Sahara. The fact that he was nicknamed «Mashhur/Famous» was not in vain» [3, 31].

In the works of Ahmed Yasawi, an outstanding Sufi poet, spiritual motifs intertwine with the mystical aspects of Islam. His writings are infused with a desire for intimacy with God, love for one's neighbor, and concepts of unity. For example, E. F. Mammedova-Kekech mentioned in her article that Ahmed Yasawi is one of the scholars of the Turkic world who left a trace in the history of literature. Researchers evaluated his work «Diwani Hikmet» from the literary-historical point of view and came to the conclusion that it is a precious heritage of Turkic peoples [4, 111]. Yasawi employs vivid imagery and allegories to guide the reader towards an understanding of the depths of the soul and its connection to a higher being. His work serves as a bridge between the physical and spiritual worlds, prompting contemplation on the meaning of existence. Zh.



Aitmukhambet, in her article «Depiction of heaven and hell in «Divani Hikmet» by Yasawi and «Divine Comedy» by Dante», comments: «Hoja Ahmed Yasawi was a great thinker and spiritual leader of the Turkic world, the founder of Sufi philosophy and Sufi literature. He expressed his philosophical conclusions about the most noble and virtuous ideal of mankind in artistic language and poetry» [5, 148].

A. N. Veselovsky was the first to theorize the concept of motive in literature, asserting that a motive is the foundation of a poetic work. He contends that «A motive is a formula that addresses the questions of nature to man or establishes especially important consequences. A motive is a minimal unit. These motifs are very evident in mythology and fairy tales» [6, 74], often emphasizing the motif's prevalence in folklore. Regardless of the genre, it is evident that behind each motif lies a crucial idea within the work. Through these thoughts and feelings, the author's intentions become apparent. The significance of identifying the system of motifs in the works of M. Zhusup Kopeyuly and Yasawi becomes apparent, as these motifs carry symbolic meaning and indicate the foundations of education.

Picture 1 – Comparison of two works

| M. Zhusup Kopeyuly                                                                                                                                                    | Ahmed Yasawi                                                                                                                                                                                                                                   |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Dariağa asa süñgip ketpe,<br>Toiam, - dep, - ümit mūnan etpe.<br>Qorek jalğar qarynğa bailaulyqtan,<br>Bir taban asyp äri ötpе...                                     | As a true follower, devote yourself to the homeless,<br>Listen to those who expound hadith and verse,<br>Be happy, content with such gifts,<br>Enjoying these, I drink the wine of inspiration, Yes, I [5, 1].                                 |
| «Dünienniñ jylğany jaman!» - dedim,<br>«Döñgelegi şyr ainalğan zaman!» - dedim.<br>«Dünie jiğan qorlyqpен ömürі ötup,<br>Jimağandar bolady aman!» - dedim             | O Ignorant you have not turned your heart to the Lord,<br>You have not released from forbidden worldly things,<br>Release your ego; fix your sight on Allah,<br>I grieve at being puzzled by the self, Yes, I.                                 |
| «Jaqsynyñ küiі tüser duda!» - dedim,<br>«Tūraq joq ağyp jatqan suda!» - dedim.<br>«Jiğan jan bül düniemі oñbaidy aqyr, Bül<br>özi kısı öltirer u da!» - dedim [7, 14] | Do not blame the villain, you are the villain,<br>With your arrogance your words will not touch people,<br>I have given the abundance of the world, yet not enough,<br>Greedy and miserly ways will throw you into Hell, Yes, I [8, P. 19-20]. |

Zhusup's poem is shrouded in mystery, guiding the reader to unravel its enigma. It imparts lessons on patience, encouraging an appreciation for the journey and fostering an exploration of one's inner world and culture. Ultimately, the poem conveys the characteristics of the concept of satisfaction.

In these verses, Kopeyuly suggests that «An intelligent person can find contentment in simplicity. A content individual exhibits thoroughness. Groundedness fosters patience, and patience breeds happiness devoid of sorrow. Hence, an intelligent person is inherently happy». The central idea of the poem is evident — to sow the seeds of national values universally through the «motive of contentment», extending beyond individual experience to encompass all of mankind.

Conversely, Yasawi's verses convey a theme of dissatisfaction, particularly in lines like «I grieve at being puzzled by the self» and «I have given the abundance of the world, yet not enough». These expressions suggest inner turmoil and a realization that material wealth alone is insufficient for true contentment. The call to «release your ego» and «fix your sight on Allah» implies a pursuit of spiritual fulfillment as a remedy for dissatisfaction. The caution against «greedy and miserly ways» leading to hell emphasizes the negative consequences of pursuing material gain without addressing deeper spiritual needs.

While Kopeyuly's poem emphasizes avoiding insatiability and impatience, warning against the danger of chasing material goods, Yasawi's hikmet encourages a true follower to devote themselves to serving the homeless, listening to those who explain religious texts, and finding happiness and contentment in such acts. The metaphor of «drinking the wine of inspiration» can be interpreted as finding satisfaction and joy in the spiritual path and closeness to the divine.

In poetry, a motif can be represented by a recurring word, image, situation, or idea. Understanding the motive is crucial in comprehending the author's perspective. By identifying the author's motive, one can not only evaluate their work but also understand their essence.

Identifying the motifs in M. Zhusup Kopeyuly's poems reveals his poetic side. Many of his poems emphasize the need to believe in God, to know God, to give alms, and to restrain one's desires. From these poems, it becomes evident that he is a religious poet. His religious poems can be categorized under the motif of «repentance». The motif of «repentance» encourages introspection, self-satisfaction, self-influence, and the responsibility to turn towards faith.

Zhusup reminds us that true satisfaction comes from recognizing God as the creator and protector. Through his writings, he asserts that individuals solely interested in material goods are deceived, emphasizing that acknowledging mistakes and repentance are crucial values for human beings.

**Zhusup:**

Är ne qylsañ, ūnatyp,  
Täñırım süise, Bır jyłağan köziñniñ jasyñ ise!  
Adam deuge laiyqty boldyñ sonda,  
Bır öziñnen basqağa paidañ tise [7, 23].  
Janym aşyp aitamyn qatty-qatty,  
Sarañdyq qyp joq jerde joğaltpa atty.  
«Qūdai üşin aştarğa jylu ber!» - dep,  
Halqyma aityp jatymyn Qazaq zatty [7, 37].

In this poem, the author earnestly reminds people not to forget Allah, to fulfill His conditions, and to extend help to the needy and orphans. Through his works, the author vividly illustrates the idea that generously giving alms to orphans and widows brings blessings. The reader comes to recognize the existence of a Creator, understanding that each day, crafted by God, is a success. The message is clear — one should consistently engage in acts of kindness toward humanity every moment of their life. The importance of being attentive to one's surroundings and recognizing charity as a noble endeavor becomes evident through the author's poignant expressions.

**Yasawi:**

Basyñan ärkimniñ bül jalğan öter,  
Baiansyz — jatpañ jığan mal da beker.  
Qaryndas, atañ-anañ qaıda ketti?  
Ağaş at solar mingen sağan jeter [9, 60].

In these lines, Yasawi delves into the realm of the material world, urging humility in the face of fate, the abandonment of worldly desires, and the recognition that genuine wealth resides in spiritual values. He underscores the significance of repentance and humility, advocating for virtuous deeds regardless of one's own sins and seeking forgiveness through devotion to God.

Both writers convey profound teachings about Islam in their works, placing particular emphasis on the observance of the five duties of a Muslim. Their writings vividly depict the principles of prayer, fasting, obligatory alms payments, faith, and pilgrimage as crucial components of the spiritual life. They present these five pillars of Islam not only as formal religious duties but also as pathways to inner awareness, fostering inner spirituality and harmony. The poets portray these themes as fundamental aspects that contribute to strengthening an individual's spiritual connection with the supreme reality and shaping a pious and moral image of the believer.

In Zhusup's poem «Five Duties», the essence of his message is readily discernible:

İslamnyñ bes paryzy: bireui – iman,  
Ekinşisi, namaz eken – bizge paryz,

Üşinşi, bizge paryz – Şahi ramazan,  
Ajalyñ jetkende ol da bır qaruyñ,  
Qastan qaza qylmai, ony saqtau mañyzdy.  
Törtinşi, bizge paryz – zeket maldan.  
Bül päle tosatūğyn är qamaldan.  
Jürmeidi zeketiñe qabył bolyp,  
Aqsaq, soqyr, typ-tipyl qūiryq-jaldan.  
Bireui bes paryzdyñ – qajyğa baru,  
Allany tanu, qūlşylyq jasau,  
Allanyñ rizalyğyn şyn oilasañ,  
Balany kışkentaıdan oquğa ber [7, 165].

**Yasawi's 52 Hikmet:**

Čali islam dını üşin qan jüta dūr,  
İslam tuyn ärkez berik tüta dūr [9, 357].

Yasawi emphasizes the observance of fundamental Muslim duties, including prayer (Namaz), fasting (Ramadan), almsgiving (Zakat), faith (Iman), and pilgrimage (Hajj).

The principles of «the world is false; man is a guest» likely derive from philosophical works. It is evident that in this world, there exists the idea of «do not worry about your stomach, learn to live a life of nourishment for the soul». The motif of «spiritual purification» can be observed in the lines of these poets.

Love is a central theme for both poets, serving as a metaphor to express profound spiritual and religious truths. In their works, this theme acts as a conduit for understanding and comprehending spiritual reality and the relationship with God.

While Abay's poem «Without love the world is empty» was initially perceived solely as the love between a man and a woman, it is crucial to consider that the concept of «love» originated in Turkic literature from Hoja Ahmed Yasawi and was initially developed as love for God. Understanding this source deepens our comprehension of Zhusup Kopeyuly's expressions of love as well. The hikmets of Hoja Ahmed Yasawi not only express profound love and reverence for God but also for Prophet Muhammad (peace be upon him). Zuhreddin Juraev, in his article «Illumination of Divine Love: Rediscovering the Hikmats of Sufi Ahmad Yasawi», notes: «Sufi Yasawi eloquently expresses his love and reverence for the Prophet in his Hikmats. Yasawi portrays the Prophet as the ultimate guide and master, using the term Pir-i Mughan to signify his exalted status. He confirms that the journey towards experiencing divine love commences with wholehearted devotion and love for the Prophet Muhammad. His writings vividly illustrate the profound significance of the Prophet's role as the gateway to divine love and the path to spiritual enlightenment» [10, 206].

Jaqsylar ötip ketti būryn bızden,  
Bız adastyq jaqsylar salğan ızden.  
Eşkimge ökpe qylu dūrys emes,  
Ne berse, berdi Qūdai peilimizden [7, 216].

Scholars have pointed out that not only the conditions of Islam but also science and knowledge are obligatory duties. This is clearly seen in one of the lines of Zhusup's poem:

Adamğa paryz bolsa, ğylym-paryz,  
Čylym bilseñ, öteler qanşa qaryz.  
Äueli qylar istüñ ğylymyn bil,  
Qanşa ait, onşa ait onan soñ Qūdaiğa aryz [7, 172].


One of Yasawi's seven principles was about science and education. The wisdom of Hoja Ahmed Yasawi mentions important discoveries related to science, study of science, knowledge and scientists. Some of his wisdom talks about the value of science and the need to study it, and some of it talks about discussions with scientists. For example, one of his wisdoms makes it obligatory for everyone to internalize that one cannot pray without knowledge and should learn from cradle to grave based on the hadith of the Prophet:

«Er men äiel, ül-qyzğa ılım alu paryz dedi,  
«Talabul-ilm farizatun» dep Rasul söiledi» [11, 127].

In his wisdom, Yasawi divided the problem of scholars into two parts. In one part he praised the scholars and urged to respect them, and in the other part he criticized the ignorant people. For example, in this line: «Heaven says, «Scholars have only verses, Qur'an and hadith in their thoughts» [8, 50], he praised the scientists as «good», and in the next line: «Is a false teacher, reading Qur'an empty of desire» [8, 15] he criticized the people as «bad». In general, studying the works of Yasawi and Zhusup, we have seen that their religious motifs were written in the same language.

**Results.** The system of motifs in the works of M. Zhusup Kopeyuly and Yasawi carries a deep symbolic meaning, pointing to the beginnings of education. These motifs play the role of key elements in the formation of spiritual aspirations of readers. The values and ideals of the authors, which through the symbolism of motifs have a significant impact on the formation of readers' worldview and educational aspects of the works, are specially emphasized. The variety of these motifs occupied a special place in the hearts of people. If we differentiate the religious motifs according to their themes, their percentage are as follows:

Picture 2 – Themes of religious motifs in Yasawi's hikmets



The percentage diagram of religious motives in Yasawi's hikmet allows us to highlight the main emphases in his teachings. It is evident that love for Allah holds the leading position, indicating deep spiritual devotion. Renunciation of the material world and piety also occupy significant portions, underscoring the importance of spiritual practice and detachment from worldly concerns.

Tolerance, love of neighbor, humility, and renunciation of pride are represented at a notable level on the chart, reflecting the significance of moral qualities and attitudes in Yasawi's teachings. Self-knowledge, the ideal of purity, and spiritual perfection also play a role in the teachings, advocating for inner development and spiritual purity.

This diagram accentuates the harmonious combination of various aspects of spirituality in Yasawi's teachings. It enriches the spiritual path of the followers, aiming to achieve closeness to Allah through love, humility, and service to the neighbor.



These percentages provide an approximate distribution of emphases in Yasawi's hikmet based on the main religious motifs. It is essential to consider that these numbers are approximate and may vary depending on interpretations and emphases emphasized in various studies and analyses of his works.

The motives that we identified during our study of Zhusup's work were as follows:

- Motive of satisfaction
- Motive of repentance
- Motive of spiritual purification
- Motive of goodwill
- Educational-scientific motive
- Motive of time value
- Motive of avoiding sin

Zhusup Mashhur's motives, as expressed in his teachings, revolve around spiritual perfection and harmony. His emphasis lies in achieving satisfaction through adherence to the principles of Islamic morality, a dedicated pursuit of repentance and spiritual purification, and the liberation from material attachments. Mashhur places significant importance on goodwill and service to one's neighbor, advocating for the pursuit of education and scientific knowledge as avenues to deepen one's understanding of spiritual truths.

The teachings of Hoja Ahmed Yasawi and the motifs of Zhusup Mashhur stand as valuable sources of spiritual wisdom within the context of Islamic tradition.

**Conclusion.** A.N.Veselovsky coined the term «Progress in poetry» to describe the motif, stating that it 'increases the reader's enthusiasm for life, deepens moral qualities, and is a constituent part of the work» [6, 81]. Thus, the motif plays a crucial role in shaping the theme and idea of a literary work.

Yasawi, the founder of Yasawism, places emphasis on love for Allah, renunciation of material possessions, and moral values. On the other hand, Mashhur highlights motifs such as contentment, repentance, and education, aiming to inspire followers toward spiritual perfection. Both teachings advocate for spirituality, charity, and the pursuit of higher values. These spiritual leaders have made significant contributions to Islamic thought, offering valuable guidance for their followers' spiritual growth and harmony.

Moreover, the motifs found in the works of Yasawi and Mashhur are not exclusively religious or didactic in nature, but serve as a powerful artistic tool reflecting the inner evolution of the human soul. Using images of divine love, humility, trust, and submission to God, these poets create a moral and spiritual world that encourages the reader to reflect on the essence of being. The repetition of such motifs not only reinforces ethical principles, but also establishes a dynamic connection between the poet and the reader, awakening a sense of self-awareness and spiritual responsibility. Thus, the motif becomes a bridge between poetic expression and moral philosophy, symbolizing eternal purity, radiance, and closeness to the Creator.

## Literature

1. Актанова А. Драматические вопросы в стихах Мәшһүр-Жүсүп. // В сборнике: к 150-летию Мәшһүр-Жүсүп Көпейұлы «Мәшһүр-Жүсіп мұрасы» Материалы республиканской научно-практической конференции. 2008. – 464 с.
2. Токсамбаева А.О. Мәшһүр Жүсіп и тюркский фольклор // Вестник Кокшетауского государственного университета имени Ш. Уалиханова, филологическая серия. – 2014. – № 1-2. – С. 260-264.
3. Абдигазизұлы Б. Литературное наследие Машхура Жусупа Копейұлы: вчера и сегодня // Вестник КазНПУ имени Абая, филологическая серия. – 2021. – № 3(77). – С. 30-35. DOI: <https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.04>.
4. Memmedova-Kekeç E. Ahmed Yesevi'nin yaşnamesinde «Bilge kışı» arketipi [The «wise man» archetype in Ahmed Yassawi's Yashnama] // Milli Folklor. – 2017. – №3 (116). – P.101-111. DOI: <https://www.millifolklor.org/PdfViewer.aspx?Sayi=116&Sayfa=101>.

5. Аймухамбет Ж. Изображение рая и ада в «Дивани Хикмет» Ясави и «Божественной комедии» Данте // Түркітану журналы. – 2023. – № 5(4). – Б. 146-162. DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-146-162>.
6. Веселовский А.Н. Избранное: Историческая поэтика. – М.: РОССПЭН, 2006. – 688 с.
7. Мәшһүр Ж. Шығармалар жинағы. Т.1. – Павлодар, 2013. – 519 б.
8. Trapman J. Divine Wisdom: Diwani Hikmet. – London: Living Zen Books, 2013. – 320 p.
9. Иасауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: Жалын, 1998. – 656 б.
10. Zuhridin & Young-Jin Ahn. Illumination of Divine Love: Rediscovering the Hikmats of Sufi Ahmad Yasawi// Afkar. – 2023. – №2 (25). – P. 193-224. DOI: <https://doi.org/10.22452/afkar.vol25no2.6>.
11. Bice H. Hoca Ahmed Yesevi. – Ankara: Diyanet Vakfı Yayınları, 2010. – 520 s.

**Ж.А. СУЛЕЙМЕНОВА**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

**Б.Г. ГАЛЫМЖАНОВ**

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан

**ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ МЕН АХМЕД ЯСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДІНИ  
МОТИВТЕРДІ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

**Аңдатпа.** Зерттеу мақаласында екі көрнекті тұлға – Жүсіп Көпейұлы мен Ахмет Ясауи шығармашылығына тән рухани мотивтердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары терең талданады. Мақаланың негізгі мақсаты – екі автордың да шығармаларының рухани жағынан қайталанбас ерекшеліктері мен ортақ тақырыптарын анықтауға, сондай-ақ олардың жеке және мәдени контекстінде берілген мотивтердің қалыптасуын талдауға негізделген. Зерттеу жұмысында екі автордың поэтикалық және прозалық мәтіндерінде кездесетін мистика, діни концепциялар, рухани даму идеялары және олардың көрініс табуы сияқты рухани тақырыптардың әртүрлі аспектілері қарастырылады. Әр автордың руханиятқа деген көзқарасының ерекшеліктерін анықтау және олардың шығармашылығын біріктіретін ортақ тақырыптарды айқындау басты назарға алынған. Ж. Көпейұлы мен А. Ясауи өмір сүрген дәуірдің әдеби-тарихи, мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, олардың рухани мұрасын жан-жақты тану мақсатында талдау жүргізіледі. Зерттеу нәтижелері осы жазушылар шығармаларындағы рухани аспектілерді тереңірек түсінуге ықпал етеді және олардың әдебиеттегі рухани құндылықтардың қалыптасуына әсер еткен мәдени контекст туралы білімімізді кеңейтеді.

**Түйін сөздер:** рухани мотивтер, салыстырмалы талдау, әдеби контекст, рухани мұра, Диуани хикмет, рухани тазару.

**Ж.А. СУЛЕЙМЕНОВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

**Б.Г. ГАЛЫМЖАНОВ**

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

**СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ РЕЛИГИОЗНЫХ МОТИВОВ В  
ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ЖУСУПА КОПЕЙУЛЫ И АХМЕДА ЯСАВИ**

**Аннотация.** Исследовательская статья представляет собой глубокий анализ схожести и различий в духовных мотивах, заложенных в творчестве двух выдающихся личностей — Жусупа Копейулы и Ахмеда Ясави. Основная цель статьи заключается в выявлении уникальных особенностей и общих тем в духовной сфере произведений обоих авторов, а также в анализе влияния их личного и культурного контекста на формирование этих мотивов. В ходе исследования рассматриваются различные аспекты духовной тематики, такие как мистицизм, религиозные концепции, идеи духовного развития, а также их выражение в поэтических и прозаических текстах обоих авторов. Основное внимание уделяется выявлению особенностей

подхода каждого автора к духовности, а также поиску общих тем, объединяющих их творчество. Анализ проводится с учетом литературных, исторических и культурных особенностей эпох, в которые жили и творили Копейулы и Ясави, с целью полного осмысления их духовного наследия. Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию духовных аспектов в произведениях этих писателей и расширяют наши знания о культурном контексте, влиявшем на формирование духовных ценностей в их литературе.

**Ключевые слова:** духовные мотивы, сравнительный анализ, литературные контексты, духовное наследие, Дивани хикмет, духовное очищение.

## References

1. Aqtanova A. Dramaticheskie voprosy v stihah Mäshür-Jüsüpä [Dramatic questions in the poems of Mashur-Zhusup] // V sbornike: k 150- letiu Mäshür-Jusup Köpeiuly "Mäshür-Jüsüp mürasy" Materialy respublikanskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, 2008.
2. Toksambayeva A. O. Maşhur Jusup Kopeev i türkski föklor [Mashhur Zhusup Kopeyev and Turkic folklore] // Bulletin of Chokan Ualikhanov Kokshetau State University, Philological series. – 2014. – № 1-2. – B. 260-264.
3. Abdigazyuly B. Literary heritage of Mashhur Zhusup Kopeyuly: present and past // Bulletin of Abay KazNPU, Philological series. – 2021. – № 3(77). – P. 30-35. DOI: <https://doi.org/10.51889/2021-3.1728-7804.04>
4. Memmedova-Kekeç E. Ahmed Yesevi'nin yaşnamesinde «Bilge kışı» arketipi [The «wise man» archetype in Ahmed Yassawi's Yashnama] // Milli Folklor. – 2017. – №3 (116). – P.101-111. DOI: <https://www.millifolklor.org/gisi.com/PdfViewer.aspx?Sayi=116&Sayfa=101>
5. Aimukhambet Zh. Depiction of heaven and hell in «Divani Hikmet» by Yasawi and «Divine Comedy» by Dante // Turkic Studies Journal. – 2023. – №5(4). – P. 146-162. DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-4-146-162>
6. Veselovski A.N. İzbrannoe: İstoricheskaia poetika. – M.: Rosspen, 2006. – 688 s.
7. Mäshür J. Şyğarmalar jınaғы [Collection of Works], T. 1. – Pavlodar, 2013. – 519 b.
8. Trapman J. Divine Wisdom: Diwani Hikmet. – London: Living Zen Books, 2013. – 320 p.
9. Yasawi H.A. Hikmet jinaq: Danalyq syr [A collection of wisdom: The mystery of wisdom]. – Almaty: Jalyn, 1998. – 656 b.
10. Zuhridin & Young-Jin Ahn. Illumination of Divine Love: Rediscovering the Hikmats of Sufi Ahmad Yasawi // Afkar. – 2023. – № 2 (25). – P. 193-224. DOI: <https://doi.org/10.22452/afkar.vol25no2.6>
11. Bice H. Hoca Ahmed Yesevi. – Ankara: Diyanet Vakfı Yayınları, 2010. – 520 s.

## Авторлар туралы мәлімет:

**Судейменова Жазира Азаматқызы** – философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Судейменова Жазира Азаматовна** – доктор философии (PhD), старший преподаватель Евразийского университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Suleimenova Zhazira Azamatovna** - doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer, Eurasian University named after L.N. Gumilyov, Astana, Kazakhstan.

**Галымжанов Баянғали Галымжанұлы** – филология ғылымдарының магистрі, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Галымжанов Баянғали Галымжанович** – магистр филологических наук, старший преподаватель, старший преподаватель Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.

**Galymzhanov Bayangali Galymzhanovich** – Master of Philology, Senior Lecturer A.K. Kusainov Eurasian humanitarian institute named after, Astana, Kazakhstan.

\*Н.А. ҚУАНЫШБАЕВА<sup>1</sup>С. САҒЛАМ<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1</sup>Памуккале университеті, Денизли, Түркия<sup>2</sup>(e-mail: [nazerke.kuanysbbaeva@mail.ru](mailto:nazerke.kuanysbbaeva@mail.ru)<sup>1</sup>, [soner.saglam@gmail.com](mailto:soner.saglam@gmail.com)<sup>2</sup>)

## АЛАШ КЕЗЕҢІНДЕГІ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРКЕМДІК-ЖАНРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

**Аңдатпа.** Мақалада алаш кезеңіндегі қазақ балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық жүйесі қарастырылады. Зерттеу барысында XX ғасырдың бас кезінде жазылған қазақ балалар әдебиеті шығармаларының жанрлық ерекшеліктері, оның ішінде мысал, өлең, пьеса, халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, сондай-ақ поэма, проза, әңгіме жанрлары кеңінен талданады. Аталған жанрларда жазылған туындылардың көркемдік жүйесі, олардың ұлттық білім берудегі орны, балаларға арналған әдебиеттегі рөлі жүйелі түрде зерделенеді. Зерттеуде алаш кезеңіндегі қазақ балалар әдебиетінің жанрлық жүйесінің қалыптасуы, көркемдік құралдар мен стильдік ерекшеліктері терең зерделенеді. Әдеби туындылар арқылы қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен мәдени болмысы айқындалады. Сондай-ақ, қазақ балалар әдебиетіндегі әр жанрдың өзіндік ерекшеліктері методологиялық әдіс-тәсілдердің көмегімен талданып, оларды жаңғыртудағы алаш кезеңіндегі қаламгерлердің туындыларының қазақ әдебиеттануына қосқан үлесі сарапталады. Балалар әдебиетін зерттеушілердің пікірі негізге алынып, тұжырымдар жасалады. Мақалада қазақ балалар әдебиетіндегі көркемдік жүйенің дамуы мен оның ұлттық құндылықтармен байланысы кеңінен талданады.

**Түйін сөздер:** Балалар әдебиеті, Алаш кезеңі, жанрлық жүйе, көркемдік құралдар, ұлттық құндылықтар, поэма, проза, әңгіме, мысал.

**Кіріспе.** Алаштың ренессанстық жолы ұлтына ақиқат жолымен жүріп, қызмет ететін Әлихан, Ахмет, Міржақып сынды алыптарды қалыптастырды. Осы алыптың жанына бір топ қазақ оқығандары жиналды. Олар Алаш Орданың, Алаш қозғалысының, Алаш партиясының негізін қалады. Қазақ ғылымын, қазақтың рухани келбетін жасады.

Жазба әдебиеттің іргелі саласы саналатын қазақ балалар әдебиетінің дамуы мен қалыптасуы кеңестік және алашшыл қаламгерлер арасындағы жіктелу уақытымен сәйкес келді. Кеңестік-большевиктік бағытты қуаттаған қаламгерлер балалар әдебиетін жаңа өндірістердің ашылуы, кеңестік биліктің нығаюы, жұмысшы таптың ортасынан шыққан кеңестік идеяға құлай берілген жас азаматтарды қалыптастырғысы келді. Ал ұлтшыл, алашшыл демократтар ортасы ағартушылық жолды қолдады. Ұлттық дәстүрдің жібін жалғап, жас ұрпақтың жадына ұялату мақсаттарына айналды. Дегенмен, қиын-қыстау заман болса да XX ғасырдың бас кезіндегі балалар әдебиеті жаңаша бір кезеңге, жолға қадам басты. Поэзия, тақпақ, проза, повесть, әңгіме, ертегі, мысал сынды жанрларда Алаш кезеңінде тың туындылар дүниеге келді, жаңа жанрлар қалыптасты. Символикалық мәндегі түрлі образдар, бейнелі сөздер осы уақытта жазылған көркем шығармалардың құндылығын арттырды. Әсіресе, алашшыл оқығандар қазақ балаларын оқуға шақырды. Қараңғы, оқымаған жас буынды білім мен өнерге ұмтылдырды. Оқуға шақыру туындыларында үндеу басым болғандықтан көркем туынды мен публицистикалық стиль ішкі мазмұн тұрғысынан байланысты болды. Балаларға арналған көркем шығармалармен қатар Алаш



кезеңінде балалар әдебиетінің қарыштауына газет-журналдардың және баспалардың ықпалы болды. «Қазақ» газетінде қазақ балаларының білім алуға деген құлшынысы, жас буынға арналған туындылардың барлығы газеттің әр санында жарияланды. Мұнымен қатар Ташкенттен шығатын «Алаш» газетінде елді тыныштыққа, балаларды оқу мен білімге насихаттаған «Алаш балалары» атты мақала жарыққа шықты.

Алаш кезеңінде балалар әдебиетінің түрлі жанры жаңару, жаңғыру бағытын таңдады. Ахмет Байтұрсынұлы «Әліпби», «Тіл-құрал» арқылы теориялық қағидаларды түсіндіргеннен соң, мысал ретінде бала танымына сәйкес, қазақ өмірімінен хабар беретін мысалдарды жинақтап, халық ауыз әдебиет үлгілерін ұсынып отырды. Бата, насихат, қанатты сөздер, мақал-мәтел, жаңылтпаш тағы осы қатарлы ауыз әдебиет үлгілерін жас ұрпақтың жасына сәйкес қосты. Ахмет Байтұрсынұлы: «Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді, сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады» дейді [1,155]. Біздің де басты мақсатымыз – Алаш кезеңіндегі қаламгерлердің балалар әдебиетін қалыптастырудағы орнын анықтап, туындылардың көркемдік-жанрлық жүйесін зерделеу.

«Қазақ», «Айқап» сынды газет-журналдармен қанаттас «Жәрдем» сынды баспалар Алаш кезеңіндегі балалар әдебиетінің жарыққа шығуына үлкен үлес қосты. Ағайынды Нығметуллин Сұлтан мен Нығметуллин Садық баспа негізін 1912 жылы қалады. Баспаханадан алғашқы балалар әдебиетінің қатарында «Балаларға жеміс» атауымен Тайыр Жомартбайұлының өлеңдер жинағы жарыққа шыққан [2,193].

Аты алты алашқа таныс тұлғалармен қатар есімдері қазір де көпшілікке белгісіз алаштықтар да балалар әдебиетіне деген жанашырлығы мен құштарлығын тоқтатқан жоқ. Сондай тұлғалардың бірі – Кәшімов Мұхаметсәлім Әбдрахманұлы. Алаш қозғалысына қатысып, қазақ балаларының оқуына, білім алуына өз деңгейінде көмектесе алған. Әкесіне еріп қасиетті Меккеге барып «бала қажы» атанған. Қазақ балаларына арнап «Әдеп», «Ақыл» кітабы және «Сабақ» сынды еңбектер жазған. Еңбектерінде жас ұрпақтың тәрбиесін ұлттық салт-дәстүрмен байланыстыруды мақсат еткен [2, 223].

XX ғасырдың бас кезіндегі балалар әдебиеті жанрлық ауқымын ұлғайтып, көркемдік жүйесін тағы бір белеске көтерді. Осы уақытта балаларға арналған өлеңдер, әңгімелер, авторлық ертегілер, мысалдар мен пьесалар қалыптасып, жүйелі түрде дамуға бет алды. Сондай-ақ, халық ауыз әдебиетінің дәстүрлі үлгілері – аңыздар, жырлар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар да балалар әдебиетінің бөлінбес қазығына айналды. Аталмыш жанрлар ұлттық рухани мұраны негізге ала отырып, оянған жас буынды қалыптасыруда негізгі рөл атқарды. Қазақ балалар әдебиетінің көркемдік құралдарының нығаюына ерекеше ықпал жасады.

А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, І.Жансүгіров, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Дөнентаев, Т.Жомартбаев, Б.Өтетілеуов сынды қаламгерлер Алаш кезеңіндегі балалар әдебиетінің жанрлық және көркемдік жүйесін жасауда, балалар әдебиеті арқылы өмір шындығын жеткізуде үздіксіз жұмыс атқарды. Жоғарыда есімдері аталған қаламгерлер өлеңдер, мысалдар, әңгімелер, ертегілер, пьесалар және оқу құралдары арқылы жас буынның танымын кеңейтуге, ұлттық мұраларды насихаттауға барын салды. Көркем туындыларында халық ауыз әдебиетінің үлгілерін сақтап қана қоймай, жаңашыл идеялармен нығыздай түсіп, балалар әдебиетінің жанрлық құрылымын дамытуға және көркемдік деңгейін жетілдіруге ат салысты. Алаш кезеңіндегі қаламгерлердің еңбегі қазақ әдебиетінің қарыштауына және қазақ балаларының тәрбиелік, танымдық дегейінің артуына негіз болды.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Тақырыпты зерттеу аясында Алаш кезеңіндегі қаламгерлер қазақ балалар әдебиетінде жандандырған өлең, мысал, пьеса жанрларындағы және халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі сондай-ақ поэма, проза, әңгіме жанрларындағы туындылар зерделенді. Бұл туындылардың жанрлық ерекшеліктері мен көркемдік жүйесі қарастырылып, бала санасын оятудағы және ұлттық танымдық тұрғысына назар аударылды. Сонымен қатар, аударма туындыларды талдау барысында, олардың қазақ

балалар әдебиетіне ықпалы мен ұлттық тілдік ерекшеліктерді сақтаудағы маңызы талданды. Тарихи-әдеби әдісі арқылы Алаш кезеңіндегі әдеби еңбектердің жазылған уақытының саяси-әлеуметтік жағдайымен байланысы қарастырылды. Әдеби шығармалардың білім берудегі, ұлттық құндылықтарды бала бойына қалыптастырудағы маңыздылығы айқындалды.

Сол кезеңдегі балалар әдебиетінің көркемдік жүйесін зерттеу барысында әр жанрдың құрылымдық ерекшеліктері, образ жасау тәсілдері, тілдік және стильдік құралдарды пайдалану ерекшеліктері кеңінен зерделенді. Көркем туындылардағы көркем бейнелер мен тақырыптық мазмұнның басымдылығы терең талданды.

Тақырыпты кеңінен түсініп, жазу барысында теориялық әдістер: жинақтау, талдау, салыстыру тәсілдері қолданылды. Зерттеушілердің пікірлері мен Алаш кезеңінде жазылған туындылардан мысалдар ұсынылды. Аталмыш тәсілдер XX ғасырдың бас кезінде жазылған балалар әдебиетінің жанрлық және көркемдік жүйесін анықтауға мүмкіндік берді.

**Талқылау мен бақылау.** Алаш кезеңіндегі әдебиет халық ауыз әдебиетін басшылыққа ала отырып балалар әдебиетіне жаңа жанрлар қосты. Шет елдік озық деген туындыларды аударып, қазақ әдебиетінде жаңаша бір жанрды қалыптастырды. Ол – мысал жанры еді. Қазақ әдебиеттануында мысал жанры осы кезде ғана қалыптасты деген сөзден аулақпыз. Пушкин, Крыловтың мысал өлеңдерін аударған Ыбырай, Абай ізін Алаш кезеңіндегі қаламгерлер жалғастырды. Дегенмен, мысал жанрының аясы XX ғасырдың бас кезінде кеңейді. Тар жолдан, тайғақ кешуден тұратын заманда билік пен елін ұмытқан кейбір атқамінерлерді сынау үшін де, қазақ балаларын оқуға ұмтылдыру үшін де мысал жанры керек болды.

А.Байтұрсынұлы «Қырық мысалды», С. Көбеев «Үлгілі тәржімәні», С.Дөнентаев «Уақ-түйекті», Б.Өтетілеуі «Жиған-тергенді» халыққа ұсынды. Басты мақсат – мысал жанры арқылы халықты оятып, болашақты ойлауға, еңбек етуге шақыру.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі мен қазақ әдебиеті ғылымын қалыптастырған бірегей тұлға. Қазақ балалар әдебиетінің Ыбырайдан кейін түрленіп, дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер. Жас ұрпақтың, жаңа буынның оқырмандарына арнап «Тіл-құрал», «Әліпби», «Қырық мысал», «Маса» сынды туындыларын ұсынды. А. Байтұрсынұлы: «Баланы оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болуы керек» [3, 223].

И.А.Крыловтан «Қырық мысалды» аударуда Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылық қызмет атқарды. Ахмет Байтұрсынұлы балаларға арналған мысал мен өлеңдерінде жас буынды оқуға, менмен болмауға, тәрбиелі, тәртіпті, білімді болуға шақырды. И.А.Крыловтың мысалдарын сол кездегі өмірмен байланыстырып, қиын-қыстау сәттерді мысал жанры арқылы жеткізу. Мысал жанры арқылы да балаларға өнер мен біліммен үндес болуды үйретеді. «Аққу, шортан һәм шаян» [4, 57]. мысалы арқылы ұйымшыл болып, бірігіп еңбек етуге бағыттайды. Адам бойындағы тәкаппарлық пен күншілдік сынды жағымсыз қасиеттерді сынап, балаларға ондай жиіркенішті, жағымсыз қасиеттерден аулақ болуға үндейді. Осы сынды мысалдар

С.Көбеевте де болды. 1901 жылдан бастап, жердің шалғайлығына қарамай Ырғыз маңындағы ауылдардың бірінде білім беріп, қараңғылықтың тұңғығына еніп бара жатқан жас ұрпақты жарыққа алып шықты. Ізіне түсіп түртпектеген байларды Крыловтан мәндес мысалдарды тауып, аударып халыққа ұсынды. Соның дәлелі «Көлбақа мен Юпитер» мысал өлеңі [5, 87]. Ыбырай мен Абайдан кейін

А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов сынды қаламгерлер И.А.Крыловтың өлеңдерін қазақ танымына сәйкестендіріп аударды. С.Көбеев 1910 жылы Қазан қаласында «Үлгілі тәржімә» атымен мысал өлеңдер жинағын шығарды. Одан кейін «Үлгілі бала» атты қазақ балаларына оқу құралы ретінде шыққан кітабы қазақ балалар әдебиетінің қоржынын толтырды.

Мысал жанрын Алаш кезеңінде алға сүйреген қаламгерлер қатарында Сәбит Дөнентаев та болды. 1915 жылы ақынның екі бөлімнен тұратын «Уақ-түйек» атты өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Қазақ балаларын бос жатпауға, білім алуға, өнер үйренуге бағыттады. Оның шығармашылығы жанрлық және көркемдік жүйе тұрғысынан ерекше маңызға ие. Соның ішінде өлеңдері мен мысал жанрындағы туындылары эстетикалық жағынан өз құндылығын жойған жоқ. Өлеңнің негізгі тақырыбы, жанры ағартушылыққа бағытталды. Мысал жанры арқылы қазақ қоғамында орын алып жатқан кемшіліктерді мысал жанрына сәйкес әжуалап, дидактикалық мәнде астарлы, тұшымды ойлар айтады. Ақынның осы аталмыш жанрда «Көзі тоймаған ит», «Екі теке», «Ауырған арыстан» мысалдары жарыққа шықты [6, 76]. «Көзі тоймаған ит» мысалында ашкөздік пен қанағатсыздықты айтса, «Ауырған арыстан» мен «Екі теке» [6, 80] мысалында адам бойындағы жағымсыз мінездерді сынға алды. Қазақ балаларын кішіпейілділік пен адалдық шеңберінен шықпауға шақырды. Сонымен қатар, Алаш кезеңіндегі балалар әдебиетінің жанрлары ұлғайды. Соның ішінде балаларға арналған өлеңдер мен әңгімелердің тынысы кеңейді. Бұл кезеңдегі өлеңдердің басым көпшілігі ағартушылық бағытта болды. Әңгіме жанрының да салмағы артты. А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы,

І.Жансүгіров, М.Жұмабаев, С.Көбеев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Дөнентаев сынды ХХ ғасырдың бас кезін қамтитын қаламгерлер шығармашылығы поэзиядан Абай бағытын, әңгімеден Ыбырай жолын жалғастырды.

ХХ ғасыр басында қазақ балалар әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қаламгерлер қатарында Сұлтанмахмұт Торайғыров елеулі орын алады. Өлеңдерінің жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі тың идеялар мен белгілі бір формаға құрылған. Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ балалар әдебиетіне білім күресі мен ағартушылық сипат қосып, Алаш баласының намысы мен жігерінің қалай болу керектігін санамалап көрсетті. Жас буынды қараңғылықтан құтылып, білім мен өнерге ұмтылуына шақырады. Бәрімізге таныс «Шәкірт ойы» атты өлеңінде болашаққа ұмтылған жас буынның ішкі толқынысы мен жүрек сөзі анық байқалады:

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қараңғылықтың көгіне,  
Күн болмағанда, кім болам?! [7, 45].

«Шәкірт ойы» өлеңінде бейнелі сөздер мен символикалық образдарды шеберлікпен қоса отырып «күн болу» сынды көркемдегіш құралдар шәкірт ойын, ашық жас алаштықтардың жаңа келбетін көрсетті. Сонымен қатар, «Талаптыға», «Шәкірт ойы», «Шығамын тірі болсам адам болып» [7, 58]. сынды өлеңдерін оқи отырып өлең мен публицистикалық стильді байланыстыруда жанрлық ерекшелігін байқаймыз. Себебі Сұлтанмахмұттың өлеңдерінде үндеу басымырақ келеді. Бұл өлеңде көсемсөздік стиль мен пәлсапалық ойлар қатар кіріктірілген. Өлең мен стильді бір өлең аясына, өз идеясы жолындағы біріктіруі жас буынды ағарту, қараңғылықтан ояту басты мақсат болды. Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты, өлеңінде болашаққа үндеуі басым, Алаш кезеңінде өмір сүрген, біз жоғарыда мысал жанрындағы туындыларына тоқталған ақын С. Дөнентаев та «Талап», «Балалық», «Менің жайым» «Замандастар» [6, 36] өлеңдерінде білімнің маңыздылығы, өнер мен мәдениеттің ешүақытта да құндылығын жоймайтынын жазды. «Балалық» [6,40] атты өлеңінде қазақ қоғамындағы баланың болмысын, мінезін сыншыл тұрғыда зерделеп, сенгіштік пен аңғалдықтың кері әсері болатындығын да өлең арқылы береді. Ал «Замандастар» [6,36] өлеңінде білім алу тек жас буынға ғана емес, кұллі қоғамға керек екендігін айтып, пайдалы кеңестерін тармаққа сыйғызады. Сондай-ақ, ақын оны мысал жанрында да жүйелі қолданады.

Мағжан Жұмабаев балалар әдебиетін биік арнаға көтерген Алаш қайраткері. Қазақ балалар әдебиетінің әлемдік балалар классиктерінің туындыларымен қанаттас тұруына еңбек еткен ұлттың дарынды перзенті. Мағжан Жұмабаев туындыларында білім беру тақырыбы маңызды орынға ие болды. ХХ ғасырдың 20-30 жылдары ақын мектеп

оқушылары мен мұғалімдеріне негіздеп «Педагогика» және «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» сияқты еңбектерін жариялап, оқырманға, қазақ қоғамына ұсынды. Мағжан баланы қысыммен, зорлық-зомбылықпен оқытуды қаламады. Баланың ерікті түрде, өз ынтасымен білім алуына, мектепке баруына құштарлығын оятқысы келді. Ол құштарлық пен сенімділікті ояту қазақ оқығандарының мінедетіне айналды. М.Жұмабев: «Баланы жазамен қорқыту еш дұрыс емес. Баланы ұру, соғу ісі адамшылыққа ұнамайтын іс. Ұрылып, соғылып тәрбиеленген бала жанының бар жақсы мінездерінен, ақылынан, есінен айрылып, миғұла болады. Сужүрек, жасқаншақ болады» [8, 89], - дейді. Мағжан Жұмабаевтың балалар әдебиетіне қосқан үлесі ұшан теңіз. Жас буынның психологиясын бағамдай отырып, рухани кемелденуіне негіз болатын көркемдігі жоғары туындыларды жарыққа шығарды. 1926 жылы қазақ балаларына арналған туындылары «Жаңа мектеп» журналында жарияланды. «Ойын», «Ана», «Бөбектің тілегі», «Сал, сал, сал білек», «Немере мен әжесі» сынды өлеңдері жарияланды [9, 123]. Қазақ балалар әдебиетінде теңдессіз рухани мұра болды. Журналға енген өлеңдерінің жанрлық ерекшелігі де басқа ақындардан ерекше құрылған. Мысалы, «Бөбектің тілегі» өлеңі арқылы жас ұрпақтың кіршіксіз пәк арман тілегін жеткізеді:

Тоқтышағым тоғыз тап,  
Саулық қойым сегіз тап,  
Сегізін де семіз тап... [9,132]

Осы өлең арқылы ақын балалардың табиғатпен үндес болу керектігін меңзеп, еңбек пен игілік турасындағы түсініктерін ұлғайтады.

Мағжан қазақ балаларына арналған туындыларында ертегі, дастан, поэма жанрларын тиімді пайдаланды. «Ертегі», «Жүсіп хан», «Қойлыбайдың қобызы», «Өтірік ертегі» [9, 110] сияқты көркем шығармалары жас буынды жақсылық пен жамандықтың ара-жігін айқындауға, шындықты бағалауға үйретеді. Мысалы, «Өтірік ертегі» [9, 115] поэмасында тышқандар мен мысықтардың қарым-қатынасы арқылы сол кезеңдегі саяси астарлы ойларды жеткізеді. Жүзім шарабын ішіп алып көтеріліс бастаған тышқан және мысықтардың сатқындық әрекеті, соңында екі тараптың да аластатылуы балаларға өте қызықты әрі оқиғаға толы әңгіме ретінде жазылған. Мағжан Жұмабаевтың көркем туындыларының көркемдік ерекшелігі – жас буынның жадына қабылданатын түсінікті ақпарат пен сюжеттік тартымдылыққа, жатық тілге құрылған. Ол балалардың дүниетанымын байыту үшін қысқа, мазмұнды, қызықты оқиғалар мен образдарды жүйелі қолданды. Сондай-ақ, шығармаларында ізгілік, қарапайымдылық, мейірімділік, шыншылдық сынды жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеп, жасөспірімдерге ұлтшылдық мінез бен тәрбие негіздерін ұялатады.

Қазақ балалар әдебиетінде ерекше орын алып, балалар әдебиетінің жанрлық және көркемдік жүйесін дамытуда өлшеусіз еңбек сіңірген қайраткер – Жүсіпбек Аймауытов. Ж. Аймауытов ең алдымен бала тәрбиесіне үлкен көңіл бөліп, осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізген. Оның бала тәрбиесіне қатысты жазған еңбектері ұлттық педагогика мен психологияның қайнар көзі десек еш қателеспейміз. «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде қазақ балаларының жан-жақты дамуы үшін білім беру, өнердің, тәрбиенің маңыздылығын ескере отырып, бала тәрбиелеудегі дидактиканың ғылыми негізін қазақ тілінде тұңғыш рет жүйелі түрде жазып шығады. Бала тәрбиелеуде отбасылық өнегені естен шығармауға үндейді. Ж. Аймауытов: «Баланы бұзуга, яки түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнінде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешесінің тәрбиесі арқылы қалыптасады» деп ата-ананың бала тәрбиесіндегі орнына ерекше мән береді [10, 98]. Қазақ балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық жүйесін дамытуда Ж. Аймауытов балаларға арнап өлеңдер, тақпақтар, қысқа әңгімелер, тіпті көлемді повестер мен романдар жазып, әдебиет саласына үлкен жаңалық енгізді. Балаларға арналған өлеңдерінде табиғаттың әсемдігін, туған елдің көркемдігін, ізгілік құндылықтарын және ұлттық рухты ерекше ынтамен жеткізген. Біз бұл жағынан Абай дәстүрін жалғастырған қаламгер ретінде де танимыз. Мәселен, «Жазғы шілде» өлеңі балаларды табиғатпен үйлесімді болуға, шат-шадыман ғұмыр кешуге шақырады:



Ой, балалар, балалар!  
Шілдем, шілдем, шілде айым,  
Шұбар ала шешектер,  
Шудаланған көп шөптер... [11, 6]

Өлеңде қаламгер табиғат аясындағы балалық шақтың тәтті көріністерін, ойын-сауыққа толы күндерді көркем тұрғыда суреттейді. Табиғат лирикасына сүйене отырып, балалардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттырады..

Әңгіме жанрында да Ж. Аймауытов қазақ балаларына қызықты әрі танымдық туындылар жазды. Оның «Жан-жануардың иісшілдігі» [11,12] атты әңгімесі балаларға көшпелі қазақ өміріндегі төрт түлік малдың қасиеттерін таныстыру мақсатында жазылған. Осы әңгімесінде қазақ халқының тұрмыс-салты мен табиғатпен үйлесімді өмір сүре білудегі даналығын нақты мысалдар келтіру арқылы әңгіменің көркемдік жүйесін дамытады. Төрт түлік, соның ішінде жылқы мен сиырдың иіс сезгіштігі туралы шебер психологиялық детальдармен баланың таным дәрежесін, қиял көкжиегін кеңейтеді.

Қазақ балалар әдебиетінде алаш кезеңінде жазылған көркем шығармалар жетерлік. Жоғарыда біз еңбектеріне тоқталған қаламгерлерден басқа М.Дулатұлы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов, М.Әуезов т.б ақын-жазушылар балалар шығармашылығына қалам тербеген. Бұл кезеңде барлық қаламгерлер балалар әдебиетін айналып өткен емес. Соның ішінде, біздің қозғап отырған тақырыбымыздың аясында балалар әдебиетінде жаңа жанр пьесаның қалыптасуына негіз болған – Ілияс Жансүгіров. Қаламгердің өз сөзінде: «Бізде балалар әдебиеті – жасалмаған әдебиет. Сондықтан менің бар ойым осы әдебиеттің жасалуына көмектесу еді. Бұл туралы біраз еңбектерім бар: «Балаларға тарту», «Балаларға базарлық» тағы басқалар [12, 43] Бізде, әсіресе, техника, өнер жайында шығармалар туған жоқ. Енді бұл кетікке кірпіш қалауымыз керек» дейді. І. Жансүгіров техника, өнер саласында алғашқылардың бірі болып балалар танымына сәйкес өлеңдер ұсынды. Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығы қазақ балалар әдебиетінде ерекше мәртебеге ие болды. Оның техника, өнер, табиғат салаларын қарапайым әрі бала ұғымына лайықты түрде жеткізуге деген ұмтылысы – балалар әдебиетіндегі жаңалықтар ретінде бағаланды. Ақынның 1931 жылы жазған «Элеватор» өлеңі – осының жарқын дәлелі болмақ [12,54]. Бұл өлең бала мен ересек адамның диалогына құрылған. Өлеңде бала элеватордың құрылысы мен қызметі жайлы білгісі келеді, ал ересек адам жұмбақ түрінде баланың қойған сұрақтарына көркем жауап береді. Мысалы, жұмбақ өлең арқылы бала ағасына сұрақ қояды:

Кеудесі кең,  
Жегені жем,  
Батырың.  
Бойы зәулім,  
Аты кім? [12,54]

Бұл жердегі баланың сұрағы элеватордың сыртқы ситатын ашады. Ересектің жауабы жұмбақ шешімін анықтайды. Халық ауыз әдебиетінің жанры саналатын жұмбақты керемет үйлесіммен қолданады. Өлеңнің көркемдік-жанрлық ерекшелігінің өзегі құрылымында. Аралас буынды өлең үлгісінде жазылған туындыға зер сала отырып, автордың тың сүрлеу жол іздегені, жаңашылдығы көрінеді. Бұл өлеңге динамика сыйлайды. Ілиястың осындай жұмбақ айтыс немесе жұмбақ өлеңдерімен қатар Қызылорда қаласында 1930 жылы 67 жұмбақтан тұратын жинағы жарыққа шығады. Жұмбақтардың негізгі тақырыбы техника мен өнердің шеңберінде болады.

Жоғарыда айтқанымыздай І. Жансүгіров қазақ балалар әдебиетінде тұңғыш пьеса жанрының негізін қалаған. 1920-30 жылдардағы балалар әдебиеті саласындағы тынымсыз ізденісі оның 1934 жылы жазылған «Мектеп» пьесасында өз жемісін берген болатын. Бұл ретте «Қазақ кеңестік балалар әдебиетіне пьеса жанрын тұңғыш рет енгізген Ілияс болды. Бұған дейін бұл жанр қазақ балалар әдебиетінде болмаған» деген пікірді еске салуға болады [13, 293]. Балалар әдебиетіндегі үздік шығармалардың бірі І. Жансүгіровтың тағы да бір туындысы «Шәркей» әңгімесі. «Шәркей» әңгімесі Алаш кезеңіндегі балалар әдебиетінің

салмағын арттырды. Аталмыш туындының маңыздылығы жөнінде зерттеушілер мақаласында бұл шығарманың балаларға арналып, оқуға жеңіл және түсінуге қарапайым болғанымен, оның баланың танымдық түсінігін, дүниетанымын кеңейтуі мен тәрбиелік мәні жоғары болғандықтан, үлкен құндылыққа ие екендігін айтады [14, 28]. Алаш кезеңінде жазылған туындылармен қатар сол кездегі оқиғалардың барлығы ұрпақ санасында жаңғырмақ

**Нәтижелер.** XX ғасырдың басындағы қазақ балалар әдебиеті Ыбырай мен Абайдың ағартушылық және демократиялық дәстүрлерін әрі қарай жалғастырып, отаршылдыққа қарсы күрес пен тәуелсіздікті аңсау идеясын басты миссияларына айналдырды. Бұл кезеңдегі балалар әдебиеті қазақ халқының қараңғылықтан шығып, білім мен өнерге ұмтылуының символы болды. Ахмет Байтұрсынұлы, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Лияс Жансүгіров, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев сынды қаламгерлер қазақтың тарихи-мәдени дамуын арттырып, халықты өнер мен білімге шақырды.

Алаш кезеңінде қазақ балалар әдебиетін қалыптастырушы А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, С.Көбеев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіров сынды қаламгерлер қазақ балалар туындыларының жанрлық шекарасын кеңейтіп, шет ел әдебиетіндегі педагогикалық және танымдық бағыттарды, ұлтымыздың фольклорлық сарындарын сол кезеңдегі әдебиетке енгізген. М. Жұмабаев,

І.Жансүгіров сияқты ақын-жазушылар ауыз әдебиетіміздің озық үлгілері саналатын жұмбақ, ертегі, аңыздардың жаңа тынысын ашты. Ж. Аймауытов сынды қаламгерлердің Паустовский, Осеева сияқты жазушылардың тәсілдерін қазақ топырағына лайықтап қолдануы шығармашылық ізденістің жоғары деңгейін көрсетеді. Қазақ балалар әдебиетінде бұл кезеңде бірнеше жанрлар жанданып, қазақ әдебиеттануының үлес салмағын арттырды. Мысал, өлең, авторлық ертегі, пьеса, жұмбақ өлең, ағартушылық бағыттағы үндеу өлеңдер, прозалық жанрда әңгімелер қалыптасып, жанрлық тұрғыда алдыға жылжыды. Көркемдік жүйе тұрғысынан көркем шығармаларды бейнелі сөздер мен теңеулермен, метафоралармен байланыстыру тиімді болды. Алаш кезеңіндегі жазушылардың қазақ балаларының дүниетанымына сай жазылған шығармалары балалар әдебиетіндегі ерекше орнын айқындай түсті.

**Қорытынды.** XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ балалар әдебиеті ұлттың мәдени және әдеби дамуының маңызды бір бөлігіне айналды. Алаш кезеңінде қазақ балалар әдебиеті жаңа бір арнаға ауысып, жанрлық және көркемдік жүйесі жаңа белеске қадам басты. Алаш қайраткерлері, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды тарихи тұлғалар қазақ балалар әдебиетін дамытуда, ғылыми тұрғыдан қайта жасақтауда айрықша еңбек етті. Олар балаларға арналған әдеби көркем шығармалар арқылы оқыту, тәрбие, білім беру, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды ұрпақ жадына сіңіру міндетін Отан алдындағы борыштарына балады.

Алаш арыстары қалыптастырған қазақ балалар әдебиеті осы кезеңде ғылыми, ағартушылық бағыттағы поэзия, проза, драматургиямен толықтырылып, ұлттық тәрбиенің негіздері мен ұлтымыздың төл әдебиеті саналатын халық ауыз әдебиетінің үлгілері қайта жандандырылды. Сондай-ақ, жаңаша жанрлар мен көркемдік тәсілдер әдебиетімізге қосылып, мысал, ертегі, өлең, әңгіме, повесть сияқты жанрлар кеңінен дамыды. Осылайша, Алаш кезеңіндегі балалар әдебиеті қазақ халқының болашағы жас ұрпақты оқытуда, тәрбиелеуде негізгі құралға айналды.

Алаш қайраткерлері өз туындыларында балаларды оқу мен білімге қанаттандырып, жас буынды рухани және мәдени жағынан жетілуге, ұлттық мұраларымызды сақтауға шақырды. Алаштықтардың балалар әдебиетіне қосқан үлесі қазақ ұлтының сан ғасырлық қалыптасқан мәдени құндылықтарын жаңғырту мен қазақ балаларының дүниетанымын дамытуда аса маңызды рөл атқарғаны белгілі. Қайраткерлердің еңбектері ұлттық мұраларды сақтау мен дәріптеудің маңызды қадамы болды. Осылайша, қазақ балалар әдебиеті жас буынға білім мен тәрбие берудің сенімді құралына айналды. Қазіргі күнде

де сол туындылар тәрбиелік және көркемдік мағынасы арқылы ерекше құнды болып қала бермек.

Қорыта айтқанда, Алаш кезеңіндегі қазақ балалары үшін жазылған әдебиеттің дамуы мен жетілуі біз үшін тарихи әрі көркемдік тұрғыдан маңызды болды. Осы уақытта жазылған туындылар қазіргі күнде де жас буын тәрбиесі үшін елеулі әрі құнды әдебиет болып, ұрпақ жадында сақтала бермек.

### Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы : Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Тілепов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан. Қазақ прозасы: Хрестоматия. – Алматы: Ғылым, 2001. – 672 б.
4. Байтұрсынұлы А. Қырық мысал: өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2004. – 120 б.
5. Көбеев С. Орындалған арман. – Алматы: Жазушы, 1989. – 416 б.
6. Білгеннің пайдасы. Қазақ ақын-жазушыларының балаларға арналған шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2009. – 61 б.
7. Торайғыров С. Шығармалар: 2-томдық. – Алматы: Жазушы, 1967. – 380 б.
8. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 1994. – 316 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалар: 3 томдық / Ред.алқасы: М.Базарбаев (жауапты ред.) т.б. – Алматы: Білім, 1995. – 512 б.
10. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші: Бала оқытушыларға. – Орынбор: Қазақстан, 1924. – 186 б.
11. Аймауытов Ж. Жаман тымақ: Өлеңдер, жұмбақтар, әңгімелер, ертегілер / құраст. Р. Тұрысбеков... – Алматы: Балауса, 1992. – 48 б.
12. Жансүгіров І. Жастарға: өлеңдер жинағы. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет, 1959. – 59 б.
13. Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы : бес томдық / І. Жансүгіров ; Қазақ ССР Ғылым Академиясы, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. – Алматы : Жазушы, 1988. – 432 б.
14. Қасқабасов С.А., Сейітжанов З.Н., Набиолла Н. Илияс Жансүгірұлы және халық мұрасы // «Керуен» ғылыми журналы. Vol 81. – №4, 2023 – Б. 17-20. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-01>
15. Kairbek R. Kemengger. How was the army of the Alash state built? Sultan K. Zhussip (Aqquly), Dikhan Qamzabekuly, Satay M. Syzdykov, Khalil B. Maslov // Journal of the National Academy of Legal Sciences of Ukraine, Vol. 28. – №3, 2021. URL: <http://visnyk.kh.ua/en/article/yak-buduvalasya-armiya-derzhavi-alash>

**Н.А. ҚУАНЫШБАЕВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,  
Республика Казахстан

**С. САГЛАМ**

Университет Памуккале, Денизли, Турция

### ХУДОЖЕСТВЕННО-ЖАНРОВАЯ СИСТЕМА ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ ПЕРИОДА АЛАШ

**Аннотация.** В статье рассматривается художественно-жанровая система казахской детской литературы периода Алаш. В процессе исследования анализируются жанровые особенности произведений казахской детской литературы, написанных в начале XX века, включая басни, стихи, пьесы, образцы устного народного творчества в виде сказок, скороговорок, загадок, а

также жанры поэмы, прозы и рассказа. Системно исследуются художественная структура произведений, их место в национальном образовании и роль в литературе, предназначенной для детей. Подробно изучается становление жанровой системы казахской детской литературы периода Алаш, художественные средства и стилевые особенности произведений. Через литературные произведения выявляются национальные ценности и культурная самобытность казахского народа. Также особенности каждого жанра казахской детской литературы анализируются с использованием методологических подходов, оценивается вклад произведений писателей периода Алаш в казахское литературоведение. На основе мнений исследователей детской литературы сделаны выводы. В статье детально рассматривается развитие художественной системы казахской детской литературы и её связь с национальными ценностями.

**Ключевые слова:** детская литература, период Алаш, жанровая система, художественные средства, национальные ценности, поэма, проза, рассказ, басня.

**N.A. KUANYSHBAEVA**

L.N. Gumilyev Eurasian national university, Astana, Republic of Kazakhstan

**S. SAGLAM**

Pamukkale University, Denizli, Turkey

## THE ARTISTIC AND GENRE SYSTEM OF CHILDREN'S LITERATURE IN THE ALASH PERIOD

**Annotation.** This article examines the artistic and genre system of Kazakh children's literature during the Alash period. The study analyzes the genre-specific features of works of Kazakh children's literature written in the early 20th century, including fables, poems, plays, examples of oral folk literature such as fairy tales, tongue twisters, riddles, as well as the genres of poems, prose, and short stories. The artistic structure of works in these genres, their role in national education, and their place in children's literature are systematically studied. The formation of the genre system of Kazakh children's literature during the Alash period, as well as the artistic tools and stylistic features, are explored in depth. Through literary works, the national values and cultural identity of the Kazakh people are revealed. Additionally, the unique characteristics of each genre in Kazakh children's literature are analyzed using methodological approaches, and the contributions of Alash period writers to Kazakh literary studies in revitalizing these genres are evaluated. The article is based on the opinions of children's literature researchers and draws conclusions accordingly. The development of the artistic system of Kazakh children's literature and its connection to national values are examined in detail.

**Keywords:** children's literature, Alash period, genre system, artistic tools, national values, poem, prose, short story, fable.

## References

1. Baitürsynұлы А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. – Алматы : Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Тілешов Е., Қамзәбекұлы Д. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.
3. Baitürsynұлы А. Қазақша оқу жайынан. Қазақ прозасы: Хрестоматия. – Алматы: Ғылым, 2001. – 672 б.
4. Baitürsynұлы А. Қырық мысал: өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 2004. – 120 б.
5. Көбеев С. Орындалған арман. – Алматы: Жазушы, 1989. – 416 б.
6. Білгермұн пайдасы. Қазақ ақын-жазушыларының балаларға арналған шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2009. – 61 б.
7. Торайғыров С. Шығармалар: 2-томдық. – Алматы: Жазушы, 1967. – 380 б.
8. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 1994. – 316 б.



9. Jūmabaev M. Şyğarmalar: 3 tomdyq / Red.alqasy: M.Bazarbaev (jauapty red.) t.b. – Almaty: Bılım, 1995. – 512 b.
10. Aimauytov J. Tärбиеge jetekşı: Bala oqytuşylarğa. – Orynbor: Qazaqstan, 1924. – 186 b.
11. Aimauytov J. Jaman tymaq: Ölender, jūmbaqtar, ängimeler, ertegiler / qūrast. R. Tūrysbekov... – Almaty: Balausa, 1992. - 48 b.
12. Jansügirov I. Jastarğa: öleñder jınaғы. – Almaty: Qazaq körkem ädebiet, 1959. – 59 b.
13. Jansügirov I. Bes tomdyq şyğarmalar jınaғы : bes tomdyq / I. Jansügirov ; Qazaq SSR Čylym Akademiasy, M.O. Äuezov atyndaғы ädebiet jäne öner instituty. – Almaty : Jazuşy, 1988. – 432 b.
14. Qasqabasov S.A., Seitjanov Z.N., Nabiolla N. Ilias Jansügirov jäne halyq mūrasy // «Keruen» ğylymi jurnaly. Vol 81. – №4, 2023 – B. 17-20. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-01>
15. Kairbek R. Kemengger. How was the army of the Alash state built? Sultan K. Zhussip (Aqquly), Dikhan Qamzabekuly, Satay M. Syzdykov, Khalil B. Maslov // Journal of the National Academy of Legal Sciences of Ukraine. Vol. 28. – №3, 2021. URL: <http://visnyk.kh.ua/en/article/yak-buduvalasy-armiya-derzhavi-alash>

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Қуанышбаева Назерке Алмасқызы** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Қуанышбаева Назерке Алмасовна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Kuanysbbaeva Nazerke Almaskyzy** – doctoral student of L.N. Gumilyov Eurasian national university

**Сонер Сағлам** – философия докторы (PhD), Памуккале университетінің профессоры, Денизли, Түркия.

**Сонер Сағлам** – доктор философии (PhD), профессор университета Памуккале, Денизли, Турция.

**Soner Saglam** – Doctor of Philosophy (PhD), Professor Pamukkale University, Denizli, Turkey.

**\*А.Б. ШАЛҒЫНБЕКОВА<sup>1</sup>** **А.Д. АМРЕНОВ<sup>2</sup>** Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университеті,  
Қазақстан, Павлодар<sup>1,2</sup>(e-mail: [ayauuzhan@mail.ru](mailto:ayauuzhan@mail.ru)<sup>1</sup>, [adilbek.61@mail.ru](mailto:adilbek.61@mail.ru)<sup>2</sup>)**АҚЫН МӘЖИТ АЙТБАЕВТЫҢ ПОЭЗИЯСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында әскери тұтқында болған ақын Мәжит Айтбаевтың әдеби мұрасы, шығармашылығы қарастырылады. Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орыны бар дарынның соғыс тұтқынында жүріп жазған поэма, баллада, өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі, тақырыптық-идеялық өзектілігі талданады. Поэма, балладаларында романтизм эстетикасына тән бейнелеу тәсілдері ұштастырылғаны айтылады. Поэзиясындағы басты тақырыптар арнасы екшеліп, көңіл-күй, табиғат лирикасының терең психологизмге құрылуының қоғамдық-әлеуметтік негіздері айқындалады. Жырықта жүріп қамыққан сыршыл ақынның туған елі мен жеріне, туған-туысқандары мен ата-анасына, сүйгеніне деген сағынышы жырланған лирикалық өлеңдерінің қазақ әдебиеті тарихындағы маңызы зерделенеді. Қазақ поэзиясының көркемдік жүйесін, жанрлық сипатын романтикалық поэма, балладаларымен еселеудегі ақындық қызметі бағаланады. Мәжит Айтбаевтың әдеби мұрасын қарастыра келіп, оның шығармашылығы соғыс тұтқынындағы ақынның күрделі тағдырын тереңірек тануға мүмкіндік беретінін ұғынамыз. Ол қазақ поэзиясында соғыс тұтқынындағы адам тағдырын жырлаған жаңашыл ақындардың бірі болды деген қорытынды жасалады.

**Кілт сөздер:** Екінші дүниежүзілік соғыс, әскери тұтқын, Мәжит Айтбаев, ақын, поэзиясы, әдеби мұра, шығармашылығы.

**Кіріспе.** Кеңестік кезеңде үстемдік еткен әміршіл-әкімшіл жүйе ұлттық сананың қалыптасуына, еркін ойдың дамуына және шығармашылық еркіндікке елеулі түрде шектеу қойып, көптеген қаламгерлердің тағдыры мен әдеби мұрасының бұрмаланып бағалануына алып келді. Соның салдарынан ұлттық әдебиеттің тұтас бір қабаты толыққанды зерттеусіз қалды. Осы себепті өткен тарихи кезеңнің қателіктерінен арылып, тоталитарлық жүйенің қысымынан алынар тағылымды тәуелсіздік рухы мен жаңарған ұлттық сана тұрғысынан қайта зерделеу – қазіргі қоғам үшін де, әдебиеттану ғылымы үшін де аса маңызды әрі уақыт талабынан туындаған өзекті міндет болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеттану ғылымында, әдебиет тарихында зерттеу нысанынан тыс қалып келе жатқан аса өзекті тақырыптар аз емес. Әміршіл-әкімшіл жүйеге құрылған кеңестік қоғамға тән өткеннің қателіктерінен арылып, тоталитаризм қысымынан тағылым алу – жаңаруға бет алған қоғам үшін қашанда көкейкесті. Советтік ұтсыздандыру саясатына қарсылықтан туған «ЕСЕП» (Елін сүйген ерлер партиясы) қалам қайраткерлері Б.Ысқақов, М.Темірұлы, А.Нәрешов, А.Нәрешов, К.Жүністегі сынды тұлғалар шығармашылығы, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында әскери тұтқында болған Мәжит Айтбаев, Мәулікеш Қайболды, Әли Асқар, Хамза Абдуллин, Мәжит Аяпбектің әдеби мұрасы жан-жақты қарастырылып, объективті бағалауды қажет етеді. Ақын Мәжит Айтбаевтың соғыс тұтқынында жүріп жазған поэзиясы, шығармашылық ізденісі қазақ әдебиетінің көркемдік-эстетикалық жүйесін еселеп, жанрлық сипатын үстей түсті. Әсіресе поэма, балладалары, көңіл-күй лирикасы, табиғат лирикасы және

көркем аудармалары ақындық болмысының өзіндік шеберлігіне бойлатады. Ақын қазақ поэзиясында алғашқылардың бірі болып соғыс тұтқынындағы шерлі жанының мұңы мен зары, қайғысы мен қасіреті көрініс тапқан шоғырлы өлеңдер тудырды.

Ақын Мәжит Айтбаевтың соғыс тұтқынында жүріп жазған поэзиясы қазақ әдебиетінде айрықша орын алады. Оның шығармашылық ізденісі ұлттық поэзияның көркемдік-эстетикалық жүйесін байытып, жанрлық аясын кеңейтті. Ақынның поэмалары мен балладалары, көңіл-күй және табиғат лирикасы, сондай-ақ көркем аудармалары оның терең ойлы, шебер суреткер екенін айқын танытады. Мәжит Айтбаев қазақ поэзиясында алғашқылардың бірі болып соғыс тұтқынындағы адамның ішкі жан әлемін, шерлі көңіл-күйін, мұңы мен зары, қайғысы мен қасіретін көркем бейнеге айналдырған шоғырлы өлеңдер жазды.

Оның поэзиясынан адамдық рухтың сынбаған беріктігі, үміт пен сенімнің оты, елге, туған жерге деген сағыныш сезімі айқын аңғарылады. Бұл шығармалар тек жеке бір ақынның тағдырын ғана емес, соғыс жылдарындағы мыңдаған тағдырлардың ортақ трагедиясын бейнелейді. Сондықтан Мәжит Айтбаевтың және онымен тағдырлас қаламгерлердің әдеби мұрасын тәуелсіздік кезеңінің биігінен бағалау – қазақ әдебиетінің тарихын толықтырумен қатар, ұлттық рухани сананың жаңғыруына қызмет ететін маңызды ғылыми-рухани іс болып табылады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеуде әдеби-тарихи, сипаттама, жинақтау, герменевтика, дискурстық талдау әдістері қолданылды. Екінші дүниежүзілік соғыс тұтқынындағы түркістандықтардың қилы тағдырын қарастырған Х.Абдуллин, Қ.Қасеновтардың «Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» (1993), А.Кәкеннің «Түркістан легионы» (2000), Б.Садыкованың «История Туркестанского легиона в документах» (2002), Х.Оралтайдың «Елім-айлап өткен өмір...» (2005), С.Бекеновтың «Қазақ тұтқыны» (2007), Г.Көкебаеваның «Талқыға түскен тағдыр: түркістандық соғыс тұтқындары» (2023) кітаптары, М.Айтбаевтың әдеби мұрасын «Шер» атауымен жарыққа шығарған У.Қыдырханұлы еңбегінің құндылығы ерекше. Аталған еңбектердің соғыс тұтқынындағы қазақ жауынгер қаламгерлерінің бізге беймәлім ғұмырбаянын, шығармашылық болмыстарын танудағы маңызы орасан зор.

**Талқылау мен бақылау.** Екінші дүниежүзілік соғыс соғыс тұтқынына түскен ақын-жазушылар тағдыры аса күрделі. Кеңес билігі өз азаматтарынан бас тартып, саяси сенімсіздік танытты. Олар екі жақты қысым мен қысастыққа ұшырады. Бірі – жау тұтқынындағы зорлық-зомбылық болса, екіншісі – адам құқығын аяққа таптап, атақты елу сегізінші статьямен қуғын-сүргінге түсірген озбыр жүйе қиянаты болатын. «Соғыстан кейін неміс тұтқыны болғандарды И.Сталиннің 1941 жылы 16 тамызда қабылдаған «Соғыста жау қолына түскен тұтқындар қасақана әскерден қашқан болып есептелсін...» деген 270-бұйығына сәйкес қатаң жаза күтіп тұрды. Осыны білген легионерлер туған топырағына оралмай, дені шетелде қалып қойды. Бұлардың өмірбаян деректеріне соғыста «хабар-ошарсыз кеткендер» делінді» [1]. Соғыс тұтқынындағы жауынгерлердің бәрі дерлік елге оралған соң РСФСР қылмыстық кодексі 58 бабының әртүрлі тармақтарымен репрессияға ұшырады. Ату жазасына кесіліп, он жыл, жиырма бес жылға бас бостандықтарынан айырылды [2,89].

Соғыс тұтқынындағы аяусыз ұрып-соғу, азапты тергеулер, концлагерлердегі улы газ камераларында көрген қиямет-қайымды атамағанда, елінде түрмеге тоғытатын немесе өлім жазасына кесетін имансыз жүйе үрейі оларды тығырыққа тіреді. Бұл ретте соғыс ақиқатын бұрмалаусыз тануға мүмкіндік беретін тарихи деректі құжаттармен қатар әдеби көркем туындылар соғыс тұтқынының мұң-шер, қайғы-қасіретке толы жан сырының психологиялық қатпарына тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Сондай айтулы тұлғалар қатарында ақын Мәжит Айтбаевтың есімі ерекше аталады. Ақын мұрасын жеке кітап етіп жариялаушы, шығармашылығын зерттеуші У. Қыдырханұлының: «Бүгінгі қазаққа Мәжит Айтбаевтың соғысқа дейінгі өзі де, соғыстан кейінгі ізі де мәлім емес» [3, 13] - деген пікірі ащы шындық. Оның өзіндік себептері жетіп артылады. Біріншіден, әлі де болса

соғыс тұтқындарына қатысты коммунистік идеологияға тән біржақты қасаң көзқарастан толық арыла алмаудамыз. Екіншіден, соғыс тұтқынындағы жауынгерлердің ресми заңнамалық негізде толық ақталмауын баса көрсетеміз. Коммунистік жүйе Гаага, Женева конвенцияларының әлем ммоындаған халықаралық қарарларын қабылдамағаны мәлім. Оның ауыр зардаптарын сан мыңдаған кеңес жауынгері тартты. «Война без пленных не бывает. Эта истина подтверждается многовековой историей. Для любого воина плен – позор, скорбь и надежда. В XX в. человечество пережило две глобальные войны. В годы Второй мировой войны плен стал жесточайшим физическим, психологическим и нравственным испытанием для миллионов советских военнопленных, большинству стоил жизни...» [4].

Мәжит Айтбаевтың ақындық қуаттағы шығармашылық тұлғасының қалыптасуы соғыс тұтқынындағы кезеңімен тұспа тұс келеді. Ақынның 1943 жылы Германияның Берлин қаласынан «Абылай» кітабы жарық көрді. Кітап Милли Түркістан комитетінің жанындағы әдеби-ілімі бөлім тарапынан шығарылды.

Жинақта ақынның «Абылай», «Киік зары» дастандары, «Ұлы жолда», «Бүркітші», «Жолаушы», «Жетімдер», «Дәрігер қарындас» балладалары, «Ана», «Арман», «Орамал», «Бұлар бір адам біздердей!», «Философ сөзі», «Баласыз шалдың зары», «Кеңесті тәуіп менімен», «Мен түс көрдім», «Әйелдер», «Түркістан», «Алтай», «Алтай жыры», «Қызыл гүлге», «Күн нұры көпке ортақ деп...», «Үйде туған ұлмын мен...», «Жорық жыры», «Таң жыры», «Бесік жыры», «Күншығыс», «Тілегім», «Емен мен қайың», «Жаным бүгін сағынды», «Қорған», «Күз», «Айдыңды көлді жер еді (Л.У.М.-ға)», «Күрсінеді көгершін», «Сен мендік, мен сендік», «Жырлайын алтын Алтай аясында», «Екі көрініс», «Егіздің әңгімесі», «Жол жыры», «Орда», «Қоңырау», «Көрген түстен көңілім менің жаңылды», «Періштем, тірі бар болсаң... (Вера)», «Достар, болар ма ұмытар кезім», «Алайда, адам заңында...», «Достарым, мен сіздер үшін көтердім» [5] өлеңдері берілді.

М. Айтбаевтың соғыс тұтқыны жылдарында жазылған поэзиясы қаһарманның жан күйзелісі мен азапқа толы ішкі жан жегісіне терең бойлауымен ерекшеленеді. Аса ауыр тағдырды басынан кешкен тұтқын трагедиясы терең психологиялық тебіреніспен жырланады. Өлеңдері бірде шер мен жігер, бірде қайғылы және қайратты сарындармен алмасып жатады. Ортақ ой, ортақ сезім, ортақ көңіл-күй ауанындағы лирикасында ақын пессемистік әуезге салына бермей, ерлікке, өрлікке, азаматтықа шақыратын поэтикалық сарыннан қол үзбейді. Ақын зары елдің зары, әлеуметтің мұңымен бір арнаға түйіседі.

«Абылай» – Мәжит ақынның Мағжанның романтизм дәстүрінде жазылған көркем дастаны. Тәуелсіздікке дейін Қазақстанда беймәлім болып келген дастанның көркемдік сипатын, тақырыптық-идеялық өзегін зерттеушілер Р. Бердібай [6], Ө. Тарақ [7] әділ бағалады. 1943 жылы жазылған туынды 1971 жылы Мюнхенде Хасен Оралтайдың алғы сөзімен қайта басылып шықты [3, 8].

Қазақ сөз өнерінің айтулы өкілдері С.Торайғырұлы, С.Сейфуллин, М.Жұмабайұлы, Ө.Тәңірбергеновтің тарихи туындылардағы Абылай хан бейнесін арнайы зерттеуші Ө.Тарақ ақын Мәжит Айтбаев поэмасының жазылуына Мағжан шығармашылығы тікелей ықпал еткенін екшейді. Ол поэма композициясынан, идеясынан айқын аңғарылатынын түйеді [7, 343].

Мәжит Айтбайұлының «Абылай» дастаны өзара көркем үйлесім, эстетикалық жарасымда өрілетін үш бөлімнен тұрады. «Қарт Алтай, қасиетті ата жұртым, // Жас жаным жабыққанда жеткен бұлтың, // Тебіреніп шексіз, шетсіз жерлерімді, // Ашайын жырмен бүгін көңіл кілтін. // Алтайдың ардагері Абылайды, // Ел үшін алтын таң мен жарық Айды // Жад етіп жырлар болсам, Абылайдың // Аруағы мені қалай танымайды?!» [5, 23] деп тебіренген ақын дастаны прологпен басталады. Прологта ақынның сыршыл сезім иіріміндегі көңіл толқыны мен ұшқыр қиялы тарих көшіндегі ұлттың қилы тарихымен, басты қаһарман Абылай ханның елдік мақсаттағы өршіл мұратымен үйлесімде бейнеленеді. Жарқын өмір, тұлға еркіндігін аңсаудағы романтикалық сарын ақын бетпе бет келіп отырған өмір қайшылығын суреттеудегі реалистік сипатпен табиғи жарасым тауып отырады.



Дастанның бірінші бөлімінде ел шетіне келген жаудың бетін қайтару жолында Шыңғыс тауын мекен еткен Хан Ордасында ел қорғаны ерлерді жинаған Абылай ханның айбыны мен айбары романтикалық пафоста айшықталады. Эстетиканың қаһармандық, асқақтық сынды көркемдік категориялары тарихи тұлғаның дара кейпін сомдауда, психологиялық болмысын сомдауда шебер ұштастырылады. Ақын көркемдік-эстетикалық танымда, тарихи жадымызда Алтай архетипін жаңғыртады. Алтай – исі қазақ баласының қасиетті мекені. Алтай алты Алашты ерлік пен өрлікке ұйыстыратын рух рәмізі. Сондықтан да Мәжит ақынның «Алтайдың ер еліне ел жете ме, // Сарыарқа сүйген елін шерлі ете ме, // Дариға, жер жұмағы Алтайымдай, // Басқа жер мені, сірә, тербете ме?» [5, 24] деп жырлауы заңдылық.

Қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек, Батыр Баян, Бәсентин Малайсары, Атығай ер Жәнеке, Сырғалы Елшібек, Балталы Оразымбет, Ағатай, Ақжол сынды атақты батырлар мен баһадүрлер Абылай ханның ала туының астынан табылады. Абылай хан Ағатай батырды қазақ жеріне қауіп төндіріп отырған жат жұрттық жау мұжық жағына сес көрсету мақсатында қырық батырымен шолғыншы етіп жібереді. Батыр жорығы жалаң кейіпте алынбай, пейзаждық лирикамен үйлесімде беріледі. Дастанда қаһарманның жан әлеміндегі психологиялық тебіреніс саф табиғаттың сұлу көркімен астастырыла беріледі. Ақын ел қорғаны батырлар жорығына бір ғана қазақтың емес, түркі ұланының өрлік рухын дарытады. «Ер түріктің ұланы // Үйде туып, түзде өлер. // Үйде өлу емес мұрады, // Түзде өлуді ізденер!» [5, 30].

Дастанның екінші бөлімінде батыр Ағатайдың ер Ақжолмен мұжық қолымен кескілескен ерлікке толы сұрапыл шайқасы, қырық батырдың қан майданда өрлікпен мерт болуы жырланады. Батыр Ағатайдың ер Ақжолмен жау тұтқынына түскен қайғы мен мұңға толы көңіл ауанын ақын шебер суреттейді. Өзі де жау тұтқынының сергелдеңінде жүрген шерлі ақын дастанның осы бір тартысқа толы сәтінде адам жанының тұңғық сезім иірімдерінің құбылуларын терең психологиялық суреттеулерге құлаш ұрады. Жау қолына түскен батырлардың елдік биіктегі арман-аңсары мен жүрек тербетер көңіл-күйін: «Көз жастан көркем моншақ тағынады, // Қайғыдан қара бешпент жамылады. // Ата-ана, ағайыны, тең құрбысы, // Басшысы Абылайды сағынады... // Ағатай Алтай шыңын көзбен шолып, // Сарғайып семіп барад жүзі солып, // Бір жақтан «тұтқын» деген атқа арланып, // Жас жанын қайғы-қасірет бірдей сорып» [5, 41], - деп толғайды.

Дастандағы психологиялық иірім, тартыс табиғаты отты сезімдегі көркемдік қуатпен шебер өріліп отырады. Ол жаны жаралы, кісілік иірімі сүйіспеншілікпен астасып жатқан мұжық қызының қазақ батырларына үлкен құрметпен қарап, арнайы іздеп келіп, шынайы жанашырлық тантуындағы сезім әлемінің шарпылысынан көрінеді. Өзінің теңіне емес, кемге амалсыз күйеуге беріліп отырған сұлу қыз Ағатай батырға мұңын шағады. Осы бір сәттегі нәзік жанның психологиялық күйін, сезім әлемінің арпалысын сыршыл ақын: «Өлтірсе ертеңгі күн сіздерді егер, // Арғы күн қаралы өмір маған төнер. // Дүнидегі жаңа көрген жас көңілім // Күні өткен қу денеге қалай көнер? // Жылады сұлу сонда жас баладай, // Тағдыры қойғаннан соң масқаралай. // Сұлуға сонда орман үнін қосып, // Шулады жанындағы жас қарағай» [5, 43], - деп кестелейді.

Дастанның екінші бөлімі жау тұтқынындағы Ақжол батырдың дерті үдеп, өмірден өтуімен сабақтас трагедиялық сарынмен тамамдалады. Ақжол батырдың өмірден өтер сәтіндегі елдік өріндегі жан сырына, қаһармандық арман-аңсарына Мәжит ақын өзінің шемен шерін дарытады.

Үшінші бөлім Абылай ханның жауға шолғыншы болып кеткен батырлардан хабардың болмауына алаңдап, батыр Жәнекені қалың қолмен аттандыруы жырланады. Батыр Жәнеке Ағатай қолының жау қолынан мерт болғанын көріп, мұжық жатағын шауып, жаудан кек қайтарады. Мұжық қолы күйрей жеңіледі. Дастандағы драматизмге толы тартыс, трагедиялық шиеленіс Ағатай батырға қол ұшын созған сұлу қыздың өрлігін, мінез даралығын ашуда жаңа бір көркемдік шеберлікпен көрінеді. Елі ойрандалып, ата-анасы шапқыншылар қолынан мерт болған сұлу қыздың мінез ірілігімен көрініп, ақ пен қараны

ажыратып, өтпелі сезім жетегінде кетпей, ар-ұждан жолын таңдауы сүйсіндіреді. Осы бір жан толқытар сәт дастанда: «Халыңды аянышты алғаш көріп, // Бір саған болып еді жаным серік. // Сүйіп ем ұзақ түндер ұйқы көрмей, // Тәңірден бір сен үшін тілеп ерік... // Ал бүгін ұмыт қылдым соның бәрін, // Бірақ та бір сен үшін қайғым қалың. // Өлтірген ата-анамды дұшпанымды // Сүйеге, кешпір, құрбым, бармас арым. // Сүйгендік өтеу үшін борышымды, // Әйткенмен, берем саған қол ұшымды. // Батырым, үзіп менен үмітіңді, // Тауып ал, ата жұртың – қонысыңды!» [5, 55], - деп бейнеленеді.

Дастан эпилогы лирикалық қаһарманның жат елдегі шемен шеріне, қайғы-мұңына құралып, ел мен жерге, өскен ортасына, жақын жандарға деген сағынышымен астасады. Жырақта күйзелген асау жүрек Абылай аруағынан медет табады. Дастанның «Сайра, тіл, зарла, көңіл, осындайда, // Бір уақыт аз да болса тосылмай да. // Аңқыған ащы үнімді есіткендер // Дерт болса жүрегінде қосылмай ма! // Жад етсе егерде кім Абылайды, // Ел үшін алтын таң мен жарық Айды, // Сарыарқа алыбының аруағы // Қалайша жеткіншегін танымайды!» [5, 57]. Дастанның «Шет жерде шерім үдеп, хал тайғалы, // Қайғымен күнім өтіп қартайғалы, // Жалғыз-ақ жүректегі бар арманым // Ауылым астам өскен Алтайдағы» [5, 57], - деген асқақ сезімдегі көркемдік түйін ақынның туған жеріне шексіз сүйіспеншілігімен сабақтасып жатыр.

«Киік зары» дастанының да көркемдік өзегін ақынның қастерлі де қасиетті қазақ жеріне деген сарқылмас сүйіспеншілігі мен махаббаты құрайды. Осынау сарқылмас сағыныш ақын поэзиясының басты леймотиві. «Атасы асқарлардың аялы Алтай, // Саясын Сарыарқа жаяды Алтай. // Қырмызы қызыл гүлді жер жұмағы, // Қарт Алтай, қадірлі Алтай, баяғы Алтай! // Ақ қарлы, ала асқарлы Алтай қандай!? // Көзіме алтын арай Алтай таңдай! // Алтайды аңсай-аңсай алыс жерде, // Жас жаным қайғыменен қартайғандай» [5, 59].

Ақын дастанының әрбір өлең жолынан ел мен жерді аңсаудан туған өксікті шерге толы жан күйзелісі мен торығуы, бас бостандығы мен рух еркіндігіне ұмтылу аңғарылады. «Ел қайда Алтайдағы өз елімдей? // Ер қайда Алтайдағы өз ерімдей? // Алтайда астам өскен кезді ойласам, // Көз жасым ағады Алтай өзеніндей» [5, 59]. Мейірімсіз жауыздың қолынан мерт болған екі лағын жоқтаған қарт киіктей қайғылы ақынның да шері қалың. Ол: «Сарна, күй, зарла, қобыз, жыла, жүрек, // Қоздасын қайғы-қасірет кеудемде үдеп. // Отанның оттай жанған ер ұланы // Жұбансын сендерменен бүгін түлеп» [5, 63], - деген көркемдік сипатта көрініс табады.

Алтайдың кең құздарынан екі лағын іздеген киіктей сыршыл ақын да жүректегі қайғысын, көңілдегі шерін барша табиғи болмысымен ақтарады. Жан толқытар, көңіл тербетер психологиялық көңіл-күй толқыны қатар өріліп, қобыз сарынының зарлы үнімен әсем үндестік тауып жатады. «Қобыздан қоздап шыққан мұңды сарын // Қозғады осылайша киік зары. // Тағы да тартса екен деп, тамсанды кеп // Жасынан зарды сүйген жастық жаным» [5, 65]. Міне, Мәжит ақынның бүркеншік есімі «Қобызшы Қорқыт» екенін ескерсек, дастандағы киік зары, ақын шері қобыз сарынымен поэтикалық жүйеде үндесіп, психологиялық және лирикалық иірім қатпарының жан азасына бойлатады.

Дастандағы қайғылы сарын ақындық үн, азаматтық ұстаным елдік мәселелермен астаса жырланады. Ақын зар мен мұңға, шер мен қайғыға салына бермей, өмір мағынасы неде деген сауалға жауап іздейді. Өмір мәні елінің азаттығы үшін жан беру, қан төгу деп біледі. Дастан оптимистік сарынмен: «Туған жер, жүрсем де шет, жүрек сендік, // Сен үшін аш беліме будым белдік. // Алтайдан аттырмайынша алтыне таңды, // Не болмақ өн бойыма біткен ерлік. // Ел үшін көрсетпесем ойынымды, // Қай уақыт қондырмақпын тойымымды? // Алтайға азат туын тіге алмасам, // Қара жер, әзірлей бер қойыныңды» [5, 66] деп түйінделеді.

«Ұлы жолда», «Бүркітші», «Жолаушы», «Жетімдер» балладаларының ортақ көркемдік желісі – тұтқындағы жанның шер мен шерінен туындайтын азаттық аңсары, ел мен жерге деген сағыныштан өрістейтін сезім күйі, азамат ердің ел алдындағы атқарылатын парызының таразыға тартылуы. Мәселен, «Ұлы жолда» балладасында қан майданда шейіт

болған жауынгердің өз мұратына ақтық демі қалғанша адал болып өткені қаһармандығы жырланады. «...Егер ұлым сұраса, ел үшін өлді дегейсің, // Түркістанның жолында қиындықты көрді де. // Түркістанның жолында майданда шейіт болды де!..» [5, 67].

Қазақ поэзиясының жанрлық сипатын поэма, балладаларымен жаңа бір көркемдік-эстетикалық биікке көтерген ақынның көңіл-күй, табиғат, махаббат лирикаларының әлеуметтік мазмұны терең психологиялық иірімге толы болып келеді. Басынан кешкен өмір соқпағы, тағдыр соққысы әртүрлі сезім-түйсік арқылы бедерленген лирикасының сыршылдығы ерекше назар аудартады. Мәжиттің суреткерлік қарымы «Ана», «Арман», «Орамал», «Мен түс көрдім» өлеңдерінен айқын танылады. Көңіл толқынын, жан тебіренісін, сезім иірімін бейнелеуде қазақтың классик ақыны Мағжан дәстүріне иек артады. Әлем әдебиеті үлгілерінің озық тәжірибесін назарда ұстайды.

«Түркістан», «Алтай», «Алтай жыры», «Жырлайын алтын Алтай аясында» атты табиғат лирикасынан Мағжан дәстүрі, Мағжан поэтикасы сезіледі. Мәжиттің пейзаж лирикасы оның көркемдік-эстетикалық тұғырының асқақтығының дәлелі. Табиғатпен сырласудан туындаған толғаныстарында мұңлы пейзаж, психологиялық қатпары мол сарын астасып жатады. «Пейзаж арқылы оқырман мекен, мезгіл ұғымдарының мәнін ашып, бейнеленіп отырған негізгі идеяны танып, түсіне түседі. Оқиганың қай жерде, қашан, қай мезгілде

болғанын аңғарады [8, 111].

Мағжан ақын атақты «Қорқыт» поэмасында Алтай табиғатын: «Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен, // Алтайға бетегедей алтын біткен. // Бейіштей алтын Алтай етегінде // Ертеде алаш елі мекен еткен» [9, 6], - деп суреттесе, Мәжит ақын «Алтай» өлеңінде: «Алтайдың аты сұлу, қалпы сұлу, // Алтайдың заты сұлу, салты сұлу. // Алтайдың, аспан сүйген ала асқардың, // Аласыз астам өскен халқы сұлу», - деп толғанады.

Мағжан «Түркістан» өлеңінде: «Балқашты бауырына алған Тарбағатай, // Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алай. // Қазығұрт қасиетті тау болмаса, // Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай» [10, 258], - деп толғанса, Мәжит туған жер келбетін: «Алтын Алтай, аялы Алтай, // Балаусалы Балқаш көлмен, // Қарағанды, Қаратаудай, // Орда ордам болған жермен» [5, 81 б.] деген өлең жолдарымен өрнектейді.

Ақынның атажұртқа деген ерекше күйдегі сағынышы: «Туған жер, аялы Алтай атырабы, // Көрнекті гүлдері мен жапырағы. // Көзіме бір көрінбей осындайда, // Жанымды мұң мен зарға батырады!» [5, 83] деген көркем кестелі сөзбен айшықталады.

Мағжан «Анама» өлеңінде «Жан анам – жібек тілді, ақ көңіл, // Жазу болып, шегер болсам ұзын жол, // Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға, // Жан балаңа ақ батаңды бере гөр!...» [10, 183], - деп жырласа, Мәжит «Ана» өлеңінде: «Ана отыр егіз ұлдың арасында, // Көз салып егіз туған баласына. // Бірі өліп, бірі тірі, тым қиын іс, // Білмейді ол ұлдары үшін не қыларын, // Білмейді не күлерін, не жыларын, // Жүректің бір жағы жаз, бір жағы қысы» [5, 74], - деп толғайды. Мағжанда ана шет жерлерде жүрген баласына ақ батасын берген болса, Мәжитте сұрапыл соғыстағы егіз ұлдың бірі ажал аранына жұтылған трагедиясы суреттеледі. Мағжан стиліндегі поэтикалық қуат, көркемдік жүйе Мәжиттің «Қызыл гүлге», «Таң жыры», «Орда», «Жаным бүгін сағынды», «Қорған», «Күз», «Айдын көлді жер еді (Л.У.М.-ға)», «Сен мендік, мен сендік» өлеңдеріне тән.

Ақын М. Айтбаев торыққан, қиналған сәттерінде қасиетті жерінен сүйенің, тарихи тұлғалардан медет сұрайды, анасы мен жарымен сыр бөлісіп, жан сырын ақтарады. Ақынның туған жер мен елге, ана мен жарына деген сағынышынан туған «Ана», «Арман», «Орамал» өлеңдерінде сан алуан психологиялық иірі, адам жанының тылсым сырлары суреттеледі. Олар Мағжанның «Анама», «Орамал» өлеңдеріндегі көркем айшықтармен үйлесім тауып жатады. Тұтқын зары, ауыр тағдыры, тіршілік мәні, ұрпақтар, сабақтастығы сынды қамырықты ойлар «Бұлар біздердей», «Философ сөзі», «Баласыз шалдың зары», «Мен түс көрдім» өлеңдерін ерекшелейді. Сыршыл ақын зары ел зарымен, ел шерімен, ел мұңымен бір арнаға түйіседі.

**Нәтижелер.** Қазақ поэзиясының поэтикалық жүйесіне «Абылай», «Киік зары» дастандары, «Ұлы жолда», «Бүркітші», «Жолаушы», «Жетімдер», «Дәрігер қарындас»

балладаларымен көркемдік қуат дарытқан ақын әдеби аудармаларымен эстетикалық таным-талғамының биіктігін көрсетті. Ақын неміс әдебиетінің айтулы тұлғалары В.Гетенің «Аңыз», «Көз жасымен жұбану», Ф.Шиллердің «Дүниені бөлісу», Ж.В.Ейсендорфтың «Сағыну», «Сынған балдақ», «Көгілдір көк көрінеді» өлеңдерін түпнұсқадан аударды. Зерттеушілер Мәжит Айтбаевтың тұтқындағы жылдарында неміс тілін үйренгенін жазады. Міне, Мәжит «Қобызшы Қорқыт» бүркеншік есімімен «Милли Түркістан» (Берлин) журналында 1944 жылы жарияланған «Абай (1845-1904)» атты мақаласында ақынның Гетеден жасаған аудармаларына тоқталады. Абай Құнанбайұлы аудармаларының маңызын, көркемдік ерекшелігін: «...Абайдың төл өлең мен аудармаға да күшті екенін көреміз. Түркістан түрік жазушыларының ішінде, Түркістан түрік әдебиетінде Абайдан бұрын Батыс Еуропа әдебиетіне қол сұққан, ол әдебиеттің биік классиктерін Түркістан түрік әдебиетіне таныстырған кісінің болмағаны белгілі. Бұл жөнінде Абайдың орасан зор еңбегін бағаламасқа болмайды. Абай орыс тілін ғана білді, ол сол орыс тілі арқылы Еуропа классиктерінің бағалы шығармаларын аударуға кірісті. Бірақ бір ұлық жазушының шығармасын екінші бір халықтың тілі арқылы аудару аудармада көп кемшілік келтіретінін Абай жақсы білді. Абай аударып отырған жазушылардың тілін білмегенге қынжылады, сондықтан ол Батыс Еуропа классиктеріне көбірек көңіл бөле алмады, өзінің жақсы білетін тілі – орыс тілі болғандықтан, орыс әдебиетіне ол көбірек көңіл бөліп, орыс классиктерінің өз өміріне сәйкес, өз халқының тілегіне сәйкес таңдамалы шығармаларын аударады. Ол шығармаларды, шынын айтқанда, сол шығармалардың авторларынан әлдеқайда көркем әрі мағыналы етіп бере білді» деген пікірін білдірді. Ойын неміс ақыны В.Ф. Гетенің «Über allen Gipfeln ist Ruh» өлеңінің түпнұсқасын Ю. Лермонтов, Абай аударма нұсқалары негізінде дәйектейді [11].

**Қорытынды.** Мәжит Айтбаев – тағдыры аса күрделі сыршыл ақын. Екінші дүниежүзілік соғыс тұтқынының қапасында жазылған «Абылай», «Киік зары» дастандары, «Ұлы жолда», «Бүркітші», «Жолаушы», «Жетімдер», «Дәрігер қарындас» балладалары, көңіл-күй, табиғат, махаббат тақырыптарындағы лирикасымен қазақ әдебиетінің көркемдік-эстетикалық жүйесін, жанрлық сипатын еселеуге зор үлес қосты.

Ақын поэмалары, балладаларына романтизм әдісіне тән көркемдік бейнелеу тәсілдері тән [12]. Ол классикалық қазақ поэзиясындағы Мағжанның романтизм эстетикасын ұстанып, өміршең дәстүрін жаңғыртты. Абылай хан сынды тарихи тұлғаларды жырлау үрдісіне тың серпін дарытты.

Ақын поэзиясының қазақ әдебиеті тарихындағы айрықша құндылығы – соғыс тұтқыны трагедиясын алғаш рет терең психологиялық тебіреніспен, ішкі жан әлемінің қайшылықты күйін барынша шынайы түрде бейнелеуінде. Бұған дейін қазақ поэзиясында соғыс тақырыбы көбіне ерлік пен батырлық, отансүйгіштік рух аясында жырланып келсе, тұтқындықтағы адам тағдыры, оның рухани күйзелісі мен жан азабы ашық әрі жүйелі түрде көрініс таба қойған жоқ. Осы олқылықтың орнын ақынның тұтқында жүріп жазған лирикалық шығармалары толтырып, ұлттық поэзияға жаңа мазмұндық-эстетикалық кеңістік әкелді.

Ақынның «Ана», «Арман», «Орамал», «Бұлар бір адам біздердей!», «Баласыз шалдың зары», «Мен түс көрдім», «Қызыл гүлге», «Күн нұры көпке ортақ деп...», «Үйде туған ұлмын мен...», «Жорық жыры», «Таң жыры», «Тілегім», «Емен мен қайың», «Жаным бүгін сағынды», «Күрсінеді көгершін», «Көрген түстен көңілім менің жаңылды» сынды өлеңдерінде лирикалық кейіпкердің ішкі жан дүниесі, азаттыққа деген ұмтылысы мен адамдық қадір-қасиетті аяққа таптаған зұлымдыққа қарсылық айқын сезіледі. Бұл туындыларда еркіндікке деген сағыныш пен рухани бостандық идеясы поэтикалық өзекке айналып, ақынның азаматтық позициясын терең танытады. Аталған өлеңдерде тұтқын тағдыры жеке адамның басындағы күйзеліс ретінде ғана емес, тұтас бір адамзаттық трагедия деңгейінде көркем жинақталады. Мәселен, «Ана», «Арман» өлеңдерінде туған жер мен ананы сағыну мотиві арқылы лирикалық кейіпкердің ішкі жан айқайы, рухани жалғыздығы бейнеленсе, «Орамал», «Қызыл гүлге» сияқты шығармаларда бейбіт өмірдің



символдары арқылы соғыс әкелген қасірет пен үмітсіздік астасып жатады. Ал «Бұлар бір адам біздердей!» өлеңінде тұтқындардың да өзге адамдар секілді тіршілік иесі, тағдыр иесі екенін еске салатын гуманистік ой басым.

Лирикалық өлеңдерінде ақынның аса күрделі тағдырынан туындаған мұң-шері, арман-аңсары, қайғы-қасіреті мен жан күйзелісі сұрапыл соғыстың шынайы болмысымен сабақтастықта беріледі. Бұл шығармаларда жасандылық пен пафос жоқ, керісінше, ішкі драматизм, психологиялық тереңдік, шындыққа адалдық айқын аңғарылады. Ақынның жан азабы, торығуы, кей сәттегі үміт отының сөнбеуі – соғыс тұтқынындағы адамның рухани күресін көрсететін көркемдік шешімдер арқылы ашылады.

Осылайша, ақын поэзиясы қазақ әдебиетінде соғыс тақырыбын жаңа қырынан танытып, тұтқын трагедиясын ұлттық поэзияның көркемдік әлеміне енгізді. Оның лирикалық мұрасы адам бостандығы, ар-ождан, рух еркіндігі секілді мәңгілік құндылықтарды алға шығарып, қазақ әдебиетінің гуманистік дәстүрін тереңдете түсті.

Бұл тақырыптың өзектілігі бірнеше қырынан айқындалады:

Біріншіден, соғыс тұтқынында болған қазақ ақын-жазушыларының тағдыры мен шығармашылығы ұзақ жылдар бойы кеңестік идеологияның ықпалынан біржақты бағаланып, тіпті әдеби үдерістен тыс қалдырылды. Тәуелсіздік жағдайында олардың мұрасын қайта қарау – тарихи әділдікті қалпына келтірудің маңызды жолы.

Екіншіден, соғыс тұтқыны трагедиясының поэзияда бейнеленуі адам бостандығы, ар-ождан, рух еркіндігі сияқты әмбебап құндылықтарды алдыңғы қатарға шығарады. Ақынның лирикалық өлеңдері жеке тағдыр арқылы тұтас бір дәуірдің қасіретін танытып, соғыс шындығын терең психологиялық деңгейде ашуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бұл шығармалар қазақ әдебиетінің тақырыптық және көркемдік аясын кеңейтіп, ұлттық поэзияға бұрын аз қамтылған трагедиялық, экзистенциалдық сарындарды енгізеді. Ақынның тұтқындағы өмірді суреттеуі қазақ лирикасының көркемдік-эстетикалық мүмкіндіктерін байытады.

Төртіншіден, аталған өлеңдер қазіргі қоғам үшін де маңызды тәрбиелік, рухани мәнге ие. Олар жас ұрпаққа соғыстың шынайы бет-бейнесін, оның адам жанына салған жарасын танытып, бейбіт өмірдің, еркіндіктің қадірін ұғындырады.

Осы тұрғыдан алғанда, ақынның соғыс тұтқынында жазған лирикалық мұрасын зерттеу – қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзекті, ғылыми әрі рухани маңызы зор мәселе болып табылады.

Ақын өлеңдерінде ақынның соғыс тұтқынында бастан кешкен ауыр да күрделі тағдырына байланысты туған жан күйзелісі, мұң мен шерге толы сезімдері, орындалмас арман-аңсары мен терең қайғы-қасіреті сұрапыл соғыстың ащы шындығымен астаса суреттеліп, адам жанының рухани трагедиясын айқын танытады.

## Әдебиеттер

1. Бекенұлы Қ. Жоғалған жауынгер // Егемен Қазақстан. – 2023. – 19 қыркүйек.
2. Кәкен А. Түркістан легионы. – Алматы: Республикалық баспа-полиграфия орталығы, 2000. – 140 б.
3. Қыдырханұлы У. Шерменде ақын, шексіз мұң // Айтбаев М. Шер. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2005. – 268 б.
4. Дембицкий Н.П. Судьба пленных // URL: [https://scepsis.net/library/id\\_1250.html](https://scepsis.net/library/id_1250.html)
5. Айтбаев М. Шер. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2005. – 268 б.
6. Бердібай Р. Абылай асуы // Абылай.
7. Тарақ Ә. Абылай хан. – Алматы: Қазақстан, 2014. – 496 б.
8. Байтанасова Қ. Лирикадағы пейзаждың қызметі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №1, 2018. – 1. Б. – 108-113. URL: <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/issue/view/18/25>
9. Жұмабайұлы М. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Матыжанов, Т. Әкімова, Ж. Рақыш, Н. Сәрсек. – Астана: Түркі Академиясы, 2023. – 568 б.

10. Жұмабайұлы М. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Матыжанов, Ж. Рақыш, Н. Сәрсек, Т. Әкімова, – Астана: Түркі Академиясы, 2023. – 688 б.

11. Беймәлім еңбек // Қазақ әдебиеті. – 2015. – 25 тамыз. Латын әліпбиінен аударып, баспаға ұсынған профессор Көшім Есмағамбетов.

12. Аймұхамбет Ж. Mythical symbolism in structure of meta-text Astra Salvensis. – 2021. – P. 199-210. URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0.085107032435&origin=resultslist>

**А.Б. ШАЛҒЫНБЕКОВА, А.Д. АМРЕНОВ**

Павлодарский педагогический университет имени А. Маргулана,  
Казахстан, Павлодар

### ПОЭЗИЯ МАЖИТА АЙТБАЕВА

**Аннотация.** В статье рассматриваются литературное наследие, творчество поэта Мажита Айтбаева, представляющее собой уникальное и значимое явление в истории казахской литературы. Анализируются художественная особенность, тематическая проблематика поэзии поэта, дается оценка. В стихах и балладах поэта сочетаются приемы изображения, характерные для эстетики романтизма. Прослеживаются основные темы поэзии, психологическая глубина пейзажной, интимной лирики и ее жизненные, общественно-социальные основы. Раскрываются специфика природы, идейно-тематическая, художественно-эстетическая важность поэзии в литературном процессе казахской литературы, психологизм и своеобразные черты лирики, восхваляющие чувство тоски по Родине, по родной земле, по родным и близким людям. Дается оценка эстетическому своеобразию поэзии, раскрывающей глубину духовного и психологического мира поэта. На основе изучения литературного наследия установлено, что поэзия Мажита Айтбаева с ее яркими жизненными реалиями помогает осознать проблемы войны и плена.

**Ключевые слова:** Вторая мировая война, военнопленный, Мажит Айтбаев, поэзия, литературное наследие, творчество.

**A.B. SHALGYNBKOVA, A.D. AMRENOV**

A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Kazakhstan Pavlodar

### POETRY OF MAZHIT AITBAYEV

**Annotation.** The article examines the literary heritage, the work of the poet Mazhit Aitbayev, which is a unique significant phenomenon in the history of Kazakh literature, who, by the will of fate, was in military captivity during the Second World War. The artistic peculiarity and thematic problems of the poet's poetry, written during the years of captivity, which were full of thorny paths, are analyzed. An assessment is given that the poet's verses and ballads combine techniques of depiction, characteristic of the aesthetics of romanticism. The main themes of poetry, the psychological depth of landscape, intimate lyrics and its vital, social, public foundations are also traced. The specifics of nature, thematic and ideological, artistic and aesthetic importance of poetry in the literary process of Kazakh literature, psychologism and unique features of lyrics praising the feeling of longing for the Motherland, for the native land, for relatives are revealed. An assessment is given to the aesthetic originality of poetry, which reveals the depth of the spiritual and psychological world of the poet. Based on the study of literary heritage, it was established that the poetry of Mazhit Aitbaev with its vivid life truths helps to comprehend the real problems of war, the problems of a poet who was prisoner of war.

**Keywords:** Second World War, prisoner of war, Mazhit Aitbayev, poetry, literary heritage, creativity.

## References

1. Bekenuly Q. Joǵalǵan jauynger // Egemen Qazaqstan. – 2023. – 19 qyrküiek.
2. Käken A. Türkistan legiony. – Almaty: Respublikalyq baspa-poligrafia ortalyǵy, 2000. – 140 b.
3. Qydyrhanuly U. Şermende aqyn, şeksız mün // Aitbaev M. Şer. Şyǵarmalary. – Almaty: Jazuşy, 2005. – 268 b.
4. Dembiski N.P. Südba plennyh // URL: [https://scepsis.net/library/id\\_1250.html](https://scepsis.net/library/id_1250.html)
5. Aitbaev M. Şer. Şyǵarmalary. – Almaty: Jazuşy, 2005. – 268 b.
6. Berdibai R. Abylai asuy // Abylai.
7. Taraq Ä. Abylai han. – Almaty: Qazaqstan, 2014. – 496 b.
8. Baitanasova Q. Lirikadaǵy peizajdyñ qyzmeti // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – №1, 2018. – 1. B. – 108-113. URL: <https://ojs.egi.kz/BULLETIN/issue/view/18/25>
9. Jūmabaiūly M. Şyǵarmalarynyñ akademialyq tolyq jinaǵy. Üş tomdyq. 2-tom. / Tomdy qūrastyryp, baspaǵa daiyndaǵandar: K. Matyjanov, T. Äkimova, J. Raqys, N. Särsek. – Astana: Türkı Akademiasy, 2023. – 568 b.
10. Jūmabaiūly M. Şyǵarmalarynyñ akademialyq tolyq jinaǵy. Üş tomdyq. 1-tom. / Tomdy qūrastyryp, baspaǵa daiyndaǵandar: K. Matyjanov, J. Raqys, N. Särsek, T. Äkimova, – Astana: Türkı Akademiasy, 2023. – 688 b.
11. Beimälim eñbek // Qazaq ädebieti. – 2015. – 25 tamyz. Latyn älipbiinen audaryp, baspaǵa üsynǵan profesor Köşim Esmaǵambetov.
12. Aimūhambet J. Mythical symbolism in structure of meta-text Astra Salvensis. – 2021. – P. 199-210. URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.085107032435&origin=resultslist>

## Авторлар туралы мәлімет:

**Шалғынбекова Аяужан Бауыржанқызы** – Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің докторанты, Павлодар, Қазақстан.

**Шалғынбекова Аяужан Бауыржановна** – докторант Павлодарского педагогического университета имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан.

**Shalgynbekova Ayauzhan Bauyrzhanovna** – doctoral student of A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.

**Амренов Адилбек Дәуітбекұлы** – филология ғылымдарының кандидаты Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің доценті, Павлодар, Қазақстан.

**Амренов Адилбек Даутбекович** – кандидат филологических наук, доцент Павлодарского педагогического университета имени А. Маргулана, Павлодар, Казахстан.

**Amrenov Adilbek Dautbekovich** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of Philology A. Margulan Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan.

С.Е. КАРЫБАЕВА<sup>1</sup>



\*К.Қ. ЖҮНІСОВА<sup>2</sup>



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
(e-mail: [saj.e.k@mail.ru](mailto:saj.e.k@mail.ru)<sup>1</sup>, [kamshatik\\_84@mail.ru](mailto:kamshatik_84@mail.ru)<sup>2</sup>)

### БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ СЕМАНТИКАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ РӨЛІ: МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ, КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

**Аңдатпа.** Қазақ тілін оқыту мәселелері тілдің қоғамдағы қолданылу көрінісімен, қазақ тілінің қазіргі ахуалымен, оның толығы, даму жолдары және жүйеленуімен, тілдің ішкі әлеуетін пайдаланумен тікелей байланысты. Сапалы білім беруде оқытушы аталған үдерісті басшылыққа ала отырып, әрбір тілдік тақырыптар бойынша өзіндік ерекшеліктеріне лайықтап тәрбиелік маңызы бар мәтіндерді талдату арқылы сабақтың мақсатына жетеді. Мақалада оқыту әрекеті (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) түрлерінің ішінен оқылымның өзектілігі, басымдылығы, оқылымды тиімді оқыту арқылы нәтижеге жету жолдары айтылады. Оқытуда семантикалық оқыту жүйесін пайдалану, оның стратегиясы негізінде мәтіндермен жұмыс істеудің кезеңдері жан-жақты талданады. Студенттердің мәтінді игеруіне қойылатын міндеттер, олардың сөйлеу әрекетін дамыту үшін сөздікті игертудегі оқытушының рөлі туралы айтылады. Сонымен қатар, лексиканы есте сақтауға және қолдануға бағытталған әдістемелік тәсілдер қарастырылады, бұл студенттердің сөздік қорын кеңейтуге және сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде лексикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** оқылым, семантикалық оқу, мәтін, ақпаратты түсініп оқу, білім беру, оқылымды тиімді оқыту, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту.

**Кіріспе.** Белгілі бір халықтың, ұлттың тілін үйренуде өзге елдің өкілі алдымен сол халықтың тіліндегі әлеуметтік қарым-қатынас ерекшелігіне назар аударады. Тіл үйренуді қарапайым қалыпты (стандартты) жағдаяттарды білдіретін диалогтар құрып, әлеуметтік белгілері бар сөздерден бастайды. Бұл, әрине, байланыс орнату, қарым-қатынасқа ұйытқы болу тәрізді өзіндік қызметі мен ерекшелігіне байланысты шетелдік студенттің тіл меңгеруге деген қызығушылығын арттыру маңызды мәселе. Аталған мәселені шешу үшін бүгінгі тәжірибе көрсеткендей, тіл меңгеру үдерісінде белсенді оқыту формаларын қолдану керек. Мәдениетаралық тілдесімді жүзеге асыруда диалогты ұйымдастыру, жағдаяттарды, проблемаларды анықтап, коммуникативтік мақсатқа жетудің құралдарын белгілеудің, қатысымға байланысты тіл үйренушілердің әрқайсысының мәртебесі, функциясын көрсетудің, сондай-ақ ресми және бейресми түрдегі диалогтық тілдесім әрекетін ұйымдастырудың жолдары қарастырылады. Қазақ тілін шет тілі ретінде меңгертудегі қарастырылып отырған диалог құрылымы меңгеру деңгейі бойынша жүйеленіп, коммуникативтік қарым-қатынастың негізгі құрылымдық типтері ажыратылады. Тіл меңгерудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы рөлдік қатынасқа түсу арқылы



өмірлік жағдаятты модельдеумен біртұтас пайдалану, тіл үйрену үдерісінің тиімділігін арттырады. Аталған жұмыстар шетелдік студенттердің білімін көтеріп, сөйлеуге, тыңдауға ынталандырады, сонымен қатар, студенттердің өздерінің мүмкіндіктеріне сенімін нығайтады.

Сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) түрлерінің ішінен оқылым өзектілігі басымдық көрсетуде, ал оқылымды тиімді оқыту тілдерді оқытудың бүгінгі тәжірибесінде басты міндетке айналып отыр. Қандай да бір тілді үйренуде оқылым әрекетінсіз ешбір тілді меңгере алмаймыз. Оқылым әрекетін қолданбаған тіл үйренушінің сөйлеуінде, құрастырған сөз орамдарында әртүрлі қателер және жасандылық байқалып тұрады. Оқылым сөйлеу әрекетінің рецептивті түріне жатады. Себебі ол графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын қабылдай отырып, одан қажетті деректерді түсініп, сұрыптап алу, яғни, оқи білу тек оқу техникасын білу дегенді білдірмейді, сонымен қатар білім, білік және дағдыларды іс-әрекет пен қарым-қатынастың әртүрлі жағдайында қолдануды білдіреді, көптеген зерттеушілердің пікірінше оқу сөйлеу әрекетінің түрі ретінде және қарым-қатынастың жанама түрі ретінде, адамдардың көпшілігі үшін ең қажеттісі, әсіресе белгілі бір саланың білікті маманы боламын деген студенттерге қазіргі ақпараттық заманда ақпаратты түсіну, талдау, өңдеу аса маңызды. Осыдан оқуға үйретудің жаңа тәсілдерін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Бүгінгі таңда оқытушы пәнді оқытуда тұлғалық, пәндік, метапәндік нәтижелерді қалыптастыруға бағытталған жаңа педагогикалық жағдаяттарды, тапсырмаларды құрастыра алу керек. Тіл сабақтарында метапәндік нәтижені қалыптастыру үшін ақпаратты түсініп (семантикалық) оқу маңызды болып табылады. Оқылым – тілді меңгерудің бір тәсілі, сөздік қорды дамытудың құралы. Ақпаратты түсініп оқу грамматикалық құрылымдарды есте сақтауға мүмкіндік беріп қоймай, меңгеріп жатқан тілде сөйлеуге және де айтылым әрекетін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақалада мәліметті жинау, жіктеу, жалпылау, түсіндіру әдістерін қамтитын ғылыми сипаттау әдістер кешені пайдаланылды. Бұл ғылыми сипаттау әдістер кешені зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттыруға, мәліметтердің жүйелі және құрылымды болуына, сондай-ақ, олардың негізінде ғылыми қорытындылар мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді. Әрбір әдіс зерттеудің нақты мақсатына және міндеттеріне сәйкес таңдалып, қолданылды. Ғылыми сипаттау әдісі семантикалық оқытудың ұғымдық-терминологиялық аппаратының мазмұнын ашу, мәтінмен жұмыс істеу стратегиялары мен әдістерін теориялық тұрғыда сипаттау мақсатында қолданылды. Талдау және синтез әдістері арқылы семантикалық оқыту компоненттері анықталып, олардың өзара байланысы мен білім беру үдерісіндегі қызметі айқындалды. Салыстыру және жіктеу әдістері мәтінмен жұмыс істеудің дәстүрлі және семантикалық оқытуға негізделген стратегияларын салыстырып, олардың ерекшеліктерін, артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға бағытталды. Нәтижесінде мәтінмен жұмыс істеудің кезеңдері (мәтіналды, мәтіндік, мәтінсоңы) мен әдістері жүйеленіп, семантикалық оқыту тұрғысынан құрылымдық модель ұсынылды. Жалпылау және жүйелеу әдістері зерттеу барысында алынған теориялық деректер негізінде негізгі ғылыми тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Ал түсіндіру әдісі семантикалық оқытудың білім алушылардың мағыналық қабылдауын, мәтінді интерпретациялау қабілетін, сыни ойлау мен коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытудағы әлеуетін ғылыми негізде дәлелдеуге қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен дәлдігін арттыру мақсатында логикалық құрылымдау және педагогикалық талдау әдістері қолданылды. Әрбір қолданылған әдіс зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес таңдалып, өзара сабақтастықта пайдаланылды.

**Талқылау мен бақылау.** Соңғы он жылдықта оқу және оқылымды оқыту саласындағы зерттеулер белсенді дамып келеді. Зерттеушілер сыни ойлауды дамыту қажеттілігіне және ақпаратты талдау қабілетіне назар аударады. Мысалы, С.Браун (2020) және М. Джонсонның (2018) еңбектері білім беру үдерісінде, әсіресе екінші тілді оқыту

контекстінде семантикалық оқудың маңыздылығын көрсетеді. Әмбебап оқу іс-әрекеттерінің тұжырымдамасында (Асмолов А.Г., Бурменская Г.В., Володарская И.А. және т.б.), көптеген әмбебап іс-әрекеттермен қатар, оқудың мақсатын түсіну және коммуникативтік міндетке байланысты оқудың түрін таңдау, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау, мәтінде көтерілген мәселе мен негізгі идеясын тұжырымдау сияқты түсініп (семантикалық) оқу әрекеттері бөлініп көрсетілген. Зерттеулер семантикалық оқу ақпаратты жақсырақ түсінуге және есте сақтауға ықпал ететінін көрсетеді, бұл әсіресе, ақпарат саны үнемі өсіп келе жатқан қазіргі әлемде маңызды. Семантикалық оқу мынаны білдіреді:

- Оқу мақсатын түсіну және мақсатына қарай оқу түрін таңдау;

Оқу мақсатын түсіну дұрыс оқу әдісін таңдауға және мәтіннің маңызды аспектілеріне назар аударуға көмектеседі. әртүрлі жанрдағы тыңдалған мәтіндерден қажетті ақпаратты алу;

- Негізгі және қосымша ақпаратты анықтау;

Әртүрлі жанрдағы мәтіннен маңызды ақпаратты бөліп көрсету қабілеттігі. Бұған мәтіннің негізгі идеясын қамтитын тірек сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді табу мүмкіндігі;

- Кез келген стильдегі мәтіндерді еркін түсіну және қабылдау;

Мәтіннің әртүрлі стильдері мен жанрларына бейімделу, олардың ерекшеліктері мен талаптарын түсіну қабілеті;

- БАҚ тілін түсіну және барабар (адекватты) бағалау;

Мәтінді құрылымы, тілі және стилі бойынша сыни тұрғыдан талдау жатады. Бұл мәтіннің мақсаты мен мәнмәтінін жақсы түсінуге көмектеседі.

Семантикасын түсіну үшін мәтінді оқу ғана жеткіліксіз, ақпаратқа баға бере, мәтін мазмұнына көзқарасын білдіре алу қажет.

Білім алушылар бойында семантикалық оқу дағдыларын қалыптастыру үшін тілдерді оқыту әдістемесінде мәтіннен ақпарат алу сипатына қарай оқу түрлерін жіктеу ең көп тарағанын есте ұстаған жөн. Оқудың төрт түрі болатыны бәрімізге мәлім:

✓ Мәтінмен танысу мақсатында оқу. Оқудың бұл түрі мәтінді егжей тегжейлі талдаусыз тұтас қабылдауға бағытталған. Оқырман мәтіннің мазмұны туралы жалпы түсінік алуға тырысады. Бұл негізгі идеяны тез түсіну үшін үлкен көлемдегі ақпаратты оқығанда пайдалы.

✓ Мәтінге көз жүгіртіп қарап шығу арқылы оқу. Негізгі мақсат - мәтіннің тақырыбын немесе негізгі идеясын жылдам анықтау. Оқудың бұл түрі мәтіннің оқырманның қызығушылықтарына немесе ақпараттық қажеттіліктеріне сәйкес келетіндігін тез бағалау қажет болған кезде пайдалы.

✓ Нақты бір ақпаратты іздеу, табу мақсатында оқу. Оқырман мәтіннен белгілі бір ақпаратты немесе белгілі бір сұраққа жауап іздейді. Оқудың бұл түрі тапсырмаға байланысты тірек сөздерді немесе сөз тіркестерін ажыратуды қажет етеді.

✓ Мәтіндегі ақпаратты зерттеп оқу Мұндағы мақсат - бүкіл мәтінді және оның бөліктерін толық түсіну және түсіну. Оқырман мәтінді егжей-тегжей талдауға, негізгі идеяларды анықтауға тырысады. Оқудың бұл түрі күрделі мәтіндерді терең түсіну үшін қажет.

Мәтіндік ақпаратты қабылдау және оны коммуникативті-танымдық міндетке сәйкес өңдеу үшін әдістемелердің әртүрлі комбинациялары қолданылады, ал ғылыми әдебиеттерде бұл әдістер «семантикалық оқу стратегиялары» деп берілген. Семантикалық оқуды меңгеру үшін мәтінді түсінуге жеткізетін әдістерді білу қажет, сондықтан мәтінмен жұмыс істедің әрбір кезеңі белгілі бір мақсаттар мен міндеттерге жетуге бағытталған тапсырмалар түрлерін қамтиды.

**Нәтижелер.** Кестеде семантикалық оқу стратегиялары, әр кезеңнің мақсаттары және нәтижелері жинақталған.

Кесте 1 – Семантикалық оқу стратегиясы

| Семантикалық оқу стратегиясы                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                            |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ақпаратты іздеу және оқығанды түсіну                                                                                                                                                                                                                                                                                | Трансформациялау және интерпретациялау                                                                                                                                                                   | Ақпаратқа баға беру                                                                                                                                                                        |
| Семантикалық оқу стратегиясын меңгеруде мәтіндермен жұмыс істеудің кезеңдері                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                            |
| Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Мәтінді оқу үстіндегі жұмыс                                                                                                                                                                              | Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс                                                                                                                                                            |
| Ой тастау, ой толғау                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Пайымдау (жүзеге асыру)                                                                                                                                                                                  | Рефлексия (ойлану)                                                                                                                                                                         |
| Мәтінмен танысу мақсатында оқу                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Мәтін мазмұнына көз жүгіртіп қарап шығу арқылы оқу (баяу, әдеби)                                                                                                                                         | Рефлексивті оқу                                                                                                                                                                            |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>- тақырыпты талдау</li> <li>- сызбаларды, диаграммаларды қарау</li> <li>- құрылымымен танысу</li> <li>- мазмұнымен / аннотациямен танысу</li> <li>- абзацтар бойынша оқу</li> <li>- маңызды ақпаратты көрсету</li> <li>- шартты графикалық белгілерді орналастыру</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- семантикалық бөліктерді таңдау</li> <li>- детальдарды, контексті ашу</li> <li>- сұрақтар құрастыру</li> <li>- жоспарды, графикалық схеманы құрастыру</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>- тақырыпқа, иллюстрацияларға оралу</li> <li>- әңгімені қорытындылау</li> <li>- автор туралы мәлімет</li> <li>- шығармашылық тапсырмалар</li> </ul> |
| Нәтиже                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Нәтиже                                                                                                                                                                                                   | Нәтиже                                                                                                                                                                                     |
| Антиципация механизмінің қосылуы (болашақта болатын жағдайды болжау)                                                                                                                                                                                                                                                | Мәтінді интерпретациялау (мағынасын түсіндіре алу)                                                                                                                                                       | (Авторлық) ойды түсіну, өзінің интерпретациясына түзетулер енгізе алу                                                                                                                      |

Мәтінмен жұмыс үш кезеңнен тұрады:

- ❖ Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс
- ❖ Мәтінді оқу үстіндегі жұмыс
- ❖ Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс.

Егер мәтінмен жұмыс істеуді сыни ойлау технологиясы тұрғысынан қарастыратын болсақ, үш кезеңге бөліп көрсетуге болады:

✓ Бастапқы (даярлық) кезеңі – бұрыннан бар білімді белсендету, тақырыпқа қызығушылықты ояту, алдағы оқу материалын зерттеу мақсатын анықтау.

✓ Түсіну кезеңі – бұл кезеңде білім алушы мәтінмен тікелей жұмыс істейді, барлық жұмыс түрлері білім алушының әрекеттерімен (белгілеу, кесте құрастыру, күнделік жүргізу) байланысты болады.

✓ Рефлексия – мәтінге жеке көзқарас қалыптастыру, жаңадан алынған білімді ескере отырып, өзіндік пікірлерін қайта ойластыру.

Мәтінмен жұмыс жасаудың әр кезеңінің өзіндік стратегиялары бар. Семантикалық оқу дағдысын дамыту үшін қолданылатын мәтінді оқығанға дейінгі, оқу кезіндегі және мәтінді оқығаннан кейінгі кезеңдердегі тапсырмалар мен жұмыс түрлеріне тоқталайық.

Мәтінді оқығанға дейінгі жұмыс. Мәтінге дейінгі кезең семантикалық оқу дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және мәтінді дұрыс қабылдауға негіз болады. Осы кезеңдегі жаттығулар мен әдістер білім алушыларды мұқият және мақсатты түрде оқуға ынталандырады. Бұл кезеңде білім алушыларды мәтінді қабылдауға дайындауға, олардың

бұған дейін жинаған сөздік қорларын еске түсіруге және тақырыпқа қызығушылық тудыруға баса назар аударылады.

Қазақ тіліндегі мәтінді толық және нақты түсіну үшін оқып үйренуден бастаған дұрыс. Бұл мәтіннен ақпаратты алу мен түсінуге көбірек көңіл бөлуге дағдыландырады. Оған мұқият оқу, мәтінді талдау арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Мәтін сыртқы және ішкі құрылымдардың біртұтастығы болса, оның тілдік белгілерінің сыртқы түрі мен сөздің ішкі формасында өзара байланыс барын ескеріп мағынасына талдау жасаған жөн. Бұл әдіс мәтіннің мазмұнын түсінуге септігін тигізеді. Осындай тәсілмен мәтінді түсіну арқылы оқырман өзіне белгілі жазба стильдерді тани алады және оларды есінде сақталған аналогпен байланыстырады. Бұл өз кезегінде болжай білу арқылы тілдік қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді. Өйткені мәтіннің лингвистикалық формасы көптеген нәрселерден хабар беріп, түсінуге бағыттайды.

Ішкі мазмұн – біртұтас концепт түріндегі мәтіннің мағыналық бедері. Одан ойдың желісі басталып, мазмұнның дамуына айналады. Ішкі мазмұнды түсіну – мәтіннің мағынасын болжай білумен тығыз байланысты.

Оқу нәтижесінде мәтінді толық және нақты түсініп, оны құрылымдарға бөліп алу қажет. Мәтінге дейінгі кезең оқылымды үйренуде маңызды орын алады. Бұл кезең оқылым процесіне дайындап, мәтінді түсіну стратегияларын анықтауға ықпал етеді. Яғни мәтінді оқуға дейінгі алдын ала тапсырмалар зейінді дамытудың және еркін, жүгіртіп оқудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Сондықтан студентті мәтінді түсініп оқуға үйретудегі тапсырмалар лингвистикалық және семантикалық деңгейлерді қамтуы керек.

Студенттердің мәтінді түсініп оқудағы тәжірибесі мен дағдысын мазмұнды болжай алуы арқылы да анықтауға болады. Өйткені мәтінді тапсырмалар алда оқылатын материалға кіріспе немесе дайындық ретінде көптеген ақпараттар беріп, не туралы болатына бағыттайды. Соның нәтижесінде студенттер оқитын мәтінді болжап, ондағы ойды алдын ала түсінеді.

Болжай білу дағдысының негізінде мәтіннің құрылымын алдын ала түсіне алу жатыр. Оның екі қыры бар: сыртқы және ішкі. Сыртқы аспект, әдетте, тақырыптық және вербалды емес құралдардан (фотосуреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б.) тұрады. Ал, ішкі аспект бұл мәтіннің композициясы. Ішкі аспект келесідей негізгі компоненттерге бөлінеді: тақырып, негізгі бөлім, қорытынды. Тақырып негізгі ақпаратты қысқаша береді. Негізгі бөлімде оқиғалардың реттілігі берілген. Бұл мәтіндік ақпараттың шоғырланған тұсының ең маңызды құрамдас бөлігі. Қорытынды әдетте салдарлар мен себептерге арналған. Демек, студенттер мәтіннің сыртқы түрі арқылы берілген мәтіннің идеясын ашатын ішкі түріне өтуі керек.

Мазмұнды болжау мәтіннің атауынан басталады. Оны оқып, аударғаннан кейін осы мәтінде не талқыланатынын анықтау керек. Сондай-ақ мәтіннің сыртқы пішініне сүйене отырып, болжам жасауға болады. Мұнда студенттер мәтін мазмұнының болжамдық нұсқаларын береді. Дегенмен, олардың жауаптарын нақтылау және түсіндіру үшін абзацтардың бірінші сөйлемдерін тізбектей оқып, мәтінде талқыланатын негізгі ойды атауды немесе мәтінді қалпына келтіруді ұсынуға болады.

Тірек сөздерді қабылдау: мәтіннен 4-5 тірек сөзді таңдау және олардың жаңа контексте қалай қолданылатынын туралы болжам жасау студенттерге сөздік қорын арттыруға және алдағы мәтінді осы тірек сөздермен байланыстыруға көмектеседі.

Тақырып бойынша мәтін мазмұнын болжау: тақырыпты талдау және иллюстрацияларды қарау студенттерге мәтін тақырыбы мен мазмұны туралы болжамдар жасауға көмектеседі. Бұл олардың мәтінге деген қызығушылығын оятады және оларға жоспар құруға көмектеседі.

Миға шабуыл: берілген тақырып бойынша ассоциациялар студенттерге мәтін тақырыбын өз білімі мен тәжірибесімен байланыстыруға мүмкіндік береді. Миға шабуыл студенттерге оқу үрдісіне белсенді қатысуға көмектеседі.



Мәтінді оқығанға дейінгі тапсырмалар студенттердің хабар жинақтау дағдысын қалыптастыруға үйретеді. Мысалы: сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіне алу, тілдік бірліктердің контекстуалдық мағынасын анықтау, грамматикалық формаларды ажырату, сөйлем құрылымдарын ұғыну, тіл байлығын арттыру, т.б.

Мәтінді оқу үстіндегі жұмыс. Бұл кезеңнің мақсаты – мәтінді түсіну және бағалау. Бұл кезеңнің негізгі міндеті – мәтінді толық қабылдауды қамтамасыз ету. Бұл кезеңде білім алушыны мәтінмен таныстырып, келесі сипаттағы тапсырмаларды пайдалана аламыз:

- ✓ Мәтінді өз бетінше оқу;
- ✓ Мазмұны бойынша негізгі ақпаратты (кім, не, қайда, қашан, қалай, не үшін жасады) анықтау. Бұл жаттығу оларға ақпараттың құрылымдық бөліктерін және негізгі ойларды бөлуге көмектеседі.

- ✓ Мәтінге тақырып таңдау немесе ұсыну. Студенттер мәтіннің мазмұнын толық сипаттайтын тақырып ұсына алады. Бұл жаттығу оларға мәтіннің негізгі идеясын тұжырымдауға септігін тигізеді.

- ✓ Мәтіндегі бос орындарды сөздікте берілген сөздермен толықтыру. Егер мәтінде бос орындар болса, студенттерге мәнмәтінге негізделген жетіспейтін сөздерді немесе сөз тіркестерін енгізу мүмкіндігі беріледі. Бұл жаттығу олардың мәнмәтінді түсіну және жетіспейтін ақпаратты қалпына келтіру қабілетін дамытады.

- ✓ Дұрыс/жалған мәліметтерді табу. Студенттерге мәтінге қатысты мәлімдемелер ұсынылады және олардың міндеті - оқығандары негізінде олардың дұрыс немесе бұрыс екенін анықтау. Бұл оларға мәтіннің мазмұнын жақсы есте сақтауға және сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

- ✓ Суреттерді мәтіндегі сөйлемдермен сәйкестендіру;
- ✓ Кідіріс жасап оқу. Мәтін кідіру арқылы оқылады, оның барысында оқытушы білім алушыларға сұрақтар қояды. Олардың кейбіреулері ақпаратты қаншалықты бұрыс, дәл түсінгенін тексеруге, басқалары келесі үзіндінің мазмұнын болжауға бағытталады.

- ✓ Мәтінді оқып, жоспардың пункттерін баяндау, логикаға сәйкес орналастыру;
- ✓ Мәтінде берілген ретімен сөйлемдерді орналастыру; Студенттерге мәтіндегі оқиғалардың немесе идеялардың логикалық реттілігін анықтау ұсынылады, бұл олардың ақпараттың құрылымдық бөліктерін талдау дағдыларын дамытады.

Мәтінді оқу үстіндегі жұмыс кезеңінде білім алушылар коммуникативті әмбебап оқу іс-әрекетін дамыту барысында өз пікірлерін тұжырымдап, берілген ақпаратты іздеуде бірлесе жұмыс жасайды. Сонымен қатар, әртүрлі мәтін түрлерімен жұмыс істей отырып, білім алушылар маңызды ақпаратты бөліп көрсету және ақпаратты ауызша саналы түрде жеткізу қабілеттерін жақсартады. Мәтінді оқу барысында жинақтаған мәліметтерді әртүрлі айтылымдарда қолдана білуге үйретеді.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс. Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс стратегияларының мақсаты - материалды әртүрлі жағдайларда пайдалану, оқуды өнімді коммуникациялық дағдылармен, атап айтқанда сөйлеу және жазумен біріктіру болып табылады.

Мәтінді оқығаннан кейінгі жұмыс барысында қолданылатын тапсырмалар:

- ✓ Оқылған мәтінде көтерілген мәселелерді талқылау. Студенттер мәтінде көтерілген тақырыптарды талқылай, өз пікірлерін білдіре және дәлелдей алады. Бұл ауызша қарым-қатынас пен сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

- ✓ Рөлдік ойындар. Студенттер мәтіндегі кейіпкерлердің рөлдерін ойнап немесе мәтіндегі оқиғаларды қолдана отырып, өз диалогтерін құрай алады. Бұл олардың командада жұмыс істеу және үйреніп жатқан тілде өз ойын білдіру қабілетін жақсартады.

- ✓ Хат, эссе, шығарма, реферат жазу. Студенттер мәтіннің тақырыбы негізінде хат, эссе немесе жазбаша жұмыстың басқа түрін жаза алады. Бұл жазбаша мәтінді құрастыру дағдыларын дамытады.

- ✓ Егжей-тегжейлі жоспар құру;
- ✓ Мәтінді қайталау немесе одан әрі жұмыс істеу үшін графикалық сызбалар құрастыру. Бұл тапсырмалар оқылғаның жалғасын жасауды, мәтінге иллюстрация салуды,

пікір немесе шолу жазуды қамтуы мүмкін. Шығармашылық тапсырмалар студенттерге мәтіннен алынған ақпаратты белсенді қолдануға және оқып жатқан тілде сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

✓ Шығармашылық тапсырмалар (рөлдік ойындар, жалғасын табу, сурет салу, аннотация жазу) синквейн. Бұл тек 5 жолдан тұратын тақырыптың немесе мәтіннің құрылымдық қысқаша сипаттамасының ерекше түрі. Студенттер синквейнді оқылған материал туралы қысқаша рефлексия жасау үшін қолдана алады. Бұл жаттығу оларға мәтін туралы өз ойлары мен әсерлерін қысқаша және нақты жеткізуге көмектеседі.

✓ Мәтінді мозайка, домино, пазлалармен ұсыну – деформацияланған мәтінді қалпына келтіру (мәтіннің мағыналық бөліктерін табу).

Сабақта мәтіннен кейінгі стратегияларды жүйелі түрде қолдану арқылы студенттерді диалог немесе монолог құру құралдарын тиімді пайдалана білу, негізгі синтаксистік құрылымдар мен морфологиялық формаларды коммуникативтік міндетке сәйкес ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану дағдылары қалыптасады. Бұл жаттығулар міндетті түрде дәрісханада орындалуы тиіс. Міне, осы сынды тапсырмалар жиынтығынан құралған мәтінді оқуда тіл үйренушілер ұсынылып отырған мәтінді толық түсінуге мүмкіндік алады.

Енді жоғарыда айтылған мәтінмен жұмыс кезеңдері барысында сабақта қолданылып жүрген тапсырмалар түрлеріне тоқталайық.

Мәтін мазмұны бойынша ақпараттық реферат жазу. Білім алушыларға ақпараттық рефераттың мағыналық бөліктері мен тілдік құрылымдары беріледі.

Кесте 2 – Ақпараттық рефераттың мағыналық бөліктері

| Мағыналық бөліктері                             | Тілдік құрылымдар                                                                                                                                                                  |
|-------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мәтіннің атауы                                  | Мәтін қалай аталады?<br>Мәтін қандай тақырыпқа арналады?<br>Мәтін авторы кім не мәтін қандай ақпарат көзінен алынған?                                                              |
| Мәтінде көтерілген мәселе                       | Мәтінде не туралы айтылады?<br>Мәтінде қандай мәселе қарастырылады \ көтеріледі \ талданады?                                                                                       |
| Мәтіннің мағыналық бөліктерінің қысқаша мазмұны | Мәтін .... бөліктен тұрады. Кіріспесінде не туралы айтылады?<br>Келесі бөліктерінде не қарастырылады \ сипатталады \ баяндалады \ салыстырылады \ мысалдар келтіріледі, дәлелдейді |
| Автордың атап өткен негізгі мәселесі            | Мәтінде ненің маңыздылығы туралы айтылған? Неге аса назар аударылған? Қандай мәселені ерекше атап өтеді?                                                                           |
| Қорытынды                                       | Автор қандай қорытындыға келеді? Мәселені шешудің қандай жолдарын ұсынады?                                                                                                         |

Мәтін мазмұны бойынша диалог құрастыру. Бағалау (дескриптор) парағын міндетті түрде ұсынамыз.

Кесте 3 – Бағалау парағы

| Дескриптор парағы                                                                                                                                                                                                                                                 | 0-40 |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
| Мәтін мазмұнын түсінуі                                                                                                                                                                                                                                            | 10   |
| Мәтін бойынша жұбына 3 сұрақ қоюы                                                                                                                                                                                                                                 | 10   |
| Сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруі, жауап беруде мәтін ақпараттарын қолдануы                                                                                                                                                                                  | 10   |
| Грамматикалық, стилистикалық қателердің болмауы, туынды зат есімдерді, болып келеді, болып саналады құрылымдарын дұрыс қолдануы                                                                                                                                   | 5    |
| Сұхбаттасуда ұсынылған клишелердің қолданылуы:<br>сіз қалай ойлайсыз; сіздің пікіріңізше,...;<br>мен сіздің пікіріңізбен толықтай келісемін;<br>кешіріңіз, бірақ мен басқаша ойлаймын;<br>сіздің осы туралы ойыңызды білсем деп едім;<br>өте құнды пікір айттыңыз | 5    |

Мәтін тақырыбы бойынша ой толғау жазу. Білім алушының әрекеттерін, қойып отырған талаптарыңызды нақты көрсету арқылы білім алушының тақырып шегіндегі сөздік қорын нақты біле аласыз. Мысалға «Әкемнің отбасындағы рөлі» тақырыбын алып көрелік.

**Білім алушының әрекеттері:**

1. Көмекке берілген сөздермен танысу;  
2. «Әкемнің отбасындағы рөлі» тақырыбында ой-толғау жазу;  
3. Жазылым барысында теңеулер, эпитеттер, метафоралар, риторикалық сұрақтар пайдалану (120-180 сөз)

4. Ой-толғауда төмендегі сұрақтарды қамту:

- 1) Қазақ отбасыларында әкенің рөлі қаншалықты маңызды?
- 2) Сіздің әкеңіздің отбасындағы рөлі қандай?
- 3) Қазіргі таңда отбасындағы әкенің рөлі қалай насихатталып жүр?
- 4) Бала әкенің отбасындағы рөлін жете түсіну үшін не істеу керек?

**Көмек беретін сөздер:** асқар тауым, ержүректік, батылдық, сөзіне, ісіне адалдық, жомарттық, ақкөңілділік, салмақтылық, төзімділік, жігерлілік, ақылдылық, ұқыптылық, мейірімділік, балажандылық, имандылық, қырандай алғыр, сұңқардай өр, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, көк бөрідей қайсар, нардай төзімді.

Мәтін мазмұны бойынша кестені толтыру. Мәтінмен жұмыс кезіндегі өнімді тапсырма түрлерінің бірі. Білім алушылар аса қызығушылықпен орындайды.

Кесте 4

|                                                                               |  |
|-------------------------------------------------------------------------------|--|
| А) Ақпараттардағы негізгі түсініктерді тауып, алфавиттік тәртіпте жазыңыз.    |  |
| Ә) Мәтіндегі Сізге бұған дейін белгілі болған ақпаратты жазыңыз.              |  |
| Б) Сіз үшін жаңалық болған ақпаратты жазыңыз.                                 |  |
| В) Ақпараттар мазмұнын бір сөйлеммен жеткізіңіз.                              |  |
| Г) Ақпараттардың негізгі мазмұнын сурет, схема, карикатура арқылы бейнелеңіз. |  |
| Ғ) Ақпараттардан болашақта, өмірде қажет болар қандай түйін жасауға болады?   |  |

Әр модульдің соңында талданған ақпараттар, мәтіндер негізінде сөздік картасын құрастырамыз. Сөздік картасының құрылымы кестеде берілген. Карта білім алушының сөздік қорын кеңейтеді және жаңа сөздерді қолдану негізінде грамматикалық тұрғыдан дұрыс, мазмұнды мәтін құрай білуге көмектеседі.

Кесте 5 – Сөздік картасы

| Жаңа сөз                        | кесте                                                                                                                   |
|---------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Жаңа сөздің мәтіндегі қолданысы | Кестені материалдың бетін түгел бастыра немесе гүл шоғырына ұқсатып та әшекейлейді.                                     |
| Ассоциация                      | ою-өрнек, біз, ине, жібек жіп, алтын, күміс, мата, әшекейлеу, безендіру, асыл тастар                                    |
| Синоним                         | көркемдеп тігу                                                                                                          |
| Антоним                         | -                                                                                                                       |
| Анықтама                        | Кесте – бұл тоқыма сияқты сәндік қолөнерінің бір түрі.                                                                  |
| Сөйлем                          | Анам кесте тігуді, сол сияқты тоқуды ұнататыны сонша, таң атқаннан кеш батқанға дейін осы іспен айналысып отыра береді. |

Семантикалық оқу дағдыларын дамытуға бағытталған әртүрлі педагогикалық әдістерді қолдану келесі педагогикалық міндеттерді шешуге көмектеседі: студенттердің оқу мақсаттарын анықтау, өз көзқарастарын қорғау, мәтінді түсіну мәдениетін үйрету және оқуға деген оң мотивацияны сақтауға үйрету. Студенттер үшін бұл зияткерлік (салыстыру, талдау, себеп-салдарлық байланыстар орнату, ұғымдардың мазмұнын анықтау) және коммуникативті (тұжырымдау және сұрақтар қою, оқығанының мағынасын анықтау, топта жұмыс істеу) құзыреттерді игеру және дамыту мүмкіндігі болып табылады.

**Қорытынды.** Ақпарат оңай қол жетімді және тез өзгеріп отыратын қазіргі уақытта, түсініп оқу дағдылары білім алушыларға хабардар болуға, жаңалықтарды, ғылыми мақалаларды, әдеби шығармаларды және тағы басқаларды талдауға көмектесе алады. Сонымен қатар, олар бұл дағдыларды оқу, жұмыс және күнделікті өмірде пайдалана алады, бұл оларды қазіргі әлемде неғұрлым білікті және табысты етеді. Семантикалық оқу дағдыларын дамыту тек сөздік қорды және тілдік біліктілікті кеңейтумен ғана шектелмей, сонымен қатар, шынайы жағдайларда сәтті қолдануға болатын оқу және когнитивті дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді. үсініп оқу дағдыларын дамыту – білім беру үдерісіндегі аса өзекті мәселелердің бірі. Бұл дағды оқушының мәтінді жай ғана оқып шығуымен шектелмей, ондағы негізгі ойды, авторлық ұстанымды, көркемдік ерекшеліктерді және себеп-салдарлық байланыстарды терең ұғынуына мүмкіндік береді. Түсініп оқу қалыптасқан жағдайда оқушы ақпаратты талдай алады, оны өз тәжірибесімен байланыстырады және сыни тұрғыдан пайымдайды.

Түсініп оқу дағдыларын дамыту студенттердің сөздік қорын байытып, тілдік ойлау қабілетін жетілдіреді. Мәтіндегі жаңа ұғымдар мен көркем бейнелерді дұрыс қабылдау арқылы оқушының әдеби-эстетикалық талғамы қалыптасады, мәтін мазмұнына деген қызығушылығы артады. Әсіресе көркем шығармаларды оқыту барысында кейіпкер әрекетін, авторлық идеяны, тарихи-әлеуметтік контексті түсіну – студенттердің әдеби талдау жасау қабілетін арттырады. Сонымен қатар түсініп оқу дағдысы студенттердің өз ойын жүйелі жеткізуіне, пікірін дәлелдеуге, мәтін бойынша сұрақтарға саналы түрде жауап беруге ықпал етеді. Бұл дағды жазбаша және ауызша сөйлеу мәдениетінің дамуына негіз болады. Студент мәтінді терең түсінген сайын, оны өмірмен байланыстырып, алған білімін практикалық жағдайда қолдана алады. Осы тұрғыдан алғанда, түсініп



оқу дағдыларын дамыту – тек оқу сауаттылығын арттыру емес, тұлғаның танымдық белсенділігін, сыни ойлауын және рухани-мәдени деңгейін қалыптастыруға бағытталған маңызды педагогикалық міндет болып табылады.

Түсініп оқу дағдыларын дамыту ұзақ мерзімді құндылыққа ие және қазіргі қоғамның қиындықтарына сәтті төтеп бере алатын, білікті және білімді мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді. Осылайша, мәтіндермен жұмыс істеу барысында семантикалық оқу қабілеттерін дамыту білім алушыларға аналитикалық, интерпретациялау (түсіндіру) және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Білім алушылардың алып жатқан білімі, қалыптастырып жатқан дағдылары оқу үдерісінде ғана емес, сонымен қатар өмірлік жағдайларда қолдана алулары талап етілетіні қазіргі уақыттың шындығы.

Семантикалық оқытудың басты рөлі – студенттердің мәтіндегі сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің және тұтас мәтіннің мағынасын түсінуге жетелеу. Бұл үдерісте ол тек ақпаратты қабылдаушы емес, мағынаны өз бетінше құрастыратын, авторлық ойды пайымдайтын белсенді тұлға ретінде қалыптасады. Нәтижесінде білім алушының түсініп оқу, логикалық ойлау, салыстыру, қорытынды жасау дағдылары жетіледі. Сонымен қатар семантикалық оқыту студенттердің сөздік қорын байытып, тіл мәдениетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Сөз мағынасын контекст арқылы анықтау, көпмағыналы сөздер мен бейнелі тіркестерді тану студенттердің тілдік құзыреттілігін арттырады. Әсіресе әдеби мәтіндермен жұмыс барысында көркемдік тәсілдердің мағынасын ашу студенттердің эстетикалық қабылдауын қалыптастырады. Семантикалық оқыту білімді өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді. Студент мәтіндегі ойды өз тәжірибесімен салыстырып, алған ақпаратын түрлі жағдаяттарда қолдана алады. Бұл білімнің ұзақ мерзімді есте сақталуына және функционалдық сауаттылықтың дамуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, семантикалық оқыту білім беру үдерісінде студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, түсініп оқу дағдыларын қалыптастыратын, тұлғаның интеллектуалдық және рухани дамуын қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық құрал болып табылады.

## Әдебиеттер

1. Кәрібаева С.Е., Жұмаділова М.Н., Жүнісова К.Қ. Қазақ тілі (B2-1 ортадан жоғары деңгейіне арналған) оқу құралы. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 340 б.
2. Zhunisova K. Coverage in the periodical press of tsarist Russia of the colonial policy on the Kazakh land // Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. 2024; (55). – P. 2516-2524. <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59197174200>
3. Karybaeva S. Historical Reality as an Integral System in the Context of the Development of Kazakh Culture and Islamic Traditions // Journal of Al-Tamaddun, 19(1). – P. 121–131. DOI: <https://doi.org/10.22452/JAT.vol19no1.9>
4. Zhumadilova, M. The training system of future social teachers in the conditions of social partnership // Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, 2024, (55). – P. 182–192 // DOI: 10.54919/physics/55.2024.18he2
5. Мәуленова Б.М., Кәрібаева С.Е. «Қазақ тілі. Тілдарын»: оқу құралы (B1). –Астана: Полиграф, 2014. – 290 б.
6. Мәуленова Б.М., Кәрібаева С.Е., Айтбаева Б.М. «Қазақ тілі. Тілдарын»: оқу құралы (B2). – Астана: Полиграф, 2016. – 355 б.
7. Мәуленова Б.М., Кәрібаева С.Е., Айтбаева Б.М. «Қазақ тілі. Тілдарын»: оқу құралы (C1). – Астана: Полиграф, 2016. – 288 б.
8. Кәрібаева С.Е., Мәуленова Б.М. «Қазақ тілі. Тілдарын»: оқу құралы (C2). –Астана: Полиграф, 2017. – 200 б.
9. Күзекова З. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2015. – 180 б.

10. Карыбаева С.Е., Жумадилова М.Н., Жунисова К.К. Методы усвоения новой лексики на уроке казахского языка // Научный аспект №11-2023. – Самара, 2023. URL: <https://na-journal.ru/11-2023-filologiya-lingvistika/7220-metody-usvoeniya-novoi-leksiki-na-uroke-kazahskogo-yazyka>

11. Карыбаева С.Е., Жумадилова М.Н., Жунисова К.К. Эффективные методы и приемы развития языковой компетенции // Научный журнал «Обществознание и социальная психология». Выпуск №5 (49). – Краснодар: РИНЦ, 2023.

12. Карыбаева С.Е., Жумадилова М.Н., Жунисова К.К. Методы и стратегии развития навыков смыслового чтения // Научный аспект. №12-2023. – Самара, 2023. URL: <https://na-journal.ru/12-2023-pedagogika/7419-metody-i-strategii-razvitiya-navykov-smyslovogo-chteniy>

13. А. Әбілқазов. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Санат, 1995. – 120 с.

### **С.Е. КАРЫБАЕВА, К.К.ЖУНИСОВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

#### **РОЛЬ СЕМАНТИЧЕСКОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ: СТРАТЕГИИ, ЭТАПЫ И МЕТОДЫ РАБОТЫ С ТЕКСТАМИ**

**Аннотация.** Вопросы обучения казахскому языку напрямую связаны с проявлением использования языка в обществе, современным состоянием казахского языка, его наполняемостью, путями развития и систематизацией, использованием внутреннего потенциала языка. В качественном образовании преподаватель, руководствуясь данным процессом, достигает цели урока, анализируя тексты, имеющие воспитательное значение, со своими особенностями по каждой языковой тематике. В статье из видов учебной деятельности (аудирование, произношение, чтение, письмо) излагаются актуальность, приоритетность чтения, способы достижения результата путем эффективного обучения чтению. Всесторонне анализируются использование системы семантического обучения в обучении, ее стратегия, этапы работы с текстами при овладении стратегией семантического обучения.

В статье говорится о задачах, которые ставятся перед овладением новой лексикой студентами, о важной роли преподавателя в обеспечении усвоения словарем для развития речевой деятельности студентов.

**Ключевые слова:** чтение, семантическое чтение, текст, понимание информации, образование, эффективное обучение чтению, обучение казахскому языку как второму языку.

### **S.E. KARYBAEVA, K.K. ZHUNISSOVA**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

#### **THE ROLE OF SEMANTIC LEARNING IN THE EDUCATIONAL PROCESS: STRATEGIES, STAGES, AND METHODS OF WORKING WITH TEXTS**

**Annotation.** The issues of Kazakh language teaching are directly related to the manifestation of language use in society, the current state of the Kazakh language, its content, ways of development and systematization, the use of the internal potential of the language. In quality education, the teacher, guided by this process, achieves the goal of the lesson by analyzing texts with educational significance with their own features for each language topic. The article from the types of learning activities (listening, pronunciation, reading, writing) outlines the relevance, priority of reading, ways to achieve the result by teaching reading effectively. The use of semantic learning system in teaching, its strategy, the stages of working with texts in mastering the semantic learning strategy are comprehensively analyzed.

**Keywords:** reading, semantic reading, text, information comprehension, education, effective reading instruction, teaching Kazakh as a second language.

## References

1. Käribaeva S.E., Jūmadilova M.N., Jūnisova K.Q. Qazaq tılı (V2-1 ortadan joғary deñgeine arnalğan) oqu qūraly. – Astana: L.N.Gumilev atyndaғы EҰU, 2023. – 340 b.
2. Zhunisova K. Coverage in the periodical press of tsarist Russia of the colonial policy on the Kazakh land // Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys. 2024; (55). – P. 2516-2524. // <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=59197174200>
3. Karybaeva S. Historical Reality as an Integral System in the Context of the Development of Kazakh Culture and Islamic Traditions // Journal of Al-Tamaddun, 19(1). – R. 121–131. DOI: <https://doi.org/10.22452/JAT.vol19no1.9>
4. Zhumadilova, M. The training system of future social teachers in the conditions of social partnership // Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics, 2024, (55). – P. 182–192 // DOI: 10.54919/physics/55.2024.18he2
5. Mäulenova B.M., Käribaeva S.E. «Qazaq tılı. Tildaryn»: oqu qūraly (V1). – Astana: Poligraf, 2014. – 290 b.
6. Mäulenova B.M., Käribaeva S.E., Aitbaeva B.M. «Qazaq tılı. Tildaryn»: oqu qūraly (V2). – Astana: Poligraf, 2016. – 355 b.
7. Mäulenova B.M., Käribaeva S.E., Aitbaeva B.M. «Qazaq tılı. Tildaryn»: oqu qūraly (S1). – Astana: Poligraf, 2016. – 288 b.
8. Käribaeva S.E., Mäulenova B.M. «Qazaq tılı. Tildaryn»: oqu qūraly (S2). – Astana: Poligraf, 2017. – 200 b.
9. Kūzekova Z. Qazaq tılınıñ funksionaldy praktikalyq gramatikasy. Oqu qūraly. – Astana: Foliant, 2015. – 180 b.
10. Karybaeva S.E., Jumadilova M.N., Junisova K.K. Metody usvoenia novoi leksiki na uroke kazahskogo iazyka // Nauchnyi aspekt №11-2023. – Samara, 2023. URL: <https://na-journal.ru/11-2023-filologiya-lingvistika/7220-metody-usvoeniya-novoi-leksiki-na-uroke-kazahskogo-yazyka>
11. Karybaeva S.E., Jumadilova M.N., Junisova K.K. Efektivnye metody i priemy razvitiya iazykovoi kompetensii // Nauchnyi jurnal «Obşestvoznaniye i sotsialnaia psikhologiya». Vypusk №5 (49). – Krasnodar: RINS, 2023.
12. Karybaeva S.E., Jumadilova M.N., Junisova K.K. Metody i strategii razvitiya navykov smyslovogo chteniya // Nauchnyi aspekt. №12-2023. – Samara, 2023. URL: <https://na-journal.ru/12-2023-pedagogika/7419-metody-i-strategii-razvitiya-navykov-smyslovogo-cheniy>
13. A. Äbılqayev. Qazaq tilin oqytu әдіstemesi. – Almaty: Sanat, 1995. – 120 s.

## Авторлар туралы мәлімет:

**Қарыбаева Саягүл Елтайқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, Астана, Қазақстан.

**Қарыбаева Саягуль Елтаевна** – кандидат филологических наук, доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Karybaeva Sayagul Eltaykyzy** – Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Жүнісова Камшат Қуатқызы** – филология ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

**Жунисова Камшат Куатовна** – магистр филологических наук, старший преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Zhunissova Kamshat** – Master of Philology, Senior Lecturer of the Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

---

Техникалық редакторлар: **М. Аманғазықызы, А.Т. Жұмсақбаев,**  
**Г.Қ. Қиарыстанова**

Компьютерде беттеген: **Ж.Қ. Оспан**

Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. 2025. – 4.  
– Астана: А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты.  
– 250 б.



---

Жарияланған материалдар автордың көзқарасын білдіреді, олар журналдың редакциялық алқасының пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жарияланымдардағы деректер мен мәліметтердің дұрыстығына автор жауап береді.